



АШЕҢІСТІН
КИҮІН
ЖОЛДАУМЕН



ЖЕНІСТІҢ КИҮН ЖОЛЫМЕН

1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы
Солтүстік Қазақстан облысы ардагерлерінің, тыл
қызметкерлерінің естеліктері. Мақалалар, очерктер



Қазақстан Республикасы
Петропавл, 1995 жыл

0

26

ЖЕҢІСТІҚ ҚИЫН ЖОЛЫМЕН

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі мен соғыс, еңбек және Қарулы Құштер ардагерлері облыстық кеңесінің басылымы

Бас редактор Қ. М. Мағазов.

Шығарушы редактор Ә. Қ. Қожахметов.

Редакция алқасы: С. А. Абдулов, А. Ф. Апратов, Т. А. Колесникова, В. В. Самойленко, Ж. К. Сүлейменов, М. С. Тұралин, Г. М. Халетова, В. С. Хмара, П. В. Хорольский.

Шікір жазған: облыстық әскери комиссар полковник Н. И. Долженко.



«Мен біздің жастарымызды Ұлы Отан соғысына қа-
тыстының бәріне үқыптылықпен қарауға шэқырар едім.
Соғыс тәжірибесін оқып-үйрену, құжаттар жинау, мұра-
жайлар-құру, құлпытастар тұргызу, атаулы күндер мен
даңқты есімдерді ұмытпау өте қажет-ақ. Өсірсек, мышы-
ны есте ұстаган маңызды; байыргы жауынгерлер сіздер-
дің араларыңызда бүн кешуде. Оларға ілтіншілек қара-
цыздар.

Жауынгерлердің шабуылға қалай котерілгенін мен та-
лай рет көрдім. Ажал себетін металдар ауаны осқылаш
жатқаңда серейіп түрегелу онай емес. Алайда олар
атып түрегелуден тантан жоқ. Міне, солардың деңі өмір-
дің тәтті дәмін енді ғана татып көрғендер еді: 19—20
жаста—адам баласы үшін ең пырайлы жас—бәрі де алда
емес пе?! Ал олар көбіне-көп алдан пулеметтен оқ жау-
дырган неміс блиндаждарын ғана көрді.

Әрине, олар ұрыстагы жеңіс қуанышын, жауынгерлік
достықты, майдан даласында өзара қол үшін беруді,
Отанды қорғау жөніндегі қастерлі міндетті орындаудан
туындалған қанағат сезімін де білмеген жоқ».

**Г. К. ЖУКОВ, Кеңес Одағының Маршалы, төрт дүр-
кін Кеңес Одағының Батыры.**

ДЕНЬ ПОБЕДЫ

Слова В. Харитонова

Музыка Д. Тухманова

День Победы, как он был от нас далек,
Как в костре потухшем, таял уголек.
Были версты, обгорелые, в пыли, —
Этот день мы приближали как могли.

ПРИПЕВ: Этот день Победы
 Порохом пропах,
 Это праздник
 С сединою на висках.
 Это радость
 Со слезами на глазах.
 День Победы!
 День Победы!
 День Победы!

Дни и ночи у мартеновских печей
Не смыкала наша Родина очей.
Дни и ночи битву трудную вели —
Этот день мы приближали как могли.

ПРИПЕВ.

Здравствуй, мама, возвратились мы не все..
Босиком бы пробежаться по росе!
Пол-Европы прошагали, полземли, —
Этот день мы приближали как могли.

ПРИПЕВ: Этот день Победы
 Порохом пропах,
 Это праздник
 С сединою на висках.
 Это радость
 Со слезами на глазах.
 День Победы!
 День Победы!
 День Победы!

Женіске Қазақстанның үлесі ұлан -
ғайыр. Оның ұлдары мен қыздары Брест
түбінде қаһармандықпен шайқасып, Мо-
скваны қорғады, жауды басып алған тер-
риториялардан қызып шықты, Рейхстаг
төбесіне ту тікті. Сол жылдары бүкіл
республика еліміздің маңызды арсенал-
дарының біріне айналды, от — жалын
шапшыған аймақтардан бір миллионнан
астам адамды аналық мейірбандықпен
қабылдады.

Н. НАЗАРБАЕВ.

ОҚЫРМАНҒА АРНАУ СӨЗ

Назарларыңызға ұсынылып отырған кітап негізінен Ұлы
Отаң соғысына тікелей қатысушылардың — солтүстікказак-
стандықтардың, тыл қызметкерлерінің, қаһарлы сынақ жыл-
дарында Женіс үшін қолдан келгеннің бәріп, тіпті мүмкін
болмағанды жасағандардың естеліктерінен құрастырылды.
Байыргы майдангерлердің қыска әңгімелерінде 1941 жылғы
22 маусымың танғы алажеуімнен бастап, қырық бестің жеңіс-
ті құніне дейінгі соғыс пен еңбектің қарекеттері сөз болады.
Соғыстың осынау екі тарихи кезеңінің аралығында 1418 құн
мен түнге созылған ғаламат шайқас болды.

Біздің көптеген жерлестеріміздің Женіске жауынгерлік
жолы шекара бойындағы ұрыстардан басталды. Олар шегі-
ністің абын ашы дәмін де, женіс қуанышын да татып, Сталинград
окоптарында шайқасты, ауқымы жағынан бүрін-сонды болып
көрмеген Курск ініндегі танк шайқасына, Берлинді ша-
буылдауға қатысты, Қызыл алаңдағы Женіс парадында
женімпаздармен катар жүрді.

Ардагерлердің естелігі — соғыстың адам айтқысыз бүкіл
ауыртпалығын мойындарына алған және женіс үшін төлен-
ген құнды қастерлеп есте ұстайтын ұрпактың өзіндік бір өси-
еті іспеттес.

Кітапта солтүстікказакстандық Кенес Одағының Батыр-
лары мен «Данқ» орденінің толық негерлері туралы мақа-
лалар, очерктер жеке тараумен берілген. Бұл — осындағы
ұғырыш жарияланым.

Кітапқа майданды не кажеттің бәрімен қамтамасыз етуге зор үлес косқан тыл енбеккерлерінің естеліктері, жерлестеріміздің қаһармандық еңбегі туралы мақалалар сингізілді.

Естеліктер авторлары соғыс жылдарының оқиғаларын то-лық қамтуға ұмтылмайды. Бірақ олар суреттеген соғыс кімшілдарының үзіктері мен эпизодтары күшті, тәжірибелі де қатал жаумен ғаламат шайкас туралы түсінік бере алады.

Кітапты нарақтай отырып, сен, оқырман, Ұлы Отан солдаттарының бейнесін, олардың табандылығы мен ерлігін, жауынгерлік парызыға адалдық пең Отанға берілгендейдікті, солдат достығының құны мен бұрынғы одақ халықтары достығының күшін көрсін. Жастар жауға қасқая карсы тұрып, Отаниның бостандығы мен тәуелсіздігін ғаламат құрбандықтар мен азан шегу арқылы сақтап қалған экелер мен бабаларының ерлігі туралы шындықты біледі.

Ақ басты соғыс ардагерлеріне жауынгер серіктерінің шағын әңгімелері өздері қатысуышы болған бұрынғы шайкастарды, соғыс соқпактарымен қатар жүрген дос-жараандарын, соғысқа шарпылған бозбала шағын еске түсіреді.

Кітапқа ардагерлер жіберген естеліктердің бәрі бірдей кірмедин, бұл үшін редакция алқасы кешірім сұрайды. Себебі де үғынықты, түсінікті болса керек. Барлық естеліктерді бір кітапқа сиғызу үшін оның көлемін бірнеше есс ұлғайту керек, бұл әштейін мүмкін емес.

Жинакта КСРО Қорғаныс министрлігі архивінің және облыстық мемлекеттік архивтің материалдары пайдаланылды.

Редакция алқасы кітапты даярлауға және оны жарыққа шығаруға көрсеткен көмектері үшін облыстық мемлекеттік архивке, облыстық әскери комиссариатка алғыс білдіреді.

Соғыс, еңбек және Қарулы Құштер ардагерлерінің облыстық кеңесі, редакция алқасы кітапты басып шығаруға көрсеткен материалдық көмегі үшін қалалық әкімшілікке, Оңтүстік-Урал темір жолының Петропавл бөлімшесіне және облыстық «Алаугаз» акционерлік қоғамына алғыс білдіреді.



ОТТЫ ЖЫЛДАР

1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының отты парактары тарих қойнауына тереңдеп барады. Снарядтар мен бомбалардан қалған окоптар, блиндаждар мен жарықшактар әлдеқашан тегістеліп кеткендей. Қиян-кескі шайқастардың орнында ағаштар, ғұлдер, шөп өсіп тұр. Қираган қалалар, селолар қалпына келтіріліп, бұрынғыдан да сөнді, көркіті бола түсүде. Соғыстың ізі жер бетінде қалған жок, бірақ ол салған жара жүректерде, ақ шашты арадағерлердің зердесінде сақталып қалды. Ұрпақтан ұриакқа жалғасып келе жатқан адам қайғысын ұмытуға, тігісін жатқызуға болмайды. Миллиондаған құрбандарды, тәлекекке түскен тағдырларды ұмыта алмаймыз. Соғыс қашшама жесірлер мен жетімдер қалдыры! Аналардың көзінен қашшама қанды жас акты!

Халықтың жадында бәрі сақтаулы. Қызыл Армияның қаруандық қарсыласуына қарамастан, бақайшағына дейін қаруланған механикаландырылған қарсыластың қалаларымыз бер селоларымызды, заводтарымыз бер фабрикаларымызды қирата, бейбіт түрғындарды өлтіре отырып, елімізге терендей бас сүкканы есімізде. Жау Мәскеу іргесінде тұрғанда, Ленинградты қоршауга алғанда, адам қанымен ұлы орыс өзені — Еділ қою тартқанда біздің бәрімізге демімізді ішімізге тартып, Совинформбюроның хабарларын тыңдау қашшалықты қиямет болды десенізші. Елімізге алапат қауіп тәнді.

Сонау алғашқы қаралы күндері «Аттан, уа алып ел, жан берер қанды майданға!...» деген ән дабылша, ұранша естілді. Мәңгілік өшпес осы әниң сөздері халықтың рухын, аса ғаламат патриотизмін және адамдардың қасиетті соғысқа көтерілуғе, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін корғап қалуға әзірлігін білдірді.

Кеңес халқы, оның Қызыл Армиясы фашист басқыншыларының тегеурінінен ыққан жок. Еліміз бірыңғай соғыс лагеріне айналды. Ол тіпті қырық бірдің қаһарлы жазының қаралы күндерінде жаудың талқандалатынына, жеңіс біздікі болатынына сенді. Бұл сенім жауынгерлердің майдандагы ерлігімен, тылдағы қажырлы еңбекпен бекі түсті.

1941 жылғы 22 маусымның таңалагеуімінде қарсыластың алғашқы қуатты соққыларын алғандардың арасында біздің жерлестеріміз аз болмайтын. Брест ауданында 17-ші шекара отрядының құрамында Петропавлдан сержант Б. И. Бабин,

пулеметшілер В. К. Янков, В. Д. Минин, Сергеев ауданынан 45 миллиметрлік танкке қарсы пушканың наводчигі В. К. Шібанов және басқалар шайқасты. Олар қарсылыстың тоғып жатқан шабуылына тойтарыс бере отырып, 17 күн бойы арпалыс үстінде болды. Олар жұзлеген жау солдатын жер жастандырыды.

Мәскеу үшін қанды шайқастарда негізінен біздің облысымыздың әскерге шақыру жасындағы халқынан жасақталған 36-шы жеке атқыштар бригадасы көзге түсті. Крюково темір жол станциясы үшін және Волоколам багытындағы қияни-кескі шайқастарға Е. Ф. Фейге, С. Т. Юдин, Е. Д. Хрушев, Г. А. Кабардин, М. М. Жарков, М. Ф. Донченко қатысты.

Ақмолада жасақталған 29-шы атқыштар (72-ші гвардиялық) дивизиясы Сталинградты қаһармандық қорғауда қасқая қарсы тұрып, өзін жау әскерлерін Волгада талқандауда танытты. Оның катарында Приишим ауданының Красная Горка селосынан А. С. Раздорский, Преснов ауданының Архангелка селосынан Г. С. Вдовин, Приишим (қазір Ленин) ауданының Жекекөл ауылынан М. Фаббасов соғысты. А. С. Раздорский қарсылыстың 12 шабуылының бетін қайтаруда өжеттік иен табандылық көрсетті. Артиллерист Вдовин басынан жарапланғанына қарамастан, қаруды колынан тастамастан, құйыннатқан оқ бүркіп, қарсылысты қашуға мәжбур етті.

Облысымыздың тұрғындарына Петропавлда жасақталған 314-ші атқыштар дивизиясының ерлігі жақсы мәлім. Дивизия алғашқы шайқасқа 1941 жылдың кыркүйегінде Ленинград түбінде кіріп, соғысты Прагада аяқтады. Дивизияның жауынгерлік қымылдарында солтүстікқазақстандықтар — сапер, Қеңес Одағының Батыры П. И. Гончар, үш дәрежелі Даңқ орденінің иегері, пулеметші А. А. Пуненко, Отаның жоғары наградасына ие болған старшина Ф. И. Мұстақанов, 120 миллиметрлік минометтің наводчигі К. М. Шматков оқшау көзге түсті.

Жауынгерлік қымылдарда шебер де өжет үйымдастыруышылар — командирлердің бейнелері соғыс ардагерлерінің жанында сақталып қалған. Солардың арасында 17-ші гвардиялық танк полкының командири, Қеңес Одағының Батыры, Лепин ауданының тумасы, подполковник Тимофей Сергеевич Позолотин бар. 1942 жылдың желтоқсанында ол басқарған полк шегініп бара жатқан 11-ші румын жаяу әскерлерінің және 62-ші неміс жаяу әскер дивизиясының бөлімдеріне білдіртпестен бүйірден шыға келіп, шапшан соққымен 10 мындаі

солдаттар мен офицерлерді құртып жіберген, артиллерия коймаларын қолға түсірген. Осындай женістен кейін жаудың екі дивизиясының қарасы жер бетінен өшті.

8-ші атқыштар дивизиясының рота командирі, Бескөл ауданындағы «Андреев» кеңшары Үшкөл ауылының тумасы, аға лейтенант Эбу Досмұхамбетов Курск ішінен Днепрге дейін жауынгерлік жолдан өтті. Жеке ерлігі, батылдығы және Днепрден, оның салалары Деснадан, Припятьтан өту кезіндегі іскер басшылығы үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Днепр өзенінен өткені үшін Мәскеу ауданындағы «Бұлақ» кеңшарындағы қарапайым шаруа отбасына шыққан взвод командирі Жәлел Құзатов та Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Мәскеу, Ленинград, Сталинградтан Берлинге дейін 74,2 мың солтүстікқазақстандық жауынгер соғыс жолдарымен жүріп өтті. Олардың 30 мыңнан астамы Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен мараپатталды. Егер олардың әрқайсысы туралы бір жолдан жазғаниның өзінде 74 мың жол болар еді. Жерлестеріміздің — Ұлы Отан солдаттарының ерлігі мен өрлігін ашуға ол да аздық етер еді.

Ұлы Отан соғысының соғыстар тарихында тенденсі жок. Қөп үлтты ұлан байтак елдің майданы мен тылы тұтасын, мінсіз механизмдей қимылладады. Женіс үшін бүкілхалықтық ерліктің қозғаушы күші Отанға деген ыстық сүйіспеншілік, жат жүрттық басқыншыларға деген өшпенділік, соғыстың әділеттілік және азаткерлік сипаты болды. Бүкіл ресурстар, еліміздің, оның әр аймағының мүмкіншіліктері толық карсыласка тойтарыс беруге жұмылдырылды. Халық бұкарасының енбек құлшынысы ғаламат еді.

Аса қысқа уақыттың ішінде облыс халық шаруашылығы майдан қажеттеріне қайта құрылды. «Еңбекте шайқастағы сияқты!» — өнеркәсіп кәсіпорындарының, ұжымшарлар мен кеңшарлардың қызметкерлері осындай ұранмен сцбек етті. Оларда соғыска аттанған ерлерді алмастырган әйелдер, жеткіншектер, карттар жұмыс істеді. Жұмыс істей алатындардың барлығы сцбек вахтасына тұрып, тапсырма орындалғанша орындарынан кетпеді. Бірқатар кәсіпорындардың ұжымдары Қызыл тулармен, наградалармен аталды. 1943 жылы ет комбинатының ұжымы ҚСРО Мемлекеттік Корғаның Комитетінің ауыспалы Қызыл туын женіп алды, ал 1944 жылы жұмысшылар мен қызметшілердің бір тобы ордендермен, медальдармен мараپатталды. Еліміздің батыс аудандарынан заводтарды, фабрикаларды және адамдарды кө-

шіруге байланысты қалалыктар аса киын міндettі шешті. 1941 жылдың 14 тамызында Мәскеу түбінен жабдықтарымен және адамдарымен № 239 қорғаныс заводының алғашкы эшелондары келді. Қазір Куйбышев атындағы завод деп ататын кәсіпорын кала шетіндегі бірнеше уақытша коймаларға орналастырылды.

Соғыстың бірінші жылы кала майданға арналған өнім шығаратын барлығы 20 завод пен фабриканы қабылдап, іске кости. Оларда миналар, торпедолар, тұтатқыш бомбалардың корпустары, түрлі артиллериялық жүйелер үшін снарядтар дайындалып, атакты «Катюшаларға» арналған реактивті снарядтар механикалық өндеуден өткізілді, шағын літражды двигателдер, электр өткізбейтін материаллар, радио аспаптар мен байланыс құралдары жасалды.

№ 641 заводтың (қазір Киров атындағы завод) ардагері В. Маликов былай деп еске алады: «12—15 сағаттан жұмыс істел, оны норма сарападық. Ешкім қындыққа және шаршанағына шағынбайтын. Майданда біздің жауынгерлерімізге бұдан да киын екендігін білетінбіз. Бұл біздің жауды женуге үлесіміз екендігін бәріміз түсінетінбіз».

Қаланың фабрикаларында киім-кешек тігіліп, сапер күректері, солдат бақыраштары жасалды. Петропавл іс жүзінде армияны түрлі қару-жарак және жабдық түрлерімен жабықтайтын арсеналдардың біріне айналды.

Завод - фабрикалардың көбеюіне байланысты қалала электр энергиясы жетіспеді. Жылу-электр орталығын салудың киын міндеті тұрды. Осынау күрделі обьектіні тұрғызуға қаланың барлық кәсіпорындары дерлік қатысып, № 1 жылу-электр орталығы 1942 жылдың 15 шілдесінде алғашкы ток берді. Бұған құрылыш басқармасының бастығы И. О. Иванов пен орталықтың бірінші директоры Х. И. Булатов көп енбек сінірді. Құрылышылар мен монтажшылар ұжымы КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ескерткіш Қызыл туына не болды.

Женіске петропавлдық теміржолшылар қосқан үлес бага жеткісіз. Еліміздің шығысы мен батысын байланыстыратын темір жол магистралінде орналаскан біздің қаламыз майданлы не қажеттін бәрімен жабдықтауда айрыкша зор роль атқарды. Петропавл станциясы майданға қару-жарак, тамак өнімдерін, әскерлер тиеген эшелондарды бірінен соң бірін күндіз-түні қабылдап, жөнелтіп жатты. Паровоз машинистерінің арасында ауыр салмақты жүрдек поездарды алып жүру жөнінде бәсеке өрістеді. Тораптың ұжымы өзінің негізгі жұ-

мысынан басқа әскерге броньды поезд және поезд-моиша жасап жөнелтті.

Соғыс ауыл шаруашылығына қатаң талантар койды. Ер азаматтарсыз жетімсірең қалған ауылдар мен селоларда дикан еңбегінің бар ауыртпалығы әйелдердің, шал - шауқандар мен жасөспірім балалардың мойнына түсті. Басты жұмыс күші әйелдер болды. Олар жер де жыртты, дән де септі, астық та жинаады, мал өсіріп, үй шаруасын тындырыды, бала тәрбиеледі.

В. Бондарева басқарған әйелдердің бірінші трактор бригадасының бастамасымен ұжымшарларда, МТС-терде, кеншарларда ондаган әйелдер бригадалары дүниеге келді. Олардың ұраны: «Әрбір пүт астық — жауга соққы!» болды. 1942 жылы олар 1941 жылға қарағанда егінді 67 мың гектар артық септі. Иә, түн үйқысын төрт бөліп, өзі жүдеу-жадау жүрсө де, қолыңдагысының бәрін майданға берген әйелдерге мын тағым!

Тәнімал кеңес ақыны Михаил Исаковский сөғые жылдағы әйел бейнесін былайша нақ-нақ кестелдейді:

Сезілмей қайғы өңінде сенің жай қалды,

Бел шешпей, бекем еткенсің еңбек жасымай.

Теңіз бен теніз аралық алып майданды

Өсірген өзің наныңмен солай асырай.

Корғаныс қорын құру жолындағы қозғалыс майданға елеулі көмек, жалынды патриотизмің көрінісі болды. Ленин ауданындағы «Жаңалық» ұжымшарының төрағасы Т. Темірбаев, Преснов ауданындағы «Баян» ұжымшарының төрағасы К. Үмітбаев, Мамлют ауданындағы Вильямс атындағы ұжымшардан Тепляковтардың отбасы корғаныс қорына сөйкес түрде өздері жеке жинаған 130,60 және 100 мың сом өткізді. Соғыстың екі жылында облыс еңбекшілері қорғаныс қорына 29 миллион 574 мың сом аударды. Бұған коса 1941—1942 жылдары облыс еңбекшілері 121770 жылы киім—пішма, макталы қеудеше, шалбар, құлақшын, жылы ішкиім, тары басқа бүйімдар тігіп, жөнелтті.

Жаралы солдаттар мен офицерлерді емдеген, күткен, өмірлерін сақтап қалған әскери дәрігерлер, медбіблер, санитаркалар туралы тым болмағанда бір ауыз жылы сөз айтпасақ, біздің әңгімеміз толымсыз болып шығар еді. Қаламызда бірінші калалық аурухананың негізінде, Пионерлер үйінде және мектеп ғимараттарында — № 2446, № 3595, № 3813 — үш эвакогоспиталь орналастырылып, оларда бір мезгілде 2 мыңнан астам жаралы емделді.

— Алғашқы санитарлық поезден, — деп еске алады жерлесіміз Г. А. Старовойтова, — 800 жараптыны әкелді. Біз беекүн бойы госпитальдан шықпай, ауыр жагдайда түсекп жараптыларды күтіп-бақтық. Солдаттарымыз бен офицерлеріміздің жан қинаалысын көру жанымызга батушы еді.

Медиктердің соғыс жылдарындағы сибеттің қашшалыкты ауыр болғанын майдангерлер біледі, оларды бүтін де алғыспен еске алады.

Ұлы Отан соғысының басқа соғыстардан ерекшелігі сол, ол өзінің құшағына қайда тұрып жатса да, байтақ елдің бүкіл халықтарын тартты. Соғыс шарпымаған бірде бір отбасы, жеңіске өзінің үлесін қоспаған адам, сірә де болған жок. Осы мақалада айтылғандар ортақ жеңісімізге солтүстік-қазақстандықтар, еңбеккерлеріміз қосқан үлестің ұшырығана.

Отанымыздың астанасы — Мәскеудің қасіретті көп тартқан кеңес халқына және бүкіл әлемге гитлерлік Германияның сөзсіз тізе бүккені және біздің Ұлы Жеңісіміз туралы жар салғап сол бір тарихи күннен — 1945 жылдың 9 мамырынан бері жарты гасыр өтті. «Қымбатты отандастар, Ұлы Жеңіс мерекесімен!» — деп шабыттана құттықтады Мәскеу. «Жеңіс мерекесімен!» — деп құттықтады бірін-бірі солдат пен генерал, жас пен кәрі. Халықтың шаттығында шек болған жок. Бәрі салтанатты, қуанышты болды. Қуаныш жасы, соғыстан үлдар мен ерлері оралмаған аналар мен жесірлердің көз жасы болды. Ұлы еліміздің барлық түкпірінде осылай болды. Петропавлда, барлық ауылдар мен селоларда осылай болды.

Жеңіске бастаған жол бұдырлы да қын жол еді. Кеңес солдаттарының ерлігі мәнгі өшпейді. Олардың қатарында солтүстікқазақстандық солдаттар жүрді. Ұрыс даласынан біздің 30 мыңнан астам жерлесіміз оралмады. Облыстың қалаларында, селолары мен ауылдарында обелискілер орнатылып, оларда қаза тапқан жерлестеріміздің есімдері ойып жазылған. Айналып өтпе, оны, жас дос! Тагзым ет! Олар Отан үшін, сенің болашағың үшін жан киды. Олардың жарқын бейнелерінің алдында біздің бәріміз қарыздармыз.

Жылжып ғасырлар өтіп, өмірге үрпактардың жаңа толқындары келеді. Олар Ұлы Отан соғысының отты жылдарына қайта-қайта оралып, өздерінің бабаларының ерлігін мақтаң ететін болады. Қөрнекті орыс жазушысы әрі көсемсөзші Лео-

нид Леонов былай деп жазды: «Иә, біздің кияндағы немерелеріміз де ғасырларға алыстап кеткенмен, біздің өр тұлғамызды толық көре алмайды. Адам тілі барда біздің даңқымыз жасай береді. Егер жер үстінің бүкіл тарихын бір паракка жазатын болса, онда да біздің ұлы ісіміз еске алынатын болады. Өйткені біз өзіміздің өміріміз бен игілігімізді гана корғағанымыз жок, сонымен бірге фашизм бізден тартып алғысы келген адам атының өзін корғап қалдық».

Қилаж МАҒАЗОВ.





СВЯЩЕННАЯ ВОЙНА

Слова В. Лебедева-Кумача Музыка А. Александрова.

Вставай, страна огромная,
Вставай на смертный бой.
С фашистской силой темною,
С проклятою ордой!

Припев.

Пусть ярость благородная
Вскипает, как волна!
Идет война народная,
Священная война.

Как два различных полюса,
Во всем враждебны мы,
За свет и мир мы боремся,
Они — за царство тьмы.

Припев.

Дадим отпор душителям
Всех пламенных идей,
Насильникам, грабителям,
Мучителям людей.

Припев.

Не смеют крылья черные
Над Родиной летать,
Поля ее просторные
Не смеет враг топтать!

Припев.

Гнилой фашистской нечисти
Загоним пулю в лоб,
Отребью человечества
Сколотим крепкий гроб!

Припев.

Пойдем ломить всей силою,
Всем сердцем, всей душой
За землю нашу милую,
За наш Союз большой!

Припев.

Встает страна огромная,
Встает на смертный бой
С фашистской силой темною,
С проклятою ордой!

Припев.

I ТАРАУ

Есімекітір мен мажалалар



И. МАТЮШКО,

88-ші шекара отрядының бұрынғы шекарашысы.

ШЕКАРАДА, МАУСЫМНЫҢ 22-інде

1941 жылғы 21 маусымның сол бір кешінде клуб ішінде кісітеп толы еді. Мен әскери міндеттімді өтеп жүрген 88-ші шекара отрядының бірінші комендагурасындағы көркеменерпазылар «Жабайы алма тубінде» деген пьеса койды. Пьесада мен де ойнадым. Жұрттың кайта-қайта қол соққанына Караганда, ойынымыз жаман болмағандай. Спектакльден соң бетіміздегі гримді жуып, әскери формамызды кіп, біге дайыналып жаттық. Бірақ бұл кеште би биленбеді. Клубка комендатура кезекшісінің көмекшісі жүгіріп келді. «Шекарашылар, мылтық!» — деген бұйрық естілді. Бірақ бұған жұрт аса көп мән бере койған жок, мұндай карбалас бұйрық шекарада жиі естілетін. Тап осы кештен соң әлемдегі ең сұрапыл да жойқын согыс күнделігі болатынын біз кайдаң білейік?

...Танғы сағат төртте шекараның аргы бегінен алғашкы зеңбірек үштестілді. Снаряд тұп-тура застава үйіне түсті. Сәтін салғанда, оның ішінде ешкім де калмаган еken. Капитан Соловьев бастаған заставаның барлық жауынгерлері бұл кезде шекара линиясында корғаныс шебін күрүп, күші бізден ондаған ессе басым фашистердің тегеуірінді шабуылдарын тойтаруга кіріскең едік. Жаудың екінші снаряды ат-кораның құл-талқанын шығарды. Фашистер совет шекарашыларының ат төбеліндей тобы үзак қарсыласа алмас деп ойлаған-ды. Бірақ соғыстың алғашкы үш сағатында шекара линиясының алды жау өліктеріне толды. Бір жау колға түсті. Ол орысша жаман білмейді еken. Ол өзін өлтірмесуді сұрап, бізге шегіну керек деді. Өйткені неміс әскерлеріне шекарашыларды тұтқынға алмай туралы бұйрық берілініті.

Жаумен айқастьың алғашкы сағаттарында әлдекімді ерекше боліп айту киын. Бірақ комендатураның штаб бастығының орынбасары кіші лейтенант Николай Федорович Повзуның елден срекше ержүректігі мен тапқырлығын ауызға алмауға болмайды. Повзун жалғыз өзі автомат оғымен жаудың взводтан астам солдатын жайратты. Бірақ біздің де шығынымыз көп болды. Танғы сағат он кезінде застава жауынгерлерінің жартысынан астамы опат болды.

Застава бастығы капитан Соловьевке оның пәтеріне немістер басып кірді деген хабар жетті. Ол қасына екі кісі алып,

отбасын күтқаруға аттаңды. Аздан соң біз автомат атысын, гранат жарылысын естілдік. Тағы бір он минуттан кейін Соловьевпен кеткен бір жауынгер қайта оралды. Оның айтуыша, үйге жақындағанда жанұшырған эйелінің даусын естіген капитан бір қолында пистолет, екінші қолында гранат ұстаған қалпы үйге атып кірген. Бірақ қайтып шықпаған. Капитанға көмекке тагы бір адам жіберілді. Олардың ішінде мен де бар едім.

Үйден сішқандай дыбыс шықлады. Бір сотте жақын тұрган сарайдан ыңырысған үн естілді. Онда застава бастығының қайыненесі жатыр екен. Автоматтан оқ жаудыра отырып, біз үйге жүгіріп кірдік. Міне, осы арада біз өмірімізде алғаш рет жантүршілерлік жәйтті көрдік. Біздің капитанның шүрк-шүрк оқ тесіп, қан-қан болған денесі табалдырық алдында жатыр. Терезе алдында эйелінің денесі. Кереует астында автоматтан атып өлтірілген төрт жасар қызы сұлан түсек. Келесі бөлмедс бір жасар сәбидің денесі. Фашистер оны да өлтіріп кетіпті. Капитанның қасында жаудың екі өлігі сереіс құлапты. Командир жастығын ала өлсе керек.

Біз зұлым жаудан осы жауыздықтарының кегін алуга серт еттік. Шекараға қайта бара жаткан жолда бізді комендатураның тылдағы бөлімшесінің атты жауынгері қуын жетті. Ол бізге Белосток бағытына караң шегін туралы бұйрық әкелген екен.

Бұл кезде бар заставадан небары тоғыз-ақ адам тірі қалыппыз. Оныншымыз — жанағы атты солдат. Біздің тобымызды басқаруды кіші лейтенант Повзун қолына алды. Шегініп бара жатқанда застава моншасының шатырына шығып алған фашистер бізді тағы оқ астына алды. Медицина фельдшері Буга сол арада тіл тартпай жан тәсілім етті. Қалғанымыз жата қалып, қарсы оқ аттық. Осы жерде кіші лейтенант Повзун тагы да ерлік жасады. Ол жербауырлап моншага жақындағы да, шатырға бірінен соң бірін екі гранат лактырды. Жаудың үні өшті. Бірақ біз алдымыздары егінжайдан өтіп, орманға жеткенше бірнеше рет тагы да оқ астында қалдық. Орманға аман-сау үш-ақ адам жеттік. Олар: кіші лейтенант Повзун, политруктың орынбасары Чариков және мен. Бұл соғыстың алғашқы күніндегі күндізгі сағат үштің шамасы еді. Бірақ кешке дейін үшінші жолдасымыз Чариковтан да айрылып қалдық. Ол жау бомбасының жарықшағынан қаза тапты.

Кіші лейтенант Повзун да ауыр жараланды. Ертеңіс оны санитарлық бөлімге жіберудің сәті түсті. Кейін естуімше, ол жарасынан жазылып шықкан соң, бір тоң шекарашибармен бірге партизандық қозғалыс ұйымдастыру үшін жау тылыша жіберіліпті. Повзун онда да ерлікпен соғысып, Қызыл Ту орденімен нагрдталған. 1942 жылы кезекті бір шайқаста ол тағы да жаралған. Біздің естуімізше, бұл жолы жарадан «қаза» болыпты. Бірақ...

Соғыс жеңіспен аяқталды. Одан соң көп жылдар өтті. 1984 жылдың мамырында Белоруссиядағы Гродно қаласына жол тарттым. Оnda соғыстың алғашкы сәттерін шекарада карсы алғандар арнайы кездесуге шақырылған-ды. Міне, осы кездесуде мен өзімнің қанды кейлек жолдасым Николай Федорович Повзунмен қауыштым. Оның да, менің де қуанышында шек болған жоқ. Бұл кезде ол кіші лейтенант емес, ак шашты отставкадағы полковник екен...



отставкадағы ага лейтенант, 274-ші атқыштар дивизиясы 965-ші атқыштар полкі миномет батареясының бұрынғы командири.

АЛҒАШҚЫ, ЕҢ ҚИЫН ШАЙҚАС

Соғыс басталғанда мен Новочеркасск әскери училищесінде оқып жүр едім. Майдан шебі күн санап бізге жакындағы түсүде. Германияның механикаландырылған әскери еліміздің ішіне деңдеп еніп келе жатыр. Қызыл Армияның құрамалары шайқаса жүріп шегінуде. Осындағы киын жағдайда кез келген күні бізді майданға жіберуі мүмкін екенін курсанттар түсініп жүр. Сол күнді тосудамыз.

Минометшілер сол күні қала сыртындағы оку аланында атыс даярлығымен шұғылданып жатқан болатын. Біздің маңайымызда кавалеристтер де әскери жаттығуларын өткізіп жатқан еді. Біздің училище артиллеристтер мен кавалеристтер командирлерін даярлайтын. Тұс әлетінде әскери дабыл жарияланды. Бұл 1941 жылғы тамыз айының алғашқы күндері болатын. Тура оку алаңынаң скі 82 миллиметрлік минометті тиеген 20 минометші мен жүзге жуық атты кавалерист батыска бет түзеді. Қайда баратынымыз туралы ешкім жак ашқан жок. Бірақ бәріміз де майданға жол тартқанымызды іштей сездік. Жолға шыққан екінші күні бізді автомашина куып жетіп, бәрімізге патрондары бар винтовка мен құрғак паек тапсырды. Төртінші тәулікте бір деревняға дем алуға тоқтадық, онда аттарымызды шалдырып, өзіміз ауқаттаандық. Біз майдан шебінен алыс емес екенімізді білдік.

Гүн ортасы ауа дабыл соғылды. Бірден жиналған боріміз деревняның сыртына шықтық. Бұл жерде танкілердің гүлінен, атыстың жанғырығынан құлак тұнғандай еді. Кавалеристтер жан-жакқа бытырай әскери қалыпка келді. Біз минометтерімізді орнатып, қарсыласымызға қарсы оқ атуға кірістік. Бірақ күшіміз тең емес еді. Жаудың танкілері пулеметтерінен оқты қарша боратып, жолындағының бәрін темір табанына жанши алға жылжып келеді. Кавалеристердің көпшілігі көрінбей қалды, әр жерде иссінен айрылған аттар шауып жүр. Аман қалғандары өз беттерінше кейін шегінуде. Мен де бір атты ұстап алып, басқалары багыт алған жакқа қарай шаптым. Біз дем алуға тоқтаған . деревняның

үйлерін аспанда пайда болған жау самолеті пулеметтен ата бастады, оның тұрғындары әр жакқа жап сауғалап кашып кетті.

Мен болсам ол деревнядан әрі қарай жол тарттым. Келесі деревняда гитлершілер жок екен. Осында өзімің старшина мен екі курсанттымды көздестірдім, онда сондай-ақ көп-теге таныс емес әскери және бейбіт адамдар болды. Олардың арасында полковник бар екен, ол бәрімізді жинап алған, тоңтарға бөлді, әрқайсынына басшылар сайлаған соң жауға қарай бағыт түзедік. Бір деревняның касынан өткен соң бізге қарай келе жатқан жаудың мотоциклшілерін көзіміз шалып қалды. Біз мотоциклшілер жақынырак келуі үшін жанжакка бытырай жасырыпдық. Тура аткан октан бірнеше мотоциклші жер жастанды, қалғандары кері қарай қашты. Біз өлтөн неміс солдаттарының автоматтарын алдык.

Мен Українаның Донецк облысындағы Макеевка каласының манындағы қырық бірдің жазғы қаһарлық күндерінде осындағы алғашкы шайқасыма қатыстым. Мен үшін ол соғыстың алғашкы, ең киын шайқас болды.

Жиырма курсанттың үшеуі гана училищеге кайтып оралды. 1942 жылдың наурызында училищенің қыска мерзімді бағдарлама бойынша тәмамдаған соң артиллерия лейтенанты атағын алдым. 274-ші атқыштар дивизиясының 965-ші атқыштар полкіне жолдама берді, онда алдымен взвод командирі, содан кейін 120 миллиметрлік миномет батареясының командирі болдым. Туған дивизияның ұзақ әскери жолында Россияның, Українаның, Белоруссияның, Польшаның калалары мен селоларын азат етуге, Висла, Одер өзендерінен өтүге қатысып, соғысты Берлинде аяқтадым. Бұл жолда өзімнің әскери достарыммен бірге шегінудің ашы дәмін де, женис қуанышын да татып, бастап өткердім, арапарында 20—22 жасар құрдастарым көп болған жолдастарымның қазаларын көрдім. Солдаттың өмірі шайқас кезінде ұстараның жүзіндегі қалыпта болатын. Өмір мен өлім арпалысқан сәттер аз болған жок.

Соғыс жылдарындағы күндердің ішінде менің есімде Висла өзені үшін болған шайқас көп сақталған. Висла терең, арнасы кен өзен. Мұнда кескілескен шайқас болды. 1944 жылдың шілде айында біздің полктың батальоны мен біздің батареяға өзеннің арғы бетіне өтіп илацдар мұлды басып алуға, оны дивизияның негізгі құштері келгенше ұстап тұруға бүйрек берді. Біршама шығынға ұшырай оты-

рып бірнеше рет әрекет жасағанин кейін кішкентай плацдармды басып алды.

Ал жау болса бізді өзенге қарай қайтадан ысыру үшін жаңа күштерін қоса отырып шабуылдауын ұдете түсті. Натызы сын сағаты туды. Батальонның қоңтеген солдаттары мен офицерлерінен айырылдық. Құшіміз азая басталы. Мен тунде жаудың шабуылға шығатын жеріне батареямды жақында тып ориналастырдым. Таңертең немістер шеп құрып алғын бізге қарсы шықты. Батареяның көздел атқан снарядтары жаудың сағын сындырып, олардың шабуылына тойтарыс бердік. Осы кезде дивизияның негізгі күштері де келіп жетті. Полк командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орыибасары бөлім командованиеесінің атынан артиллеристерді же цістерімен құттықтады. Осы шайкас үшін біздің артиллеристер ордендермен және медальдармен марапатталды. Мен кеудеме Қызыл Ту орденін тақтым.

Женіспен аяқталған соғыстан кейінгі 50 жылда мен шайкастар, батарея мен полктағы достарым туралы жи еске аламын. Женіске дейін бірнеше күн қалғанды Берлиннің түбінде бірінші миномет расчетінің старшинасы Мұсілім Жабыков қаза тапты. Ол екінші дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Илья Бученков, Николай Маслов және Виктор Паластров ерлікпен шайкасты. Олардың соңғысы 1945 жылғы 24 маусымда Мәскеу қаласында өткен Женіс парадына қатысты.



ҚЫРЫҚ БІРДІҢ ҚАРАША-ЖЕЛТОҚСАНЫНДА· МОСКВА ТҮБІНДЕ

(16-шы армияның жеке атқыштар
бригадасы ардагерлерінің
естеліктерінен).

Е. ФЕЙГЕ:

36-шы бригада Өзбекстанда жасакталды. Ол иегізінен сол кезде Ақкөл станциясына дейін созылған (казіргі Ақмола облысы) 25 ауданды қамтитын Солтүстік Қазакстан облысының тұрғындарынан құралды. 1941 жылғы қарашаның түнінде біз Москвага келдік. Түн жамылған астана тып-тыныш сияқты еді. Бірақ бұл солай ғана көрінген. Темір жол станциясында жақадан-қелген әскери эшелондар түсіріліп жатты. Москва фашист басқыншыларымен қиян-кескі, шешуші ұрысқа дайындалып жатты. Таңертең бригада Химки ауданына топтастырылды. Оны генерал К. К. Рокоссовский басқарған 16-шы армияның құрамына кости. Біздің демалысмыз ұзаққа созылған жоқ, түнде жауынгерлік дабылмен тұрғызыды.

С. ЮДИН:

Алғашқы күннен бастап, арасында теміржолшылар мен ет-консерві заводының жұмысшылары көптеп саналатын солтүстікқазакстандықтар жоғары моральдық саналылық танытты. Әлі есімде, біз Петропавлдан шыққанда мені коммунист ретінде үтіші қылып тағайындалды. Жол бойы майданга алынған көптеген адамдармен әңгімелестім. Әрине, оларға туган-туистары, жақындарымен ажырасу оцай болған жоқ, бірақ мен олардың бір рет те абыржып, қобылжығанын көрген жоқпын. Әрқайсысының жүргегінде тұтқындан шабуыл жасап, діканды жерден, жұмысшыны станоктан ажыратқан жауға деген жалынды кек жатты. Социалистік Отанға деген сүйіспешілік рухында тәрбиеленген солтүстікқазакстандықтардың алдында ауыр сын, тіпті жан беруге тұра келетін ұрыстар тұрғанын анық сезіне отырып, оны қорғауға келе жатты.

Е. ХРУЩЕВ:

Мен ұрысқа алғаш рет Рождественское селосы үшін болған шайқаста кірдім. Фашистер шіркеуге пулемет койып, содан оқ жаудырып тұрды. Жаяу әскер бас көтере алмай қалды. Сонда батарея командирі: «Барлауға барғысы келетіндер

бар ма?»—деп сұрап, жағдайды түсіндірді. Тоғыз жауынгер, соның ішінде мен, алға шықтым. Біз минометтерді бөлшектеп алдык. Біреуіне—тақтасы, екіншісіне—ұнғысы, үшіншісіне қол пулемет тиді. Оның үстіне мина салынған жәшіктер бар. Жаудың сыртына, жыраға карай енбектей жөнелдік. Біржарым, екі километрдей солай жылжып отырып, байқатпай шеткі жолға жеттік. Қаранғылықты пайдаланып минометтерді орнаттык. Сөйтіп жаудың пулемет ұяларына ок жаудырыдык. Село от пен тұтінге оранды. Сол кезде біздің жаяу әскер де бас көтерді. Тапсырманы ойдағыдай орындағаным үшін мені расчет командирі етіп тағайындал, сержант атагын берді. Кейін «Ерлігі үшін» медалін тапсырды.

Е. ФЕЙГЕ:

Біздің әскердің шабуылы жалғасып жатты. Бригада майданың алдыңғы шебіне шығып, басқа бөлімдермен бірлесе қимылдан, Крюково темір жол станциясын басып алу туралы жауынгерлік тапсырма алды. Бригаданың бөлімі танертен ерте алдыңғы шепке шықканда әлі қаранғы еді. Артиллерия мен минометтер тұра нысанамен атылатын мелшерге қойылды. Қелісілген шартты белгіні тосып жатқанбыз. Бірақ алдыңғы шепке жақындаған бригаданың қимылын фашистер байқап қалып, ок жаудырыды. Алгашкы жарапылар мен өлгендер пайда бола бастады. Қенет аспанға екі қызыл ракета атылып, біз де белгі бойынша минометтермен төпей бастадык. Дүнне дүрілдеп, астан-кестені шығып, Крюково станциясы от құшағына енді.

Сержант Ермаковтың бірінші бөлімшесі минометпен тұра көздел атып жаудың екі пулемет нүктесін жойып, автоматшылар тосқауылын талқандады. 1941 жылғы желтоқсаның осы шайқасында қазақстандықтар Отаныңғы ержүрек те тапқыр, табанды жауынгерлері екенін көрсетті. Қеңес әскерінің мұндай тегеуінді екпініне жау шыдай алмай кейін шегінді. Қешке карай біз азат етілген бұл елді мекенді тастан, алға, батысқа карай жылжыдык. Орманда жаудан жасырынған оншакты отбасы кездесті. Олардың жұздерінен қуаныш нұры ойнап тұрды. Қенес Армиясы алға жылжула, демек, ол күшті және жауды тықсырып барады.

М. ЖАРКОВ:

Бұғін сол күндерді еске ала отырып, қеңес адамдарының ерлігіне таң қалмасқа болмайды. Ол барлық жерде, үрыста да демалған сәттерде де көрініс табатын. Кейде былай бола-

тын: тұнгі бір тыныштық кездерінде жолдасынмен бірге карды тазалап жіберіп, бұтактарды төсей сала, біріміздің шинелімізді астымызға төсеп, екіншісін жамылып жата кеттінбіз. Деміңмен жылышып, мызғып көтсөң болды, қарауылда түрған құзетші үсіп кетпесін деп оята бастайды. Мен байланысшы едім, бұл бір тынымсыз жұмыс. Снаряд немесе оның жарықшағы тиіп сымды үзсе болды, бораған окка қарамай жетіл, жалғау керек. Әсірессе, Волоколамск тас жолында киын болды.

Е. ФЕЙГЕ:

Іә, онда оңай болған жоқ. Волоколамскіге шыққанша бригада әрбір төбе үшін киян-кескі ұрыс жүргізді. Жағдай тнімсіз еді — біз ашық ойпаңда болдық, бірақ солдаттар артымызда Москва тұрганын әрдайым есте ұстады. Волоколамск үшін шайқас екі күнге созылды. Жауынгерлер мен командованиенің табандылығы мен тапқырлығы жаудың тосқауылын бұзып, біз ұрыспен қалаға басып кірдік. Сасқан жау Волоколамск қаласын өртеп үлгере алмады, жұзеген жау солдатының өлігі қөшелерде шашылып жатты, қөшілігі тұтқынға түсті. Бізден де шығын болды. Миномет ротасында біздің жерлесіміз, бөлімше командирі Ермаков каза тапты. Ауыр жарапылар да болды. Әрбір елді мекенді ауыр ұрыстармен алуға тұра келді. Кеңес әскерлері жаудың шегінген жолымен жүріп отырды. Айнала жаудың тастап кеткен қарулаты, күйген танкілері мен машиналары, қар басқан солдатының өліктері шашылып жатты. Москва түбінде біздің әскер фашистердің жеңілмейтіні туралы дақпыртты жоққа шығарды.

М. ДАНЧЕНКО:

Содан бері 30 жыл өтті. Қөптеген есімдер ұмытыла бастады. Ал батальон комиссары Михеев осы күнге дейін көз алдында. Оны солдаттар ержүректігі, адамды түсіне білетіні үшін жаксы қөретін. Алғашқы күні бізге алдыңғы шепте коркынышты болды. Снарядтың дауысын естісөң, ол тұра саған қарай ұшып келе жатқан сияқты қөрінетін. Комиссар келіп, әрбір солдатпен әңгімелесетін, содан кейін өзінің ұстамдылығын сағап беріп кеткендей болатын: Кейде катушканы сүйреп еңбектеп келе жатсан, кайдан шығатыны белгісіз, комиссар қарсы кездеседі. «Хал, қалай, байланысшылар, — дейтін де: — Берлинге дейін сымдарың жете ме?» — деп сұрайтын. Ол женіске сенетін және сол сенімді әркімге ұялатуға тырысатын. Қысқаша айтқанда, нағыз комиссар еді.

Г. КАБАРДИН:

Менің бір байқағаным, жауапты бір тапсырманы орындау керек болып, еріктілерді сұрағанда алғашқылардың бірі болып коммунистер алға шығатын. Бір жағынан, олардың бәрі де өзіміз сияқты қарапайым солдаттар болатын, екінші жағынан, өз мойныдарына үлкен жауапкершілік артатын. Ерікті түрде. Бұл жауынгерлерге қатты өсер етуші еді. Олар шабуылдың алдында өтініштерін беріп жатты. Мен де 1942 жылы майданда коммунист болдым.

С. ЮДИН:

Кенес жауынгереріне құш берген негізгі арина — партиямен, тұтас халықпен бірлік еді. Мен бұл құндері еліміздің әр түкпіріндегі адамдардың жіберген хаттарын тебірене еске аламын. Конверттердің сыртында көбіне «ержүрек жауынгерге» немесе «үздік минометшіге» деген белгі тұратын. Ондай хаттар қолдан қолға өтіп, оқылатын. Олардың жеңіске дәлен сенімі жауынгерлердің ерлігін үстей түсетін. Бізде Москва кәсіпорындарының өкілдері де болып, сыйлықтар тапсырыды. Біз өнс бойы жеңіс үшін тылда еңбек етіп, бізге қамкорлық жасап, моральдық жағынан қолдап отыргандардың тығызы байланысын жете сезіндік.

Е. ФЕЙГЕ:

36-шы жеке атқыштар бригадасы қын жолдан өтті. 1942—1943 жылдары ол Смоленск аймағының селоларын азат етіп, Орш-Витебск бағытында жаумен шайқасты. Майдандық өмірбаяны осы құрамадан басталған солтүстікказакстандықтар жаумен Польша жерінде шайқасып, оны Литвадан күыл, Кенигсбергте соққылады.

**Облыстық мемлекеттік
архивтің қорынан.**



М. ФАББАСОВ,

**запастағы капитан, Қызыл Ту,
II дәрежелі Отан соғысы, Қызыл
Жұлдыз ордендерінің иегері.**

СТАЛИНГРАД БАҒЫТЫНДА

1942 жылдың жазы Ұлы Отан соғысының тарихына ең ауыр кезең болып енді. Танкіде, авіацияда, жауынгер күшінде үлкен басымдыққа ие жау біздің әскерлеріміздің Брянск және Оңтүстік-Батыс майдандарының түйіскен жерін бұзып өтіп, Старый Оскол, Воронеж бағытына бет алды. Бірақ жау өз шабуылшы өрістете алмады, Воронежден қашық жерде тоқтауга мәжбүр болды. Сосын жау өз күштерін қайта топтап жәнс қосымша күш жинап, Оңтүстік-Батыс майданында шабуылдауға кірісті. Басты мақсаты Сталинградты басып алмы, Еділді кесіп тастау еді.

Сталинград шайқасы 1942 жылдың 17 шілдесінде басталып, 1943 жылдың 2 ақпанында аяқталды. Жау темір құрсауға тап болып, күл-талқаны шықты.

Мінс, осы қантегіс шайқастарға 29-шы атқыштар дивизиясы тікелей қатысты. Ол Ақмола қаласында құрылып, құрамына Ақмола, Қарағанды, Қекшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарынан шакырылған жауынгерлер кірді. Дивизияның алғашқы командири полковник Жебров болды.

Дивизия құрамында 106-шы, 128-ші, 299-шы атқыштар және 77-ші артиллерия полктері болды. Бұған қоса оған жеке құрама ретінде атқыштар мен саперлердің оку батальондары, медсанбат, танкіні құртқыш және ауыр миномет дивизиондары, байланыс батальоны, барлау ротасы, химиялық қорғаныс ротасы, авторота кірді. Мен 124-ші жеке байланыс батальонына қатардағы жауынгер болып қабылданым.

Ақмолада екі ай қын жаттығулардан өттік. 1942 жылдың наурызында дивизия эшелон болып батысқа бет алды. Сәуірдің ортасында бәріміз Тула облысының Волово станциясында маңында шоғырландық. Алғашында дивизия әлі де үлкен қауіп төніп тұрған Москвандың қорғар деп ойладеп едік.

Бірақ жау шабуылы басқа бағытта, онтүстікте өрістеді. 1942 жылдың маусымында дивизия жаңа құрылған Сталинград майданының қарамағына жіберілді. Бұл кезде оның командирлігіне полковник Колобутин тағайындалған-ды. 16

шілдеде біздің құрамаын алғашқы әшелоны Стalingrad облысындағы Жутово станциясына жетті. Екінші күні-ақ құрамына біздің дивизия енген 64-ші армияның командованиесі дивизияға 137-ші танк бригадасын қосып беріп, Дон өзенінің шығыс жағасында қорғаныс бекінісін жасауға бұйырды. Біздің көршіміз Оңтүстік майданың 51-ші армиясы болды.

Дивизия басшылығы жылжымалы отряд құрды. Оның құрамында 128-ші полктің атқыштар батальоны, танк батальоны, гаубицалы артиллериялық дивизион, автоматшылар ротасы, саперлер, танкіге қарсы атқыштар және танкіге қарсы зенбірекшілер взводтары енді. Мен осы жылжымалы отрядқа қызмет ететін байланышылар қатарында болдым.

Біздің отряд күштейтілген армиялық топтың құрамында Донның немістер кесіп өтеді-ау деген участкесінде шеп құрдық. Бірақ жау бұл арадан тікелей шабуыл жасамады. Ол өзенде бізге көршілес участке тұсынан кесіп өтті де, Красный Яр хуторын басып алды, біздің позициямызды бір қанатынан айналып өтуге үмтүлды. Аға лейтенант Букреев басқарған біздің жылжымалы отряд 26 шілдеге дейін бес күн бойы ауыр қорғаныс шайқастарын жүргізді. Мен және менің жолдастарым, мінс, тап осы жерде алғаш рет от пен оқ сынынан өттік.

Шілденің аяғына қарай үздіксіз шайқастарда қансыраган біздің отряд өз дивизиямызға оралды. Бұл кезде дивизия күші басым жаудың тегеуріні астында ақырын-акырын солтүстік-шығыска қарай шегініп келе жаткан-ды. Тамызында басында біз Аксай өзенінің солтүстік жағалауында қорғаныс шебін құрып, 12 тамызға дейін Еділге үмтүлған жау танкілерінің шабуылына тойтарыс бердік. Немістерді осы арада бір аитадай бөгеген дивизия тағы да Стalingradка қарай шегініп, Абганерово — Плодовитое—74-ші разъезд аралығында қайта шеп құрды. Бұл арада неміс генералы Готтың 4-ші танк армиясымен тағы да кескілескен ұрыстар басталды.

Мынадай бір ұрыс көрінісі менің жадымда мәнгілікке сакталып қалыпты. 29 тамызында таңсәрісінде немістер бізben көршілес 126-шы атқыштар дивизиясынан қорғаныс шебін бұзып өтіп, өршелене алға үмтүлды. Устіне автоматшы десант мінген 18 жау танкісі біздің ту сыртымызға өтіп кетіп, дивизияның командалық пунктін қоршап алды. Полктармен байланыс толық үзілді. Бұл кезде мен де штабтағы байланышылар ротасымен бірге командалық пунктте едім. Біз

Күнімен коршаған жаудан өз күшімізбен корғандық. Тек кешке карай ғана комдив Колобутин ариайы жіберген адам арқылы екінші эшелонда тұрган жеке саперлік батальоның командирі аға лейтенант Быстровпен байланыса алды. Комдив оған командалық пунктті коршаған жауды шабуылдан, коршауды бұзғырылды.

Қолында тек атқыш қару, гранаталар мен бір ғана танкіге карсы мылтық бар саперлер өздеріне моторландырылған барлау ротасының қалғандарын косып алғын, шабуылта шықты. Олар көп шығынга ұшыраса да, жау десантты танкілерден бөліп тастап, қашуға мәжбүр етті. Десант көмегінсіз қалған неміс танкілері артымен жылжып шегіне бастады.

Штабтың байланысшылар ротасы да осы ауыр шайкаска тікелей қатысты. Неміс танкілері біздің позицияларымызға ақырын жылжып жақындағанда мен жөне Қайыржан Рысбаев, Николай Кулиш деген жерлес — жолдастарым гранат лактырдық. Бір танк жаңып кетті. Бірақ жау оғы Кулишті қатты жарапады. Қайыржан оның жарасын тездедіп байлады да, өзі арқалап ұрыс болған жерден алғын шықты. Тағ осы кезде карсы алдынан тағы бір танк шығы келді. Дес бергенде, маған тағы бір жолдастым — Иван Воробьев көмекке келіп үлгерді. Тағы да гранаттар лақтырылды. Бұл танкінің де шынжыр табаны үзіліп, шыр-көбелек айналып тұрғын қалды.

Ал коршаудың сыртындағы шайкас барған сайын қыза түсті. Жау коршауын бірінші болып лейтенант Абросимовтың екінші саперлер ротасы бұзып өтті. Оның сол жағында неміс автоматшыларын лейтенант Чикаревтің ротасы жайратын жатты. Комбат Быстров та ержүректіктің үлгісін көрсетіп, жаудың бір танкісін жойды. Саперлермен бірге солтустікқазакстандық барлаушылар Иван Стебровский, Алексей Физов, Михаил Хлопотов, Иван Атьков, Ефим Быков, Андрей Игнатенко, Иван Хрупин, тағы басқалары да жан аямай шайқасты. Құші басым жаумен шайкаста дивизияның командалық пункті ғана емес, оның жауынгерлік туы да сакталып қалды.

Бірақ дивизияның жалпы корғаныс шебіндегі жағдайы барған сайын киындағы түсті. Жазық далада ұрыс жүргізгендегі біздің қатарымыз селдірей берді. Жаудың алдыңғы болімшелері біздің тылымыздағы бірнеше елді мекендерді басып алған соң, қауіп тіпті күшіне түсті. Ақыры құрама басшылығы болашақ шайқастарға күш сақтап қалу үшін біздің

дивизияға шегініп, Червленое өзенінің арғы бетінде жаңа корғаныс шебін құруға бұйрық берді.

Ұмырт түсө полктарап еш сыйдырысыз позицияларын тастап, кейін шегінді. Қараңғыны пайдаланып, жаудан барынша кара үзіп кету үшін асығуға тура келді. Ал біз әбден титыктап шаршаган едік. Оқ-дәрі де таусылуға айналған. Таң сібірлең ата бастаган кездес біздің жолымызды жау танкілері кесіп тастанады. Зета поселкесінен бес шакырымдай жерде біздің колонналарымыз неміс самолеттері бомбасының астында қалдық. Жаудың дивизиямызды біржола құртуды мақсат еткені айқын болды. Немістердің танкілері мен самолеттерінен жасырынар жер жоқ — айналғанда тақтайдай тегіс жазық дала. Біз жан-жакқа бытырап, мына тозақтан ұсақ-ұсақ тол болып құтылуға тырыстык.

Мұндай тозақтан құтылу мүмкін еместей көрінді. Құн көтерілісімен біздің екі қанатымыздан жүзге жақын жау танкісі тап берді. Олардың соңында моторлы жаяу әскер бар. «Мессерлер» мен «юнкерстер» аспаннан топ-топ болған әскерлерді гана емес, жалғыз-жарым жауынгерлерді де киіктей қуып жүріп атқылады. Ал құн болса, қырсық қылғаңда, ашық та ыстық болды. Сол сәтсіз шайқаста біздің көп адамдарымыз опат болды.

Қыркүйектің біріне қарай дивизияның қоршаудан шыққан бөлімшелері Сталинград маңындағы Бекетовка, Купоросное, Ельшанка аталатын елді мекендерде шогырлана бастады. Кешке қарай мың жарымдай жауынгерлер жиналды. Қанша шығын шексек те, дивизиямыз жауынгер құрама ретінде сакталып қалған еді. Біз Сталинградтың оңтүстігіндегі Ельха деревнясының қасындағы төбеде тағы да қорғаныс шебін құрдық. Ал біздің байланысшылар ротасы қызмет ететін командалық пункт Бекетовкаға орналасты.

Дивизияның қатары сөлдіресе де, шабуылдан жауга жанталаса тойтарыс беріп, тоқтаттық та, оның өзін қорғанысқа көшүгे мәжбүр еттік. Гитлершілер қашама мол күшип қашама рет шабуылға шықса да, майданның бұл участке сінде бір шакырым да ілгері жылжи алмады. Бірақ бізде де шығын аз болған жоқ. Қыркүйектің бесінші жүлдізы дивизия үшін өте қайғылы құн болды. Бұл құні барлық жауынгерлердің сүйіктілері: дивизия комиссары Иосиф Шурша мен саяси бөлімнің бастығы Андрей Киселев қаза тапты. Олар батыл да ержүрек нағыз совет адамдары еді. Олар үшін Отанымыздың намысы мен бостандығы бәрінен де қымбат болатын.

Сталинградтың шет жақтарында кескілескен шайқастар мен жанкешті ұрыстар әлі де көп болды. Ұзак айқастарда зықсы шықкан таңдаулы жау дивизиялары акыры Еділ мен Дон аралығында біздің әскерлеріміздің темір құрсауына түсті. Ал 1943 жылдың қантарында қоршауда қалған жау әскерлерін құртуға бағытталған операция басталды. Оған біздің дивизия да қатысты. Ол белгіленген жерде жау шебін бұзып өтіп, Песчанка, Стародубовка, Жогарғы және Төменгі Ельшанка, Горная Поляна елді мекендерін азат етті. 25 қаңтардың таңында дивизия ұрыс салып Сталинградқа кірді. Ди- визия басқа да құрамалармен бірге жаудың соңғы бекінген ұясы Орталық универмагты шабуылдады. Мұнда генерал фельдмаршал Паулюстің штабы орналасқан-ды.

1943 жылдың 2 ақпанында Сталинград үстінде **Женіс** туы желіреді. Еділ мен Дон жағаларындағы қанды шайқастарда көрсеткен ерессе ерліктері үшін біздің дивизиямызға «Гвардияшы» атағы беріліп, ол бұдан былай «72-ші гвардиялық дивизия» аталатын болды. Міне, осы құрметті атақпен дивизиямыз атақты командир Совет Одағының батыры, генерал-полковник Михаил Шумилов басқарған 7-ші гвардиялық армия құрамында соғыс аяғына дейін талай шайқастарды басынан өткерді. Осы туған дивизиямыздың қатарында Ніл Эдемұлы Болатбаев, Андрей Данилович Корпич, Николай Кузьмич Захаров, Нина Андреевна Тарасенко, Николай Евдокимович Тимохин, Вера Николаевна Ракицкая, Андрей Петрович Ржевский, Мәлгаждар Жүсіпов, Федор Петрович Сазонов, Иван Платонович Шаповалов, Сабыrbай Ахметов, Василий Иванович Бегиничев тәрізді көптеген жерлестеріміз даңқты жауынгерлік жолдан өтті.



Н. ЕЗУБЧЕНКО,
отставкадағы майор.

ВОЛХОВТЫң АР ЖАҒЫНДА

Менің әскери өмірбаянын 1941 жылдың күзінде басталды. Бұл кезде мен 18-ге де толмаған бала едім. Солдат ботқасынын дәмін алғаш рет Алматының жаяу әскер училищесінде таттым. Бұл училищеде бізді жеделдетілен бағдарламамен оқытты. Күніне он төрт сағаттан жұмыс істейтінбіз. Сондағы үйренетініміз — саптың дайындығы, мергендік, тактика және жарғыны жаттау. Осылай төрт жарым ай уақыт өтті. Содан кейіш бізге, аузынаң ана сүті кеппеген сары үрпек баланандарға, лейтенант, кейбіреулерге кіші лейтенант атағы берілді.

Жағама қадаған лейтенант белгісімен бірге қомелетке де толдым. Енді мен кешегі сары үрпек бала емес, қарамағындағы ондаган адамдардың тағдырына жауап беретін командир екенімді түйсінуге тырыстым. Сөйтіп соғыс жағдайы бізді ерте есейтті.

Сонымен бүйрықиен белгілеген жерге келдім. Мені пулесмет взводының командирі етіп койды. 30—40-ка келіп қалған әкемдей адамдарды «Максим» пулеметінен атуға үйреттім. Өзім де командир ретінде қалыптаса бастадым.

1942 жылдың жазында біздің номірі 42-ші жеке пулемет-артиллерия батальоны Волхов майданына келді. Бізді Кіші Вишера станциясына әкеліп түсірді, одан әрі батпак кешіп майдан шебіне жаяу тарттық. Ол кезде біздің әскеріміз Волховтың батыс жағалауында Новгород қаласының терістігінде 40 шакырымдай жерді үстап тұрды. Мінс, осы жерде, Сиасская Полесть поселкесінің түбінде мен алғаш рет соғысқа кірдім.

Біз ол кезде корғаныста тұрдық. Толассыз атыс, тынымсыз соғыс жағдайын бастап кештік. Қей-кейде барлауға да барып жүрдік. Соңдай бір оқиға есімде қалынты. 1943 жылдың казан айының бір күні еді. Тұнгі құзеттеп жаңа гана келіп, демалуға жатқан мені байланысшы келіп ояты.

— Жолдас лейтенант, сізге рота командирі тез жетсін, — леді ол.

Көңілім күпті болып, рота командирі капитан Татаринов отырған жертөлөгө жеттім. Онда полк штабы бастығының барлау ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқаратын

бір майор отыр екен. Ол орынан асықпай тұрып, менімен бірге келген басқа да взвод командирлерін көзімен шолын шыкты да:

— Майданның осы сіздер үстап тұрған шебінен «тіл» әкелу керек деген бүйрек түсті. Алдында, төрт рет барғаш барлау тобы түк бітіре алмай қайтты. Енді казір сол барлауға күштейтілген топпес тағы бару керек болып тұр. Негілса да «тіл» әкелу керек. Осы топты, лейтенант Езубченко, сіз бастайсыз, ал кіші лейтенант Нагдасев сізге көмекші болады, — дег майор сөзін бітірді.

Біз бұл іске күні бойы дайындалдық. Немістер жақ тыптыныш, тек анда-санда автоматтан оқ жаудырың, қойысады. Түнгі екіде жорыкка аттандық. Саперлер бізге жол аршын берді. 12 адамдық шағын топты бастаған Нагдасев алда келді. Ал мен бастаған топта 28 адам бар. Қару-жарағымыз сакадай-сай. Алдыңғы топ «тіл» әлушы да, біз күғын болса соны тосын алуымыз.

Майдан шебінен қиналмай өттік. Осы жерде біз корғанысқа қалдық та, Нагдасев тобы «тіл» алуға алға кетті.

Міне, эр минуты бір жылдай болып уақыт өтіп жатыр, алаңдан біз жатырмыз. Алдыңғылардан қымс еткен белгі жок. Бір кезде бізден жұз метрдей жерде сол жақ қанатта гүрс етіп граната жарылды.

— Біздің танкіге карсы жарылатын граната, — дег сыйыр етті менің жанымда жатқан сержант Ельчанинов.—Мен оның даусын бір шакырымнан танимын, — деді тағы.

— Ол мүмкін емес. Біздікілер ол жакқа баруға тиісіті емес, — дедім мен. Бірақ сол жақтаи таңғы алакеуімде бізге карай жүгірген бірнеше адамдардың сұлбасы көрінді.

Мынау негылған адамдар екенин білмей да ал болым. Біздің келісіміміз бойынша Нагдасевтің жауынгерлері ол жақ қанатқа баруға тиісті емес-тін. Әлде біздің адамдардың жолын кескеп немістер ме екен?

— Даїындалыңдар! — деген команда бірден -бірге сыйырмен кетті. Жауынгерлер мұлтықтарының құлактарын қайрыш, сыртылдатып жатты.

Осы кезде бұқпантайлан жүгірген адамдар біздің алдымызыңа келіп қалды. Сөйтсек, бір ұзын немісті байлан алған біздің үш жігіт екен. Олардың артынан да бірнеше жауынгер жүгіріп келді. Бірақ олардың арасында кіші лейтенант болмай шыкты.

Қалғандары қайда? — дедім мен бір жауынгерге.

— Олар оң қанатка кетті, — деді ол.

Басында келісілген жоспардың өзгергенін сонда білдім. «Тіл» алуға барған топ екігә бөлінген екен. Өйткені немістердің алғы шебінс жеткенде олар бірде-бір фашисті кездестіре алманты. Жаудың окобымен жүре берсе, алдарына жертөле кездеседі. Міне, қызық: онда да бірде-бір жаи жоқ болып шығады. Осы жерде барлаушылар екіге бөліпеді. Окоппен сол қанатқа жүре берген топ ағаш арасына жасырып жасалған дзотқа тап болады. Оның жаңында үш неміс ақырын әңгімелесіп қойып, тамақ ішіп отыр екен. Таң ағарып қалған кез, оның үстіңе тыл жағынан жау келеді деп күтпесе керек, немістер қапыда қалады. Біздің жігіттер ыңшыңсыз фашистердің екеуін сол жерде өлтіріп, біреуін байлан алады. Осы кездे дзоттың ішінде бір айқай шығады. Сасып қалған біздің бір жігіт ашық есіктен ішке граната лактырады. Баганағы ғұрс еткен соның даусы екен. Ояныл қалған немістер артынаи біздің шегінумізге кедергі жасаң-ак, бақты.

Бірінші топ келіп жеткен соң, кешікпей Нагдасев бастаған әкінші топ та келді. Олар да олжалау оралынты. Байланысшы болуы керек, бір кіші офицерді байлан әкелді. Мұндай табысқа бәріміз де куанып жатырмыз.

Операцияның ендігі тағдыры біздің котымызда. Әкшелен, қуып келген немістерді біз тоқтатуымыз керек. Осы жерде жүн-тұтіс атыс басталды да кетті. Нагдасевтің тобы біраз жерге кеткен соң мен жасыл ракета аттым. Бұл ақырын шегіне беріндер деген белгі. Бірақ немістер бізден қалар емес. Кейбіреулері айналып алдымызды орап кеткен екен, тылдан минометпен сога бастады. Жағдайымыз ауырлап кетті. Мұндай қысылтайцды мен ұбырын көрмеген едім. Не істеу керск? Мыналардан қалай құтыламыз? Тізеден тұрып, жауынгерлерімің қалай шегініп бара жатқанын қарай бергенім сол еді — оң жақ кеудемді бір ауыр балғамен періп жібергендей болды. Қолым шүріппеден сылқ етіп түсіп кетті, өзім етбетімнен ұшып түстім. Мениң жаныма сержант Ельчанинов жер бауырлап жетіп келді.

— Сержант, — деді мен, — ракетницаны ал да, екі рет ат!

Бұл артиллериядан көмек сұраған белгі еді. Келесі минотте біздің «Катюшалар» сөйлеп қоя берді. Немістер өз тылдарының астан-кестені шығып жатқанын көргенде естері шығып кетті. Бізді құмақ түгіл, бас қайғы болып шегіне баста-

ды. Осы кезді пайдаланып, біз де қашып үлгердік. Омбылық алып жігіт Ельчанинов мені арқасына салып, оттан алдын шыкты. Топта менен баска да бірнеше адам жаараланған екен. Тұтқын немісті сүйреп келе жатқан сержант Порошин контузия алыпты. Оның жаңындағы екі жауынгер де әуыр жаараланған. Мен фашистің қол-аяғын шешіндөр, өзі жүрсін дей бүйрек бердім. Сөйтсек, неміс өзі жүрмейді, қолы босағасын тартынып, тәбелесе бастады. Біз оцы атын кетуге мәжбүр болдық, құжаттары мен жеке заттарын салып алдық. Сөйтіп өзеннің жарын қалқа қылып өзіміздің адамдарға келіп қосылдық.

Ертесінде тұтқынды полк штабына, ал жааралыларды араммен медсанбатқа жөнелттік. Барлауға барған қырық адамшының жалғыз-ақ ага сержант Белоглазов қана оралмады. Оның өлі-тірі екенін ешкім білген жоқ. Артыңан Боровичиде госпитальде жатқанда гана оның тағдырын білдім. Сөйтсек қолынаи, екі аяғынан жаараланған ол екінші күні кешке жер бауырлап, сүйретіліп өзіміздің адамдарға әрен жетіпти.

Міне, біздің соғыстағы бір жорығымыз осылай аяқталып еді. Алда Волховтан Дунайға дейінгі қызын да қысылтаяң жол жатты.



В ЗЕМЛЯНКЕ

Слова А. Суркова. Музыка К. Листова.

Бьется в тесной печурке огонь,
На поленьях смола, как слеза,
И поет мне в землянке гармонь
Про улыбку твою и глаза.

Про тебя мне шептали кусты
В белоснежных полях под Москвой.
Я хочу, чтобы слышала ты,
Как тоскует мой голос живой.

Ты сейчас далеко, далеко,
Между нами снега и снега...
До тебя мне дойти нелегко,
А до смерти — четыре шага.

Пой, гармоника, выюге назло,
Запутавшее счастье зови!
Мне в холодной землянке тепло
От моей негасимой любви.





Ж. ІЗБАСОВ,

запастагы капитан, Ұлы Отан соғысының ардагері.

ДАЛАЛЫҚ ПОЧТА

Соғыс басталғанда мен қып-қызыл жігіт едім, соңдықтан жиырманың сегізіне келген мен соғыстың сұрапыл ауыр болатынын, халыққа қисапсыз көп қайғы-қасірет әкелетінін айқын сездім. Өзім байланыс саласында істегендіктен, майдандагы көп жәйт соған байланысты болатын бұл қызметті жолға қоюдың қаншалықты маңызды екенін жөн түсіндім.

310-шы атқыштар дивизиясы Ақмола қаласында жасақталды. Менің жауынгерлік жолым басталған 765-ші жеке-байланыс батальоны соның құрамына кірді. Даалалық почта станциясының бастығы болып қарағандылық байланышы Горбатенко тағайындалды. Қілең жерлестері жанында еді— Сүлейменов, Резник, медбібі Любa, атшы Гречко (о кезде біздің қызметке қажеті атшы еді, себебі почта қөбіне-көп жанаар майды да, жолды да қажет етпейтін атшы тасымалданатын). Мені Горбатенконың орынбасары қылыш тағайындалады.

Біздің дивизия Ленинград майданының Волхов бағытындағы Тихвин стансасына тақау тұста қорғанып жатты. Даалалық почта майдан шебінен шалғай орналастырылған жоқ, телефонай, жедел хабарлар, штабтардың бүйіркітаратын жеткізетін телеграф аппараты тынымсыз жұмыс істеп тұрды, көптен күткен үш бұрышты хаттар жауынгерлерге уақытында жеткізілді. Жауынгерді тұған жерімен байланыстыратын жалғыз арқау хаттар еді. Комиссарлар үйден келетін хаттарды автомат пен зенбірек сияқты соғыс қаруына тектен-тек теңесен жоқ. Туған-туысқандардан хат алу неткен қуаныш! Олар жауынгерлерді жігерлендіріп, жауға қарсы күресте күштеріне күш қосты. Әдетте олар шабуылға шығар алдында үйлерінде хат жазып, байланысшыға катты ғапсыратын: «Саған сендім, бауырым! Мекен-жайы бойынша жөнелт!».

Жауынгерлердің үш бұрышты хаттары кең-байтақ елдің калаларына, ауыл-селоларына жеткізілетін. Хат тасушы терезелерді ақырын ғана қағатын, себебі ол қуаныш немесе қайғы әкелгенін, әрине, білмейтін. Аналардың, әйелдердің,

апа-қарындастардың сағынған, аман-есен оралуга тілекtes тік білдірген үш бұрышты хаттары елдін өр түкпірішен алғы шептерге үшкан құстай жеткізіліп жататын.

Майдан жолдарында, окоптарда бораған оқтың астында сөмкелерін асынған талай хат тасуши жауынгерлер қаза тапты. Плацымызды төсеп, немесе бомба түсекен үйіндігे отырып, хаттарды сұрыптауға да талай рет тұра келді. Мынандай да оқиға болған. Біздің № 990 далалық почта станциясы Залучьеде тұрған. Хат салынған қантарды тиеп алып, Осташковқа бет алдық. Бірақ бомбаның астында қалдық, почта көлігі быт-шыт болды. Эйтеуір, моторы аман. Жартылай батқан қатерлері бар Селигер көлі көрініп тұр еді. Хат тасуши Раҳим Алякбаров солардың біреуін көтеріп, машинаның моторын орнатты да, сонымен почтаны жеріне жеткізді.

Софыста жауынгер тапқырлық танытып, кез-келген жағдайда бір амалын табуға тиіс. Сол бір Ленинград майданында біздің радист мерт болды, жау жақтан хабар алып тұрған рациясы да күл-талқан болды.

Бірде мені штабқа шақырып алып, «тіл» алып келу жөнінде тансырма берді. Қасымда украиндық пен орыс бар—үшеуміз жау тылыша бет түзедік. Батальонның штабына кірдік. Әлдебір мереке болып жатқан көрінеді, штабта кезекші мен часовой ғана қалыпты. Часовойды талдырып, «тілді» алдықта, кейін кайттық. Жау бізді үздіксіз атқылаумен болды. Бірнеше күнде әрен оралдық. Нәр татқан жоқызы. Қайыңың жапырагын сорудан басқа амал қалмады. Әбден қалжырадық, ал неміс солдаты есінен танып қалды. Ол біздің мықтылығымызға қайран қалғанын штабта аудармашыға айтып берді.

Бұдан кейін Смоленск, Сталинград, Харьков түбінде, Днепрде, Венгрияда, Чехословакияда, Югославияда ұрыстарға қатысып, соғысты Австрияда аяқтадым.

Майдан даласында бастан өткеннің берін еске алу қын. Қебі ұмытылып қалды. Алайда жауған оқтың астында байланысты қамтамасыз еткен жауынгер байланысшылардың ерлігі ұмытылмақ емес. Қолына телефон аппаратын ұстап, сым катушкасын мойнына ілген талай жолдастарым үзілген байланысты жалғаймын деп қаза тапты. Құні-тұні алғы шеніте болған әскери почта байланысының сржүрек еңбеккерлерінің есімдері есімде. Олар А. Л. Борбашинов, Р. Алякбаров, К. Шепель, А. Нұрманбетов және басқалары.

ӘТКЕН ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ

Соғыстың бірінші күні — «22 маусымда түнгі 4-те Киев бомбаланып, соғыстың басталғаны хабарланып» деп белгілі енде айтылған күн.

Айтты-айтпады, соғыс тұтқылдан басталды. 1939 жылдың қазашынаң бастап мен әскери қызметте болған 69-шы жеке темір жол батальоны 41-дің сәуірінде Қыыр Шығыстаң Львов қаласына қөшірілді. Онда әдеттегі әскери тірлік жалғасын тапты, бірақ, бейнелеп айтқанда, күн жарқылдан тұр еді. Немістің барлаушы ұшақтары кейде шекара жақтан көрініп қалатын. Бейбіт жатқан халық корқынышты қауессетті жаппай естіді.

1941 жылдың 21 маусымы әдеттегі сенбі күндерінің бірі еді. Қөптеген қызыләскерлер мен кіші командирлер жеке сенбі күні қалаға барып, демалуды армандаған күн. Әдеттегідей, түн тыныш өтті: Таңтерең бір сағат кешірек — 7-де тұрмакпаз. Одан кейінгісі кесте бойынша: бой жазу, жуынын шайыну, танғы ас. Қенет... безілдеп дабыл қағылды. Оның шыны мәніндегі соғыс дабылы екенін ешкайсымыз да білсек — бұйырмасын!

Рота сап түзеді. Командир, аға лейтенант Украинский фашистік Германияның біздің Отанымызга зұлымдықпен бас салғанын хабарлады. Жауынгерлер үи-түнеіз катты да қалды. Түстері сұп-сұық бола қалды.

Патрондарына қоса винтовкалар алған батальон әшалоңға отырып, түстен кейін шекарамен шектесіп жатқан Рава-Русский калашығына келіп жетті. Жаралы жауынгерлерді ғұғыш рет көргеніміз сонда.

Сағат 5-ке қарай еменді орманның алаңқайында қорғаныс орындарына бекіпдік. Алдымызда—көсіліп жатқан бидай алқабы. Ал оның ар жағында хутор көрініп тұрды.

Үрейлі тыныштық орнады. Содан кейін біздің жак жауган миномет оқтарының астында қалды. Қол созым жерде сиаряд жарылды. Оның жарықшағынан менін бөлімшемің жауынгері Иван Малаев ауыр жарақат алды. Ыңырысыды да: «Қош болындар» деген бір сөзді ғана айтып үлгерді.

Іісі бірінші рет мұрнымызға қелген оқ дәрісінің түтіп еменді орманға жайыла бастады. Жер—ана дегенниң не екенин енді ғана түсіндік: кішкентай окоптар, шұңқырлар, орлар бізді құткарып қалды.

Жер бауырлап сөбектеуді, тәсілдерді өзгертіп отыруды, автомат пен СВТ жартылай автоматтандырылған винтовкадан жауға оқ жаудыра отырып, бір емениң екінші еменге жүгіріп баруды майданың өзінде үйренуге тұра келді. Ал тұнде біздің рота алғашқы қарсы шабуылға катысын, фашистерді бекінген траншеяларынан қуын шығып, кейін карай тықсырды.

Бізге көрініп тұрган хутор шекаралың ар жағында еді. Тұнгі шабуыл барысында оны біздің бөлімше алды. Бірақ таңертең жаудың жаңа күштөрінің тегеуірініне шыдай алмай, хуторды қалдырық. Тұнгі шабуылда біздің взводтың командири, лейтенант Буденний көзге тұсті. Ол оншакты фашисті жер жастандырды.

Одан кейінгі күндері амалсыздан шегіне бердік. Согыстың қаһарлы күндерін бірге өткізген жауынгерлер бірінен соң бірі қаза тауып жатты.

Ал Рава — Русский бағытында 41-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлері тойтарған жау қайда болмасын айуандық көрсөтті. Біздің бөлім Львовтың батыс жақ шетінде, қала түбіндегі әсем орманның тұсында корғаныста тұрды. Мектеп те алыс емес еді. Жау жағы бізді бомбалап, минометтен, зеңбіректен атуды аз-кем уақыт токтата койды. Күн жарқырап тұр екен. Бәз біреулер соғыс бітті деген қауессет таратып та үлгеріпті. Жақын маңдағы үйлерден балалар шыға келіп, ойнай бастады. Сол кезде батыс жақтан жаудың қаптаған темір құзғындары көрінді. Қүннің көзі жақтан ұшып келе жатқан ұшақтарды тәбеке келгенші көре алмайсын. Қенет ысқырған бомбалар ойынга кіріскең балалардың үстінен ал бүрк-бүрк жарылсын.

Мен көрген Ұлы Отан соғысы осылай басталды. Мұндай оқнigалар менің майдандық өмірбаянымда аз болған жоқ. Бәрін қалай айтарсың?! Жадымда сакталып қалғандары ғана ойға орала береді. Әсіресе, есімде қалғаны — Жиздра өзені маңындағы майдан қүндері. Ариасы кен емес, сұытерең емес. Қалың орманды жағалауы да жатаған. Сол тұсында Жиздранның басқаша болуы мүмкін емес екен — басталатын тұсы сол екен.

1942 жылы жарыкшактар мен оқтар тілгілесен сол жерде тағдыр мени, мұғалімді, смоленскілік тарихшы—мұғалім Николай Андреевич Чумаковка жолыктырыды. Сол бір киын кездегі жан-дүнниемді бауран алған әңгімелері сиякты бүгінгі таңда да жолдаған хаттары (біз бірнеше ондаған жылдардан бері хат жазысып тұрамыз) селт еткізбей қоймайды. Мектептерде балаларға әңгіме айтқанда мен міндettі түрде осы өзендей еске түсіремін, атқыштар взводын басқара жүріп ерлік иені жауынгерлік шеберлік көрсеткен полкасым Чумаков турали әңгімелеймін.

Жиздрада жаумен ашық ұрыстарға гана емес, егер осылай айту теріс болмаса, — жасырын ұрыстарға да шыктық. Соғыстың сұрапыл сынағынан өткен адамдар бар, олар туралы, өкінішке орай, аз білеміз немесе түк білмейміз. Ал олар анызға, әнге, кітанка өзек болатын адамдар. Бір оқиға еске түсе кетеді. Қоз алдыңызға келтіріцізші: тамыз түні, шу орман. Одан 50—70 метр жерде зұлым жау жасырынып жатты. Сол түні біз, 322-ші дивизияның 1085-ші атқыштар полкінің барлаушылары, Аня деген сұлу мүсінді, кара көз кызды шығарып салдық. Аня дейтінбіз. Ал шын аты-жөні тұрасында сөз қозғалып көрген жок, әрине.

Түн түнегі түрліліп, таң біліне бастады. Біз траншеяның үстіне жалпак тактай қойдық. Аня сол арқылы ербін өтті де, жау окоптарына қарай кете барды. Төнірек құлакқа ұрған танадай тып-тыныш. Жай адамдай киінген қыздың сұнтақ мүсіні таңғы мұнарға сіңіп кетті. Аниның орындаамак өскери тансырмасы майдандағы зор ерліктен де маңыздырак еді. Жұрт айтып жүретін: кыз Смоленск облысынікі деп.

Тарихқа Курск шайқасы деген атауымен енген ұрыстарға да катысуға тұра келгені бар. Сейма өзенінің жағасындағы, Рыльскіден бірнеше шақырым жердегі Мало—Гнеушево деревнясы Курск нінінің бір ұшында тұрды. Сол деревняның сондағы тұрғындары: Максим Анисимович Зайцев, оның кызы Надя, Алеша Багликов және басқалары олі есімде. Зайцевтердің үйінің дәл жанында — біздің жертөле, кәрсесінде — ротаның асүйі, аттарды бүркемслеген пана, ал бактың түкпірінде — дзот. Изюсков кант заводына аппаратын ғас жол селоның түбінен өтеді.

Мало—Гнеушево мен Боровскос деревняларының екі орталықтары жағалау жалқілдеген қарағайлар. Жер жағдаійни барлаған біздің барлаушылар орманнан дүшпаниң бір жауыздығын көрді. Олар ені 3 метр, ұзындығы 6 метр, терең-

ділі кісі бойындағы орға кездеседі. Онда елуден астам кісінің өліктері табылды. Бәріп де желкелерінен бір-ак басыты. Қандары кебе, тәндегі суи коймаган, карусыз адамдарды бұлайша қыру естімеген сүмдүк еді. Солардың екеуі біздің жауынгерлер екені де әлі есімде. Зады олар тұтқынға түсін тіл тартпай кеткен болар. Ал қалғандары әйелдер мен бала-лар.

Содан бері жарты ғасыр өтті, сонда да қарагайлы ормандағы қанды оқиға ұмытылмай келеді. Мало—Гиевшеводан екі шакырым жердегі Сучково деревнясын жаудан тазартканда пештің мұржалары мен құлден басқа ештеңі көре алмағанымыз қалай ұмытылар?! Деревняның түгін қалдырмай күйдіріп! Ал Мало—Гиевшево ше? Жылдар өтіп, жарамыз жазылды, бірақ сол село естен кетер емес. Құлақтары бітіп қалған жауынгерлерді ләззатка бөлеген Курск бұлбұлдарының мекені болған Сейма өзені де солай.

Қалалардың түбінде гана емес, шағын елді мекендердің түбінде де қанды ұрыстар жүргізіліп, бейбіт тұрғындар мерт болғанын, қеудесінде жаңы барлың бөрі жойылғанын байыры майдангерлер ұмыта койғап жок. Ұлы Отан соғысындағы сондай бір оқиға жадымда қалыпты.

...Дубровин ауданындағы Черные Буры селосы белорусьтің Орша қаласынан шамамен 30—40 шакырымдай. 1944 жылдың маусым айының аяғына дейін оны басқышылар билеп-төстеді. Селоның жаңындағы 104,8 жотаға солар бекінді. Айнала төңірек ол жотадан анық көрінеді, сондыктан, эрине, корғаныс шебіне айналды Біздің 31-ші армияның 220-шы дивизиясының алғы шептері де осында. Оң жағымызда—Днепр.

Кеңес ескерлері дұшпан бекіністеріне карсы шешуші шабуылға әзірленіп жатты. Бұл соғыс операциясы «Багратион» деп аталды.

1944 жылдың 23 маусымында жау бекіністеріне шабуыл басталды. Біздің зеңбірекшілер құлқын сөріден құйындастып оқ жаудырды. Танктер ұрыска кірді, олардан соң жаяу ескерлер лап қойды.

Міне, жотаны да алыш, жалауымызды қададык. Онымызда да, солымызда да біздің жауынгерлер ілгерілген барады. Бірақ біздің 617-ші атқыштар полкі табанды карсылыкка тап болып, Черные Буры селосынан жарты шакырым жерде аялдауға мәжбүр болды.

Селоның іргесінде жас орман бар еді. Ағаштарын оқ тескен. Айнала оқтар ысқырып, спарядтар, миналар мен бомба-

лар жарылып жатты. Арасында мен де бар жауынгерлер тобы осы орманга орналастық. Бекініп алған соң дүшпандарды қалт жібермей қарап та, атып та жатырмыз.

Кенет бір қызғылт сары аң дәл алдымыздан жалт етін көрініп қалды.

— Тұлкі ме өзі? — деді санинструктор Иван. Оқ дәрісінің түтіні мен жарылыстардың шаң-тозацы тұтасып түргандыктан, әлгіге қадала қарадық. Мінс, қараңыз: тұлкі бізге қарай жақындап келеді. Бұлт-бұлт етеді, жан-жагына қарап, жерге жабыса түседі. Жақындап келді де, траншеямызға бір-ақ секірді. Үйретілген тұлкі дерсің! Қайран қалды.

Ал тұлкі траншеяның қабырғасына жабысып, құлақтарын тігіп, сосын сілкінді. Шошытпас үшін аңдан қана қарап қоямыз. Шақырылмаған қонақ бізге де қарайды, өзі болса дір-дір етеді, бірақ манағыдай емес, енді батылырак. Сөйтіп, атысып жатқан бізben бірге екі сағат окопта шоқынып отырды. Осы бір орман хайуанатының келуі бізді жігерлендірді, көңілге бейбіт, ізгі және сүйкімді сезім үялатты.

Ақырында атыс тынып, жау шегіне бастады. Тұлкіміз байыз тауып, көңілденейін деді. Бізге іштері қарай—Орша жаққа жүру керек еді. Қызыл тұлкі опы көтеріп алған Иваның қолынан секіріп бір-ақ шыкты да, шығысқа қарай бүкендей жөнелді. Әрірек барды да, -тоқтап, мойнын бүрді да, біздің жаққа қимағандай қарады. Сонын орманда бетке алды.

...Ұлы Отан соғысы жылдары. Алыста қалған, сонымен, бірге бастаң кешкен және кешіп жатқан жап-жақын жылдар. Кейбірі көңілден өширілді де, ал жадында қалғанын сына қағып та түсіре алмайсың.

Маган Шығыс Пруссия жерінде соғысуга да тұра келді. Қезекті бір жаракаттан жазылып шыққаннан кейін соғыстың соңғы жылында мен қызмет еткен 62-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлік жолы осы аймақ арқылы өтті. Біздің құрама 1945 жылдың қантар-сәуірінде 31-ші армияның құрамында ұрыстар жүргізді.

Дивизия алғашқылардың бірі болып фашистік Германияның жерінс аяқ басты.

Осы жерлерде неміс әскерлерінің табандылықпен қарсылық көрсеткені байырғы майдангерлерге мәлім жай. Әсіресе, шекараға шектес бекіністерде, Шешупа өзенінде, Мазур кө-

лінде, Кенигсберг қамалына және басқа қалаларға шабуым жасағанда қиян-кескі катты ұрыстар жүргізілді. Гитлершілер шегінгенде жанатын нәрсенең бәрін өртеп кетіп отырды. Жергілікті тұрғындар Германияның орталық облыстарына қарай ығысты. Қыскасы, 3-ші Белорусс майданы несіз аймактарда шабуылға шығып отырды.

Бұрынғы неміс қаласы Хайльсбергке кіре берісте 62-ші дивизия және подполковник В. П. Словнов басқарған біздің 123-ші атыштар полкі Книппштайн селосын алдық. 1945 жылдың наурызының бас кезі еді. Осы селоның және тақау тұстагы елді мекендердің тұрғындары, неге екені белгісіз, жылы орындарын сұытпапты. Бұл бізді таң қалдырыды. Рота командири И. К. Киреев бастаған жауынгерлердің бір тобы селода аз-кем уақыт болған кезде осы бір әдеттеп тыс жагдайың себебін анықтауга бекінді. Селодагы ең үлкен үйге келіп кірдік. Қарасак: толған немістер. Фашистік насихатқа насып қалған кейбіреулері бізге корқып қарады. Сәлден соң бізге жақынырақ отырғандары мен батылдаулары: «Гитлер капут» деп былдырлай бастады. Ақыр-соцында, бір жае әйел (Фрида деп атады өзін) қабыргадагы құпия ойықтан әлде бір қызыл кітапшаны алып шығып, бізге қарай жүрді. Әлде бір манызды жәйтті айтатынын сезіп тұрмыз. Кітапшаны ашып, мұқият қарай бастады. Мүшелік билетке ұкасан бірдене. Ентең түсіне бастағандаймыз. «Комсомоль» деген сөзді естігендеге ар жағы белгілі бола бастады. Ашып қарасак: біз, кеңес комсомолецтері, кол коятын бағанаға маркалар жапсырылыпты. Оларда Сталиннің, Калининнің, Эрнст Тельманнның таныс бейнеслері. Книппштайның тұрғындары жылы орындарынан неліктен қозғалмагандары енді белгілі болды. Комсомол билеттерінің 15-ін бізге көрсетті.

1933 жылдан бастап астыртын комсомол үйыми жұмыс істегенін әлгілер әүпірімдеп түсіндірді-ау, әйтетір. Үйым гитлершілер үйымдастырған шараларға қарсы әрекет жасапты. Комсомол тобы жергілікті мектепте құрылғанын, ал Фрида мұғалім болып істегенін және анықтадық. Кейіншірек дивизияның газетінде жазылғанындаï, Книппштайның неміс комсомолецтері әр елдің тұтқындары қамалған көршілес концлагердің астыртын үйымымен тығыз байланыс жасап тұрған.

Көп ұзамай біз Балтық теңізіне тықсырылған жау эскерлерінін тобын жою үшін ілгері қарай жылжыдык.



ПРОХОРОВКАНЫҢ ТҮБІНДЕ

Ұлы Отан соғысындағы Женістің 50 жылдығы алдында біз, ардагерлер, мүмкін, соғысты, шайқастарды, көздері тірі немесе мерт болған жолдастарымызды жіңі-жіңі еске алатын шығармыз. 1943 жылдың 12 шілдесі екінші дүниежүзілік соғыстағы, Ұлы Отан соғысындағы ғаламат танктер шайқасы ретінде тарихтың барлық оқулыктарында жазылған. Дессе де гарихи көзқарас — ауқымды көзқарас. Ал сонда 43-ші жылы етпен сүйектен жараптап қарапайым адамдар тарихты жазған жоқ, оны өздері жасады.

1943 жылдың көктемі. Генерал - полковник, кейіннен бронетанк әскерлерінің бас маршалы болған П. А. Ротмистров бақшарған 5-ші гвардиялық танк армиясының 32-ші танк бригадасының құрамында болған біздің танк батальоны Острогожск қаласында жасақталып жатқан-ды. Мен батальон командирінің саясін мәселе бойынша орынбасарымын. Біздің батальонға келіп косылған танкістер 42-ші және 43-ші жылдардағы қысқы ауыр шайқастарды өткергендер еді. Солардың бірі — механик-жүргізуши, старшина Виктор Григорьев. Тула қаласын қорғаған кезде неміс танкісін тараңға алған жігіт. Оның әкипажы жаудың үш танкісін, екі зенібірегін және тұтас бір автоколоннаны талқандаган болатын. Виктор Антонович Григорьевке осы ұрысы үшін Совет Одағының Батыры атағы берілді. Маған саясін қызметкер ретінде батальонда тәжірбелі ғана емес, батыр адамдар жауға ойран салатынына қуану ғана қалды.

Батальон жасақталып болды.

43-тің жазына қарай біз, танкістер, айта қалғандай бір оқиға болатының іштей сездік: гитлершілер құрышы қалып және қаруы мықты «Тигр», «Пантера», «Сауфердинанд» сияқты қуатты танктермен карулана бастады. Біз саясін қызметкерлер, жау танктерінің осал тұстарын зерттеу жөнінде танк әкипаждарымен қоپ жұмыс жүргіздік. Тараңға алу жағын да ойластырық.

Алда болатын оқиғалар жөніндегі біздің болжамымызды барлаушылар расгады: гитлершілер Обоянь қаласы аркылы Курскіге үлкен шабуыл жасамақ көрінеді. Бұл біздің Белгород бағыты басты соққыға алынуы мүмкін деген сөз еді.

Міне, сол күн де туды—1943 жылдың 12 шілдесі. Біздің батальон Прохоровка станицасына жакын маңға орналасы Зенбіректердің жаппай атқылауынан кейін батальон экипажы танктер шабуылына шықты.

Қара жер де, тырбыган ағаштар да, ормандардың арасы да лаңылдаш жаңып жатты. Айнала төніректі от-жалаңға оран, тұтінге көмгег танктер шайқасы күшің көзін жасырып тұрды.

Мен, басқа да командирлер сияқты, бастапкы позицияда ұрыстың барысын бақылатап, өзіміздің «34-шілерге» мұқият қараумен болдым.

Он бес минуттан кейін командирі ауыр жарапанға танк кайтып келді. Мен танк командирін алмастырып машинаны шабуылға бастандым. Бақылау косынында өзім байқаган немістің бір зенбірекіне тісімді қайрап тұрған едім. Гитлерші зенбірекшілерді сыйбап-сыйбап алдым да, 800 мётр жерден бірінші атқаннан-ак немістің қаруын аспанға бір-ак ұшырыдым. Бірақ күтпеген жерден біздің танкке де оқ тиіп, шынжыр табаныңыз бір орында айналса берді. Мен экипажға кетіндер деген бұйрықты уақытында берінпін: екі минуттан кейін жанар май багы жарылыш, біздің «34-ші» отқа оранды.

Осында Черновтың экипажы да ұрыс жүргізіп жатқай. Оның механик-жүргізушиі Иван Рогозин «Пантераны» жойып жіберді, бірақ өзі де мерт болды.

Экипаж жедел басқа танк тауып алды. Ол ағаш ішінде тұрған төрт «Тигрді» байқап калып, оларды бірнеше минуттын ішінде тұра көздей атты.

Ұрыстай кейін білсек, біздің батадьопның басқа экипажының механик-жүргізушиі С. Николаев мерт болған өз командирі, капитан Скрипкин үшін кек алу мақсатымен жағынға оранған танкісімен таранды шықкан. Ол машинасымен бірге күйін кеткен көрінеді...

Бұл Прохоровка тубіндегі шайқастың бір күні ғана еді. Ал соғыстың соңына дейін әлі екі жыл қалған-ды.



В. ХОЛОДНОВ,

252-ші қызыл тулы дивизияның
миномет батареясы тобы-
ның командири.

ДНЕПРДЕ

Днепрден өту кезиндеғі шайқас 2-ші Украина майданындағы біздің әскерлер үшін Курск ишінен кейінгі ең күн және киян-кескі ұрыстардың бірі болды. Курск ишіндегі алапат шайқастың 1943 жылдың 23 тамызында Харьковты қайта-рып алumen аяқталғаны белгілі. Содан соң біздің әскерлер Украинаны азат ете отырып, Днепр жағалауының топырағын басты. «Бұл тосқауылдың оң жағына орыс солдатының табанын тигізбейміз» деген ұранмен биік жотаңың оң жағына жау өте берік корғаныс бекіністерін салғызыпты, кейін-нен анықталғанындей, фашист қанішерлері инженерлік — корғаныс құрылыштарын салуға Украинаның қалалары мен селоларының мындаған бейбіт тұрғындарын катыстырынты.

Күзгі қалтыратқан түн. Сүйектен өтетін сүйек жел, ал алдымызда — айдын шалқар су. Зенбіректер мен минометтер жаппай атуды іңірде бастап, түні бойы, таң атқаша бір тынбайды. Жау жап-жарық қылып жіберетін ракеталарын ұдайы «іліп қояды», жап-жарық із қалтыратын оқтары да толқынды тілгілеп тұр.

Міне, осы «қайнаған қазанға» 120 миллиметрлік екі минометі бар біздің тайпақ қайық снелел келеді. 8 адам үстінде. Бәрін де өзенинен өткізіп жүрген саперлер, шаршағандарына қарамастан, оңға-солға жалт-жұрт бұрып, окка тигізбей келеді. Минналар мен спарядтардың жарылышынан есенгіреп қалған үш-үлкен табан балықтарды толқын айдал экетіп барады, эттең, оларға қарайтын мұрша жоқ. Біз саперлерді алмастырып, өзіміз есіп, 500—600 метрдей ілгерілей түстік. Мұзды суға секіріп түсіп, «ыдысымызды» жағага қараң сүйреп апарып, қару-жараптар мен оқ-дәрілерді жерге түсірдік. Бізді саперлер де, ауыр жаараланған жауынгерлерді қайық-ка отырғызып жатқан санитарлар да асықтырып барады.

Таң ағаруға таяу. Минометтер мен оқ-дәрілерін жағага қараң шығарып, зуедегілер көрмейтіндей етіп тасаладық. Енді окоп қазайық десек—бірнеше қүрек бойы құп-құрғак құм суси берді. Окоп «Менің үйім — менің қамалым» деген ұранға сай болуы үшін жақын маннан тал кесіп, одан шар-

бак тоқуға кірістік. Минаның жәшіктерін бұзып, тақтайларын бізді оқ пен снарядтан корғайтын окоптың қабыргасы на қалады.

Біздің взводтың жаяу әскерлер батальоны командирінің бақылау қосынымен телефон байланысы кайта-кайта үзіле берді, ал қабылдау қосынына ентігіп келген байланысны мынандай бұйрыкты жеткізді: взвод командирі сөл-пәл алға, қырқага қарай 15-20 метр жылжып, бірнеше танктерінің сүйемелдеуімен атакаға көтерілген фашистерге оқ атудың бағытын өзі анықтайдын болсын. Жаудың мақсаты айдан анық еді— он жакқа өтіп кеткен қатары селдір атқыштар, пулеметшілер, минометшілер бөлімшелерін (біздің зеңбіректер мен танктер әлі жетіп үлгерген жок еді) плацдармнан Днепрге қуып түсіру. Автомат - пулеметтерден оқ бір-бірлені шыққандықтан, біздің атқыштар бөлімшесі ошша майдында алмады. Винтовка мен карабиннің қайырмасын құрексіз аша алмайсың. Бәрі де құмның, қарудың ішіне толын қалған құмның кесірі. Тіпті, жалтыратып сұрткен мылтықтар да аткан сайни қақала берді.

Аға лейтенант А. П. Вознесенский орнынан көтерілді де, дүрбісін түсіріп, минометке бір қырышдай тұрды да екі колын бірдей созып, бұйрық бере бастады: «Бірінші, ат! Бірінші зарядпен! Бұрышы: отыз да поль-ноль! Нысана: алты да жетпіс бес, менің алақаным қарап көздендер!» Өзі гана көріп тұрған жауды жіті көз қалт жібермеді. Сөйтіп, біздің минометтің жаулармен байланыстырып тұрған нүкте болды. Минометтің нысанасын қоюға бірнеше секунд кетеді. «Расчет, екі минамен жиілете ат!» деп тағы бұйрық бергенде біз (мен көздеушімін, оқтаушының орнында — Яков Белостоцкий, ол да біздің взводтың екінші тобының көздеушісі болғанына қарамастан) жанталасып нысанада деңгейінде қарай бұрай бастасақ, келесі бұйрық киіп кетеді: «Уш минамен...» Атыс кезінде окопымыздың үстінен аспанға көтерілген коп-қою қарақошқыл шаңың қалдарынан біз еріксізден шалғайдан көрінетін нысанада айналдық. Тағы бірнеше дүркін атып, кейін белгілі болғанында, жаудың жаяу әскерлерін танкілерінен бөліп тастадық, бірақ өзіміз жаудың артиллериялық батареясина көрініп қалып, немістер біздің минометті қалың оқтың астына алды. «Расчет, жасырыныңдар!» деген бұйрыкты естіп Яша Белостоцкий екеуміз окопка түсіп отырдық. Құлак тұндырған гүрсіл, ысқырған оқтар, шаң-тозаң мен құм бізді баса ғастаған соң көзді тарс жұмып алдык.

Кенет ап-ауыр бірдене тіземді басып қалды, карасам: Яшка. Тұрғызып алыш, окоптың қабырғасына сүйсsem: кеудесінде жаңы жоқ. Бір-екі минуттан кейін бораған октар ына қалды, соңда ғана жолдастарыммен бірге мынаған көз жеткіздім: артиллериялық снаряд Яковтың қеудесіне туралы, жарылмастан құмға кіріп кетіпті. Окоңтың үйлелі топырагында атуға дайындалған үш мина жатыр еді, бірақ оларды пайдалануға болмайтын еді, себебі стабилизаторларының күл-ларшасы шыккан екен.

Сол сөтте сол жағалаудағы біздің артиллерия тынымыз атқылап, біздің бронеатқыштар аздап істен шыгарған жау танктеріне мықты тоқсауыл қойып, оларды дегендерінен жеткізбеді, аман қалған танктері кейін қайтуға мәжбүр болды. Шабуылдары басылды. Радиобайланыстың ролі баға жеткіз болып шықты.

Яшаның қабіріне кішкентгай пәнер тектайға коса ғұлдің орнына бір-бір пүттүк үш минаның балқымасы қойылды (120 миллиметрлік миномет минасының салмағы — 16 кг.) Яшаның әскери құжаттары мен комсомол билетінің арасынан Ленинград тағам тоңазыту өнеркәсібі институтының бұрынғы түлегінің кішкентай фотосуреті табылды. Досымның сол бір бейнесін мени соғыс бойы қалтамнан тастаған жоктын және қазір де отбасылық альбомында мүқият сақтаулы тұр.

Досымның денеце түрлідей тиетің, қанға малынған, қасапшының бейнесі салынған галифесін мени біраз кидім, қыскы кім алғанда ғана таstadtым.

Минометтің тіреу плитасы — 125 кг., ұнғысы — 110 кг. скеніне, оны көтеру еңгезердей екі жігітке де ауыр болатынына қарамастан, тұрған орнымызды ауыстыруға тұра келді. Жау біздің жаңа орнымызды талай рет байқап қалып, зеңбірекten де, минометтен де қайта-қайта атқылады, бірақ біз Днепрдің он жақ жағалауына келіп түсken алғашкы күнгідей жау дәл тигізе алмады.

Кейіншірек білсек, біздің 252-ші кызыл тулы Харьков атқыштар дивизиясына жеңісті жолды одан әрі жалғастыру міндетті қойылмапты, өзсінен өту немістердің назарын аудару үшін істелген айла болып шықты. Біздің әскерлердің басқа аймактарда жеңістерге жетуін осылай оңайлатуға болады екен. Диенпрдің он жақ жиегіндегі плацдармның өзінде де фашистер бізді тықсыра алмады.



А. КОРПЕНКО,
Ұлы Отан соғысының ардагері.

«БІЗ БЕСЕУ ЕДІК...»

Соғыстың кенеттен, опасыздыкпен басталғанын барлығы да беледі. Сол күн бүтін де мәнін есімде. «Токшын» кеңшарының клубында жұмысшылардың жиналышы өтіп, жемазық дайындау туралы мәселе талқыланып жаткан болатын. Кенет кеңшар директорын жедел телефонға шакырады. Қоң бөгелмей ол қайтып келді. Жиналышка катысушылар директорға құдіктене қарады, ал ол бои-боз балың үнсіз тұра берді. Элден соң: «Софыс» деді. Тыл-тыныш бола қалды, әйелдердің жылагаш дауыстары естілді. «Тынышталыңыздар, дүрлікпендер, орындарына барып радио тыңдаңдар!»— деді директор.

Тіпті қазір, ондаған жылдар өткеннен кейін де соңың бәрін еске алуудың өзі ауыр.

Біздің жапуя Совет ауданындағы Григорьевка селосында 20 жылға жақын тұратындықтан, жергілікті тұрғын—григорьевтіктер деп саналатынбыз және біз бес ағайынды болатынбыз. Экеміз ерте, ең үлкеніміз 12-ге толғанда қайтыс болған еді. Шешеміз жалданып жұмыс істеп, бірді-бірге зорга жеткізетін. Біз есейіп, колхозға кіріп жұмыс істей бастаған соң өміріміз азды-көпті түзеле түскендей еді, кенет соғыс басталды.

Үлкен агаларымыз Петр мен Николай ол кезде армияда болатын. Соғысты олар еол жақтарда карсы алды. Менімен Федорды және Иванды соғысын жатқан армияға бір күн шақырган жок.

Біздің жақта майданға түгел жанұялармен кеткен жағдайлар аз болған жок. Біздің Григорьевқадан гана Иван Божконың барлық балалары соғыска кетті. Басқа да жанұялар болды. Кетуін түгел кетті-ау, алайда солдаттық сокпақтардан өтіп, олардың барлығы бірдей туган тұтіндеріне қайтып орала алмады.

Сол кайтып орала алмагандарды ардактан еске алайык!

Менен: «Соғыс жылдары, әсіресе, не есінізде қалды?», деп жіңі сұрайды. Қоң нәрсе.

1944 жылы біз — бір тоң офицерлер — Челябіге таңктер алуға барғанымыз есімде. Машиналар жөнелтуге әлі әзір емес екен. Біз зауыт цехтарын араладық, сонда көргеніміз куантты да, жабырқатты да. Жастардың да, қарттардың да

жүздерінен біз адам төзгісіз қалжырағандыкты байқадық. Офицерлік шинельдерімізді шешіп тастай салып, өзіміз жұмыска кірісп қеттік. Он күн өткеннен кейін танктер тиелгей әнелен жөнелтуге дайын болды. Майданға біз тылдагылардың жанқиярлықпен сәбектеніп жатқанын айтып бардық. Біздің әңгімемізден кейін танкістер согысқа құлшына ұмылды. Қең уақыт өтпей I-ші Белорусс майданының II гвардиялық танк бригадасы өз бағытындағы шабуылды бастады.

Менің майдандық өмірімдегі ең бақытты сәт ағаммен кездесу болып есте қалды. 1943 жылы біз Серпухово қаласында құрамымызды толықтыруға түрғанбыз, ал менің ағам Петр жақын жерде—Коломнада тұрыпты. Алайда біз мұны білген жоқпыш, өйткені солдаттық үшбұрыш хаттың сыртында тек далалық почта номері ғана тұратын. Бірақ сол жолы мен Петрға хат жазғанда, байкамай тұрган қаламыздың атын жазып жіберілпін. Хатты алысымен ол екі күнге сұранып, маған Серпуховоға келді. Біз бір таулік бірге болдық, ескерткішке суретке түстік. Ол ұмытылmas кездесу болды. Біздің ағамыз Николай ол кезде қаза тауып, Орел жерінде мәнгі үйқыға кеткен еді. 1944 жылы ағам Иван да хабаршарсыз кетті. Соғыстан кейін көп ұзамай жаракат зарданынан ағаларым Петр мен Федор да қайтыс болды.

Қөптеген жанұялар сияқты, біздің жанұяны да соғыс сорлатып кетті.

Менің өзім екі рет ауыр жарапандым: бір рет Польша үшін болған ұрыста, екінші рет—неміс жерінде Альтдам қаласының түбіндегі. Женіс күнін мен Польшада Лодзь қаласында майдап шебінің госпиталында қарсы алдым.

Аспан шайдай ашық, біртүрлі қуанышқа толы нұрлы күн болатын. Барлығы — аяғын баса алатындар баққа шықты. Госпиталь бастығы подполковник Левин Жеңіспен құттықтады. Онан кейін винтова мен пистолеттерден оқ атып, салют берді. Бізге, госпитальға польшалық жолдастар да келді. Маған шалбарлық мата және ағаштан ойылып жасалған сандықша сыйлады. Женістің 40 жылдығында оны мен мұражайға бердім.

Мен тек 1984 жылғы ғана Орел облысы Должан ауданындағы Кудиново селосында — ағам Николай қаза тапқан жерде болып қайттым.

Меніңше, әр майдангер өмірінде бауырластар зираттары мен құлпытастар алдында тұрып, қаза болған ағалары мен

қарулас жолдастарын еске алудан асқан қайғылы да мұнды сәт жоқ шығар.

Уақыт тезінен жауынгерлік наградалардың түстері көмекшілелене береді, ал біз—агайынды бесеуміз «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдері мен «Қызыл Жұлдыз» және «Отан соғысы» ордендерімен наградталдық. Оларға қолың тиіп кетсе, металл ызғарып сезінесін. Алайда енді мен өмірімнің соңғы сағатына дейін ешқашан да ағаларымның алақандарының ыстық табын сезіне алмаймын. Және өзімнің соңғы сағатыма дейін сонау алыс жылдарға ойша оралып, олардың жас дауыстарын тындаймын. Жалғыз... Бесеуден калған жалғыз...



А. ВАСЮТИН,

отставкадағы майор, Қазакстан
Республикасының еңбек
сінірғен тәлімгері.

ОДЕРДІҢ АРҒЫ ЖАҒЫ — БЕРЛИН

1945 жылдын сол қантарындағы түнде мазасызданыш, ешкім де үйкітей алмады. Түні бойы кар аралас жаңбыр жауды. Адам төзгісіз ауыр сәт туды, алайда, бізге кайтсек те шыдау қажет болатын. Себебі бізді, жақында таратылған паракшаларда айтылғанындей, Ұлы Отан соғысының аса бір ірі операциясы — Висладан Одерге дейін — 500 километр жолды жүріп өту қажеттілігі күтіп тұрган. Жау жағы бұл аумакты дер уақытында Нид, Пилица, Варта, Одер өзендерінің жағалауларымен өтетін жеті корғаныс линисымен бескітіп алған еді, ал Одердің аргы жағы — Берлин. Берлин бағытында біздің де, жаулардың да ірі әскери күштері шоғырландырылған болатын. Басқа таңдау жок, фашистердің артында — біз талқандай сокқы беретін Берлин.

Висла — Одер операциясының мақсаты қыскаша және нақтылы осылай білгіленген-ді.

Техника және әскер лық толтырған Сандомир плацдармында жеті жалпы әскери армия, екі танк армиясы, 15 мыңнан астам зеңбіректер, төрт мыңға жуық танк пеш өздігінен жүретін зеңбіректер тұрды. Плацдармды екі мыңнан астам ұшак корғауға алып, күшті әуе қалқапын жасады. Біздің бірінші Украина майданы шабуылға шығуға даярланды.

Фашистік Германияға тұра бағытталған миллиондаған осынау әскери күштерде резервтік Бас командиваниненің 13-шісінде мен және мениң көптеген жерлестерім-солтустіктарлықтай орын алды.

Онда танкке карсы истребительдерден бастап, 450 миллиметрлік зеңбірекке дейінгі әртүрлі калибрлі жеті жүзден астам зеңбіректер болатын. Соғыс барысында артиллериялық корпус пеш дивизиялар немістердің талай қарсы шабуылдарын жүзеге асырмай таstadtы. Оның алғашқысында, яғни 13-шісінде мен және мениң көптеген жерлестерім-солтустік-казақстандықтар соғыстык.

«Атындар» деген команда берілгенде олі қараңғы болатын, зеңбіректердің жаппай гүрслі шабуылдың басталғаны жөнінде хабар бергендей болды. Артиллерия гүрслінің

күштілігі сондай — құлак тұндырды десек болады. Жергілікті түрғындар кейін бұл артиллериялық дайындықтың жаңғырығы 30 километр жерде естіліп, 15 километр радиустары үйлердің террористерінің шынылары сыңыртаганын айтты.

Артиллериялық дайындық екі сағатқа созылды. Біздің артиллериямыздан атылған снярадтардың жойқындығы сондай—нәтижесінде жаудың негізгі атыс үялары жойылып, карсыласуши күштері талқандалды.

Бұл күні біздің дивизия бірнеше рет өзінің позициясын өзгерту. Таңғы 11-ге таман барлық жақтағы карсыластарымыз шегіне бастады. Зеңбіректер қалған атыс үялары мен жерге көмілген танкілерді тұра көзделеп атқылай берді. Біздің жаяу осекерлер кайта-қайта ұрыска көтерілді. Танктеріміз бұза-жара шабуылға шығып, фашистерді өртіндегі қорғаныста да талқандай түсті. Гитлершілер танктердің көмегімен әденеше рет карсы шабуыла шықты. Алайда олардың қайсысы болсын шегінүмен аяқталды.

Бірінші күні біз жау бекінісіне 25 километр кие-жара сидік. Кейінікі күндері де шабуылдай түстік, гитлершілер жаңталаса шегінді. Ауа райы түзелісімен авиация ұрысқа кіресті. Соғыса жүріп, 100 километр өтіп, біз ірі қала — Кельцені алдық. 2 күннен кейін біздің әскер Польшаның әскери-әнеркәсіп орталығы — Ченстохово қаласын шабуыл жасай жүріп алды. Осының нәтижесінде Варшаваны ұстап тұрған 100 мыңдақ неміс армиясын коршауға алу аяқталды. 17 қантарда Польша әскерінің және I—Белорусс майданының болімшелерімен Варшава немістерден тазартылды.

Күн түн демей I-ші Украина майданы жауларды талқандай түсті. Карсыластарымызды өкшелей куу скіні күнсанап үдей түсті. Қазанға түскендей қоршауда қалып, оны бұзып өтуге әрекеттенген 100 мыңдақ неміс топтарымен біздің әскерлер кескілесе соғысуға тұра келді.

Плацдармдагы соғыс әрекеттері кезінде біз де солдатарымыз бен офицерлерімізді аз жогалтқан жоқсыз. Солардың бірі — біздің жерлес-петропавлдық, болімше командирі, ага сержант Трофимов. Соғысқа дейін ол Петропавл станциясында дистанциялық белгі беру бастыры болып жұмыс істеді. Соғыстан кейін мен батыл байланысшының жаңұясымен әденеше рет кездестім.

Германиямен шекаралас Польшаның Шпотракув қаласында біз неміс бекінісін талкандауды аяқтадық. Осы жерде біздің әскердің кайта жасактау жүргізіліп, мынайдай шешім қабылданды: жаяу-әскерлердің алыста қалып қоюларына байланысты біздің артиллеристер армия генералы П. С. Рыбалконың З-ші гвардиялық армиясының танкілеріне еріп жұру кажет, ол үшін бізге граната мен автоматтар беріп, ортанғікте 5—7 адамнан мінгізіп алып, Германияның шекарасына қарай жүйткі жөнелдік. Жол бойында айтарлықтай қарсылық қөрмеген біздің танк тобы таңғы 6-да шабуылды қүтпеген, электр шамдары жарқырап, кәсіпорындары жұмыс істеп жаткан алаңсыз неміс қаласына басып кірдік.

Фашистік Германияның аумағына кіргеніміз туралы хабарды біз қуана қабылдадық. 1945 жылы біздің дивизия Одерге шықты.

Біздің алдымызда жаңа сын, жаңа үрystар, жаңа жесістер қутіп тұрды. Берлинге дейін 70 километр гана қалған еді. Алайда ол менің жауынгерлік жолымның келесі бір белесі.

Висла-Одер операциясы басталған күндерден бізді 50 жыл бөліп тұр. Соғысқа қатысқандар, майдангерлер күн откен сайын азая түсүде — ескі жарақаттар, отты жылдардың әскери ауыртпалықтары ғұмырды қысқарпаса, ұзартпайды. Тек соңғы 10—20 жылда гана менің жауынгер жолдастарым, петропавлдық-полктастарым, старшина И. Земляков, аға сержант Н. Льяков, А. Дудоркин, қатардағы жауынгерлер С. Баймұханбетов, Е. Шевченко өмірден өтті.

Бұғінде қала мен облыс көлемінде полктас 25 жерлесімнің үшеуі ғана қалды. Олар: мен, дивизияның 47-ші бригадасының взвод командирі аға лейтенант Орест Голышев, қантарда 90 жасқа толған қатардағы жауынгер Иван Бородавкин.

Біздің дивизия ардагерлерінің 1988 жылғы соңғы кезде сүне 175 адам келді, ал 50 адам сырқат себепті келе алмады. Толық емес мәлімет бойынша бұғінде 125-ке жуық ардагер тірі жүр, ол дивизияның жалпы құрамының небары 1 проценті.

Ұлы Отан соғысының атақты шайқастары кезіндегі Куликово, Бородино сияқты аңыздар мен ерлік дастандарына айналуда. Ерлік пен қасіретке толы күндер мен жылдардан не қалады? Әрине, естелік. Фашизмді жеңіп, жер бетінен

күртқандарга, Жеңіс, Отан тұғыры үшін жандарын, жастық шактарын, махаббаттарын, армандарын піда етіп, актық демдеріне дейін өздерінің анттарына, халыққа, Отанға деген адалдықтарын танытқандарга шексіз құрмет, бас не тағым етелік.

Алқаптар мен майдан жолдарында, гүлзарларда, калалар мен жұмысшы поселкелерінде, ауыл алаңдарында -- адымдай басқан тас солдаттар, ал адамдар ескерткіштер мен құлпытастар етегіне гүл шоқтарын коя тұрып, оларға бас. ніп тағым етеді.



К. МАҒАЗОВ,
Приморье жеке армиясының ардагері.

КЕРЧТЕН СЕВАСТОПОЛЬГЕ ДЕЙІН

Менің майдандағы жолдарым Приморье жеке армиясының құрамында Керчтөн Севастопольге дейін созылды. Одан әрі қарай 4-ші Украин майданының құрамында Польша мен Чехословакияның қалалары — Водовицаны, Спишска Новавес пен Спишска Стара-весті, Левочті, Моравия аралын, Оломоуцті азат етуге катастым. Өмір бойы үмытылмайтын сол оқиғалар қазіргі уақытта да — арада 50 жыл өтсө де-әлі есімде.

Сондай үмытылмайтын оқиғалардың бірі—Қырым үшін шайқас. 1943 жылдың казан айының аяқ кезінде біздің Қызыл тулы 128-ші гвардиялық таулы-атқыштар дивизиясының 327-ші гвардиялық таулы-атқыштар полкі Керчь бұғазы арқылы сау етіп жағаға түсे қалуға дайындалып жаттық. Бізді қүні-түп жаттықтырды, түнгі кездесісқытық жағдайларды жеңе білуге, түнгі айқастардың, десанттік операциялардың ерекшеліктерін үйретті.

Көп үзамай Керчтің басты бағытында алғашқы эшелон түсеге-түсеге қалып, шағын плацдармға жайғасты. Міне, кезек бізге де келді. Түн ішінде кемеге отырдық. Әлі есімде, теңізлің өкпек сүйк жслі соғып тұрды. Бірақ біз қара терге түстік. Топ-тобымызбен түсіп жатқан бізге жол берменү үшін фашист әскерлері оқтың астына алды. Снарядтар жаркожүрк жарылып, пулеметтер боратып тұр. Жүректі шайлыктыратын көрініс. Жаулардың снарядтары кез келген сөтте біздің кемеге дөл тиоі мүмкін. Ақыры жағаға да аяғымыз тиіп, аянбай айқаска түстік.

Приморье жеке армиясы командованиеңің Жогарғы Баекомандованиеңің ставкасына берген хабарламаларының бірінде біздің дивизияның қын шайқасын былай баяндаган: «128-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы қолма-кол шайқаска дейін барған кескілескен ұрыстап кейін қарсыластардың үндерін өшіріп, 92,7 жотаны тұтастай алды. Дүшинтар аянбай қарсыласып бақты. Ұрыстар кескілескен сипат алды, жауынгерлер әр жота үшін атої салды, өйткені оларды айналып өту мүмкін емес еді, себебі мұндай тар майданда терен бойлап маневр жасай алмайсың, ал жақын маңдағы койнаулар мен сайларды айналып өтуге және болмайды: көрішілес жоталардан оқтар жауып тұр».

Бірак каншама әрекет жасағандарымен, Керчъ каласын ала алмады. Сондықтан біздің дивизия үзак корғаныска көнгі ті. Корғаныс ұрыстарының кай жағынаң болсын жауынгерлерді титыктататыны майдангерлерге мәлім. Керчъ түбектің інің көлдененең 10 километрге, ені 8 километрге тен плацдар мында бұған көзіміз әбден жетті. Алдымызда — жау, арты мызда — бұғаз бен теніз.

Түбектегі қыс жағдайындағы теніздің дымкыл да сұық ауа райы жағдаймызды ауырлата түсті. Құнде таңтерен кайта -кайта кар жауып, түске қараң еріп кетеді, ал кешкілік аяз шенгелін салады. Бәріміздің кінгеніміз—бәтенке мен шинель, жылымык болған сон нима мен тон бермеген. Төрт ай осылай өтті. Құллі Қырым жаудың колында еді. Түбекті жалнағынан басын солар жүрді. Жаудың ұшактары жиі-жін жер бауырлан үшін келіп, бізді пулеметтерден атқылаап кететін.

Былай да болды. Түске қараң жаудың солдаттары ауызға салатын сырнайларында ойнаң, содан соң: «орыстар, түскі тамакка!» деп сыйзығыларын үрлөйтті. Тым-тырыс бола калатын.

Кейде осындай «сазды үзіліс» пен «шақырыстан» кейін миналарын жаудыратын. Аты Иран, ұлты өзбек оконтас көршім осындай атыс кезінде көзін жұмды. Корғаныс ұрыстары кезінде шығынымыз аз болған жок: біздің взводтың командирі және мен білетің екі жауынгер каза талты. Эрине, қатардағы жауынгер болғандықтан, батальонның, полктің, тіпті ротаның да шығындары маған қаранды.

Бәріміз де тезірек шабуылга шықсақ дейміз. Алайда командованиеңің өз есебі өзінде екен. 1944 жылдың 11 сәуірінде ғана алапат шайқас басталды.

Бұл күні біз таңсөріде өз окоптарымыздан атыш-атын шықып, жауған оқтың астында гитлершілдерге қараң бет түзедік.

Біздің артиллерија жаудың атыс нүктелерін үсті-үстіне атуда. Екі жак артиллеријаның, минометтердің, ату қаруларының барлық түрлерінен атқылаап жатқандай. Снарядтар біресе анда, біресе мында жарылады, төбенде де, оның мен солында да — ысқырған оқтар. Тірі қалам дей ешкім де ойламас, сірә. Мұндайда адам бәрін де ұмытып, бір пәрсені ғана біледі: ілгері жылжу керек, басқаша болуы мүмкін емес.

Сол күні гитлершілер Қерчътен аласталды. Одан кейінгі шабуылымыз үдей түсті. Ұрыс жүргізе отырыя, Феодосия аркылы Қырымның күнгей жағалаулары мен Севастопольге шық-

ык. Біздің қызыл тулы таулы—атқыштар гвардиялық полкі швицияның басқа бөлімдерімен тізе қоса отырып, Херсонес мүйісіне басты сокқы берді.

Онда жаулар қалың күшпен қатты карсылық көрсетіп, карсы шабуылға да шыкты. 8-9 мамырда біздің полк пулеметтер мен зенбіректерден атқан қалың оқтың астында калды. Гитлершілер алты ұнғылы минометтерін іске қосып, төшіркті от--жалаңыға орады.

Түн ортасында бастапкы шепке оралу жөніндегі бұйрық келдің түсті. Шығын көп еді. Рота командири, оның ординареци—өзіміздің облыстағы Преснов ауданының тумасы Есләм және басқалар мерт болды. Әкіншікес орай, Есләмнің фамилиясы ұмыттым. Соғыста біз, жас жауынгерлер, бір-бірімізді есіміміз бен ғана атайтының. Қүнделік жазып отыруды білмедік және соңыра соғыс туралы естеліктер жазамыз деп ойлаган да жоқпаз. Жауды жеңіп, үйге қайтудан басқа мәселе, басқа әрекет болған емес. Соғыстың небір көріністері ұмытылыш тақалды. Ұақытқа не дауа?!

Жау жағы каншама жанталаса қарсыласқанымен, Қырым үшін шайқастың нәтижесі алдын-ала белгілі еді. 12 мамырға қараған түнде ақтың шабуыл басталды. Жағдайдың түйікқа тірелгеніне қарамастан, гитлершілер аянбай шайқасты. Танктер, зенбіректер және адамдар мидай араласып кетті. Фашистік командование теніз арқылы шығарғысы келген жаудың солдаттары мен соғыс техникалары Херсонес мүйісіне көтеп шоғырланды. Олардың қарсылығынан түк шықпады. Неміс пен румын солдаттары мен офицерлері мың-мыңдалап тұтқынға түсті.

1944 жылдың 12 мамырында Қырым толық азат етілді. Сол күні түстен кейін мен қолымнан жарапандым. Алайда ұрыс біткенше майдан даласынан кеткен жоқпын. Мактаныш, орындаған борыш сезімі бойды билеп алды. Қырым үшін бірнеше ай бойы корғанған және шабуылдаган шайқастарда бастан кешкен қындықтар сылып алып тастағандай бір-ак күнде ұмыт болды. Бұл ұлан-асыр қуаныш еді. Бірақ қанды қөйлек жолдастарымыздан айрылғанымыз қуанышымызға қөлеңкесін түсіріп тұрды.

Қырым үшін жүргізілген ұрыстардың ұмытылмайтын себебі сол—мен онда жауынгерлік жағынан шыңдалып, деңгектік операциялардың, корғаның және шабуыл ұрыстарының бүкіл ауыртпалығы мен қауіптілігін өз басымнан өткеріп қана қойған жоқпын, сонымен бірге мен онда жауынгерлік достықтың парқын пайымдадым.

Қорғаныста жатқанымызда күннің көзі шыға қалса, атыс басылған кезде окоптан шығып, траншеяга түсіп көтірініп, көршілерімізben тілге келетінбіз. Менің сол жақтагы көршім — жас, менімен шамалас Иран деген өзбек (кейін мерт болды), он жағымда — Сергей Щербаков — 45 пен 50-дің арасындағы кісі. Талайды көрген тарланның өзі еді. Согыста ержүрек болудың да, сонымен бірге кездесқыттан аман кала білудің де маңызды екенін өзінің жауынгерлік және өмір тәжірибесі бойынша әрқашан атап көрсететін. Атыс басылған кезде Иран екеуміз бастарымызды көтеріп, жау жаққа көз жіберетінімізді ол да байқап калыпты. Не болып, не койып жатқаны бізге қызық еді.

— Сендердің әуестіктерің түптеріңе жетуі мүмкін, — деп ол жекіріп әрі әкелік қамқорлықпен ескерту жасады. — Бастарыңды шығармаңдар, ұлдарым менің. Аналарың тосып отыр. Өмірлерің әлі алда.

Кейіннен Иран қаза тапканда С. Щербаков әкесі сияқты катты кайғырды. Бұл жауынгерлік достыктың бір көрінісі гана. Ұлттары басқа жауынгерлердің туысқандық қарым - катынастарының небір мысалдарын әр ардагер келтіре алады. Халықтардың шынайы туысқандық достығы Ұлы Женіске жеткізген басты күштердің бірі болды.



ОГОНЕК

Слова М. Исаковского


Музыка народная.

На позицию девушка
Провожала бойца.
Темной ночью простилась
На ступеньках крыльца.
И пока за туманами
Видеть мог паренек,
На окошке на девичьем
Все горел огонек.

Парня встретила славная
Фронтовая семья,
Всюду были товарищи,
Всюду были друзья,
Но знакомую улицу
Позабыть он не мог:
«Где ж ты, девушка милая,
Где ж ты, мой огонек?».

И подруга далекая
Парню весточку шлет,
Что любовь ее девичья
Никогда не умрет.
Все, что было загадано,
В свой исполнится срок,
Не погаснет без времени
Золотой огонек.

И просторно, и радостно
На душе у бойца
От такого хорошего
От ее письмечка.
И врага ненавистного
Крепче бьет паренек
За Советскую Родину,
За родной огонек.



И. ПЕРЬЕВ,

Мәскеу түбіндегі шайқастарға
қатысушы, Фрунзе жеке курсанттар бригадасы ротасының
бұрынғы комсорғы

НЕБӘРІ БІР МИНУТ...

1942 жылдың ақпаңында Жеке Фрунзе курсанттар бригадасы Стаяра Руссаның маңында алға жылжи отырып, ауыр шайқастар жүргізіп жатты. Әбден шаршап, әлдері құрыған курсанттар аяқтарынан басып тұра алмауға айналды. Бұған коса аяз жалап тұрса, интенданттар артта қалып қойса, біздің бәріміздің өлердей қалжырағанымызды өзініз де түсінер едіңіз. Дәтке қуат болғаны бір-ақ нәрсе: тек қана шабуылға шыға отырып, туған жерді бірте-бірте азат етумен болдық.

Десе де жауынгерлер күшінің де шегі бар ғой. Мен айтқала отырған мына бір оқиға жақсы фильм сияқты жадымда қалған көріністер.

Енді ғана азат етілген, түгелдей дерлік күйіп кеткен село. Біз гитлершілер қыстап шыққан, қирамай қалған кең жертөлені тауып алдық. Әбден қажыған жауынгерлердің таңғы ыстық тамақты тосуға шамалары келмеді—қисая сала бәрі қорылға басты. Тәбет тартқанына қарамастан, тамақты үйкі жеңіл кетті. Далада-ақ қар, аз-мұз тыныштық, тынысынды тарылтатын жып-жылы жертөленің іші де тым-тырыс, көмпиген сабан төсектер... Бір сөзben айтқанда — рахат! Титықтаған, жана ғана жылынған жауынгерлерді ыскыргаң оқтарла, бомбалардың жарылғаны да—сешқандай күш оята алмайтын сияқты.

Кепет құндізгі кезекшінің қарлығынқы даусы ап-анық естілді: «Үшінші рота, тұрындар!». Кезекшінің даусы екенине сенгіміз келмей жатырмыз. Түсіміз сияқты ма қалай?.. Дегенмен дабыл қақкан дауысқа үқсамайды, көкірегінің ішкі жағынан ұргылап жатқандай, бірақ... катты үйкі тырп еткізер емес.

Панин кайратына мініп, айқасқан ауыр кірпіктерін ашқысы, бір-ақ секіріп тұрғысы, жауынгерлік дағдымен жалма-жанатып тұрғысы келді, бірақ әлі құрыған, дел-сал денесі сана-сының дегеніне көнбеді...

«Сендер не, өліп қалғансындар ма өздерің? Тұрындар! Сапқа тұруға шығындар!». Талап еткен бүйрық тағы да, енді ап-анық естілді.

«Иә, мұнысы бүйрық. Және де старшинаның даусы сияқты.

Тұру керек, тұру керек, тұру керек». Панин ерік-құшіп сарқа жұмсап әуелі өзін зорлап отырғызыды, соナン соң көзін ашты. Қараса: жауынгерлер қаракөлеңке жертөледе қаннен қаперсіз үйіктап жатыр. Шайқастарда шыңдалған жауынгерлердің шаршал-шалдыққандығы әскери әмірден де күштірек болып шықты: рота осымен екінші бүйіркүйкі орында мады, ал бұл қатаң жазаланатын жағдай. «Егер үшінші рет команда берілсе, жауынгерлер тагы да тұрмаса... — деп ойлады Панин. Қенет басына сап етіп бір ой келе қалды. Панин... әнгे басты. Қарлығынды даусымен, жасқаншақтап, осы жағдайға сай келे қоймайтын әнгे басты:

Барамын мен неліктен күйіп-жанып,
Жүргем, не кыл дейсің жиі қағып?
Неліктен барлығынан біреуін-ак
Өмірде ұнатамыз сүйіп анық?

Қүндізгі кезекші Панинге бақырайып қарады. Старшинаны ежелгі аңыздардағы ағаш құдай дерсің. Оғац қарайтын Панин бе, — аузына түскенін әндептің тұр: «Жігіттерді ояталы сол ғана, күш береді және жігер береді, бастайды алға далада қарлы, сұп-сұық, соңсоң бізді шыгарады шайқасқа...».

Панин барған сайни қаттырақ, сенімді түрде даусын соза түсті. Ән аяқталып болғанша жүзеген әлуетті де жас жігіттер жапыр-жұпым есікке қарай ұмтылды. Бір минуттен кейін рота сап түзеп тұрды.

«Ән салған кім?» — Рота командирі кенірдегін жырта сұрасын келіп. Бәрі де үн-түнсіз. Офицер өз сұрағын кайталағанда оц қанаттан бір жауынгер салтан шықты.

«Мен, жолдас лейтенант. Комсорг, курсант Панин». — «Рота сапқа тұруға бес минут кешікті, бұл қылмыс», — деп командир де қоймады. Сәл-пәл үнсіздіктен кейін әдеттегі даусымен команда берді: «Рота, солға бұрыл!».

Қыстың қысқа күні енкейейін деді, даңғыл жолмен жүру жанға батқан жок, бес сағат қатты үйіктап курсанттар тыңайып-ақ қалыпты.

Ішірдегі аспанның бір тұқпірінен ұшақтар мотарларының үні естілді. Жауынгерлер тітіркендіретін неміс бомбардировщиктерінің гүрлін қағыс естіген жоқ. Олардың арт жағында ауыр бомба жарылды, ал бұлар бір үйіктап алған жертеленің орнында олырайған қара шұңқыр қалды. Саптың соңында келе жатқан күндізгі кезекші артына қарап күнк етті де, өкінішті күймен қолын бір-ақ сілтеді: ол үйқысы қанбаган жалғыз жауынгер еді...

А. ШЕМЕНКОВ,

**314-ші атқыштар дивизиясының
алғашқы командирі, Кеңес
Одағының Батыры, генерал-лейтенант.**

ДИВИЗИЯ ОСЫЛАЙ ЖАСАҚТАЛДЫ

1941 жылы шілденің басында, Германия Қеңес Одағына үткіншілдан шабуыл жасағаннан кейін мен бір тоң офицерлермен Петропавл қаласына 314-ші атқыштар дивизисын жасақтау үшін ұшып баруга бүйрек алдым.

Петропавлға келісімен облыстық партия комитетінің хатшысы В. Ф. Николаев жолдасқа кіріп, өзімді таныстырудым. Менімен бірге дивизияның штаб бастығы полковник В. И. Кувшинов, дивизия комиссары қызметіне батальон комиссары Мартыненко және басқа да дивизия штабына кажетті бірқатар офицерлер мен атқыштар және артиллерия полкташының командирлері келді. Обкомның хатшысымен бірге дивизияның және жауынгерлер мен командирлер құрамы орналасатын үйді көрдік. Бұл жөнінен дивизияның жасақтауына Николаев жолдастың үлкен көмек көрсеткенін атаң ету керек.

Дивизия бөлімдерінің құрамын жасақтауға катардағы жауынгер, сержант, сондай-ақ офицерлердің келуі жасалған жоспардағы есепке сай болды. Кейбір жағдайда шағын топтардың немесе жекелеген адамдардың жоспарсызы келуі бөлімдер мен бөлімшелердің жасақталуына кедергі болған жок.

Атты құрамалар мен көліктің колхоз-совхоздардан жеткізілуі дер мерзімінде әрі үлкен патріоттық сезіммен, ешбір бөгетсіз жүргізілді. Комиссия дәл әрі карбаласып жұмыс істеп, бұл мәселе дивизия, бөлімдерің жасақтауға кедергі келтірген жок.

Бірақ материалдық бөлім және автокөліктер жабдықтау ойдағыдай болмады. Артиллериядан алғанымыз: 76 миллиметрлік ескі үлгідегі, оның үстіне толық жабдықталмаған зенібректер (көбі ақаулы), сол кезде пайдаланылып жүрген 112 миллиметрлік жарамды гаубица зенібректері. Оның да 12-сінің орнына 10-ынған алдық.

Автокөліктер толық қамтамасыз етілдік, біздің тараңымыздан колхоз-совхоздарға, мекеме-ұйымдарға ешкандағы репіш болған жок.

Толық жетіспегең — байланыс еді. Байланыстын техникалық құралдарымен дивизия тек тогыз-он бес процент қана жабдықталды. Бұл алғашқы кезеңде дивизияның ұрыс кимылдарына қатты әсер етті. Ал медицина қызметкерлерімен және дәріләрмекпен толық қамтамасыз етілді.

314-ші дивизия шілденін аяғы мен тамыздын басында толық жасакталып, тек жекелеген әскери-есеп мамандары гана жетіспеді. Бірақ ол дивизияның жауынгерлік даярлығына әсер еткен жоқ.

Дивизияның жасақталуынаң қаңдай қорытынды шыгаруга болады:

1. Жоспар бойынша жасалған барлық есеп орындалды.
2. Әскерге шақыру жоспары бойынша дивизия бөлімдерін кеңейтуге Қазақстан тұрғындары үлкен патриотизммен, Отан алдындағы борышын өтеу парызы сезімімен қарады. Олар Отанға кеңеттеп шабуыл жасаған гитлерлік басқышылардан корғауға қажеттіңіц бәрін және дәл мерзімінде беруге тырысты. Кейде біреулер іссапарда жүріп, әскерге шақыру жүргізіліп жатқанын ести сала бәрін тастаи, шақыру пункттеріне келетін.
3. Жасақталып жатқан жерге адамдарды, аттар мен арбаларды, автокөлік пен материалдық бөліктерді жеткізуге партия, кеңес және қоғамдық ұйымдар үлкен көмек көрсеттің отырды.
4. Социалистік Отаның корғауға бара жатқан жауынгерлердің де, сондай-ақ барлық Қазақстан тұрғындарының саяси-моральдық қоңіл қүйінде жауға деген өшпенділік сезімі ойнап тұрды. Барлық тұрғындар майданға жөнелтілген Отан корғаушыларына үлкен патриоттық қамкорлық көрсетті. Қазақстан Республикасының делегациясы Лодейное Поле жерінде тұрған 314-ші атқыштар дивизиясына бірнеше вагон сыйлықтар экелгені жаксы есімде. Бұл бейбіт сибекке кол сүккән жаулармен аяусыз шайқасу жолында жауынгерлердің қоңілін көтеріп, демеу болып отырды.

Тамыздың 5-інен 15-інен біздің дивизия бөлімдерін тоңтастырып, жасақтауға мүмкіндік беретін уақытымыз болды. Бұл, әрине, аз уақыт болса да, адамдардың бір-бірімен танысып, жақындастыруна жеткілікті еді. Жауынгерлер ертең ұрыска кіммен кіретінін біліп алды.

15 тамызда дивизия бөлімдерін майданга жөнелтуге дайындау туралы бүйрек алдық, 19 тамызда майданга атташатын алғашық эшелондар белгіленді. Сол күн үш эшелон тиелін, жөнелтілді. Екінші эшелонда мен де жедел топпен жүріп кеттім.





ТЕМНАЯ НОЧЬ

Слова В. Агатова.

Музыка Н. Богословского.

Темная ночь, только пули свистят по степи,
Только ветер гудит в проводах,
 тускло звезды мерцают.

В темную ночь ты, любимая, знаю,
 не спишь
И у детской кроватки тайком ты слезу
 утираешь.

Как я люблю глубину твоих ласковых глаз.
Как я хочу к ним прижаться сейчас
 губами...

Темная ночь разделяет, любимая, нас,
И тревожная, черная степь пролегла
 между нами.

Верю в тебя, в дорогую подругу мою,
Эта вера от пули меня темной ночью
 хранила.

Радостию мне, я спокоен в смертельном бою.
Знаю, встретишь с любовью меня,
 чтоб со мной не случилось.

Смерть не страшна, с ней не раз мы
 встречались в степи,
Вот и теперь надо мною она кружится...
Ты меня ждешь и у детской кроватки
 не спишь,
И поэтому, знаю, со мной ничего
 не случится!

В. ДРОБЫШЕВ,
Щорс атындағы партизан
отряды диверсиялық тобының
бұрынғы старшинасы

БЕСІНШІ ҮМІТ

«ЖАУЫНГЕРЛІК МІНЕЗДЕМЕ

Дробышев Василий Епифанович 1944 жылғы 5 маусымнан ВКП (б) мүшелігіне кандидат. Партизан отрядында болған кезде өзін батыл, тәртіпті командир-диверсант ретінде көрсетті. Большие Коровенцы селосындағы қант заводындағы неміс гарнизонын құртуға қатысты. Екі жау өлтірілді, бір зондерфю rer тұтқынға алынды, екі автомобиль, II винтовка, бір қол пулеметі олжаланды.

Берехзна қаласы, Москвин селосы үшін ұрыстарға қатысты. Майдан линиясын, Буг өзенін, темір жол мен тас жолдарды кесіп өтуге араласты. Техника және әскер әкетіп бара жатқан алты жау эшелонын құлатуға қатысты. Алты паровоз, 22 вагон, бес автомашина, бір зенбірек, екі пулемет құртылды, 110 неміс солдаты мен офицері өлтірілді, сексені жараланды.

Краснобруд станциясындағы неміс гарнизонын құрту кезінде ағаш кесу заводын жаруға қатысты. Бумен жұмыс істейтін двигатель, үш ағаш кесетін станок жойылды. Белгорай орманындағы жау қоршауын бұзып шығуға қатысты.

Үкімет наградасына ұсынылды.

13 қыркүйек, 1944 жыл».

Бұл көп уақыт бойы партизан отрядында болған жерлесіміз В. Е. Дробышевқа берілген жауынгерлік мінездеме. Ол Киев түбіндегі шайқастарда жау қолына түсті. Концлагерьден бірнеше рет қашашы шығуға әрекет жасады. Тек соңғы, бесінші ретте ғана жолы болып, партизандарға қосылған. Жау тылышнандағы ерліктері партизан медалімен атаи өтілген.

Соғыстар кейін В. Е. Дробышев ұзак жылдар бойы Пресновкадағы көркемөнерпаздар театрына жетекшілік етті. Кейінірек оған «Халық театры» атагы берілді. Ол республиканың ешбек сійірген мәдениет қызметкері.

В. Е. Дробышев өзінің жауынгерлік жолы туралы «Бесінші үміт» атты повесть жазды. Біз сол повестен үзінді жариялан отырымыз.

* * *

...Мен кейінірек біздің сыртымыздан бакылау қойылғанын білдім. Кеңседегі қызметкер әйелдердің біріне жергілікті полицияның бастығы Рекуль бізді қөзден таса қылмауды, қай кезде болса да, біздің қайда екенімізді айтып беруге дайын болуды тапсырынты. Өйтпесе ол әйелге атыласың депті.

Кезекті бір жексенбінің айлы кешінде Гриша Баптуров екеуміз Колесников пен жігіттерге болашақ қимылдарымыз жайлы ақылдасуға келе жаттық. Жолдағы асхана қасында сырнай ойнатып, тасырлап би билеп жатқан жастарды көрдік. Осыны қөргенде біздің қырағылығымыздан түк қалмады. Тіпті осы қызық-думанға, біге қалай араласып кеткенімізді де байқамай қалдық. Менің сырнайда да ойнағым келді. Осындағы қыздар мен жігіттерге өз елімде болған талай жиһандардағы өнерімді көрсеткім келді.

Менің байқауымша, сырнайшының ойны мәз емес, жастарға тән қызулығы аз. Ол маған сырнайын еш қиналышсыз ұсынды. Қөптен бері сырнай тілдерін сағынған саусақтарым өз-өзінен жүтіріп кетті. Отты музыка үші қыздар мен жігіттерді би алаңына жұлқып шығарғандай болды.

Біршама уақыттан соң, қайдан сап еткені белгісіз, бір жұк машинасы билеушілердің тап қасына келіп тоқтай қалды. Оның кабинасынан полиция бастығы Рекуль шықты. Колында пистолет. Жұрттың бәрі оған ысырылып жол берді. Ол гүп-тура маған келді де, пистолетімен негімді нұқып:

— Ойнап болдың ба, комиссар? Қәне, тұр! — деді.

Мен орынынан тұрдым да, сырнайды баяу орнына қойдым. Басымда бір-ак ой ойнақшиды: «Не істей керек?». Рекуль мениң ту сыртыма шықты да, пистолетін арқама тіреп: «Мін машинаға!» — деп бүйірді. Мен асықпай кабинаға жақындап, бір аяғымды басқышқа қойдым. Дес бергенде капоттың ар жағынан немісше сөйлеген әлдебір қыз даусы естілді. Рекульдің назары сол қызға ауып, соған барды да, әлдене деп сөйлесе бастады. Маған осы азғана сәт жеткілікті еді. бір-ак секіріп, машина корабының сыртына шықтым. Осыны күтіп тұргандай, өзегелер де жан-жаққа бытырап қаша бастады. Қашкан жұртқа араласып, мен де ізімді жасырдым. Рекуль болса пистолетін аспанға атқылағаннан басқа еш қайран қыла алмады.

Ал мен лезде поселке сыртына қашып шықтым. Қуанышында шек жоқ. Түн ішінде Филиппы поселкесіне жетіп, Гришамен кездестім. Ол Колесников белгілеген құпия үйге мениң бұрын жеткен екен.

— Шынынды айтшы, сен шынымен комиссарсың ба? — деді ол. Мен күлдім де: «Егер менің барлық ісім комиссарлар ісіне лайық болса, бұл мен үшін үлкен мақтандыш», — дедім өзілге шаптырып. Мұндай атақты маган жүртшылық таңса керек. Басты себеп менің Москва радиохабарлары туралы, майдандағы оқиғалар жайлы әңгімелерім болса керек.

Екі апта өткен соң, Вася ағайдың аса бір маңызды іс бойынша менімен барынша тезірек кездескісі келетіні туралы хабар жетті. Келесі күні таңсәріде Гриша екеуміз бұрынғы совхоздың бөлімшесіне келіп, Вася ағайдың үйіне кірдік. Бізді ешкім байқамағандай көрінді. Ол тез киінді де, бәріміз коридорға шықтық. Вася ағай маган Новгород-Волынск қаласының түбіндегі ормандарда әлдебір партизан отряды бар. Бірақ нақтылы ориаласқан жері белгісіз. Сондықтан, деді ол, сен арнайы топ құрып, сол отрядты ізден табуың керек.

Осыдан соң Гриша, Виктор үшеуміз жатаханадағы жігітерге барып, тез арада партизан отрядымен байланыс жасау мүмкіндігі бар екенін, ол үшін батыл қымылдай алатын үшкісі бізге еруге тиіс екенін айттық. Жоспар бойынша бәріміз де бөлімшеден жекелеп шығып, Филиппы селосында кездеспек піз. Сосын орманға кетеміз.

Осы келісімнен кейін Гриша екеуміз қайтадан Вася ағайға сокпақ болдық. Қөшени кесіп өте бергенде бөлімшеге үш жүк машинасы келе жатқанын байқалық. Кораптарында қара шинельді полицайлар.

Гриша екеуміз өзен жағасына қарай қаша-қаша жөнелдік. Бірақ жау бізді көріп қоя ма деген қауіппен, өзенге жетпей бұталар арасына жата қалдық та, әрі қарай еңбектей бастадық. Өзеннің ар жағына шыққан соң Татариновка поселкесіне жеттік те, алғашқы кездескен сарайдың бұрышына тығылдық. Бұл арадан бөлімшеде не болып жатқаны айқын көрінеді екен.

Екі полицай мен бір әйел, мен айтқан кеңседегі қызметкер әйел, өзен жағасына келіп, бұталардың бойымен жылжып келе жатты. Татариновкаға бара жаткан бір баланы тоқтатты, олар одан бірденелерді сұрады. Сосын әлгі бала біздің жаққа өтіп, біз тығылып түрган сарайдың касына келді. «Өзен жағасында жүргендер кім?» деп сұрадық одан. «Полицайлар екі партизанды ізден жұр. Біреуі ұзын бойлы, екіншісі кішкентай, үстінде жасыл куртка», — деп жауап берді бала. Солай деді де бізге, Гришаның үстіндегі жасыл курткаға тесіле қарады. Біз оған бізді көргені туралы ешкімге

тіс жармауын катан тапсырдық, әйтпесе немістер бүкіл селоны өртеп жіберді. Ол бізге аузымды ашпаймын деп үде берді де, кетіп қалды.

Гриша екеуміз басқа сарайға еніп, шатыр астындағы шешке тығылдық. Сарайдан біз тек түнде ғана шығып, Филиппға жол тарттық. Мұнда бізді бөлімшеде уағдаласкан жігіттер күтүге тиіс-ті. Жол бойында біз бөлімшеде не болғанын білгіміз келді. Колесниковтың үйі мен жатақханаға бару қаруіпті еді. Онда тосқауыл болуы мүмкін. Соңдықтан біз үста дүкені қасындағы шеткі үйге кірдік. Мұнда көп балалы жалғызбасты әйел тұратын. Ол әйел бізге полицаайлардың барлық әскери тұтқындарды, селодагы барлық еркектерді, солардың ішінде Колесников Вася ағайды да ұстап әкеткенін айтты. Бәрінің қолын сыммен байлаған. Сөйтіп арандатушы қыларын қылып тынды. Сонын кесірінен біздің астыртын үйымымыздың күл-талқаны шықты. Бізге бұл арадан тез де біржола кететін уақыт туды.

Түнде Филиппға жетіп, уағдаласкан жігіттермен табыстық. Таңсәріде бәріміз де қайтсек те партизандармен кездесу үшін орманға сіндік. Бес тәулік бойы сенделсек те, ешкімді таба алмадық. Азғантай азық-түлігіміз бітті де, ашыға бастадық. Амал жок, қанша қауіп төнсе де, бір селога кіріп, азық-түлік табу қажет болды.

Осы оймен ағаш арасында келе жатқанда: «Тоқта!» — деген бейтаныс дауыс естілді. Бәріміз де сасқалактап, бұл кім еken деп жан-жағымызды алақтадық. Бұта арасынан орта бойлы, тығыз денелі ер адам шықты. Қолында — револьвер. Оның соңынан колдарында винтовка, гранат бар төрт жігіт пайда болды.

Шитовтың партизан отрядының барлау-диверсиялық тобымен біз осылай кездестік. Біздің бақыттымында шек жок. Біраз әңгімелескен соң, бәріміз де өзара танысып алдық. Барлаушылар бізге азық-түлігінен бөлісіп берді. Қарынға аз-мұз ел конған соң, бізді осы топқа қабылдауын сұрадық. Манағы қолында револьвері бар ер адам осы топтың командирі екен. Өзегелер оны Митя-моряк деп атайды. Ол бізді тоғына қабылдады да, тап осы түні жергілікті полицияны құруту және қант заводын жару үшін жауынгерлік операция өткізуі үсынды. Қант заводының орналасқан жері, кірер-шығар жолдары, күзеті туралы мәліметтерді оған айттык.

Партизандар колда бар қаруларын бізбен бөлісті. Эркімнің қолына не винтовка, не пистолет, не гранат тиді.

Осы алғашкы партизандық ұрыста біз полиция участесін талқандап, кант заводын жарып кана коймай, кегімізді де қайтардык. Бүкіл қарауыл қарузыздандырылды, зондерфюрер мен полиция бастығы Рекуль колға түсті. Екеуі де біздің үкіміміз бойынша атылды. Заводтың машина бөлімі аспанға ұшты, екі автомашина олжа болды. Біз оған жиырма шақты қап кант тиеп, орманға тарттық.

Партизан отрядында менің нағыз жаауынгерлік өмірім өтті, «Ұлкен жерден» біздің отрядка ұшып келген алғашкы самолетпен туыстарыма хат жолдадым. Олар мені соғыстың басынан бері, яғни екі жыл бойы хабарсыз кетті деп жүрген болар. Қөп кешікпей самолеттердің бірінен әкемнен, қарындасым мен інілерімнен жауап хат та алдым. Оны оқығанда көзіме еріксіз жас оралды. Қоңіл зердесінде тек кескілескен ұрыстар ғана емес, осындаі жүрек елжірер сэттер де мәңгіге сакталып калады екен...



К. ҚАЛИЕВ,
62-ші гвардиялық дивизияның
қатардағы жауынгері.

АЛҒАШҚЫ ШАБУЫЛ

Согыс жөніндегі естелік үшін осы тақырыпты таңдаи алымда мына бір жәйт себеп болды. 1943 жылдың қазанында мен жарапланып, Грязи станциясындағы госпитальға түстім. Менімен бірге онда Черяпкин деген солдат емделіп жатты. Денесі еңгезердей, қасқа бастау, жасы 40-тың маңайындағы азamat еді. Өзі сөзшен, қылжакбастау болатын. Жау оғы оның кіші дәрет жолдарын закымдаган екен, сондықтан күнде танертен оның кереуетінің асты кішігірім «көлшік» болып жататын. Бірақ ол бұл жәйтке де қысылмайтын, бәрін өзіл-оспаққа айналдырып жүре беретін.

Госпитальдағы жарапылардың (денсаулық жағдайы мумкіндік берсе) бағатыны көбіне-көп қысыр сөз, әрнәсеге пікір таласу. Сондай «өзекті таластардың» бірі — жауынгердің майдангерлік стажы. Кім майданда ұзагырак болса, соның «майдангерлік стажы» көбірек саналады деп өзеурестін кейбіреулер. Оған Черяпкин есте көнбеуші еді.

— Бұл бос сөз, — дейтін ол. — Алдыңғы шепте немесе соның маңында айлап, емес, жылдан жүре беруге болады. Бірақ қанша жүрсе де, жаудың жүзін бірде-бір рет көрмегендер қашама! Сондайларды да «майдангерлік стажы» көп деуге бола ма? Мысалы, менің мына көршім Гариповқа Қараңдар, — деп жалғастыратын сөзін ол. — Ол согыстың алғашқы күнінен бері майданда, алғы шеп жақта жүрді. Ал госпитальға екі жыл үш айдан соң ғана түсті. Неге? Басты себеп, ол обозда қызмет етті. Жауды бетпе-бет көрген жоқ, шабуылға шыққан жоқ. Ұақытпен өлшесек, оның «майдангерлік стажы» бәрімізден де артық. Меніңше, бұл стаж жауға қарсы жасалған шабуыл санымен өлшенуі керек. Қаша рет «уралап» шабуылға шықтың, сенің «майдангерлік стажың» да сонша болады.

Несін айтасыз, темірдей қисын. Госпитальдағы талай қызылөнештер Черяпкиннің осы уәжіне амалсыз жығылатын. Сондықтан мен де өзгелерге өзімнің алғашқы «майдангерлік стажым», яғни алғашқы шабуылым туралы айтып беруді жөн көрдім.

Басын ашып айттынын, мен қатысқан алғашкы үрystын манызы аса зор болды деп мактана алмаймын. Мениң әңгімемнен ешқандай ерлік пен қаһармандықты күтпесіз. Бәрі де дагдылы жәйттей болды.

1943 жылдың 27 қыркүйегінде қараңғы түн ішінде 184-ші гвардиялық полкке қарайтын біздің екінші батальон Днепрді кесіп өтіп, оның оң жағалауына бекіндік. Окоп қазып, сол окоптарда сәл ғана мызғи беріп едік, ротамыздың командирі аға лейтенант Бахановтың: «Тұрыңдар!» деген командасты естілдік. Ол окоптарды арапап жүр екен, қасында біздің взводтың командирі лейтенант Темкин бар. Темкин қызбалалада еді:

— Тез, тез! Бөлімше-бөлімше болып бөлініндер! — деп дегірімізді алыш жатыр.

Қарсы алдымызда әлдебір деревняның нобайы қарауытады. Біздің міндет — сол деревнядан жауды қып шығып, басып алу. Батальонымыз үш ротасы түгел қалпында шабуылға шықты. Біздің рота алға қозғалған шептің орта тұсында. Біз шабуыл шебіне жақындаш келеміз, бірақ жау жағында үн жок. Рас, алғаш сэтте бір пулемет «қанқ-қацқ» етіп еді, біздің жақ дыбыс шығармады. Мұндай үнсіздік жүйкеге әбден тиеді екен. Арада 51 жыл өтсе де, осы құпия тыныштық әлі мениң — есімде.

Міне, өлімді көзге елестер есіптау тылсым тыныштыкты командирдің. «Жатыңдар! Шешуші шабуылға әзірленіндер!» — деген әмірі бүзды. Деревняға 150—200 метрдей қалыпты. Батальон жата қалды. Бәріміз қаруларымызды соңғы рет тексеріп алдық. Бірнеше минуттан соң аспанға жарқ етіп әк ракета көтерілді. Соның артынан-ақ: «Алға!» — деген жігерлі айғай естілді.

Бұл әмірді біздің взвод командирі де қайталады. Жоғары көтерген колында пистолет, шеп орынан ақырын ғана көтеріліп, аспай-саспай алға жылжып келеді. Әлдекім «Ура!» деп айғайтайты, оған біз де қосылып қоямыз.

Мениң жеке қаруым — оптикалық қарауылы бар мергендер винтовкасы еді. Бірақ мұндай винтовкаға ие болған соң, мені кәсіби мерген болған екен деп қалмаңыздар. Мен взвод байланысшысы едім, осындағы қару маган сол себепті тиісті болатын. Рас, осыдан аз бұрын мергендердің екі күндік семинары болған-ды. Сонда мениң көрсеткішім «жақсы» деп бағаланған болатын.

Деревняның шеткі үйлері ескірген тамдар еken. Соларды айналып өткенде біз бір-бірімізден көз жазып калдық. Тұн караңғылығы әлі сейілген жок-ты. Біздің міндегі — үйлерді жаудан тазартып, деревняның шығысына шығу. Мен де тактикалық жаттығуларда үйренгенімді істен, үйлерді «солдан онға» қарай айналып келемін. Қөп үзамай жау солдатын байқадым. Ол жан-жағына жалтақтай қараپ, менің сол жағымдағы төбешікке көтеріліп келеді еken. Қолында автомат. Мен жалма-жан жүрелеп отыра калдым да, жаудың жауырының көздең, шуріппені басып калдым. Жау жали етті. Неге екенин білмеймін, осы сәтте менің делебем козып кетіп, винтовкамды аспанаға көтеріп: «Есть один!» — деп айтайдын жіберілгін.

Осыдан кейін мен жан-жағыма көз салдым. Қарасам, көршідегі жерүйден жергілікті түрғындар шығып келеді еken: бірнеше әйел, екі-үш сақалды кария. Бірер сөт бір-бірімізге қарастық. Қемпірлер шоқының жатыр, кейбірі жылан жібереді. Жау тенкісінде әбден зықызы шықкан осынау жаңдарға қуат боларлық бірер сөз айтуда керек екенин сезіндім. Сондықтан: «Шығындар, біт келдік!» — деп айтайдын. Бірак олар орыншан коя алар емес, әйелдер әлденеге сыйырласып жатыр. Мен шал-кемпірлердің бұл қылышын кейін түсіндім: олардың алдында түрған менің түрім орысқа келмейді. Үстімдегі әскери киімді де олар бұрын көрмеген. 1941 жылы бұларды біздің әскерлер тастан кеткенде, әскери форма басқаша болатын. Бірак оларға қарайлар уакыт жок, жүгіре блесын іштері кете бардым.

Ішкірғен деревня қыраттың үстінде созылып жатыр еken. Бұл кезде күн біраз көтеріліп, шыжыта бастады. Үстімдегі шинельді орап алу керек болды. Осы ойымды Милешин деген солдатқа айттым. Ол да әбден бой-бой болышты. Қайтейін, қолында 8 килограмдық кол пулеметі бар. Екеуміз өзгелерден бөлішіп қалған екенбіз. Алдымызда әлі бастырылмаган астықтың маясы көрінді. Сонын көлеңкесінде дем алып, басқа жауынгерлерді күтіп алмақ болдык.

Бірак біздің иегізгі күш қырат бойымен алға кетіп қалыпты да мая маңына бізден өзге ешкім келмеді. Бұл ара жау нысанасында еken. Біздің көрісімен 600 метрдей жерден неміс пулеметі сөйлемеп коя берді. Пулемет оғы астық маясын тап еткізді. Ендігі жерде бізге осы оттаң да, пулемет оғынан да жан сақтау керек болды. Дес бергенде тап касымызды трактор соқасынан қалған жырақа бар еken, Милешин

екеуміз енбектеп келіп, соған жасырындық: Ориаласып алған сон, жан-жағымызыға карадық. Қарсы алдымыз бұдырсыз жазық дала. Өте алыста қарайған бірдене көрінді. Не екені белгісіз. Бірак жау пулеметі тап осы бағыттан атқылағанын білеміз. Милешин екеуміз бұл қарайған жау пулеметінің алдынғы қалқаны болар дең топшыладық. Мендерге винтовканың оптикалық қарауылынан сығалап едік, одан пактылы ештеңе көрінбеді. Біздің бар білетініміз: неміс пулеметшілерін құртпай, алға жылжи алмаймыз.

Екеуара мынаған келістік. Мен бір обойма (бес патрон) оқ атамын. Милешин қол пулеметінен бір диск оқ атады. Қезекті менен бастайтын болдық. Нысананы 600 метрге койдым. Сосын қарауыткан заттың тәменгі жагынан ойша үшбұрыш жасадым да, үш оқты сол үшбұрыштың астына қарай, екі оқты ортасына қарай жібердім. Қалай болғанын кім білсін, мен атқан оқтардың бірі пулеметші сығалайтын саңлау арқылы өтіп, оқ атушыны жайратса керек, пулеметтің үні өшті. Ал Милешин болса оқ ата алмай қалды, қол пулеметтің үңғысына күм күйілген, істен шығып қалыпты. Бірак қалай болса да, біздің жолымыз ашылып, біз өз әскерлерімізді іздең кеттік. Менің алғашқы шабуылым осылай түске тармаса бітті. Біздің батальонымыз тапсырманы орындаған, атамыш деревияны жаудан азат етті.

Мен катысқан алғашқы шабуыл өтсөтті аяқталды. Меніңше, бұған біздің жанқияр ерлігіміз емес, шабуылымыздың жау үшін тосыннан-тосын болуы себепкер. Бұл туралы полк замполиті К. Ошамбаевтың кітабында былай деділіген: «...Алғашқы кезенде шабуылдың тосыннан басталуы өзін актады. Жауды жайбаракат жатқан жерінде басып алдық. Осыны пайдаланып, біз ұсак гарнizonдарды тез жойдық немесе бытшыт қылыш қашырдық. Аласа төбешіктердегі тірек пункттері мен оқ ату нүктелерін де тез құрттық».

Көрін отырысyzдар, біздің шабуылымызда ерекше ештеңе жоқ. Азамат соғысы кезіндегідей, командирлеріміз шептің алдына шыққан жоқ, жауынгерлер косылып «Интернационалды» да шыркамады, коян-қолтық шайқас та болмады. Бірак бұл мен үшін алғашқы ұрыс еді. Мен бұл ұрыста ажалмен алғаш рет бетпе-бет жүздестім.



ВЕЧЕР НА РЕЙДЕ

Слова А. Чуркина.

Музыка В. Соловьева-Седого.

Споемте, друзья, ведь завтра в поход
Уйдем в предрассветный туман.

Споем веселей, пусть нам подпоеят
Седой боевой капитан.

ПРИПЕВ:

Прощай, любимый город!
Уходим завтра в море.
И ранней порой
Мелькнет за кормой
Знакомый платок голубой.


А вечер опять хороший такой,
Что песен не петь нам нельзя.
О дружбе большой, о службе морской
Подтянем дружнее, друзья!

ПРИПЕВ.

На рейде большом легла тишина,
А море окутал туман.
И берег родной целует волна,
И тихо доносит баллады.

ПРИПЕВ.





И. ОШМАРИН,

**Ұлы Отан соғысының ардагері,
505-ші жеке миномет пол-
кінің бүрынғы барлаушысы.**

СЫРВА ТҮБЕГІНДЕ

Бұл Сырва түбегінде болған оқиға.

1944 жылы Ленинград майданы мен қызыл тулы Балтық флотының жауынгерлері Моонзунд операциясын жүзеге асырған, нәтижесінде Эстон КСР-нің аумагы толық азат етілді. Ондайда ауыр ұрыстар 27 қыркүектен 24 қараңгаша дейін соңылды. Біздің 505-ші жеке миномет полкі Сырва аралында шайқасты. Құн сайын, гұмыр бойы, 50 жылдан бері Сырва-ны есепті шығармай келемін.

Басқару қосыны аршалы дөңесте болатын. Ол есіктері жок жертуле еді. Оң жағында, жиырма метр жерде — тас жол. Бүкіл аралды кесіп өтіп, майдан даласы арқылы жаулар бекінген террорияға дейіп созылып жатқан жол.

Сол жакта — тоңіздің жалпақ жағалауы. Әріректе — аба-жадай неміс кемелері. Олардың бер жағында кішкентай ке-мелер көрінеді. Жау бекіністері және көрініш тұр. Түбек-тиң сол жақ жағалауынан басталып, тас жол арқылы оң жақ жағалауға дейіп созылып жатыр. Дүрбімен қарасаң, танк откізбейтін терең орларға дейін көрінеді.

Біздің жауынгерлер «шұбар шұжық» дәп атайдын неміс аэростаты танертең жиі-жиі көрініп қалады. Одан бізге қалт жібермей қарайды. Оларға біздің бекіністер анық көрінеді. Іншін әуеде асылып тұрғаны да содан.

Мен мойнымды бұрып, жау кемелеріне көз жібердім. Қенет біреуінің үстінде ак бұлт пайда бола қалды. Іле шрапнель снаряд бұрқ етіп жарылды. Біз траншеяга баудай құладық. Жер дір ете түсті. Құлақ тұндырығап жарылыс. Шаң мен тұтін-нен төпірек қарауытып кетті. Әуе тығыздала түсті. Темір жа-рықшақтар ешқайсымызға тиген жок.

Артынша бәрі де тына қалды.

— Тірісің бе, славяным? — дәп Плющников басымнан нұ-кып қалды.

— Тірімін, тәменірек отыр,—дәп жауап бердім. Пилоткам-ды қолыма алып, тозаңын қаға бастадым. Басым әлі де ды-нылдаپ тұр еді.

Айлала жүгіре басқан жауынгерлер. Артиллерия бүкіл басқару қосынын атқылапты. Жаралылар да, өлгендер де бар. Радиске турған.

Кешкілік жертөлеге тоғыстық. Толған кісілер. Снарядтан істелген шамның жарығымен бірнеше жауынгер бір ойынға кіріспіт. Біреуі жертөленің еденінде отыр, басында — бірінебірін күрізген құлақшындар. Жалаңаяқ солдаттар әлгінің үстінен еекіріп әлек. Міне, біреуі секіре алмай, құлақшындарды құлатып алды. Сол-ақ екен, ойынга қатысушылар белбесулерін алып, секіре алмағаның құйрығына бес рет дүре соқты. Ойын одан әрі жалгасты.

Мен де отыра қалып, әлгілердің ойынына үзак қарадым. Соңсоң қол дорбамды басыма жастап, қалғи бастадым. Туған селоның комескілсін бастаған суреттері өңімдегідей анық көрінді: үйім, көшем, жаз бойы «жоғалатын» Есілдің жағасы.

Тұрткениң оянып кеттім. Біреу қол фонарын бітіме туспіріп түр. Жарығынан көзімді аша алмай:

— Экетші, ей, фонарынды! — деймін.

— Разведканың бастығы шақырады. — Плющиковтың дауысы.

Атып тұрдым, Көзімді уқалап, гимнастеркамды түзеп, плащым мен пилоткамды киіп, автоматымды алышп, сыртқа шықтым. Жұлдыздары жымындаған тұнгі аспан.

— Сіздің бүйіргіңіз бойынша... — деп бастықтың алдында қолымды шекеме қойып, қалшия қалдым.

— Жарайды... — деп тоқтатып таstadtы ол. — Бүйірктыңиңда. Плющиковты ертіп ал да, бейтарап аймакка өтіндер. № 2 белгінің маңында не істеліп жатқаның қарандар да, қас қарада кейін қайтындар. Біздің сым қоршауымыздың жол жағында өтетін саңлау бар. Барғанда көресіңдер. Бәрі де түсінікті ме?

— Түсінікті.

— Таң ағарғанша баратын жерге жетіп, жасырынатын болындар.

Қару-жарак пен киім-кешекті тезірек көзбен түгендеп, басқару қосынынан шықтық: Тас жолмен жүріп келеміз. Сым қоршауға жете беріп онға бұрылдық. Міне, өтетін тұс. Бұг-жәндеп жүгіріп, сосын еңбектеп бейтарап алаңың ортасына жеттік. Бықырайған бір арша ағашының түбіне келіп тоқтадық. Сосын жатқан жерімізді ақырын үнгіп қаза бастадық.

Шүңкырлар казылып болған сон жата-жата калдық. Айнала тып-тыныш. Аида-санда ғана немістер жақтап атқан ракеталар көкке көтеріліп, біршама атырапты жап-жарық қылыш жібереді. Үндемей жатырмыз. Шығыс жак бозара бастады. Қараңғылықтың етегі түрлелін деді. Жау бекіністерінің арғы жағы да көзге шалынды. Бәрін де қарап жатырмыз. Тым-тырыс. Қоғалмай ұзак жатқандықтан бел ауыра бастады. Екі қолымызды кайда қоярға білмейміз. Қол аяғымызды созып, шалкамыздан жатқымыз келеді. Қадала қараган көз шыдамай барады.

Күн бір сүйемдей көтерілді. Тұнгі салқыннан тоназыған біз аздал жылына бастады.

Кенет Плющников мені шынтағымен қағып қалды.

— Көріп жатырсың ба?

— Иә. Үндеме.

Тенкіген тастаң жердің астынан шыққандай екі каска қылт етіп көрінді де, жау қорғанысының арғы жағына бет түзеді. Тағы да тып-тыныш, тырс еткен дыбыс жоқ. Сәлден кейін манағы екі зат тағы да көрініп қалды. Тегінде, сол жерде блиндаж бар сияқты. Бірі кіріп, бірі шығып жатқандай.

Қарын аша бастады. Қалтама кеше салған кепкен наанды азұйма салдым. Оны ұзак жібітіп, сосын тісіммен бір-ак бастым да, бір-ак жұттым. Алғы жаққа солдан онға қарай көз салып жатырмын. Тып-тыныш. Бір нәрсе қыбыр етсеші! Кенет... Бұл не? Оң жақта, жүз метрдей жерден еңбектеп келе жатқан немістерді көрдім.

Миыма сақ ете түсті: бізді байқап қалып, айналып өтпек кой. Өзімді тыныштандырмақ боламын, «кету керек» деген ой келді.

Жағдай хауіптірек болып барады.

— Гриша, кейін қайтайық, мен бөгей түрайын.

— Ал сен ше?

— Соныңнан қайтамын. Екеуміз бірдей кете алмаймыз. Олай-пұлай болып кетсем, айтып берерсін.

Ол менін шынтағымды қысты.

Кауіп күшейіп барады. Қөздел тұрып еңбектеп келе жатқандарды бір рет жайпап өттім. Сол-ак екен, октар қарсы жақтап борай бастады. Тура траншеядан атып жатыр. Жерге жабыса түстім. Немістер бүгжендей жүгіріп, бізді коршай бастады. Тағы бір рет жайпап өттім. Автоматымды біресе

ана жакка, бірессе мына жакка бұрамын: атып жатырмын, атып жатырмын, ал басымда «Плющиков кеткен шығар» деген бір сөйлем.

Кепет жер терең дем шығарғандай бүкіл майдан шебі құдірейіп кетті. Бейне бір жаулардың қорғаңысы дауыл соғып өткендей бәрі де аспанға ұшты. Жоргалаган немістер атып-атып тұрып, дауылға араласып кетті.

— Э... сұмырайлар!... — Тістеніп— мен де атын тұрдым. — Алыңдар сыбағаларыңды! — Автоматтан көсілте атын секіре жөнелдім. Жарылысты естімей де қалдым. Оның толқыны мені оп-оцай көтеріп, жерге қайтадан қоя салды. Түкке түсінбей отырдым да қалдым: не болды өзі? Сол аяғымда кигеп бәтенкем бар, тізeme дейін оралған шұлгауым да сол қалашында. Ал он аяғымдағы бәтенкем де, шұлгауым да жок. Пәре-пәресі шықкан шалбарымның балагынан жіліншігімнің апапқ сүйегі шодырайып шығып тұр. Оған қолымды анарып, еңкейіп сүйек көрмегендегі олай-шұлай караімьын, балтырдың жалбырап тұрған терісіне колым тигіздім. Жан-жагыма қарадым— жатқан-тұрған бәтенке жок. Қайтадан аяғыма көз салдым: ағып жатқан қан жоқ. Сәлден кейін есімді жишип, көл дорбаммен резенке алып, кара санымды онымен қысып байлаш, сыртынан бинтпен тағы да тацып таstadtым. Төңірекке бір қарадым да, жатқан автоматымды таяқ қылыш өзіміздің позицияға қарай еңбектеуге кірістім.

Қашпа еңбектедім? Бес, он минут па, мүмкін, жарты сағат шығар? Уақыттың өзі токтаң қалды дерсің. Еңбектеу барған сайын киындағы бастады. Айпала бұрқ-сарқ жарылыс, ысқырган октар. Міне, біздің сым қоршауға да жеттім. Түнде Плющников екесуміз бейтарал алаңға шықкан жерге қарай еңбектеп келемін. Сөйтсем, сәл киғаштау кетіппіп. Енді сым қоршауды бойлай солға қарай еңбектеу керек.

— Қайда еңбектеп бара жатырың, әкенің аузын... Бірден сымның астымен еңбекте, — дегендегі болды миымда біреу.

Үисіз бұрылдым да тұра еңбектедім. Астыңғы сымга . ба-сымды тигізбей өттім-ау, әйтеур. Сөйтіп еңбектей бердім. Элім құрыды. Басым сылқ ете түсті.

Үш адам жүгіріп келді. Мені блиндажға алып барды. Шалкамнан жатқызды. Әскери күзетте тұрған жас жауынгерлерге бір қарадым да, аяғым жакка көз салдым. Өзімді сондай аяп кеттім.

— Аяқтан айрылған екенмін...—Осындаі ой келді ме, әлде осылай дең айғай салдым ба? Мұрты көмірдей қап-қара бір жауынгер жау жаққа қарады да, былай деді:

Ештеңе стпейді, жігітім, бұдан өлмейсің, ал біз іштері
карай жүреміз.

Ыңғайсыздау болды бұл сөз. Айнала тып-тыныш екенін,
манагы тозактың тынғанын енді ғана аңғарғандаймын. Бәрі
те үненіз.

Солден соң сол жақтан, одан кейін он жақтан жақын ман-
ы жаңғырықтырган «Ура!» деген дауыс құлагымның түбі-
нен естілді.

Ал жігітім, сау бол! — деді мұртты жауынгер. Аяқ дү-
бірі естілді. Жауынгерлер жанымнан өте шықты. Олардың
шабуылдап бара жатқан беті..

Мені біздің бөлімшениң жауынгерлері тауып алипты.
Плющников, әйтесе, аман-есен оралыпты. Мені санитарлық
ротага жеткізіп, медбикеге тапсырды да, өздері соғысуга
кетті.

Кешкілік сабан төсөлген машинаға жатқызып, дала гос-
питалына апарды. Онда май шамның жарығымен ап-арық
жас оташы сорайып шығып тұрган жіліншігімнің сүйегін
аралап, бұлшық етті кесіп тастады. Ал медбике дәкемен
үзак таңды.

Госпитальда он ай жаттым. Өйткені гангрена болып шық-
ты. Бірнеше рет кесіп, қара саным қыскарып қалды. Эйтесе,
жазылды. Ағаш аяқпен жүріп үйрендім. «Соғыста қорқыныш-
ты болды ма?» деп сұрағанда мен әрқашан соңғы ұрысты
есіме алып, ойға кетемін: сонда қалай тірі қалғанмын, ми-
ниалы алқаптан жалғыз аяқпен еңбектеп өткенде аспанаға бір-
ақ үшпағаныма қайран қаламын. Сол жерде, сол жолы жал-
ғаның жарығын енді қайтіп көрмейтіндей едім. Соны ойла-
сам, жүрегім қысып қалады. Денес тітіркеніп, өзіме-өзім әрән
келемін. Соғыста мұндай қиналып көрген жоқпын, өлемін
деп ойлаган жоқпын, енді міне, көрмейсің бе, айтқаным
айдай келді.



Г. СТАРОВОЙТОВА,
дәрігер - оташы, Кеңес Армиясы
медициналық қызметтінін
1941—45 жылдардағы капитаны

КУШІМІЗ ЖЕТПЕЙТІНДЕЙ КӨРІНДІ

1941 жылы мен Алматыда медициналық институтты бітіріп шықтым. Дипломымды қолыма үстап жатақханаға келгенім есімде, ал радиодан соғыс басталғанын айтып жатты.

Петропавл қаласына келіп, бірден әскер катарына алынып, облыстық аурухананың аумағындағы 2446-шы эвакуациялық госпитальге қызметкө орналастым. Қоғамай санитарлық жұмысқа кірістік — 800 адамды қабылдадық. Жаралылардың жарасын танумен бес күн бойы госпитальден шықпадык.

Артынша мені Москваға, санитарлық басқармаға шақырытып алды. Сөйтіп жаңа қызметтінді де атады — ұрыс жүргізіп жатқан әскерге, Оңтүстік, кейіннен IV Украина майданындағы 51-ші армияның әскерлік жұмысмалы далалық госпиталіне бара-тын болдым. Украинашы, Қырымды, Польшаны азат еттік.

Ұрыс қимылдары Мелитополь қаласының іргесіндегі Краснодон маңында басталды. Надежка селосынан 18 километр жерде түр едік. Қала лапылдан жанып, көшелерде ұрыстар жүріп жатты. Фашистік басқыншыларды талқандағаннан кейін біздің жауынгерлер Мелитополь қаласын алды. Украинашы как жарып өткенде жанып жатқан қалалар мен селоларды, аш-жалаңаш қариялар мен балаларды көрдік. Бізге де онай болған жоқ. Біздің әскерлер үнемі шабуыл үстінде болды, сондыктan болар, госпитальге төрт мыңға жуық жаралылар келіп түсті. Біз жараларын таңып, операция жасайтын столдан тәулік бойы алыстаң кете алмай, қатты шаршағандықтан ұшып жығылып жүрдік. Өлім мен өмір белдесекен осы бір коркынышты құреске қарсы құресе беруге күшіміз жетпейтіндей болып көрінді, алайда біздің көмегімізді күтіп жатқан жаралыларға қажет екенімізді сезінгешіміз тын күш берді. Біз тынымсыз тер төгумен болдык.

Қырымдагы Перекоп пен Сивашқа жету қызының қыны болды. Госпитальді қираған қоныстарға, кейде жер астына (карбид шамының жарығымен жұмыс істедік) орналастырыдык. Бәріне де төздік: қар үстінде үйіктадык, бомбаның да, снарядтардың да талай рет астында қалдык. Менің жара-

тыларға үш рет қан тапсыруыма тура келді, ал дәрі-дәрмек пен таңып байлайтын дәке жеткілікті болды. Батыс Украинада бандеровшылардың айуандық іс-эрекеттерінің қанды іздерін көрдік.

Соғысқа катардагы жауынгер болып аттанып едім, оны медициналық қызметтің капитаны болып аяқтап шыктым. Омырауыма ордендер тактым.

Жеңіс сағаты сокканаң госпитальде жұмыс істеп жатқан кезде естідік. Мен жарапылар эшелонын (800 адам) Krakow-тан Саратовқа дейін шығарып салдым, содан кейін 1946 жылы тағы да Петропавл қаласына қоныс аудардым.

Көтерілген тыңды да көрдім. Қеңшарларда дәрігер—оташы болып үзак жыл қызмет істедім.

Жастар арасында әскери-патриоттық жұмыс жүргізетін белсенділерден ешқашан қол үзген емеспін. Қазірдің өзінде ардагерлердің қалалық хорында косылып ән шырқаудан бір жаляқпай келемін.



БІР КҮНІ КЕШКІЛІК

1943 жылғы 27 ақпанды мен және екі жақын жолдасым, Гурьев облысының қазақтары, кешкі каракөлеңкеде үш-төрт югославтық жолдастардың бастауымен бізді екі орыс, екі югослав партизандары тосып отырған үйге келдік. Олар бізді жақсы қарсы алғып, бәріміз тауға бет алғы едік, көтеріліп үлгере алмадық, немістер жан-жақтан оқ жаудырды. Дегенмен біз тауға бәрібір шығып, 1943 жылдың I наурызынан бастап неміс басқыншыларына қарсы құрамында ерлікпен шайқаскан 18-ші екпінді орыс бригадасына тап болдык.

...Бірде кешкес каратай менің барлаушылар взводым осыдан үш күн бұрын немістер тонап алған дүниелерін Триест қаласына алғып кеткен үлкен деревняға кірдік. Бізді бір ақсак югослав Россиядан беріліп жаткан радиохабарды тындауға шакырды. Сол жерде мен жауапты тансырмада жүрсемде шыдай алмадым. Бір бөлімшені тосқауылға койып, қалғандарымыз Россия үнін естуге кеттік. «Тында, Югославия, тында, тында. Смоленск мен Рославль қайтадан Кенестікі болды. Бұл жаңа женіс Югославия партизандарына туысқан Кенес каруының сәлемі болсын. Неміс басқыншыларына өлім келсін!».

Көзімізге келген қуаныш жасымен бір-бірімізді құшақтаң, құттықтап жаттық. Бір сағаттан кейін біздің взвод неміс автоматшылары мінгсүн үш донғалақты мотоциклдердің алды-артынаан күзетімөн кетіп бара жатқан үш жүк машинасы бар колоннага шабуыл жасадық. Колоннаны талқандада біз көнтеген қаруларды, азық-тұлікті, кейін 9-шы корпустың штабына тірідей өткізген 37 неміс офицері мен солдаттарының қолға түсірдік. Сол үшін мені және менің жолдастарымды Югославияның «Ерлігі үшін» медалімен наградтады.

Сол күні (1945 жылғы сәуірдің аяғында) тогызыныш корпус тұтастай бас қолбасшының бүйірі ғойынша Кенес және Югославия жалауын көтеріп, гитлерлік фашистерді талқандай үшін Триест қаласына бағыт алды. Біздің кенестік 18-ші екпінді бригада үшін де сонғы жауынгерлік жорық тұрды. Триест қаласының жолындағы Югослав жазығында біздің бригада ірі неміс жалдамалыларының отрядын түгел талқандап, содан кейін Триеске жол ашылды.

Бұл жорық өте салтанатты, дүрілдеп өткен жорық болды. Партизан колонналарының үстінде Кенес және Югославия

жалаулары желбіреп тұрды. Славян приморьеінің тұрғындары азат етуші партизандарды қуашы қарсы алды.

Гитлершілер Триест қаласы үшін жанталаса қарсыласын, ауыр ұрыстар жүргізді, бірақ партизандар олардың қарсылығын жеңе білді. Қөптеген югослав және кеңес партизандары осынау кескілескен ұрыста ерлікпен қаза тапты. Біз қаланы толық басып алғанда англо-американдық мотомеханикаландырылған әскерлер келді. Олардың солдаттары мен офицерлерінің көбі маң еді, біздің өзімізге тап бере жазады. Триест қаласында біздің рота ішінде тұтқынға түсін қалған біздің үш партизан бар үш мыңға жуық адамды түрмеден босатты. Ішінде тергеу кезінде ұрып соғу мен неміс бичаркаларынан азап шеккен біздің облыстың Ленин ауданындағы Орталық ауылышың тұрғыны Баялды Қасымов бар еді.

Жаумен шайқаста көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін кеңес екпінді бригадасының қөптеген жауынгерлері мен командирлері Югославияның орден-медальдарымен, соның ішінде мен «Ерлігі үшін» орденімен наградталдым.

(Облыстық мемлекеттік архив, облыстық әскери комиссариаттың материалдары бойынша).



Ә. А. ОРЫНБАСАРОВА,
Ұлы Отан соғысының ардагері.

СОҒЫС ЭЙЕЛ СИПАТТЫ ЕМЕС

Бір рет көрген қолма-қол ұрыс. О күшті!
Түсімде бірақ мың рет оның оғы ұшты.
Демес ешкім: қорқыныш жоқ майданда,
Десе олардың білмегені де соғысты.

Ю. ДРУНИНА.

Өткен соғыстың қан мен терін, азабы мен ауруын өз басымнан өткөрген мен осы бір шумақ өлеңінің әр жолына шүбә келтірмеймін. Ал ә дегенде Петропавл медициналық училищесін қаһаралы 1943 жылы бітірген жас тұлектер сияқты, мен де, шынын айтайын, соғыстан тіпті де қорықкан жоқпыш. Біздің ұрпак идеологиялық машинаның күшімен тәрбие алған сергектік рухынан ада емес еді. Рас, соғыстың қан шашыраган канаты бізді де қағып өтті. Эскерге шақырылғанға дейін біз туын-өскен Петропавлда орналасқан эвакуациялық госпитальде алғашқы кезекшілігімізді өткіздік. Бұл; әрине, «соғыс» деп аталатын қанды қырғыннан мындаған шақырым шалғайдағы алыс тыл еді.

Күні бүтінгідей көз алдында: бізге соғыс комисариатының шақыртуы 1943 жылдың 22 наурызында қолға тиді. У-шу болып, жылап-сықтап, дағдарған көціл-күймен бізді шығарып салды. Міне, біз пәнер чемоданымызды алып, погонымызды тағып, кереуеттері үш қатар поезбен батыска қарай зымырап барамыз.

Үш ұлнын, менін агаларым: Нажип, Талғат, Қайролла Шафесвтарды және ең сүйікті қызы—мені майданға, өлімге аттаандырып, соқа басы қалған шешемнің сондагы жағдайын енді, тұтас бір өмір өткенин кейін, өзім де ана және оже болғаниң кейін шындал түсіне бастаған тәріздімін. Қайролла болса сол мәңгілік жиырмадагы қалпында Пермь қаласының түбіндегі бауырластар зиратында қалды.

Ал бал-бұл жанған балауса қыздар доңғалақтар сартылдаған сайын үрейлі ойға шомады.

—Қыздар гимнастерка мен погон мағап әбден жарасуға тиіс,—деп жыныяды көк көз, сұңғақ бойлы сұлу Люда Глазырина қолын қолапайсыздау шекесіне қойып.

Міне, көздеген жерімізге — Орел облысындағы Талица

танниясына келдік. Соғыс деген акқан қан мен алатын ажал сана емес, сонымен бірге өте ауыр жұмыс скенін сонда түгіңс болғадык. Ор казганинан кейінгі және далалық госпитальге кіккеті тәсек тоқыганин кейінгі ойылын қалған алақан, алғаны атыс пен бомбалаудан кейінгі, алғашкы жарапылар ін алағаш рет жауынгерлердің өз колымызда көздерін жұмсанынан кейінгі корқыныш — бәрі де есімде.

Атайды осы облыстағы Новозыбково станциясының шаңырағын ортасына түсірген бомбалау соғыс жөніндегі біздің түсінігімізді түбірінен өзгерту. Қатты жарапанған жауынгерлердің аяқ-қолдарындағы бұлшық еттері бол-боз болып жансыз қалғанда өз дәрменсіздігінді көріп, өлердей корқады скенсін. Бірде ростовтық әскери дәрігер Мария Васильевианың ап-ауыр, жансыз денесін арқалап келе жаттым. Станциядагы эшелондарды жанай өттім. Әскери киімін бір рет киіп үлгере алмаган, бәріміз жақсы көрсетін Люда Глачиринаны да осында, станцияда жерледік.

Неге екеңі белгісіз, бізге жалына қараған, үн-түнсіз кіно-лан қараған бейбіт түрғындардың жарапанған исмесе жаңасілім қылған сэттерін де күні бүгінге дейін жүргерім шымырлап еске аламын. Жарапы жауынгерлердің басы-қасында күрген біздің оларға қарауға мұршамыз болған жоқ. Соғыстың қатал заңын сол бір сорлап қалған адамдарға қалай түсіндірерсің!?

Одан кейін әдёттегі майдан тіршілігі жалғасып жатты. Біздің бөлім үрыс сала отырып, Польшаның Кутно қаласына дейін жетті. Құнбе-құнгі істердің ішінде ерекше есте қалған екі кездесуді айтып берейін. Бізде екі көзінен бірдей айырылған жап-жас жауынгер жатты. Оған қасықпен тамақ бергенде, газет оқып бергенде, туған-туысқандарына хат жазып бергенде ару қыз емес; анасындай болып аятын едім.

Сондай-ак фамилиясы Шмид деген, ұлты, мешінше, еврей, екі аяғы бірдей жоқ жауынгер есімде қалды. Оны бала сияқты көтеріп жүретінімін. Содан бері қашама жылдар өтсе де, кишин кезде оған және басқаларға жәрдемімді тигізгепімді, солардан алғыс алғанымды әлі де ұмытқан жокпын.

Сонда, Кутно қаласында майданда сирек кездесетін сәтті оқиға болды. Госпитальда кезекшілікте отырған едім. Медбібі келіп жымынып тұр:

Айтшы, Эмино, қазір саған ең керегі не?

Білмеймін, — дедім не екенін айыра алмай. — Мұмкін, шілте қайту шығар?

Жауп орына ту сыртымдағы құпия үнсіздікті сезіп қалдым. Жалт бұрылып артыма қарасам — ағам Талғат есіктің көзінде тұр. Олардың эшелопы біздің қалапы басып өтседі екен, ал мен оған хат жазғанда қайда жүргешімді хабарлаган болатынын. Туган жерден алыста, жеңіс карсаңында екі сағат сырласкан сол бір кездесуді біз соғыстан кейін де ұзак айтып жүрдік. Мен жеңісті сол Күтно қаласында карсы алдым. Женіс күні мен көктемнің басты айналағыраған кенен шат күндерінен кейін әскери дәрігерлердің әдеттегі тірлігі қайтадаи басталды. Жарапылар көп еді, оған қоса біз қаланың комендатурасында кезекшілік еттік. Тұтқынга түскен неміс солдаттарын жеріне жеткізіп салу да кейде бізге жүктелетіп. Тіпті, бірде кезекшілік кезінде соғыс трибуналының заседателі болғаным да бар. Аяқ-көлдарын өздері атып, жаралағандарды соттадык. Шынын айтқанда, олардың жагдайын түсінуге болатын да еді. Әйткені женіске жақын қалған кез, сондыктан қан майданда өлгіп келмейді. Оларды ату жазасына бұйырманцдар деп өтінгенім де есімде. Бірақ соғыс тұсындағы заң сұрапыл катал еді.

Туған жерге оралғаннан кейін Целиноград облысындағы Жолымбет қенішінде дәрігер-терапевт болып ширек гасырдай еңбек еттім. Соғыста шындалуымның пайдасы сонда бір тиді. Эрине, анатсыз және жаракатсыз болған жок. Одан кейін тың игеру басталды. Туған өніріме оралыш, ұзак жыл сүйікті жұмысымды жалғастырды.

Қазір мен құрметті еңбек демалысындамын, немереслерім өсін қеледі. Бұл дүниедегі менің бар тілегім сол — олар мына бір көріністі көрмесе екен:

...Міне, тағы аппақ қар желеңіміз сияқты,
Міне, тағы нарттай қар қып-қызыл билт сияқты.



Қ. СЫЗДЫҚОВ,

Ұлы Отан соғысының ардагері.

БАТАЛЬОН ПАРТОРГЫ

Облыстық «Зерде кітабына» Ұлы Отан соғысының шайқас алаңдарынан қайтып оралмаған 30 мыңдан астам біздің жерлестеріміздің есімдері жазылған. Соңдай жазуладың бірінде былай делінген: «Әскері антқа адал Ханрутдин Яхеевич Рахматуллин қаһармандық пен ерлік көрсете отырып социалистік Отан үшін шайқаста 1944 жылғы 9 сәуір күні қазатапты. Ол Қырым АССР-індегі «Сарай» совхозының бөлімшесі Биюк Кияк селосының оңтүстік-шығыс жағындағы заратқа жерленген». Ерлікпен каза тапқан ол кім еді?

Согысқа дейін Х. Я. Рахматуллин біздің облыста 20 жылдан астам партия және Совет органдарында жұмыс істейді. Соғыстың алғашқы күндерінен-ак ол облыстық партия комитетінен майданға жөнелтуді өтінді. Алайда оған оның осында қажет екендігі түсіндіріледі. 1942 жылдың маусымында облыстық партия комитеті оның сол кездегі ірі шаруашылықтардың бірі Мамлют сұт-ет совхозы (бұрынғы № 288 «Кондратьев» совхозы) саяси бөлім бастығының орынбасары стінекітті. Партия шешімдерін мұлтікесіз орындауға үйренген Рахматуллин көнуге мәжбүр болды. Сонымен қатар ол бірінші дүниe жүзілік және азамат соғыстарына қатысушы ретінде өзінің майдан даласында барынша пайда экелетінін дәлелдеуден, өтінішінің канагаттандырылуын сұраудан жалықпады. Тек 1943 жылдың маусымында гана Рахматуллин офицер формасын киіп, батальон парторгы болып тағайындалды.

Төртінші Украин майданының жауынгерлері Қырымды азат ету үшін кескілескен ұрыс кимылдарын жүргізіп жаткан. 216-шы дивизияның 647-ші атқыштар полкінің батальон командирі қаза тапты. Жарапанған парторг Рахматуллин батальонды басқаруды өз қолына алғып, 17,6 жотаны жаудан тазарту үшін «Отан үшін, алға!» ұранымен жауынгерлерін шабуылға көтерді. Жау снарядының жарықшагы өжет офицердің өмірін қиды.

Майданда саяси қызметкерлер командирдің ақылшысы, қамқор жолдасы бола білді. Оларды азамат соғысы жылдарындағы «комиссарлар» деп атауши еді. Олар ша-

буылга бірінші болып көтеріліп, өздерінің жеке үлгілерімен жауынгерлерді ерлікке жігерлендіретін. Ал шайқастар арасындағы тыныштық сәттерінде солдаттар ортасында болып, майдан мен тылдағы оқиғалар, алдағы шайқастың міндеттері хакында әңгіме шертетін. Батальонда Раҳматуллинді осындай касиеттері үшін жақсы көретін еді.

Экесінен қалған жәдігер ретінде қызы Мәкарам сактаған хатта оның жауынгер досы Виктор Кудрявцев былай деп жазады: «Өзіміздің әкеміз іспетті төрбисі болған адамнан көз жазып қалғаным азі күнге дейін сенгім келмейді. Ол менен 20 метрдей жерде қаза тапты. Сіздің әкеніз үшін біз немістерден кегімізді жақсылап алдық. Мен азі қатарда емеспін, алған жаракатым жазылып келеді. Сауыққан соң немістерді өз аpanында құртуға тағы да аттанам. Егер ауруханадан шыққан соң Раҳматуллин жолдас қаза тапқан жер арқылы өтсем, міндетті түрде ол жерленген зиратка тағым етемін».

Батальонның бүрынғы комсоргы, бүгіндері Омбы қаласында тұратын Иван Кудрявцев өзінің парторғы туралы Мәкарамга былай депті: «Мен соғыска дейін Москвандың балест училищесінде оқыдым. Алайда окуымды соғыс бөліп жіберді... Саяси қызметкерлер курсын тәмамдаған соң майданға аттандым, батальон комсоргы болдым. Сиваш түбіндегі шайқаста аяғынан жараландым. Парторг Раҳматуллин мені оқастынан арқалап алып шықты. Мен сол аяғынан айрылдым. Балест туралы арманнан қол үздім, бірге билеген сүйген қызым да тастап кетті. Осындай қызын күндердің бірінде госпиталға Х. Я. Раҳматуллин келді. Мениң көңіл-күйім мәз емес еді. Оны сезген парторг маған ақыл айта бастады. Бұл соғыста аяғынан айрылған жалғыз сен бе? Оның үстіне базың емес, аяғың. Тірі қалғаныңа қуансайши. Ұақыт өте борі өз орнына келеді, қайғың ұмытылады, қуаныш келеді. Соғыстагы барлық сұмдықтар ақырындағы өткенге кетеді. «Мен осы кезде соңғы шайқасты есіме алдым,—деп жалғастырады әңгімесін Кудрявцев, — снарядтар мен бомбалардың жарылышынан жер мен аспан тұтасып кеткендей, айналаны қара түнек басқан, ал мен болсам қарша борап тұрған оқастында ёңбектеп көле жатқан комиссар Раҳматуллиниң арқасында жатырмын. Менің өмір сүруім үшін жапын бір шүберекке түйген адам алдында өзімді-өзім өлтіру туралы ойлау сатқындықпен пар-пар екенін түсіндім. Мен сіздің әкеніз алдында өмір бойы қарыздармын».

Х. Я. Рахматуллиниң каза тапқаннан кейін маралатталған бірінші дәрежелі Отан соғысы орденін, үшбұрыш хаттарды, әскери суреттерді қызы Мәкарам ең қымбат жәдігер ретінде сактауда. Ол өзінің соғыс хаттарының бірінде жан-үясына былай деп жазыпты: «..Қалай жүріп жатырсыңдар, Мамлюткада не жаңалық бар?. Совхоздың барлық таныс қызметкерлеріне сөлем айтындар. Мен туралы қам жемеңдер. Жақсы соғысып жатырмыз, фрицтерді қуудамыз. Жеңіске жақын қалды».

Бірак ол өзінің туган жерінс кайтып орала алмады.



ГВАРДИЯЛЫҚ ТУ АСТЫНДА

Менін тағдырым көлтеген тұстарымның тағдырларына үк-
сас. 18-те толмай жатып, 1942 жылы Преснов аудандық әс-
кери комиссариаты Қызыл Армияның катарына шакырды.
Петропавлдың Ойкаласына орналасқан жеке байланыс ро-
тасында алғашкы әскери дайындықтан өттім.

1942 жылғы қарашаның соңына тамаи біздің рота Ново-
сібір облысына, Бердск қаласының жаңындағы әскери қа-
лашыққа, оку полкіне бағыт түзеді. Онда майдандагы әскер
бөлімшелері мен бөлімдері арасындағы берік байланысты
қамтамасыз етуді үйрәндік. Онсыз шайқастың ойдағыдай
болуы мүмкін емес.

1943 жылдың акпанында окуды ғәмамдағ, эшелонга отыр-
лық та, майданға аттанып кеттік. Ворошиловоград облысы-
ның Ново-Угольновки селосына келіп түскен бізді Ленин
ордені бірінші гвардиялық механикаландырылған корпус-
тың құрамына қости. Стalingradтағы киян-кескі шайқас-
тардан кейін аз-мұз тыныстал, қатарын толықтыра түседі
күтіп тұрган корпус екен.


Гвардиялық деген атақты алғашқылардың бірі болып
алған корпус. Оның сапындағылар Мәскеу түбіндегі корга-
ның пеш шабуылда қаһармандықпен шайқасты, жауды Стalin-
gradтаң қуып шығуға катысты. Корпусты атақты гене-
рал, Кеңіс Одағының Батыры И. Н. Руссиянов басқарды.
Тісқаққан жауынгерлер, командирлер, саясін қызметкерлер
бізді-жастарды — корпустың жауынгерлік дәстүрлерімен зор
мақтанды сөзімімен таныстырыды. Гвардияшылар корғаңған
кезде жау олардың қарсылығына түк қыла алмаганын, гвар-
дияшылар шабуылдаған кезде жаудың тас-талқан болғанын
айтып берді. Біз, жаңадан алынғандар, гвардиялық корпусын
жауынгерлік дәстүрлерін еселей түсуге айт бердік.

1943 жылдың 16 шілдесінде біздің 3-ші бригада Донецк
қаласының төнірегінде, солтүстік Донның оң жақ жигінде
корпустың құрамында ұрысқа кірді. Эрбір шоқы үшін шай-
қастық. Біздің бірінші ротаның командирі Поляков жеке
өзінің батылдығымен және білгірлігімен бәрімізді ерте білді.

Біздің бөлімшесі Красный Яр, Голая Долина, Барвейково, Дружково селоларын азат етуге катасты. Мен осы ұрыстарда жарапландым. Нарттай жайнаған 19 жасымда мүгедек болып, амалсыздан елге оралдым.

Менімен бір полкта жерлестерім: Мәжел Қәкімжапов, Газез Жүсіпов, Толаш Итаяқов согысты. Соңғы екеуі соғыстан оралмады.





ДОРОГИ

Слова Л. Ошанина. Музыка А. Новикова

Эх, дороги...
Пыль да туман,
Холода, тревоги
Да степной бурьян.
Знать не можешь
Доли своей,
Может, крылья сложишь
Посреди степей.
Вьется пыль под сапогами —
Степями,
Полями,
А кругом бушует пламя
Да пули свистят.
Эх, дороги...
Пыль да туман,
Холода, тревоги
Да степной бурьян.
Выстрел грянет,
Ворон кружит...
Твой дружок в буряне
Неживой лежит.
А дорога дальше мчится,
Пылится,
Клубится,
А кругом земля дымится —
Чужая земля.
Эх, дороги...
Пыль да туман,
Холода, тревоги
Да степной бурьян.
Край сосновый,
Солнце встает,
У крыльца родного
Мать еиночка ждет.
И бескрайними путями,
Степями,
Полями,
Все глядят вслед за нами
Родные глаза.
Эх, дороги...
Пыль да туман,
Холода, тревоги
Да степной бурьян.
Снег ли, ветер,
Вспомним, друзья...
Нам дороги эти
Позабыть нельзя.

ЕСТЕН КЕТПЕС СОҒЫСТЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Германиямен соғыс 1941 жылғы маусымда таңгертең ерте күтпеген жерден-кенеттөн әрі қорқынышты басталды. Қорқынышты болатыны күтпеген әрі беймәлім соғыс болғанынан емес, оның алдында біздің туыстарымыздың, әкелеріміздің басынан ауыртпалықпен өткен жылдардан белгілі еді. Бірінші герман соғысы мен революция құрбандығы, азамат соғысының бірнеше жылғы отты жалыны, кеңес өкіметінің калыптасу кезеңінің ауыртпалықтары есімізде сол калында тұрды. Сондай-ақ 1938 жылғы Хасан қөлінің жаңындагы ұрыстар мен 1939 жылы монголдың Халхин қөлініңдегі құрбандықтар туралы әнгіме сүи қойған жок та. 1940 жылғы фин соғысында төгілген қан да кеүіп үлгерген жок еді.

Мен Қостанай облысының Ұзынкөл ауданында тұрдым. Сыр-брынза жасау жөніндегі иұсқаушы едім (барлық ауылдар мен деревияларда міндетті түрде қой-ешкілерді сауып, сүті сапалы түрде Кассиевка май-сыр жасау заводына өткізілетін). Соғыс туралы тек келесі күні мектente болған митингіде естідім. Сірә, бүкіл деревия түгел жиналған шығар. Қызу да жігерлі сөздер айтылып жатты. Отанды корғап, жауды талкандаймыз деген ойда еш құдік жок еді. Кейбіреулер германдықтарды бөрікпен үрып жығамыз, біз көпіз дең те жатты. Сөйті де көнілді бір ауыртпалық басып тұрды. Сол жердің өзінде қызыл матта жабылған стол қойып, еріктілерді жазу жүріп жатты. Жазылуышылар көп болды. Тіпті әскери қызметін өтегендер де, әлі жап-жас жігіттір де жазылып жатты. Жакын жерде патефон көңілді музика ойнап тұрды.

Мен Ұлы Отан соғысының қатардағы қатысуышыларының бірімін. Менінше, менің замандастарым үшін соғыс жылдары тек тарих қана емес, ол біздің өмірбаянымыз да. Сондыктан да менің өмірбаяныма кіретін сол бір қатерлі соғыс күндері туралы естеліктерім мен пікірлерім жайлы ой бөліссем деймін. Тек өзім туралы ғана емес, сол бір күн да қатерлі жылдардың жағдайы мен ауыртпалығы, қасіреті туралы айтсам деймін.

1943 жылы кантарда армия қатарына шақырылып, Пермь облысындағы полк мектебіне жіберілдім. Көп кешікпей полк

мектебіндегі бізді, барлығы 30 адам, әскери училищеге жіберді.

Қысқартылған бағдарлама бойынша жүргізілген оқудылты ай бойы ашық жердегі осызаманғы ұрыс тактикаларын менгеріп, оны таулы жерде қолдану тәсілін үйрендік. Тасты және қырышық тасты жерлерде паналайтын ормен траншеяны тез қазып, сұық, кейде ыстық күндері ағысы қатты болатын тау өзендерінен өтуге жаттықтық. Сұық суда сіңір тартып қалатын кездер де болатын. Ондайда бір-біріншігে қомекке ұмтылатынбыз. Таулы жерлерде жылдам қозғала білу біздің шынықтырып, тапсырмаларды дәл және мерзімінде орындауға мүмкіндік беретін. Оку кезінде азимут бойынша топтап және жекелеп өтуді үйрендік. Күндіз оқайтой, бағытты тез бағдарлап, ағаштың түбірі, мүк, бұталардың өсуіне қарай оң мен солды ажыраты алеак, түнде бұл киши. Ондайда түнде жанатын тасы бар құбыланамасыз болмайды. Айнала қараңғы орман, ешқашандай бағдар жок, тек ағашқа соқтырып қалмас үшін колыңмен карманын жүресіп. Табигаттың ерекшеліктерін пайдаланып, ағаш гүбірлерінің көлецкесімен бірдене ажыратып, сынған бұтақты ақырын ағашқа ұрып дыбыс бермесен айғайлаң дауыс шыгаруға болмайды.

Училищеде әр пән бойынша теориялық білімі мен майдандагы тәжірбесі бар офицер оқытушылар болды. Окуға түсken кезде әркім сауаты, денсаулығы, медициналық тексеруден өтуі мүқият қаралып, майдан комиссиясы бескітетін. Бірақ біз училищені аяқтап үлгере алмадық. Бітіруге бір ай қалғанда училищені жапты. Бәріміз майданга аттандык. Жаңадан әскери киім киіп, курсант погонын әскери погонға ауыстырып, Сталинград майданына бет алды.

Біз келгенине Сталинград толық азат етіліп, басқыншыларды одан әрі қып бара жатты. Жеңеміз деген жаудып мындаған солдаты жойылып, мындағаны тұтқынға түсті. Бұл соғыстагы барлық жағдайды өзгертіп, жауды тықсыра кууга мүмкіндік берген үлкен шайқас еді. Содан бастап соғыстың соқпағы тек Германияға қарай бет алды. Мен де үлкендікішілі ұрыстарға катыса отырып, өзімнің майдан жолымды осы жерден бастадым. Біздің полк Дон майданы құрамында Харьков бағытында, одан кейін Оңтүстік-Батыс майданында Донбасс арқылы Украинаның оңтүстігіне бағыт алды. Үзілмейтін дабылдарға толы менін жаңа өмірім басталды.

Ауыртпалық бәрімізге бірдей тиіп жатты. Басқыншылар

жанталаса қарсыласып, әрбір қала, әрбір елді мекен, әрбір шахтаны уысынан онайлықпен шығармауга тырысты. Біз оларды тықсыра отырып ілгері баса бердік. Украинаның Волошинка станциясы, Лисичанск, Яма, Чугуев, Словянск, Красноармейск, Васильевка сиякты қалалары үшін кескілескен ұрыстар жүргіздік. Бәрі де есте қала бермейді, ал Малокатериновка селосының есте қалғаны сол, мениң туған деревням да «солай аталатын және бұл деревняның өзен жағалаган бір көшесі бірнеше шакырымға созылып, келесі поселкаға үйме-үй жалғасып жатады екен.

Фрицтер шегінгенде өз позициясын бермеу үшін бәрін, жыраларды, тәбелерді, ағаштарды қорғаныска пайдаланып, жатты. Жұмысқа тұрғандарды тартып, терен орлар қазын отырды Елді мекендерде кірпіш және тас үйлер дзотқа айналып жатты. Сөйтсе де үздіксіз соккыдан кейін немістер де, румындар да, гректер де, венгрлер де өздеріне тиссілі емес жерлерді тастап шығып отырды. Біз жакындаған кезде олар барлық кару тұрлерінен, жасырып бүркеген танктер мен артиллериялық қондырыгылардан оқ жаудыратын. Мен жердің үстіндегі гимараттың қалай тас-талқаны шыққанын да көрдім. Бірақ сиді құш оларда емес, біздің жақта еді. Қашқан жау жаралылар мен өлілерін, техникасы мен каруын тастап, келесі бекінісі бар селоға шегіне бастайтын. Міне, сөйтіп, мениң өзім басқалармен бірге жауды ұрыс пен ұрыс, шайқас пен шайқастан кейінгі үақыттарында есін жиғызбай қудалаумен, әскери жолдардың қының-қыстау соқпактарын жауын-шашиңда, ыстығы мен алтабында, жолмен де, жолсызбен де тықсыра отырып, Милерово станциясынан Чугуев қаласына дейін қудалап жүріп отырдым.

Аяқтан аяқ қалмай, табаның ойылып, аз-мұз дем алған-наң кейін денені көтеру қын болғанымен, «ал кеттік» деген кезде алға үмтүлыш жүре беретінбіз. Дымқылданған шинелінің етегін белбеуге қайырып қыстырып, аяғының қажа-лып ойылған жерінің аши сызыдауын елеместен жүріп келе жатып-ақ кейде айғайлап жібере жаздайтының. Жүрген сайын ауырлай беретін хал. Ондайларды (өзім де талай рет) арбаға отырғызып, әлдебір түйіршіктеді, сеүіп, байлан де-гендей, амалдайтынбыз. Бір-екі тәулік бойы арбадан түспей-тін де кез болатын. Жазыла сала қайтадан сапка тұрып, алға жылжимыз.

Тыныс алуға тоқтағанда көпшілігі аз болса да мызғын алуға тырысатын. 15—20 минут дем алу да жаксы «Тұрындар»,

шеги бүйрек үйқыны ашады. Бірін-бірі сүйемелдей тұрғыннан, жауынгерлер тағы да жүріп кетеді. Қебіне қараңғы ту-с жүретінбіз, егер күндіз болса жаңбыр кезінде немесе бұлтты уақытта жолға шығатыбыз. Асынған қару-жарак — миномет, танкіге қарсы ататын қару, винтовка, патрондар мен гранаталар нықты сезіп кетеді. Екі күнде бір атыс болып немесе «мессерлер» шүйлігіп, дем алуға мұрша бермейді. Үш жағдай қебіне бірден тани алмай қалатын «Рама» деп атап кеткен жаудың барлауши самолеті келіп кеткеннен кейін басталатын. Немістердің жаяу эскерге ариалған, «қөлбака» деп атап кеткен, жерден бір метрге дейін көтеріліп ба-рын жарықшақ шаша жарылатын минасы қауіпті сі.

Ұрыс кездерінде көтеген жолдастарымыздан айрылып жаттық. Бірін колымыздан жерлеп, мәңгі коштассақ, енді біреулерін госпитальға жөнелтіп, «көріскеңше күн жасы» деп қала беретінбіз. Біздің катарымыз әскер жасына жеткен жастармен, азат етілген жерлердің ересек азаматтарымын тоғыктырылып отырылды.

Майдан жолдарының бәрі қыны, бәрі ауыр бола берген жок, көңілді де қуанышты сөттер аз болса да кездесіп тұратын. Жастық жігер, женіске деген үміт қанаттандырып, жігерлендіріп отыратын. Арамызда ән салып, би билейтін, кез келген музыкалық аспалта ойнайтын өнерлі солдаттар аз болмайтын. Олар тіпті немістің ерінмен үрлейтін сырнайын да ойнап, қажетті кезінде қасық, кұты, тостагандарды да іске асырып жататын. Әзіл әңгіме, анекдоттар айтып, көңіл көтеріп отыратындар кез келген ротада кездесетін. Оларды бәрі құрметтейтін. Өйткені олармен көңілді еді тіпті кескілескен ұрыс пен тозакты өк жауып жатқан сөттерде де әзілдің тастамайтындар елді жігерлендіріп отыратын. Пулемет-нен ажал оғын сеуіп тұрып езуін жимайтындар да болатын.

Лиенчапек қаласын азат ету кезіндегі бір оқига есте қалыпты. Біз қайғырсақ та қуле сөйлеп, қаза тапқан солдаттарды еске түсіріп отырганбыз. Қенет жау минометпен атқылаш жақтан кезінде бір солдат-ефрейтор өзінің паналаган ұсынанышыға жүгіріп, бірсеке енбектеп, бірсеке жүгіріп 60 метрдей жерге жетіп, тоқтап, тастан кеткен орнына қарай берді. Ол, ариш, біздің оның әрекетін сөгіп жатканымызды сезіп тұрғын. Тәуекелге салып, командирдің рұқсатының шебін тас-сан кетті. Кейін осы жағдай туралы украин тілінде айтып бергенде біз құлдік. Сөйтсек, жарылған минаның жарықшыны мойнына қатты тиіп, ауырта күйдіріп кетсе керек. Еті-

не өтнеген жарықшакты колымен лактыра бергенде басына бірдене катты тиеді. Сөйткенше адамның жағы айрылған бір басы мұның алдына топ ете түседі. Содан көркін кеткен солдат тұра қашыпты. Қомандирге жағдайды баяндаған, шошынған солдаттың панағайтын орнына түскен басты сол жерге көміп тастанады.

1943 жылғы қыркүйектің аяғында мен жетпіс тоғызыныш атқыштар дивизиясының құрамында Запорожье қаласына жақындал келдім. Естуіміз бойынша қаланың екі қатарлы корғаныс шебі, міналанған аланы, жарылғыш заттары бар сым қоршауы, дзоттары, дзоттары, бетон бекіністері, танкіге қарсы орлары болған. Дегенмен Запорожье қаласын азат ету маған бүйірмады, қазанның 4-күні Жуков селосының жанында кеудеме оқ тиіш, он жақ өкпем мей жауырынымды тесіп өтті. Өзіме таныс өлке, алыс тылдағы Златоуст қаласында смелдім: Оған дейін өмірі аурухана көрмен едім: Сондай-ақ осынша бос уақыт өткізіп, қозғала алмай жатудың да не екенін сонда көрдім. Тыныштық тілең, белгіленген режимді сақтап, ақ халатты жандардың айтқанын орындан, қатардан шықкан өзім сияқты солдаттардың даусын естіп жатасын. Маған жату да кын болды, жауырынымдағы жара ауырыл, кеудем қысып, отыруға күш жетпей, жартылай жатып, жартылай отырған күй кештім. Медбикелер кезекпен жанымда отырып, жазып шығарды.

Әрбір госпитальді қаланың бір мекемесі немесе бір қәсіп-орныны камкорлықка алды. Олар аптасына бір рет келіп, сыйлықтар әкеліп, кітап оқып беріп тұрды. Біз олардың келуін асыға тосатынбыз. Олар бізге патефон, бірнеше күйтабақ, домино, дойбы, шахмат сыйласп, бәрімізғе ақ қагаз, сия қарындаш берді. Эстрада артистері келіп, баян, аккардеон, гитара ойнап ән айтатын. Жүргізушілері біздің көnlі, мізді көтеріп біз қол соғып, әнді қайталаудың сұрайтынбыз. Олардың труппалары шағын болатын, кимай қоштасын, бір-бірімізге саулық тілейтінбіз. Лекгорлар да жиі келетін. Өткізетін әнгімелері халықаралық жағдай, майдан жаңалықтары болатын. Олар елдегі өндірілген металл, шыгарылған әскери техникалар, ауыл шаруашылығының жетістіктері жайлы әнгімелейтін.

1944 жылты 1 шілдеде Минск қаласының түбіндегі Степняк станциясында екінші рет жарапандым. Біз орналасқан шағын орманның устінен немістің «Рама» аталып кеткен барлауышы самолеті айналып өтісімен біз жаудың айла-тәсілін түсініп,

Бомбылаушы самолеттердің нысанасына айналған орманды тастан шыға бастадық. Бірақ беріміз түгел ұлтеге алмай қалдық. Бірнеше минуттан кейін қара қаргадай қантаган бомбылаушы самолеттер ажал жүгін тастан бастады да, отар өткісімен минометтен оқ жудырды.

Майданда жүріп бір облыстар жерлесінді, тіпті аудандысының кездестіру де үлкен қуаныш. Санбатқа менен кейін басы таңылған бір жаралыны әкелді. Бізді әкелісімен әртүрлі жүқпалы ауруларға қарсы егу жасаған соң, одан жөн үрапи, Қазақстаниң екенін білген соң кеудемді көтердім. Сейтсем ол өзімнің туған жерім Екатериновқадан төрт шакырым жердегі Светлое селосынан екен. Мен әскерге Коста пайдан шақырылғандықтан, бір-бірімізді танымайтын едік. Баязи Ахметов саперлер ротасында қызмет етеді екен. Минашың жарықшагы көзін шығарып, бетін закымдасты.

Біз соғыстар кейін бір-бірімізді тауын алдық. Оның алты баласы, менің төрт балам ер жетті. Олардың тоғларында да бірге жүріп, бір-бірімізге сыйлық қонақ болдық. Балаларымыз да достасып кетті. Эйелдеріміз Құлшара мен Лидия апапынан-сіллілердей. Олардың Қайша деген бір қызы заң институтын бітіріп, қалалық прокуратурада қызмет етсе, күйесу баласы Обдірахман Токышев Петропавлда облыстық автоинспекцияның қызметкері.

Кенигсберг 1945 жылдың 9 сәуірінде алынды. Менің оған дейінгі жолым да женіл болған жоқ, десе де жаудың үлкен апанағына да жеттім. Қамалға айналған кала барлық инженерлік және әскери техникамен бескітілген. Жер асты жолдары қаланың сыртына алып шығады. Қаланың астында қоймалар мен кең залдар, казармалар мен госпитальдар салынғап. Қөптеген канализация жүйелері, су құбырлары, электр кабелдері, жер асты электростанциясы. Міне осындай қаланы пайдаласқан қолма-қол үріспен алуға маган тағы да бұйырмады. Дегенмен өз үлесімді қостым.

1945 жылы қаңтар айында басталған Шығыс Пруссия операциясы сәуірдің аяғына дейін созылды. Одан кейін осы гала үшін шайқас үлкен қыншылықтарға ұшырап алға басу күнидап кеткені сондай, біздің әскердің кимылты тоқтал қалы десе де болғандай. Міне, осы жерде менің жастық шағыма үлкен із қалдырып, сан қырлы соқпағы жадымда мөнгі сакалған майдан жолдарын қасымдағы жауынгер жолдастарыммен бірге аттап, снярядтар мен миналардың жарылышы ортасын-

ла қазылған орлар мен окоптарда жауга карсы оқ атып, алғы шепке, биіктіктерге жүгіріп те, еңбектей жылжып та ұмтылып, ұрыс сала жеттім. Сол жолдардагы ауыр қүндер, салқын жертөлелер, жылнып отырған оттар, тізеден кешкен лай сулар, шерулер мен шабуылдар, госпитальдар мен бауырластар зираты мәңгі мениң есімде қалды.

Софыс сокиақтарында үш-рет жарапанып, екі рет кантузия алдым. Сөйтсе де мен өзімді Отанымды қорғап, үрпактарга, балаларым мен немерелерімнің жарқын болашағына жол анып бергенімді бакыт деп санаймын. Рас, тағдыр мениң іұмырыма өмір жазып, канды шайқастардан тірі шығып, аман қалдым. Дегенмен соғыстын жаңғырығы естен көтпейді. Ол мәнгілік жадымда.



Қ. СЫЗДЫҚОВ,
отставкадағы подполковник,
пулемет ротасының бұрынғы
командирі

«ТҮЙЕ» ЖОТАСЫ ҰШІН ШАЙҚАС

1945 жылғы соуірдің аяғы мен мамырдың бас кезінде біздің әшелен Шығыска қарай бет түзеді. Вагондардың ішінде біздікі де, жаудан қолға түскендері де бар. Арамызда кеуделерін ордендер және медальдар көмкерген сака солдаттармен катар оқтың исін әлі сезбекен жастар да бар, еді. Бәрінің көңілдері көтерінкі, бейне бір соғыска бара жатпағандай сезінеді.

Фашистік Германияны тізе бүктіріп, төрт жылғы соғыста женіске жеткен солдаттар үшін бар қыныңдық артта қалған іспетті. Қысқы үйқысынан оянып, бойжеткен қыз секілді құлпыра бастаған табиғат та, жасыл желеекке бөлсөнін келе жатқан жер де әскерлердің көңілдерінің көтерілуіне сеп болғандай.

Әзінің әдақтастық парзына адаптациясында кеңес өкіметі Германия тізе бүккен соң екі-үш айдан кейін империалистік Жапонияга қарсы соғыс ашатынына АҚШ, Англия мемлекеттерінің басшыларын сенірдеген еді. Соң сөт туғандай.

Мінс, енді жауынгерлер, кару-жарак тиесін әшелендер бірінің артынан бірі Шығыска қарай ағылып жатыр. Солардың бірінде генерал-полковник Н. И. Крылов баскаралының 5-ші армияның 340-ші атқыштар полкінің солдаттары мен офицерлері келе жатқан болатын.

Біздің поезд Манзовка стансасына ат басын тіреді. Дәл осы жерден Сихоте—Алинің таулары басталатын. Бұл мандағы ормандар ит тұмсығы өтпейтіндей қалың болатын. Стансада барлық жүктерімізді түсірген соң әскери даярлыққа кірісін кеттік. Пулемет роталарындағы «Максим» пулеметтері жәсіл «Горюнов» станокты пулеметтеріне алмастырылды. Металл ленталары екі ссеге жуық жәсіл, әрі сумен де, ауамен де сұтылмайтын бұл пулеметтер әлі шайқасқа кірмеген 1927 жылғы жас жауынгерлерге оңды болды.

Тактикалық даярлықтар ұрыс жағдайында секілді оқ агумен жүргізілді. Пулемет бөлімшелері жаяу әскерлердің шабуылға шығу тәртібі мен «Түйе» жотасын басып алуға әзірленді.

Біздің 5-ші армия алдына өте қыны әскери міндет қойылды. Біз манызды стратегиялық магистраль — Шығыс Қытай темір жолын жауап, тау сілемдеріне орнатаскан жапондардың шекаралық күшті бекінген ауданын басып алушымыз көрек еді.

Алдымызда «Түйе» жотасы тұр. Бұл тікшеру жотанын барлық жағы батпақты жер болатын. Оның машайынан үш өзен ағып жататын. Нарыз темір бастион жасаган жапондықтар жотаны әскерпалармен, танкіге қарсы шұқырлармен және алты қатарлы металл ашамен сым коршауын жасап тастапты. Гранит тастардың арасына олар ондаган оқ ататын орындар, зенбірегі бар үлкен доттар орнатқан. Оның үстінен олар калыңдығы 15 метрлік граниттермен, ал амбраузуралар бронды қалқандармен корғалған. Жапондардың баска да тірек пункттері де осылай жасалған.

Осыған сәйкес біздің 5-ші армияға барынша көп минометтер, реактиві қондырылар, танктер мен өздігінен жүретін зенбіректер берілді. Алдыңғы шептегі атқыштар батальонында Батыстағы соғыс кимылдарында тәжірибе жинақтаған жауынгерлерден шабуылдаушы топтар құрылды. Артиллерииниң тығыздығы майданың бір километріне 260-тай зенбіректер мен минометтер болды.

Біздің 65-ші үш орденді Витебск атқыштар дивизиямыз 1945 жылғы тамыздың 8-інен 9-ына қараған түні Гродеково каласы арқылы алғы шепке алып келді. Шабуылдаушы топтар у-шусыз шекаралық заставаларды залалсыздандырып, доттарды қоршады. Танктер, өздігінен жүретін зенбіректер мен артиллериия шекарадан өтті.

Біздің әскерлер жалпы шабуылға шыкты. 10-шы тамыз күнгі таңертен Пограничный, Мулин, Линькоу және Муданьцзян елді мекендері азат етілді.

Линькоу мен Муданьцзян бағытындағы шабуыл кезінде пулемет бөлімшелері ұрыс тактикасын басқаша құрды. Біз, пулемет бөлімшелерінің командирлері, өзіміз шабуылға шығатын жерлерді жақсылап, барлап алдық. Содан кейін бірнеше пулеметті қанаттар бойынша оқ ату, сондай-ақ жау шеғінген кездес анықталған жапондардың доттарын жою үшін алғы жаққа орнатуды үйғардық. Бұл атқыштар бөлімшелерінің шабуылға шығуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Мен пулемет ротасының командирі ретінде біздің үйға-


рымымызды батальон командирі капитан Худяковқа айттым. Ол біздің бұл шешімімізді макұлдан, пулеметтерді жауға жақын орналастырган жақсы болады деді.

Жауға жақындайтын жерлерді шайдалана отырып, өзіміздең 12 станокты пулеметтің жартысын алға қарай шыгарып, батальон шабуылға шығатын жердің сол және оң қанаттарына орналастырдық, ал қалған пулеметтің взводтары атқыштар бөлімшелерімен шабулға шықты. Шабуыл кезінде біздің шешіміміз толық ақталды. Жалпы шабуыл басталғанда анықталған жаудың оқ ататын нүктелері біздің алғы жакқа орналастырылған пулеметтермен бірден жойылып отырылды, ол атқыштар бөлімшелерінің жылдам қозғалуына, жапондарды орналасқан позицияларынан күш шығуға көмектес-ти.

Бұл шайқаста көзге түскен пулеметшілер ордендермен және медальдармен марапатталды. Мен және взвод командирлері Виктор Попов, Александр Рева командованиеңің ас-кери тапсырмасын үлгілі орындағанымыз және ерлік пен қаһармандық көрсеткеніміз үшін 1945 жылғы 24 қазанды 63-ші атқыштар дивизиясы командирінің № 0175 бүйрүгімен «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталдық.

Мұлинді алу үшін болған шайқас та есімнен кетпейді. Біздің әрмияның артиллериялық даярлығы кезінде аман қалған жаудың доттары шабуылға шықкан 340-ші атқыштар полкінің бірінші батальонының солдаттарына оқты қарша боратты. Жауыпгерлер жерге жатуға мәжбур болды. Миномет расчётінің командирі, сержант Петр Осинский доттардың орналасқан жерін және оған дейінгі қашықтықты жедел анықтап, 82 миллиметрлік минометтен оқ атты. Оған басқа минометшілер мен артиллеристер қосылды. Біздің жерлесіміз, 18 жасар сержант Петр Осинский осылай жаудын дотын жойып, батальонының алға жылжуын қамтамасыз етті. Осы үшін ол «Ерлігі үшін» медалін кеудесіне тақты.

Отставкадағы капитан Петр Иванович Осинский үзак жылдар бойы ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті, казір зейнет демалысында, Петропавл қаласында тұрады.



ЖАУЫНГЕР ЖАЗУШЫ

Борис Николаевич Петров Көкшетау облысындағы Щучинск станциясында 1920 жылдың 6 тамызында туды. Омбы педагогика институтының тарих факультетін тәмамдады, әскерге шақырылды.

Ұлы Отан соғысина қатысты, оның Сталинградтан Кенингсбергкес дейінгі тар жол, тайғак кешулерінен өтті. Соңан кейін қырық бесінші жылдың тамыз айында Машчжурия аймағындағы Қантун армиясын талқандайған қатысты. Қызыл Жүлдэз орденімен, медальдармен наградталған. Әскерде оралғаннан кейін 1948 жылдан 1953 жылға дейін партия қызметінде болды. 1959 жылдан 1961 жылға дейін Қазақстан Жазушылар одағы Солтүстік Қазақстан облысаралық бөлімшесінде жауапты хатшысы қызметін атқарды.

Жазушының шығармашылық еңбегінде Ұлы Отан соғысы тақырыбы елеулі орын алды. Ең маңызды шығармасы — «Жексенблік міндет» («Жазуши», 1970 ж.). Ал алғашқы шығармасы Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылып, 1948 жылы жарияланды. «Сибирские огни» журналында жарияланған «Көгілдір жыра» әңгімесін қырмандар пазарын аударып, журнал редакциясынан жоғары баға алды. Оның бас редакторы С. Кожевников: «Жақсы жазылған әңгіме. Сізде әдеби жолды сәтті бастауышызben күттүктаймын. Жаңа дүниелер тұдышын жатырсыз ба? Егер жазбасаңыз, қателесесіз. Сіз жаза білесіз, ендеше жазбауға құқыңыз да жоқ!» — деп жазды.

Петровтың әскери шығармаларындағы құрмет тұтып, қадірлеуге лайықтысы — оның шынайы шыншылдығы. Олай дейтініміз, оның кейінкерлерінің әдetteгідей деректі әкіғаларға негізделуінен болар.

Жазушы кобіне-көп қандай да бір әкіғаны, ақиқат болмысты көрген, білген, әсерленген сөтінде қағазға түсіріп, шығарма тудырады. Борис Николаевичтің алғашқы нобай жазбаларын түсіретін қойын дәлтері (күнделігі) үдайы қалтасында жүретін жол серіргі болатын. Сондай бірнеше майдан дәлтері қазір облыстық олкетану музейінде, көшілігі — үйіндегі архивінде сақтаулы.

Әскери прозасындағы екінші бір айрықша ерекшелік — табиғатты ақындық шабытпен бейнелей білетін шеберлігі мен тілінің шүрайлығы. Жазушының шығармаларында оған айқын бояу, түс, шырай беретін табиғат үнемі жарқырай көрініс тауып отырады. Петров шығармаларының негізгі тақырыбы — соғыс, оның бүкіл ауырталығын мойнымен көтерген совет жауынгері. Оның бейнесі, сипаты, мінез-құлқы қаһарлық соғыс зобалауды елестетеді. Бірақ жазушы әкіғаларды баяндау барысында оның қаһарлық, қатыгездігінің сыртында үлкен адамгершілік қасиеттерін де ашады. Азат етуші жауынгердің үлесіне тиғен қатал сынақ оның жүргегін мүлде қатайтын, тас қыл жібермейді, ішкі рухани жан-дүниесін, жақсылығы мен сүйіспеншілігін тұншықтыра алмайды. Петровтың «Капитан Калашниковтың дәрменеіздігі», «Старшина Барабановтың олжалары», «Жолбарыс төбешігінен алған сыйлық», «Боцман Немо», «Бұлбул құс», «Даша мен генерал» және басқа әңгімелердерін кейінкерлері тап осыпдай.

Жазушы шығармаларындағы адамдар әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды, бірақ оларды өз істерінің ақиқаттығына сенімділік, Оғанға де-

теп сүйіспеншілік бәрінің басын қосып, біріктіріп, ынтымақтастырып. Осынау жеңіске деген берік сенім «Жексенбілік міндет» романында шыныай ашылады. Роман көбінше автордың ез басышан алғының жазылғанға ұқсайды. Жазушы көнтеген замандастары романдағы Трубиннің бейнесінен авторды оңай таниды. Ойткені Петров оны аса бір ілтиратпен, білгілікпен суреттейді. Сержант Андрей Трубин әскери қызыметке жан-тәнімсін беріле кірлеседі, бірақ оған алғаш тек сырттай гана әсерленеді, қызыгады. Ол ер жолы жауынгерлерді көшемен сап түзетіп алғы келе жатып, қандай да бір көтөрілік көңілді сезінеді. Мұның өзі санасына: сен — командиресің, сап сенің еркіне бағынған деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бәрінен ғурын сенің командир екенінді жұрт көреді. емес ше? Соғыс—ажал, адамзат көріл-бліш келе жатқан қатыгездіктердің ең бір сойқаны, зұлматы фой. Сол соғыс Трубиннің әскери міндетіне алғаш кіріскендең қиял-ғажайын ертеғлеріндегі әсерін су сенкендей басады. Бірақ ол оны қорқыта да, мойыта да алмайды. Кешелер мектел шартасын тастан келген майдандас жолдастарының да солай заре-құтын алғыш, үнжыргасын түсірмейді. Теңдессіз ерлік, қуатты рух, ерік-күш, Отан, халық тағдыры өз қолдарында екенін риясыз сезіну сойқан соғысқа қарсы тұрады.

Романның аяқталар сәтінде біз іштей де, сырттай да өтгеріске түсken басқа бір Трубинді көреміз. «Од бұрынғысина мұлде болек: балаң жігіт кезіндегідей емес, тұлғасы толған, жауырыны қақпаңтай, ал сейлейді, сөзі салмақты, даусы да қоңыр, қатқыл шыгады».

«Жексенбілік міндет» романы соғыс жылдарындағы ақиқатты шыныай бейнелеген. Оның құндышының сол—біз ондағы кейіпкерлердің ішінен өзіміздің жерлестеріміз—солтүстіққазақстандықтарды да көздестіреміз.

Петропавл қаласында екі коше бар: оның бірі Совет Одагының Батыры подполковник А. В. Матвеевтің, екіншісі—жазушы—майдангер Борис Петровтың есімімен аталады. Біз оқырмандарға оның жазған «Комбаттың Алтын Жұлдызы» атты әңгімесінен үзінді ұсынып отырмыз.

КОМБАТТЫҢ АЛТЫН ЖҰЛДЫЗЫ

Майор Матвеев корпус командирінің басшылық жасау пунктіне шақыртылғанда қаңтардың актаңдық таны жаңа гана сібірлей бастаған еді. Генерал оған:

- Алда, армияның шабуылға шығар жолында -- Блендув қаласы, онда жаудың мықты бекінген қорғаныс торабы жағыр. Оны алу, шабуылдың жетістігі бөлімшелерді алға жылжытуға байналысты,—деді. Сіздің батальоныңыз,—деги жалғастырды генерал, — алдыңың катарлы отряд болып тағайындалады. Танк ротасы, артиллерия мен миномет дивизиондары беріледі. Міндет: негізгі күштер жеткениш қалапы жауған босату керек. Мен бұл іс-әрекетті, сіздің жауынгерлік

тәжірибелігінде үміт, сенім арта отырып, Сізге жүктеймін.
Міндегі түсінікті ме?

— Дәл солай, жоллас генерал!

Орта бойлы, сыйтығырдаі, сенімге риза көнілмен комбат
оң колының бес саусағын шалт көтеріп бас киімнің күп
қагарына тигізді де, екі өкшесін сарт еткізді.

Генерал оның жауынгерлік тәжірибесі туралы айтқанда
кательеснеген екен. Соғыс 1941 жылы 22 маусымда Матвеев
батыс шекарасында, моторлы—механикаландырылған полк-
та бронды, автомобилшілер взводына командир болып жүр-
ген кезінде басталды. Сол күні-ақ лейтенант жауған оқтың
астында қалды, көп ұзамай жараланды. Бірақ батальоның
емдеу орында жатқан жок. Жауга деген өшипепділік маза-
лай берді. Жаралыларды тылға көшіру басталғанда санбат-
тағы абыр-сабыр жағдайды пайдаланған лейтенант Матвеев
күйім-кешегін алғып, алғы шептегі өзінің болімшесіне қайтып
оралды. Содан кейін де ол екі рет жаракаттанып, екеуінде
де саптан шықкан жок. Тек төртінші рет жаракат алғандағанда
госпитальде біржарым ай жатуға тұра келді.

Ал, оның өз батальонмен қашама киян-кескі ұрыстарға
қатысқанын есептеп шығарудың өзі қын. Сталинградтан
кейін Курск ініндеңі шайқас, соңан соң—Днепрді кешіп өту
және Қиевті алу, Румыниядағы, Днестр мен Прут өзендері
бойындағы, үш жағынан оқ пен отқа оранған Польшадағы,
Висланың батыс жағалауындағы Мангушевский плацдар-
мындағы шайқастар—міне, Матвеевтің от кешіп өткен жолы
осындаid. Осынау шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін ком-
бат Матвеевтің омырауында екі жауынгерлік орден жарқы-
рады.

Мінші, оның алдында айрықша маңызды тагы бір жаңа
таңсырманы орындау міндегі тұр еді.

...Таңғы сағат төрт шамасында батальон пысаналы жерге
келіп тоқтады. Шаш-шүң, ғүріл-сарылмен фашистерді шошы-
тып алмас үшін танктері мен автомашиналарын артта қал-
дырып, жауынгерлер жаяулап, ун шығармай жеткен.

Жол бойы комбаттың ойы сан-сакқа жүгірумен болды.
Генералдың: «шабуылдағы жетістік — қаланы алуға байла-
нысты...» дегені құлагының түбінен ызыңдан тұргаңдаид.
Жаңсақтық, сәл-пәл қателік жіберсен — бәрінің бүлінгені,
батальонды қырып салады.

Тан бозамықтана бастады. Сүрқай, сүйк аспан астында,
таң қараңғылығы арасынан үйлердің тік сұлбалары мен

қаңылтыр жапқан шатырлары қараң-кұран, бұлдырап көрінеді. Бұл — Бленду... Екі жагынан асфальт жол өтетін үніз, мәңгілеу үйлер жынытығы бұларды немен карсы алмак?

Комбат қолымен ишара жасап, белгі берді.

Лейтенант Паршин.

— Мен мұндамын.

Ал, бастан...

Ала-құла плащ-жамылтқы киген барлаушылар елес сияқты қараңғылықка сініп, жоқ болды. Жүрек сағаттай соғады. Бір минут, бес минут, он минут, жарты сағат! Мылқау тыныштық. Қыңқ еткен дыбыс жоқ. Қенет барлаушылар взводының командирі жер астынан шыккандаі комбаттын алдынан ербен ете қалды.

— Бәрі де ойдағыдай. Фрицтер бізден бейхабар, үйлерде бықырт тигендей үйықтап жатыр. Майдан әлі алыс дейтін сияқты. Бірақ бекіністері мықты. Қаланың кіре берісіне екі дзот қойынты. Сыммен қоршалған.

Комбат оны тыңдал алғанин кейін аспанаға екі жасыл ракета атылды. Бұл шабуыл белгісі еді. Батальон қалаға лап қойды. Жауынгерлер алғашқы үйлердегі гитлершілерге үйықтап жатқан сәтте басып кірді: қапылыста олар төсектерінен атып-атып тұрысып, ес-түсіз, көйлек-дамбалшаң қөшелерге қашып шықты. Біздің автоматтардың үйренишікті дырылына неміс пулеметінің қоныр үнді тақылдауы қосылды. Қол бомбалары тарс-тұрс жарылып жатты. Гитлершілер де естерін жия бастады.

— Жолдас комбат, алдымызда тікенді сым коршауы тарылған, дзоттан пулемет оқ жаудырып тұр!

— Еріндер соңынан!

Қызу ұрыста қаны қайнаган комбат қоршауға алушылар тобын өзі басқарды. Қырау басқан темір тікенекті сымдардың үстіне капитан погоны бар бозғылт шинелін атып ұрып, орі өтті. Дзоттың тас-талқанын шығарып, оны алды. Қол гранаталары мен зеңбіректерден снаряд жаудырылып, көше қызылстарындағы басқадай атыс нүктелері де құртылды. Бүкіл қала оқ пен отқа оранды.

Міне, қаланың батыс жақ шеті де көрінді. Одан екі шакырымдай алаңқайды тәбесін түйеөркештендіріп шиферлаған жаппа астында самолеттердің сұлбалары анық байқалады. Үшү алғанын жаз күніндегідей тазалап, тегістеп тастапты.

— Аэродром! Самолеттердің ұшып шығуына мүмкіншілік

бермей, тез соған жету керек! Толассыз атудан ысып кеткен иистолетін қолыңа жалаң ұстаган комбат қасына жақындағ берген автомашинаның табағалдырығына атын шықты. Жауынгерлер жапа-тармагай оның қорабына отыруға үмтүлді.

— Тура тарт! Шашпаң! — деді ол...

Таңғы сағат жеті шамасында бәрі де бітті, қала жаудан босатылды. Шабуылға шығатын әскерлердің жолы тазартылды. Комбат, жауынгерлерінің бірі басқа біреудің шинелін ишігіна өкеліп жаба салған қалпында снаряд жәшігінің үстіне отырып алды, мәлімет жинай бастады: жаудың скі полкы талқандалды, 50 гитлерші құртылды, 150-і тұтқындалды, оның ішінде 14 офицер, екі генерал бар. Олжалардың ішінде екі полк туы, 18 соғыс самолеті, зенбіректер, автомашиналар, көптеген қару-жарақ түсірілді.

Қорыққан койдай бір жерге иіріліп, қалжырап, қабактары түсін тұтқын офицерлер, ауыр жұмыстың кейінгі шаруа сияқты маңдай терін женімен сұртіп, күн көзіне сығырая қарап қалған қара шашты орыс капитанына сұқтарын қадап тұр еді. Бір сәт болмай, армияның әскери кеңесінің мүшесі, генерал Латышев келіп жетті. Комбат атып тұрып бой-басын түзеп, әскери тәртіппен жауынгерлік тапсырманың орындалғаны туралы мәлімдемек болды. Бірақ әскери кеңестің мүшесі оны тоқтатты да, кәдімгі баласымен қауышқан экесіндей құшағына алды.

— Білемін, комбат, бәрін де білемін. Сенің сұнқарларынды да, өзінді де Батыр атағына, Алтын Жұлдызға ұсынамыз. Жарайсындар, жігіттер!

...Матвеевке Алтын Жұлдызды болашақ маршал, танк армиясының қолбасшысы генерал Богданов тапсырды. Әскери сантың алдында генерал оны комбаттың жорықта киетін жейдесінің омырауыша өз қолымен тақты.

Жаңа ерліктер жасауыңа тілекtesпін! Жеңіске жетуге жазын, абыройлы бол!

Жеңіс күні жақындаған келеді. Алда фашистердің аpanына апаратын ең соңғы су шебі Одер өзені көктемде тасып, кең жайылған сүйе балқыған қорғасындаған толқып жатыр. Одан әрі — Берлинге жол!

Матвеевтің батальоны Берлинге шабуылды өңің солтустік жақ шетінен бастады. Тоғыз күн бойы атыс бәссеңсімеді. Бөгеттермен қоршалған әрбір көшеде, әрбір үй мен үй қабаттарында кескілескен үрыс жүріп жатты. Гитлершілер та-

бап түреп, жаң ұшыра қарсыласумен болды. Алайда соғыстың аяқталары ақиқат еді. Біздің жауынгерлеріміз жауды есік-тесіктердің бәрінен қидай сыйрып, дауылдай екпімей ала жылжыды.

Комбат күн мен түннің ауысып отыратын заңдылығында ұмытқан сияқты. Екінші мамыр күні атыс тоқтағанда ғана ол алғаш рет күннің көзін көргендегі болды. Дәңгелек шамшырақ қап-қара қою түтін бұлтының арасынан тізе бүккен қаланың, үйлері таудай үйінді болып қираған кең Үнитер дең Линден көшесінің, шүрқ-шүрқ оқ тескен Бранденбург қакпасының үстінде жарқыран тұрды. Құрымдай ысталған күйелеш-күйелеш, тұңжыр, көп тіреуішті зәулім үйдің араса-арса боп күйген күмбезінің нақ ұшар басында совет жауынгерлері тіккен алқызыл Женіс туы желбірейді.

— Жолдас комбат, Рейхstag! — деді бір жауынгер.

Бірақ комбат бұл үйді өзі де білетін. Соғысты жауынгерлік ерлікten аяқтаған солтаттар мен офицерлер сінді оған соғыстағыдай бұқпантайламай тік жүріп жан-жақтан ағылып келе бастады. Талқандалған Рейхstag «мың жылдық» фашистік рейхтың кіндігі болатын. Сөйтіп, Матвеев осыдан іөрт жылдай уақыт бұрын Украинаның Радзивиллово қалашығында кырық бірінші жылдың маусым айының тацында бастаган өзінің жауынгерлік киын да ұзақ жолын тап осы Рейхстагта аяқтады.

Киіміне оқ-дәрінің пісің сіңген, фуражкасын фашист мерзенінің оғы тесіп, әлі ұрыс кезіндегі қызу сезімнен серги алмай тұрған комбат қолындағы тапаншасын қабына сұңғітіп жіберді де, жейдесі мен белдігін түзеп, команда берді:

— Рота старшиналары, қанша адам қалды, тексеріндер!
Жеңіс—жеңісімен, ал қызмет одан әрі жалгаса берген.



ОН СЕГІЗДЕ ОТ КЕШКЕН

Ардагерлердің істері мен өмірлері — тарихтың бага жетпес иғілігі, еліміздің ұлы өміrbаянының қаһармандық тағырлары. Біз сіздерге төменде ел басына қауіп-қатер төнген сын сағатта туған елдің тәуелсіздігі, нұрлы болашақ үшін от кешкен, бүгінде де қатардан қалмай өздерінің бай тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үйретуден жалықпаған, самай шаштарын ақ күміс шалған екі ардагер, екі тағдыр туралы әңгімелемекпіз.

БІР КҮН ЖӘНЕ БҮКІЛ ӨМІР

Төңірек бір сәтке қалғып кеткен сиякты. Атыс та жок, шабыс та жок — тып-тыныш. «Зенбіректер неге зіркілдемейді, спарядтар неге жарылмайды?». Ол есін жиғаннан бері елеңдеумен жатыр. Бірақ өзінің қайда скенін біле алар емес... Элден уакытта бірсуз ыңырысығандай болды. «Мынау жарапалы адамның үні гой, Василій емес не? Бәссе, танк тоқтан қалған скен ғой».

— Қазір... Вася, шыда... — Жарапалы жолдасына көмеккесек болып ұмтыла берген ол қайтадан сылқ ете түсті. Тас үбеден ұстаған зіл батпан қозгалтар емес. Өзінің жарапалы екенін енді ғана сезген жауынгер жан дәрмен аяқ-қолын қи-мылға келтіріп, оқ тиген жерін іздей бастанды. Аяқ-қолы сау сиякты, бірақ басын ақ дәкемен шандып тастанты. Ыңырысыған дауыс тағы естілді.

— Шыда, Василій, шыда, қазір... қазір...

Сізге қозгалуға болмайды.

— Бұл қайсысы тағы? Мен қайда жатырмын?

— Сіз жарапалысыз, госпитальда. Аты-жөніңіз кім?

— Оның не қажеті бар?

— Медициналық карточка толтыруым керек, документтеріңізді таба алмадық, сірә, танклен бірге жанын кеткен болуы керек.

— Жазыныз, фамилиям — Жолсарин, есімім — Әли.

— Әскери дәреженіз?

— Катардағы жауынгер.

Осы қыска деректерді жазып алған сесіра кетуге, ыңғайланған бергенде Әли опы тоқтатып:

— Қарындас, мүмкін болса, көзімің алдын сол ашсаныз, жан-жағымды көріп жатайын, — деді.

-- Дәрігердің рүқсатының аша алмаймын, ол кісі ертең көледі, соган дейін шыданыз.

Ертенине дәрігер келіп, Элидің хал-жагдайын білді. Басын көтеріп, дәкені босата бастағанда Эли қуаныш қалған. Бірақ неге екені белгісіз, кес жанарын тұмшалаған қаратунек серпілмеді. Сол-ақ екен, бойын үрей билеген жас жігіттің жүргігі дүрс-дүрс соғып, аузына тығылды.

— Жолдас дәрігер, мен түк көрмеймін, -- деп ышқына айқайлады ол.

— Жолдас дәрігер, неге үндемейсіз, айтсацызыны, жанарам сау ма?

— Абыржыманыз, казір бәлен деу қын, ең алдымен мына жеңіл жарапарды жазуымыз керек, әлі беттің ісігі де қайған жок.

Сарылып жата-жата уақыттан жаңылған жауынгер дәрігер айткан күнді тағатсыздана күтті. Мүндайда уақытың өтпейтіні бар гой, кейде ол тіпті тоқтаң қалғандай сезіледі. Оймен оңаша қалу қын екен, бірде тәтті сезімге берілсе, енді бірде асав аттай ойқастаған тентек ойлар жүрек түсын шымшылайды. Бірақ оның оған бой алдырығысы жок. Жасы жиырмадан жаңа асса да, өмірдің ашы-тұщысын татып үлгерген Эли күн мен түпнің алмасқаны сиякты күйініш нен сүйініштің де қатар өрілестінін жақсы біледі.

Ол әке-шешеден жастай жетім қалды. Әйтсе де тағдыр тау-кыметін тартып, тентек жел іле қашқан қаңбактай күй көшкен жок. Еті тірлігінің арқасында бұл да басқалардай бұла болып есті. Өзі сиякты өрім жастармен бірге ойнап құліп, білім алды, сибек етті.

Осының бәрін бір күннің өшіре салуы, өткен мен сртептің үұрлы болашақтың арасындағы берік тінді кілт үзуі мүмкін емес. Дәрігерлердің шипалы қолы, үшкыр ойы дерттес де құдіретті. Анада қансырап қалғанда тез қатарға қосқан олар оны бұл жолы да қатыгездік шенгеліне іліктірмейді. Сол жолы да ол госпитальға ес-түссіз түскен.

...1941 жылдың күзі. Қатардағы жауынгер Эли Жолсаринге Москванды қорғаушыларға қару-жараСАК жеткізу міндеті жүктелген-ді. Жау снарядтары қарша бораған отты белдеуді талай ғет кесіп өтсе де, сол күні оның жолы болмады. Алғашында жеңіл жара екен деп елемеген ол кеудешесі қанға боянғанда ғана жағдайы қын екенін сезініп, оны тоқтатуға әрекет жасай бастады. Бірақ онысынан түк шықкан жоқ. Енді не істеу керек? Қару-жаракты жолда қалдыруға бол-

майды, ие де болса алғы шепке жеткізуге тиіс. Осы оймен машинасын қайтадан от алдырган ол тағы алға зырлады. Содан ол алғы шепке жеткеншे рульді босатқан жоқ. Кейін не болғанын, госпитальға қалай түскенін өзі де білмейді. Госпитальда жатқанда дәрігер оған майдандық газеттің бір нөмірін әкеліп берген. Одан ол өзінің соңғы тапсырманы ойлағыдай орындағаны жайлы хабарды оқыды. Сол жолы да рігерлер колдан келгеннің бәрін істеп, оны тез қатарға қости. Олардың көмегіне қалтқысыз сенеді. Құні ертең-ак қатарға косылып, тағы да шабуылға шығады, тағы да ата жаумен бέтпе-бет кездесіп, майдан даласында ерлікпен каза тапқан жалғыз бауыры Мақан үшін, карулас жолдастары үшін, Ванслий үшін кек алады...

Емдеуші дәрігер оны бүгін де үзак қарады. Әли еш жері ауырмайтының айтып, дәкені алууды өтінген. Екі сөзге келмей дәрігер дәкені босата бастағанда қалай қуанды десеңізші. «Қазір қара түнек серпіліп, күн шуақ төгіледі». Сағынды гой ол бәрін. «Бұл не... дәке жоқ, сәулө де сезілмейді... көптен таңулы болғандікі шығар. Қазір, қазір...» Ол мазасыздана бастады.

— Жолдас дәрігер! Жолдас дәрігер!

— Сізді бүгін тылға жөнелтеді, — деді дәрігер.

Әли оның даусындағы толқуды жақсылыққа жорыған жоқ.

— Жолдас дәрігер, жолдас дәрігер, мен көрмеймін бе?

Ешкім оған тіс жарып жауап қатқан жоқ. Аяктардың тықылы үзаң барады. Осы сэтте оған қаншама уақыт жас жүргін аялаған үміт оты өшіп бара жатқаңдай көрінді.

— Жолдас дәрігер, жолдас дәрігер...

— ...

Селт еткен дауыс жоқ. Бәріп қара түнек жұтып қойғандай. Өзегін өртеген күйініш сейілер емес. Енді қайтып қара түнек сөгілмейді, өмір шуағы төгілмейді. Неткен ауыр үміт еді. Аяқ-колы балгадай жиырмадан жаңа асқан жас жігіт үшін бұдандың асқан қайғы-қасырет болуы мүмкін бе. «Бұдан да біржола өлгенім артық еді гой» деп ойлады ол сол сэтте. Бірақ соның бәрі бекер екен. «Жеңіс!» деген жалғыз ауыз сөз оның болашақ жайлы ой-толғамын өзгертип, шаттыққа белеген. «Жеңіс, жеңіс!». Осы бір сөздер жүректегі жаңа отын тұтатып, қуаныш қонырауын тынымысыз қаққанда да мәз-мәйрам болып, көппен бірге көшеге шыққан. Қуанбағанда ше, осы күнді жақыннатуға ол да үлес кости. Әта жауы жеңілсе, оның кегі қайтқаны емес пе. Осы жеңіс үшін талай

боздактар жанын да шида еткен жоқ па, ендеше солардың касында оның мезгілсіз өшкен қос шырағы түк емес қой. Отанның аспаны ашық болып, көгінен күн күліп тұрса, оның не арманы бар. Осы сезім оның өшүге шақ қалған үміт отын қайта маздатып, алға өмір белестеріне жетелеген еді. Ұлысыңың ұлы құні тұтанған сол алау оның өмір жолын нұрланырып, қуанышқа қауыштыруда.

Семья құрып, сәби сүйді. Қазір екі баласы екі жерде отау тігіп, түтін түтетіп отыр. Өзі болса бір кәсіпорында отыз жылдан астам табан аудармай ецбек стіп, жасы алпыс-тан асқанда ғана құрметті демалыска шыкты.

Бұғандері Элекенді мектеп оқушылары арасынан жиі кездестіруге болады. Осындаі сәттерде ол миллиондардың қанымен қорғалып қалған бұғингі бейбіт өмірді қөздің қарашиғындаі сақтау, оны еселі еңбекпен пығайту баршаның ең кастерлі борышы екенін дәттейді.

Уақыт нәткен үшкыр десенізші. Элексімен танысканымызға да он жылдан асып кетіпті. Онымен кездескен сайын менің ойыма **Мұқағали Мақатаевтың**:

«Мүгедек емес олар —

Жаралылар,

Жеңістің қолдарында жалауы бар.

...Парадтан барады өтіп, жаралылар...

Ей адам, Басынды ій де, қарауына ал», — деген өлең жолдары оралады. Иә, жаралылар — кешегі ел қорғандары. Осындаі аяулы жандардың бірі — өнірін Отан наградалары—Кызыл Жұлдыз, бірінші дәрежелі Отан соғысы ордендері, бірнеше жауынгерлік медальдар әспеттеген Элекен.

ҚЫРАН ЖОЛЫ ҚИЯДА

Мектеп оқушылары мен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің кездесуінс қатысқан Қайрекең үйге кештетіп оралды. Экесінің табағалдырықтан аттауы мүң екен, Гүлнәзім оның мойнына асыла кетті. Колында үлкен көк конверт, «Биле, билесең беремің» дейді. Иглік пеп Құлнера да: «Қәне, қәне, «Яблочки!» — деп күлісіл жатыр.

— Қарақтарым-ау, картайғанда әкелерінді қажап қайтесіңдер, одан да оқымайсындар ма, кімнен, қайдан келген хат?

— Минск облысы, Клецк қаласындағы орта мектеп оқушыларынан. Қайрекең елең ете түсті. Хатты Гүлнәзімнің колынан алды да, «мә оқы», деп Құлнераға ұстартты. «Құрметті,

Қайдар Есімов. Сіздің соңғы жаған хатынды алдық, көп рахмет. Енді іле жауап жазып отырмыз. Жуырда біздің мек тептегі «Қызыл ішшілер» клубының атына. Днепропетровск облысындағы Верховцево станциясынан хат келді. Хат несі — М. Д. Петелин. Бұрынғы Макеев дивизиясының жауынғе рі. Клецкіні жаудан азат етуге қатыскандардың бірі. Мұмкін, Сіз білетең боларсыз? Мына суреттің коса жіберуді жөн көрдік. Асыға хабар қүтеміз. Солеммен, 9 «а» класының окушылары. 1984 жыл. 17 наурыз.

Шеті мұжіліп, сарғыш тартқан суретке тесілс қараң қалған Қайрекең кенет айғайлап жіберді: — Мынау Михаил гой, қайран қаруласым-ай, бар екенсің гой, тірі екенсің гой.—Осы сәтте оның жанарынан ыстық жас ыршып түсті.

Құтшеген оқиғадан өрекпіген Қайрекеңнің көпілі көлкесі дейін сабасына түсे қоймады. Михаилдің өзін көргендей қуанды. Хат жазбак болып қолына қалам алып еді, ойы он сакка жүгіріп, аузына сөз түсней абырайды. Тамаққа да зауқы жок. Сосын хатты кейінге қалдырып, диванға қисайып жатты. «Ойда жоқ жерде, қырық жыл өткен соң тағдырласыммен табысатын болдым-ау. Жиырманың үстіне жаңағана шықкан жауырыны қақпақтай қапсағай жігіт еді. Қазір қандай екен?...» Қайрекеңнің ойы бірте-бірте сол бір оттың күндерге қарай ойыса берді.

Сол күні қатардағы жауынгер Қайдар Есімов ротада кезекші болатын. Түннің бір уағында батальон штабы байланысқа шашырды. Трубканың ар жағындағы дауыс: «Дабыл қақ, ротаны көтер!» деп қысқа қайырды. Осынау бүйректүң боларын сезгендей жауынгерлер сергек жатыр екен. Қасқағым сәтте, бүкіл батальон бір кісідей сапқа тұрды. Батальон командирі жайшылықта да сөзге сараң кісі еді, бұл жолы да қадау-қадау бүйректардан әрі асқан жоқ. «Жолдастар, — деді ол, — жау бізді орап алдымызға шығып кетті. Ендігі міндет — майдан шебіне жетіп, өзіміздің бөлімдерге қосылу. Қару-жарак, тамақтан басқа артық нәрсенің керегі жоқ...».

Белуардан саз кешіп жүру оңай болып па, кешікпей жауынгерлер титықтал, қажи бастады. Тамак коры да таусылуға айналған. Командирлер жауынгерлерге күнде ертецмен дем беріп келеді. Жағдайда жауынгерлер де түсінеді, түсінеді де шыдайды.

Қайдардың етік қажаган аяғы күп болып ісіп кетті. Жолға шыққалы көз шырымын алған, емес, күр сүлдері сүйретіліп келеді. Жүдегені сондай—жақ сүйегі шодырайып шығып кет

кен Кай-кайсысы болмасын солай. Бұлар орман кезіп жүрге-
н бүтін он жетінші күн. «Шыдау керек, неге болса да шыдау
керек». Ол өзін-өзі осылай кайрап кояды. Кеңест көзінің алды
тұманданып, құлағы шынылдап коя берді. Басы айналып,
кекжиек шайқалып кеткендей болды.

Соладен соң көзін ашқанда өзіне төнін тұрган жауынгерді
корді. Бірақ таныған жок.

Гена! — Жауынгер дәстары Қайдарды осылай атайдын-
лы, мен Михаилмын ғой.

Бірте - бірте есі кіре бастаған Қайдар: «Миша, маган қа-
райлама, кете бер, — деді де қайтадан көзін жұмды. Михаил
оны қапсыра құшақтап көтере берем дегенде өзі де мұрттай
ушты....

Қайдар есін жинағанда қайда жатқанын білмей дал бол-
ды. Тылсым тыныштық. Бұл жерде зіркілдеген зенбіректер
үні де, шаңқылдаған ңеміс солдаттарының дауысы да естіл-
мейді. Үлкен терезеден төгілген күн сөулелері бөлме ішін
шұрга бөлеп тұр. Өнді мен түсі скенін айыра алмай, көзін бір
ашып, бір жұмып жатқан Қайдар қасында тұрган ақ халат-
ты қызды көрді. Ол мұның мандайына қолын салып тұр.

— Мен қайда жатырмын?

— Сіз госпитальдасыз.

— Қалай келдім? Кім әкелді? — Қыз өзі білетін жағдайды
айтты да, «мынаны сізді әкелген жауынгер қалдырып еді»
деп бір жаңырак қағазды Қайдарға ұстады. Қайдар қағазды
көз жүгіртіп оқып шықты. «Гена, біз қоршаудан шықтык.
Бірер күн тыныққаннан кейін үрысқа енеміз. Сен де тезірек
айығып шық. Қөріскеңше күн жақсы. Михаил. 1941 жыл, 25
шюль. Могилев қаласы».

Қайдар госпитальда ұзак жатты. Сол кезде немістер Моги-
левке жақындал қалды да, госпиталь Москваға коныс ау-
ларды. Қайдардың госпитальдан шығам деген әрекеттерінен
шітеме шықпай жүрді. «Өкпене сұық тиген, ұзак уақыт ем-
делуге тұра келеді», — деді дәрігерлер. Бірақ жас жігіт өз
дегенінен қайтиады. «Бүгінгідей Отан—ананың тағдыры қыл
үстінде тұрганда әркім өз жайын ойласа не болмак. Менің
жашым басқалардікінен тәтті емес» деп Қайдар октябрь айы-
ның орта кезінде госпитальмен қош айтты.

Бұл кезде Москва түбінде кескілескен үрыс жүріп жатқаны.
Қатардағы жауынгер Қайдар Есімов те астананы қорғау-
шылардың сапына тұрды. Ол Красное поляны аймағында
болған қиян-кескі үрысқа қатысты. Сол үрыстардағы ерлігі

үшін ол «Москваны қорғағаны үшін», «Қайнармандығы үшін» медальдармен наградталды.

Фашистік басқыншыларды Москва түбінен қуып тастаганнан кейін Қайдар Солтүстік Кавказ майданына ауысты. Ол кайда жүрсө де туган еліне адалдығын айғақтаумен болды.

1942 жылдың сентябрь айында канылыста жау қолына түсінген Қайдар концлагерьде фашистік жендесттердің жантүршігерлік айуандық істерінің күесі болды. Фашистердің совет адамдарына жасаған қорлығы оның жүргегіне кек болып катты. Бір күні 24 тұтқынды Германияга жөнелтуге ірікten алды. Солардың ішінде Қайдар да бар еді.

Тұн. Қайдарды отырғызған поезд батыска қарай жүгіткін келеді. Іші құсаға толған Қайдарға «бір карманар шақ осы» деген ой келді. Ол орынан тұрды да, өздерін күзетіп тұрган неміске жақынады.

— Камрат, — деп бар білетін пемішесін айтЫп, темекі тұтатқысы келетінін ымдан түсіндірді. Күзетші оған оттық ұсынды. Вагон есігі жартылай ашық тұр екен. «Осы жауымды ала өлейін» деген оймен Қайдар күзетшінің оттығын өзіне сол колымен қайта беріп жатып, он колымен құлақ шекедеп бар пәрменімен періп жіберді де қалпақтай ұшырды. Есікті сырып тастаң, талып жатқан күзетші фашисті вагоннан лактырып жіберді. Содан кейін өзімен бір вагонда келе жатқандарға: «Ал, кашындар!» деді де қою қараңғылыққа койып кетті.

Қашша жатқапын кім білсін, бір кезде есін жинап аупап түсін ол аспан төсінде жымындаған жұлдыздарды көрді. Төнірек тым-тырыс. Кол-аяғын қыбырлатып көріп еді, икемге келетін сиякты. Тек басы мен-зен, корғасын құйып койғандай көтерер емес. Ол неде болса жолдан ұзан кетуге тырысын, еңбектей бастады. Содан алыста қарауытып көрінген орман шетіне таялғанша бас көтерген жок. Ауық-ауық құлағын жерге төссе тың тыңдайды. Бірақ тылсым тыныштық құшагында мұлгіген тоқірек селт етер емес. Әбден қалжыраған ол шалқалай жатып тағы да көк аспанға көз тікті. Жауғұтқынындағы аш жалаңаш жауынгерлердің азапты бейнесі көз алдына келуі мүн екен—дениесі тітіркеніп кетті. «Вагондағылар не болды екен? Сірә, ешкім, бұған ермеген сиякты, әйтпесе біреуі болмаса біреуі дыбыс берер еді гой. Мейлі, мен борышымды өтедім. Олардың да бір ойлағаны бар шығар. Ал Қайдардың тағдырға мойын ұсынғысы жок. Қынн сөттерде шарасызыққа салынса ол әлдекашан жер басын

жүрмеген болар еді...» Осылай еріксіз ой жетегіне ерген ол өнің балалық шағын еске алды.

Бесіктен белі шықпай жатып әкес-шешеден бірден айрылған ол бұғанасы қатаймай қатарға қосылғанша көп қыныңдық көрді. Алгашында қамқорсып паналатқан жамағайындарға жақтырмай қабақ шыта берген соң біржола көрші орыс селlosына кетіп қойған. Өмірде жүргегі жомарт қайырымды адамдар көп қой. Сөті түскенде Андре Коколов та осындаи інгі жүректі адам болып шықты. Ол мұны өз балаларынан кем көрген жок. «Бірақ қашаңы біреуге масыл бола берем» деген оймен ол қалаға тартты. ФЗО-ны ойдагыдан тәмамдағаннан кейін ол Семейге барып жұмысшы факультетіне окуға түсті. Бірақ, не керек, қысқа жіп күрмеуге келмей, окумен қош айтысуға тұра келді. Ол сонда да мойыған жок. Түкстанға барып сонда темір жолға жұмысқа орналасты. Содан әскер қатарына алышғанша машинистін көмекшісі болып істеген ол анталған жау туған жерімізге баса-көктеп кіргенде № 51 жеке пайдалану темір жол ротасының құрамында қызмет атқарып жүр еді. Иә, оның көрген қыныңдығын ешкімнің басына бермесін. Қөзін жаңа-жаңа аша бастағаны сол еді—қатығез жау ойран салған жок па? Бірақ, арам ойың жүзеге аса қоймас. Ол өліспей беріспейді.

Кенет әлде кімдердің сыйырласқан дауысы естілді. Ол жатқан орнынан қозғалған жок. «Жау болса бәрібір қашып құтыла алмайды, дос болса...». Жүргегі өстіп өз-өзінен дүресідей жөнелді.

Беймезгіл жүрген екі адам таяп келіп төціректі шолып тұрып қалды. Мұны байқамаған сияқты. Қиімдеріне қарағанда жергілікті түрғандар. Ол одан әрі үнсіз жата беруге шыдай алмады, бар күшін жинап орнынан тұрды. Бұл кездे таңда бозамықтанып атып қалған еді.

Фашистік тұтқыннаи осылай құтылған Қайдар 28-ші армияның 54-ші дивизиясы құрамында жауга қарсы ерлікпен шайқасты.

1943 жылдың авгууст айы. Клецк қаласы үшін қиян-кеекі ұрыс жүріп жатты. Сол ұрыста Қайдар өзінің 4—5 жолдастымен қаланың орталық аудандарының біріндегі орта мекен үйіне, бекініп алып, жауды көп шығынга үшінші дәрежелі Данк ордені қадалды. Міне, осы арада өзінің бұрынғы полктасы Михаил Петелинмен кездесті.

Содан кейін Михаил екесінің жұбының жазбай бірге жүріп, та
лай қантөгістерде сыйнап өтті.

Қайдар — расчеттың командири де, Михаил көздеуші бо
латын. Элі есіндегі, 1944 жылдың апрелі еді. Алакөбеден бас-
талған ұрыс іңір караңғысына дейін толастамады, ашынған
жау ақырғы күшін сарықсанша соғысты. Ертеңіне таң қылан
бере тагы да танктер құмырскадай қыбырлан, қантай баста-
ды. Қарсы шабуылдың бетін кайтарғанша болған жок, танк-
тер оң жақ қанаттан көрінді. Жаудың арам ойын түсінген
дивизион командири зенбіректерді жартылай шенбер күршін
орналастыруға бұйырды.

Кенет Қайдардың зенбірегіне жақын түскен бомба расчет-
ті топыраққа көміп кетті. Жарылыс толқыны Қайдарды бір
сәтке есінен таңдырып тастанады. Есін жинағанда Михаилдың
аяқтаң жарапалып қалғанын көрді. Ол жарасын таңып алды
да, жаумен соғыса берді. Қайдардың санчастьқа кет дегенін
тыңдаған жок. Сол ұрыста аға сержант Есімовтың расчеті
жаудың төрт танкісін істен шығарды. Командование расчет
мүшелерін үкімет наградаларына ұсынды. Петелин бірінші
дәрежелі Отан соғысы орденін, Кайдар Қызыл жұлдыз орде-
нін алды.

Іә, ол армия катарына келіп, жауынгерлік айт бергенде
соғыс, осынау азап жолдары туралы ойлаған жоқ-ты. Бірақ,
ол өз антина адалдығын сақтай білді.. Қандай ғана қышишы-
лыктарға болмасын. төз жүріп, женісті жақыннатуға үлес
кости. Оның омырауында жарқыраған екінші, үшінші дәре-
желі Даңқ, Қызыл жұлдыз және бірінші дәрежелі Отан со-
ғысы ордендері оның ел басынан хауіп төіген күндердегі ереп
ерлігінің айғағындей.



КОНЦЛАГЕРЬ ТҮТҚЫНЫНЫң КҮНДЕЛІГІ

Воропаев Сергей Николаевич 1921 жылы Пресногорьков ауданының (қазіргі Преснов) Пресноредутъ селосында туған. Қызыл Армия қатарына шакырылғанға дейін аудандық комсомол комитетінің үйымдастыру-нұсқаушылар бөлімінің менгерушісі болып қызмет еткен.

Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқынға түсіп, бірнеше жыл фашистік тұтқынның барлық сұмдығын ерлікпен бастаған откерді. 1945 жылы Воропаевты Қеңес Армиясы тұтқыннан азат етті. Бірақ көп кешікпей тұтқында болған кезіндегі сырқаттың салдарынан қайтыс болып, Ламсдорфтағы № 1 әскери тұтқындар лагерінің территориясына құрметпен жерленген.

Тұтқын болу Воропаевты мойыта алмады. Фашистік темір торда ол құресіп, өзінің фашизмнің айуандығын айғақтайдын құжаты—құнделігін жазады.

1944 жылғы 29 наурыз.

Наурыз. Қүн бұлынғыр. Суық. Менің тұтқынға түскеніме жақында екі жыл болады. Бастаң қашшама оқиға өтті. Алда тагы не тосып тұр?

1944 жылғы 13 сәуір.

Қазір жұмыска барамыз. Жүрек еркіндікке жұлқышады. Кейде өлгің келеді, бірақ не үшін... Жәй гана ит өліммен бе? Жоқ, біз ондай адамдар емеспіз. Иә, кейде бізге құлсындар деп айтса да. Жоқ, біз құл емеспіз. «Құлдар біз емес». Бұл олшисінің сөзі емес. Мен мұны бойыма ана сүтімен сіздірем.

Тағы бір тәуекел етіп қөремін...

Бүгін надзиратель желкемнен бір түйді. Соққысы ауыр болғаны сондай, арқам әлі ауырады. Не үшін? Тек артқа бұрылып карағаным үшін ғана. Оңбагандар, шырындарының ішіндер, сендерге де зауал келеді.

1944 жылғы 20 сәуір.

Менің Германияда, әскери тұтқындар лагерінде жүргенімे екі жыл болды. Екі жыл корлық, аштық. Ойлаудың өзі сұмдық.

Жүрек кобалжиды, кайдағы бір жағымсыз көзің күй. Иә, бүгін тагы бір мүшсілтой — осы бір жексүрүн шахтада жұмыс істегенімे бір жыл болды. Қанаң жер астындағы 350 метрлік тереңдіктеге откен 365 күн.

Тереңдігі маңызды емес, маңыздысы сол — қанша көмір калдық. Эр күні 10 тоннаға дейін көмір лақтыруға тұра ке-

леді. Ал, не жейсін? Нан, картоп, кануста. Оның өзі де жет кілікті емес.

Іә, сен, мүмкін, айгарсың: жарайсың, тырысың жатырсың, деп. Мен ештеңе де істей алмаймын. Маған өмір қымбат. Менде болашаққа деген сенім ұшқыны бар, ол мойын ұсынуға мәжбүр етеді. Дегенмен... бірақ ол туралы кейіп айтамын.

1944 жылғы 29 сәуір.

...Кеше шыдай алмадым. Надзиратель жақындаған келгенде оны сықтырып салдым. Сол-ақ екен, басқа, арқаға соккы жауды. Қазір надзиратель мені мойынды деп ойлайды, атасының басы! Мейлі, мен аш, әлсіз, мейлі, тұтқын болайын. Бірақ тұтқын болғанмен, рухани еркінмін, моральдық жагынан мен бұл оцбагандардан жогарымын. Ия, жогары. Себебі мен ешқашанда өзімді әлсізге қол жұмсауға, аш адамды кеместүгे жол бермеймін, себебі мені адамың қадір-каснетінен жогары ештеңе жок деп үйреткен. Адам деген—аекак ұғым.

1944 жылғы 12 мамыр.

Бүгін менің басыма мынаңдаған ой келді. Салтыков-Щедриннің идеясыз өмір қандай деп ойлайтын кейінкерлерінің бірін (кім екені есімде жок) еске алдым.

Мен де ойладым: мұндағы менің идеям қандай?

Тірі қалу. Ия, бірақ қалай?

Өмірімді ғана сактаң қалу емес. Егер тек тірі қалуды ғана ойласам, жұмыс іstemей, қарсыласар ма едім. Сол үшін менің басқалар алып жататын жуындыдан да күр қалдырығой.

Демек, кек алу үшін. Қор болып, құрбандықка шалынғап жастық шак үшін, азап қөрген бауырлар үшін. Кек алу, кек алу. Мен кек аламын. Бірақ кімнен? Қалай ойласаң да мен жалпы немістерге деген өшпендейлікті сезінбеймін. Маған неміс мастері ештеңе істеген жок, ол тіпті маған нан берді. Бірақ нацистерді, гестапошыларды, түрме бақылаушыларын мен өз қолыммен қылқындырар едім. Менің өшпендейлігім ғана, жек қөрушілігім соларға карсы бағытталған. Бірақ бұл да ең бастысы емес, кек алу үшін ғана өмір сүрмеймін, оны менің жолдастарым жасайды. Мен үйге кайту үшін, біздің селоны, ақ қайыңдар шоғын, даланы көру үшін өмір сүргім келеді. Мен агроном болуды армандадым той. Өзіміздің да лада жайқалған егін өсіруді армандадым.

Мен өз елімнің ұлымын, сондықтан да менің Отанымға оралғым келеді.

1945 жылғы 5 наурыз.

Сонымен мен қарындашты қолыма соңғы рет алып отырғанымды жақсы білемін. Соңғы рет мен осы параптармен сыртасып отырмын. Бірақ ажал мені коркыта алмайды. Ес-туімше, біздікілер осыдан алты шақырым жердегі деревияны алды дейді, бірақ атыс естілмейді. Өзімнің алдында болса да жер солқылдатқан зеңбіректердің гүрілін, снарядтың жарылышын естігің келеді, сайтан алғыр.

Мен бұл күндөрі көп ойланып, өз өмірімдегі әртүрлі оқиғаларды еске түсірдім. Мен көп жасаған жокпын, бірақ адам өмір сүрдім. Мен өзім үялатындағы оқиғаның болғанын білмеймін. Не істесем де, не ойласам да, соның бәрі өзімнің халқыма арналды. Менің халқым, мен халқымды — орыс халқын үятка қалдырған жокпын. Мен үшін одан қасиетті, Отанымнан қадірлі ештеңе жоқ.

Біз фашистер келгенише бақытты өмір сүрдік. Олар үшін орыстар шығыстың жабайылары, өнер, ғылым, мәдениеттең жүрдай адамдар, сондықтан бізді талқандап, құлға айналдырығысы келді.

Бірақ ондай, менің халқымды жеңе алатындағы күш жоқ. Ол одан әрі де жарқын болашақты жасай береді. Тек менің өзімнің соны басқалармен бірдей көре алмайтыным өкінішті.

Кош бол, Отаным, менің отбасым, жақындарым мен туыстарым, бәріңді сүйдім. Кош, өмір!

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).



ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТ

Менің майдан жолым Курск иінінде басталды. Онда мен 136-шы атыштар дивизиясының 343-ші артиллерия полкі құрамындағы байланышылар взводының командирі болатынын. Біздің құрама Ұлы Отан соғысының көптеген шайқастарына қатысты. Курскіден кейін Днепр, Киев үшін шайқастар болды. Мен осы полкте соғыс біткенше болдым.

Ерекше есімде қалғаны Украинаның астанасы көне Киев үшін болған шайқас. Біз, солдаттардан бастап, Жоғарғы әскери командованиесе дейін Октябрь мерекесі жылдығының қарсацында Києвті азат етуді парызымыз деп түсіндік. Бұл бәріміздің жігерімізді жаңи түсті.

1945 жылғы 4--5 қараша күндері біздің дивизия орналаскан Пущая Водица ауданында шешуші шайқастар өтті. «Катюшадан», минометтер мен қарулардың басқа да түрлерінен жау әскерлерің оқтар қарша боратылды, самолеттер әуеден соққы берсе, шабуылға жүздеген танктер, жаяу әскерлер шықты. Жаудың қарсылығы басылды. Києвтің үстінде қызыл жалау желбіреді. Содан кейін Висла өзенінен өту, Варшаваны азат ету үшін, Сандомер плацдармында шайқастар болды. Мен үшін соғыс Германияда аяқталды. Көптеген күткен Женіс күнінде де жеттік. Бұл солдаттар үшін қандай қуанышты күн болғанын ауызben айтып жеткізу қыни. Женіс күні алға қойған мақсатқа жету үшін жарты Европа-ны шайқастармен жүріп өткен солдаттарға ең бақытты күн болды. Барлық солдаттардың жүздері бал-бұл жаңып, каза тапқан әскери жолдастарын еске түсіріп көздеріне жас алды.

Соғыс аяқталысымен майдангерлер арасынан Женіс парадына катысушылар іріктелді, ол 1945 жылғы 24 маусымда Москва қаласында өтті. Парадқа катысушыларды іріктеу өте қатаң болды. Ол үшін бойының биіктігі 1,7 метрден кем емес, әскери тұлғаң, наградаларың болуы керек, оның үстінен өзің де, ата-аналарың да заң алдында жауапты болмагапы тексеріледі. Мен оның бәрінен де өтіп, парадқа катысу құқына не болдым.

Әр майданнан құрама полктер құрылды. Біздің екінші Белорусс майданының құрама полкі эшелонмен Польша арқылы Москва қаласына жөнелтілді. Познань қаласында

екі сағат аялдама жасадык. Вокзал манындағы аланға құрама полктің үрлемелі оркестрі, солдаттар шыкты. Осы жерге полтак қыздары да келіп, би үйымдастырыдык. Содан кейін «Вагонға мініңдер!» деген бүйрек берілді.

Біз Москва қаласына түнгі сағат 1—2 кезінде жеттік. Ориналасқан жерімізге қарай кетіп бара жатқан бізді көрген москвалықтар көп қабатты үйлердің терезелерінен «Рокоссовскийліктер, ура!» деген айғайлаш жатты.

Біз Фрунзе атындағы жоғары атты әскер училищесінің қазармаларына орналастық. Қазармалардың карсысында алан болатын, онда біз әскери даярлықпен шұғылдандык. Құрама полкті жасактағанда оны генерал - лейтенант Константин Максимович Эрастов басқарды, ал парадта, генерал - полковник Кузьма Петрович Трубников жетекшілік етті. Полкта әрқайсысы 200 адамнан тұратын 7 батальон болды. Генералдар — батальон, ал офицерлер рота, взвод және белімше командирлері болды. Құрама полкте барлығы 1477 адам болды. Біз бір ай бойы күніне екі сағаттан әскери даярлықпен айналыстық.

Москвада болған бір ай ішінде біз Үлкен және Қіші театrlарда, қаланың сол көздегі көрікті жерлерін араладық. Накты күні есімде жок, әйтеур, маусым айының орта тұсында Сокольникиде басты даярлық өтті. Оған қатысқан майдандардың құрама полктері, Москва гарнизоны, Суворов және Нахимов училишелері өздерінің парадқа әскери даярлықтарын көрсетті. 24 маусым күні майдандардың құрама полктері мен басқалар Қызыл аланға сапқа тұрды. Парадты басқарған Қеңес Одағының Маршалы Рокоссовский өзінің ординарецимен бірге атпей сапты аралап өтті. Содан кейін парадты қабылдаған маршал Жуковка рапорт беріп, олар бірге салты аралады, әр құрама полкті құттықтады. Жауынгерлер ол құттықтауға үш ретten «Ура!» деген жауап берді. Осы кезде Ленин Мавзолейінің мінберіне үкімет мүшелері Сталин, Калинин, Молотов, Қаганович, Ворошилов, Буденный және басқалары көтерілді.

Жуков шағын баяндама жасады. Біз Қызыл алан арқылы саппен өттік. Әр құрама полк әртүрлі көшелермен өздері орналасқан жерлерге кетті.

Сол күні Жеңіс парадының құрметіне мен бірінші рет көрін салют берілді. Біз бірнеше күн өткен соң Германияга кері кеттік.

Москвадағы парадқа қатысуыштардың барлығына «Гер-

манияны жеңгөні үшін» медалі мен қызыл мұқабалы медальдың күәлігі, ал қалған майдангерлерге сырты сары түсті күәлік берілді. Парадка катысушылардың бөрі де өз бөлімшелеріне қайтты.

Менде қалаларды азат еткенім үшін Сталиннің 11 алғыс хаты болды. 1945 жылдың маусым айында Одердегі шайкас үшін наградтау туралы жарлық шықты. Мен және сержант Фахруддинов екеуіміз «Қызыл Жұлдыз», қалғандары -- Отан соғысы ордендерімен наградталды.

Парадтан кейін бөлімге қайтып оралған соң саяси орынбасарлар мені бөлімшелерді арапатты. Оларда мен Жеңіс парадының қалай өткені, Москвадағы жағдай жайында әнгімеледім. 1945 жылдың тамыз айында туган жерім Солтүстік Қазақстанга демалысқа келдім. Демалысым біткен соң өзімнің 343-ші артиллериялық полкіме қайтып оралдым. Полкің жапында американ эскерлері орналасқан еді, біз бір-бірімізге конакқа барып, футбол, волейбол ойнайтынбыз.

Согыс жолдарымен мен жүздеген километр жүріп өтіп, Отанымыздың қалалары мен селоларын, Польшаның территориясын және Германияның өзін фашизмнен азат еттім. Женіске барар жолда көптеген қындықтар болды, полктағы қашшама жолдастарым каза тапты. Оның бәрін ешқашан ұмыта алмайсың.

Оз өміріндегі ең бақытты, ұмытылmas оқиға деп Москва-дагы Жеңіс парадына катысувымды есептеймін. Бұл бізге карсы согыс ашқаша Европаның көптеген елдерін, оның ішінде Франция секілді мемлекетті де құлдыққа айналдырып, бақайшағына дейін қаруланған гитлерлік армияны жеңген жеңімпаздар -- Қызыл Армияның, барлық халықтың парады еді.

Мен Жеңіс парадына катысаным үшін тағдырыма ризамын. Аты анызра айналған колбасшы Жуков Жеңіс қүнін көпес адамдарының «жұлдызды сәті» деп өте дәл әрі бейиелі айтты гой.



ҚАСІРЕТ 41-ДЕҢ БАСТАЛДЫ

Мен 1924 жылы тудым. Балалық шағымнан кедейлікті көріп, аштық-жалаңаштықтың ашы дәмін татып өстім. Отбасымыз бес баласы бар әжептәуір үлкен еді. Жаңа құрылған колхозда әкей үста болатын, ал шешеміз сиыр сауып, бұзауларды сұаратын.

Колхозымыз «Ильич ескерткіші» аталатын. Бас кезде онда тракторлар жоқ-тын, аттар болса тым аз еді, соңдықтан жерді колхозшылар күрекпен қазып өндійтін, кейде соқага өздері жегіліп, жер жыртуға дейін баратын. Мұндай еңбекті менің де ата-анам атқаратын. Бұл қазіргі үрпаққа әлдебір қиял сиякты болар.

Мектептің төрт класын туған Долматово селосында аяқтадым; ал келесі кластарды көрші Краснояркада жалгастырылым. Он шакырым жерге жаяу барып қайтатыбыз. Бесінші класты ойдағыдан бітіріп едім, келесі алтыншы класта, «бейнет аяқ астында» дегендей, ауруға шалдықтым.

Киіміміз жұтаң болатын, бірде қаңтар айында, мектептен келе жатып қатты аязда тіземді үсітіп алдым. Шешем қаз майын жағып емдеп көріп еді, бірақ қатты үсік мені біраз уақыт жүруден қалдырыды.

Жұмыстан оралған әкем: «Жылауынды қой, бұдан былай мектепке бармайсың, болса да сауышыдан аспайсың», — деді.

Жазылған соң жыламсырап мектепке сұранып көрініп едім, әкем жібермедин. «Колхозда жұмыс істеп еңбеккүн тап» деп үзілді-кесілді шешті. Амал жок, қыс аяқталғаша ферманға су тасыдым.

Көктем шыға мені бригада есепшісі қылып тағайынлады. Жазуым жақсы болса да, шот қағуды білмеууші едім. Қазір дүниеден өткен, бұрынғы бригадиріміз А. Д. Ударцев бір әріп білмесе де есеп-шотка жүйрік еді. Шот қағуды содан үйрендім. Осылай мен еңбекке он уш жастан аса араластым.

Біраздан кейін басқарма мүшелері мені колхоз сеебінен Дубровка селосындағы екі жылдық мектепке жіберуді үйгарды. Бір жыл селода оқыдым, кейін колхоздар біріктіріліп үлгайтылғанда біздің мектепті Петропавл зооветтехникумна ауыстырды. Оқуды сонда аяқтадым.

1941 жылдың тамыз айында мемлекеттік емтихан тапсырып, диплом алуға тиіс едік. Мамыр айында диплом алған дағы еңбек тәжірибесін өтуге мен туған селома ораттын товарлы-сүт фермасында жұмыс атқардым.

Бәрі ойдагыдан жүріп жаткан, бірақ бізді қаралы күндер күтін түр еді. Маусымның 22-сі күні таңертсегілік сауынан кейін «Соғыс, соғыс басталды! Барлығың митингіге жиналындар!» деген айқаймен село көшелерімен салт атты шауып өтті.

Біз колхоз кеңесіне қарай жүгірдік. Бұл кезде колхоз ұлғайтылып, оның құрамына Долматоводан басқа Лужки және Екінші Красый Яр селолары енген болатын.

Халық көп жиналды. Аудандық әскери комиссариатының өкілі де келген екен. Митинг тез өткізіліп, бірден осы арада жас ер—азаматтар мен жігіттерді майданга жөнелту үшін тіркеу басталды.

Бірнеше күн ішінде үш селомыздан майданға 200-ден астам ең таңдаулы деген азаматтар аттанды. Қалғанымыз кемпір—шалдар, әйелдер мен балалар гана.

Ел болып жылап-сықтап азаматтарымызды Выходцев сайна дейін шығарып салдық. Аудан орталығына олар ат жегілген брішкелер және колхоздың жалғыз машинасымен аттандырылды.

Сайға дейін ерлер саппен жүрді, ал әйелдері мен балалары, күйеулері, әкелері және үлдарының соцынан жүгіріп, олардың қатарын бұзып, қимастықтан қолдарына жармасын қоштасудың актық сәтін кешеуілдетуге амалсыз тырысқан еді. Офицер: «Аттан!» деген бүйрек бергенде адам жүргегі шыдамайтын көрініс басталды. Элі күнге есіме алсам көзіме жас үйіріледі. Әйелдерді жан жолдастарынан, үлдарынан айрырып алу мүмкін емес еді. Қейбіреулері балаларын жолда тастанап немесе сресек біздерге үстай тұруға беріп, брішкелер мен машинаның соцынан ұзаққа дейін жаяулап жүгіріп қалмады. Олар сүйікті бауырларын енді кайтып көрмейтінін сезгендей еді.

Айдаушылар аттарға қамшы басып, бар күш-жігерін жинаң тістеніп, көздеріне үйірілген жастарын көрсетпеуге тырысқан ер—азаматтардың тезірек алып кетуге барын салды, ал әйелдер сондарынан өзектері қүйіп жүгіре берді, жүгіре берді.... Біз жылаған балаларды жинап, аналары қайтқаша жұбата тұрдык. Шаршап-шалдықкан, кабактары тұнерген,

көздері ісіп, еріндері кезерген әйелдер де оралды. Қанша ырыссак та, өксіктерімізді баса алмай үйді-үйімізге тара-лық. Біздер, долматовтықтар, үшін соғыс осылай басталды.

* * *

Бұдан кейін олі көптеген күн жылап-сықтау мен күңірён-ген зар селоның үстінде бұлғтай тұрып алды. Маған соғыс басталғанша кейін тез арада техникумнан бандероль келді. Оған зооветмектебімді бітіргендігім туралы диплом мен ма-ған басқа әріп тестеріме сияқты сметихансызы мал шаруашылы-ғы техникі мамандығы берілгені туралы хат салынысты. Бұл кезде мен әлі 17-ге де толмаған едім. Негізінен жақсы баға-лаға толы дипломымды қарап шыққан қолхоз тәрагасы:

— Жақсы оқыған екенсің, енді іске кіріс, жұмысты да со-лай атқар. Бас көтерер жұмысшыларымыз жоқтың қасы еке-нип өзің де білесің, — деді.

Осылай жас маманның өмірі де басталды. Өмір емес, же-тіспеушілік пен қындықтарға толы бейнет, дер едім. Мал кораларын жөндеуге үлгерmedік, енді кім оны істейді? Шөпті де жаңа шаба бастағанбыз, ал фермада мал басы көп еді. Мен тек кана қойдын 3500 басын қабылдағанмын. Оның үс-тіне аттар жоқ, тым болмаса өгіздерді жегетін брішкелер мен арбалар да қалмаған. Бірақ тірі жан емесніз бе, қам-қарекет жасай бастадық. Әйелдер саулық қойларды бағып, оларды сауып, сүтінен ірімшік жасауға кірісті, ал шалдар біртінден кораларды жөндең, жасөспірімдермен бірге жемшөп дайын-дал, оны колхоз шашпаларына таси бастады. Кораларды жөндеуеге әйелдер де катысты. Өгіздермен ағаш тасыды, кораларды сылап, бекітті. 16 жасар маған оларды басқару оңай болған жоқ. Жас болсам да қынышылықта бірлігі ны-гайған сл мені түсінікпен қабылдаап, айткан сөзімді екі сткен емес. Соның арқасында қысқа таман барлық фермалар жөн-деліп болды. Ал жемшөп мал басына жеткілікісіз, аз дайын-далды. Эр үйге 100 центнер шөпті шауып, маялан, колхозға тапсыру туралы жоспар белгіленген. Өз маына шөпті содан кейін ғана дайындауға рұқсат берілетін. Мұны атқару үшін әркім шөпті колхоздың жұмысынан кейін кешке, тіпті түнде шабатын. Осындай өлермен еңбекспен жиналған жемшөбіміз акпан айына ғана жетті. Эрі қарай малды төбелерден сыйырылған сабанмен асырадық. Мал аштан аяғынан жығы-та бастады. Малды қырып алмаудың амалын іздедік және ғаптық та. Әйелдер орманнан жуан қайыңды кесіп, трактор-мен шашпаға сүйреп әкелді. Сенсөніздер, аш қойлардың ке-

міруінен кейін бәйтерек шебер сүргілентен бөрепе болып ишады екен. Койларды сактаң қалу үшін қыруар кайыц ағашын құрбан етуге тұра келді, онын үстіне орманышылар әйелдерге айын салып отырды. Бұл киянат еді, өйткені олар кайыңды өз үйлеріне тасыған жок еді гой.

Мал тәлдей бастағанда тағы да бір күндықка кезіктік. Жаңа туған козыларды ашықкан койлар жен қоюды шыгарды. Аман алып қалуға шопандар қанша құш-жігерін жұмсауды десенізші. Шопандар Дарья Федоровна Редькина, Анна Сергеевна Ефанова, Варвара және Вера Серебряковалар, Манефья мен Пелагея Подкорытовалардың көрген құніне ешкім қызықпас. Соғыс жылдарында көрген азантарының зардабы олардың көбінің өмірін қысқартты. Бірақ сол кездерде олар аянбай сәбек етегін.

* * *

Сирек демалыс соттерінде әйелдер кезекшіләр үшінше жиналыш, көз жастарын сығып, бір-бірін мұңдарын шағатын.

Бірде Манефья Подкорытова:

— Бұған ерте тұрып жұмыска жиналыш жатыр едім, қыздарым оянып: «Мама, біз ашыз, бұған не ішіп --- жейміз», деп жылады. Шыдамым таусылып, шимамды шештім де, көз жасым нарлан: «Көрмейсіңдер ме, мен де аштаң аш жұмыска бара жатырмын. Өз етімді кесіп бермесем, не берем сендерге» деп ұра бастады, — деді де солқылдан жылаң жіберді.

Оны тындан отырғаң әйелдер де қосылыш зарлан коя берді. Боріміздің де жайымыз осындаған еді. Қөп кешікней Манефья катты ауырып қайтыс болды, ал оның жетім калған қыздарын балалар үйіне тапсырдык. Олар тірі калды. Қазір Петрапавлда тұрады.

Бірінші соғыс жылы қысында фермаларға шөй, сабан, кайыц бұтактарын тасымалдағандардың есімдерін атан еткім келеді. Олар маркұм Александра Чернышова мен Агафья Кузевановалар, көзі тірі Таисья Ципкиша, таты да басқа әйелдер еді.

Иә, тылда оқ атылған жок, бірақ бізге де оңай болды дей алмаймын. Құні-тұні жұмыс істедік десем артық кетпесін, әсіресе солода калған біз снякты қыздар. Бұған ойыма сонынан көп жыл Долматово селолық кеңесінің төрағасы болып істеген Наталья Ударцева, мал дәрігегі дәрежесіне жеткен Мария Капицева, Мария Отрадных, Клавдия Бунтакова, Мария Ростовщикова және басқалары оралады.

Орақ кезінде күндіз фермада жұмыс істеп, түнде қырманда бидай соқтық. Біз мамандар мен білімі бар бригадирлер боріміз үтіші болып саналғандықтан қыска үзілістерде мен обелдерге Совинформбюросының мәліметтерін айтып, жаңа газеттер оқып, Мемлекеттік засыма жазу жүргізетінмін. Колхозда шагын тракторлар мен комбайндар пайда бола бастаған. Оларда да біздің қыздар: Надежда Отрадных, Мария Николаевич, Анна Кривушина, Елизавета Бунтакова, Варвара Серебрякова, Зоя Юдюк, Мария Коледенко тағы басқалары жұмыс істеді. Бірақ олар тек жүргізу мен женіл-желі жөндеу жасай алатын, ал мотордың сиқырын білетін механик жоқ еді. Оның да орайы келді. Колхоз төрағасы Г. М. Грибашов облыстық әскери комиссариатқа барып тұған ауылына қыска демалысқа келген Федор Иосифович Андреевка бронь алып беріп, колхозда қалдыры. Міне, ол барлық комбайн мен тракторларды құні-тұні жалғыз жөндейтін. Дәмтүзымыз жарасып, 1942 жылы екеуміз шаңырақ көтердік. Ұш соғыс жылын бірге өткізіп, сонынан 1982 жылы ол дүниe салғанша 37 жыл тату-тәтті бірге өмір сүрдік. Еңбегіміз үшін бірге наградталдық, олардың ішінде «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен енбегі үшін» медальдері де бар.

Қанша қынышылық кешсек те, «Женіс! Соғыс бітті!» дегүран салып шауып өткен салт аттыны көшемізде көруге жеттік.

Бұл жолы да митинг болды. Әлі есімде, екі селоның барлық тұрғыны Долмат қөлінің арғы бетіндегі үлкен аланға жиналады. Женіске қуанып, майданда қаза болған бауырларын еске атып қапаланған, қуанышқа көз жасы араласқан күн еді үз. Долматовта шығынға ұшырамай соғыс жылдарын өткерген бірде-бір отбасы жоқ шығар. Біреулар қаза болса, басқалары майданнан жарапалы, немесе мүгедек болып оралды. Григорий Коледенконың жұбайымен қосылып зарлаган үндері әлі құлағымда естіліп тұрғандай. Ұш қызынан басқа олардың алты ұлы бар еді, олардың төртеуі майданда қаза болды. «Жас бала қолдың жүгі, ал ересегі жүректің жүгі», деген оның сөздері менің жадымда өмір баки қалды.

Женістең кейін де көргеніміз күнделікті колхоздагы ауыр жұмыс, үйде болса әйел затышың, ананың бітпеген күйбені. Ортүрлі ұйымдарда Соколовка мен Долматовта түрлі қызмет атқардым, бір қыз бен төрт, үлді тәрбиелеп өсірдім. Қазір менің он немерем мен он шөберем бар. Енді оларға тілеуім белібіт тыныш өмір сүріп, біз көрген қайры-қасірет пен қыншылық оларды айналып өтсе екен деймін.

ОЛАРДЫ ҰМЫТА АЛМАЙМЫН

Ұлы Отан соғысы біздің үршактың жадында мәңгі сақташары сөзсіз. Өміріміздің осынау дабылды кезеңі ешуақыт ұмытылмақ емес. Мен, міне, сексениң астын, бірақ сол жылдарда бастап кешірген жәйттер күні бүгінге дейін бірессекөңілді кариды, бірессе жылтытады.

1941 жылы мен Жұмысшы поселкесіндегі № 44 (казір № 31) орта мектепте мұғалім едім. Соғыс басталысымен күн сайын дерлік кластарда жаңа оқушылар пайда бола бастады. Олар соғыс екпінімен біздің каламызга эвакуацияға келгендердің балалары еді. Солардың ішінде ағайынды Роберт пен Лева Хромовтар әлі күнге көз алдында. Олар кейін есімі бүкіл әлемге әйгілі болған Брест корғанында тұрған екен. Соғыс басталар жазда Луга қаласында тұратын атасы мен әжесіне каникулға қонаққа келіпті. Соғыс басталып кетіп, жау Брест түгіл, Луганың өзіне қауіп төндіре бастаған соң қариялар екі немересін ертіп, Петропавлға жетіпті. Лёва біздің мектептің бесінші класында, Роберт жетінші класында оқытын болды.

Әзге де тұстастары тәрізді, Роберт пен Лева да сресектікке тез мойын ұсынды. Соғыс ауырталығы оларға балалық шакпен тез кош айтыстырды. Тұрмыстары өте киын болды. Олардың әкесі шекарарада офицер болып қызмет еткен, бірақ оны долелдеуге қолдарында ешқандай құжат жок. Тек бірнеше айдан соң ғана өскери комиссарнат арқылы балаларға из-мұз жәрдемақы белгілеуге мүмкіндік туды.

1944 жыл Роберт пен Лева үшін үлкен қуаныш әкелді. Олар әлдебір туысқанынан хат алды. Туысқаны, хатта екі баланың анасы партизан отрядында жаумен соғысып жургенін хабарлапты. Содан соң бүкіл мектеп болып ақылдастып, «Комсомольская правдаға» хат жазып, мүмкіндік болса екі баланың амандығы туралы анасына хабарлауды өтіндік. Дес бергенде, Роберт пен Леваның туысы шешесі соғысын журген партизан отрядының командирінің де фамилиясын жазып жіберген екен. Міне, сол фамилия үлкен қөмек болып, біздің хатымыз екі баланың анасының колына тиіпті.

Белоруссия жаудан азат етілген соң, партизан ана Мине кіге тоқырапты. Қөп кешікпей одан шакыру келіп, Роберт пен Лева, олардың атасы мен әжесі ұзақ жолға жинала бас

тады Қөп болып оларға азды-кем азық-түлік жинап бердік. Ноңға бүкіл мектеп болып шығарып салдық.

Қөп жылдар өткен соң мен Лева Хромовтан хат алдым. Бұл да бір үлкен қуаныш болды. Екі баланың әкесі сол соңыста хабарсыз кетіпті. Тегі, Брест үшін шайқаста каза тапқан болар. Ал Роберт пен Лева Минскіде тұрады екен, екеуде институт бітіріпті.

Соғыс кезінде жасы жетсе, мектеп оқушылары да әскерге шакырылатын. Әскерге шакырылудаң ар жагы белгілі — майдан! Әлі бұғанасы катпаған жасөспірімдер үшін үстаздардың қабырғасы ата-аналардан кем кайыснайтын. Ол кезде жоғары кластарда ер балалар мүлде аз болушы еді. Кейін әскерге кеткен, кейін оқуды тастан, жұмыс істейді. Мысалы, 1942—43 оқу жылында оныншы класта екі-ак үл болды. Юра Винницкий мен Вания Костов. Вания өзіміздің каланықі. Юра жвакуацияға келген отбасынаи. Юраның шешесі Петропавлға келген соң қайтыс болды, әкесі катты сырқат-ты. Ағасы соңыста. Сондықтан Юраның тұрмысы тым ауыр болды. Оған және әкессіне қластастары мей класс жетекшісі Мария Долгова барынша көмектесетін.

Міне, осы екі жас боздақ та әскерге шакырылды. Мектепте шығарып салу рәсімін өткіздік. Даңада аяз, мектеп залы сүйк. Төбеде бір-екі шам сығырайып жапын түр. Юра өзі сырнайда ойнайды. Әлдекім гитараны ітіп-қагып қояды. Бәріміз қосылып жуырдаған пайда болған «Жертөле» әнін айттык. Қыздар болса сынсып жылайды. Сосын бәріміз темір жол станциясына бардык. Сондағы «әскери алаңшада» соңғы құшақтасу, қол алысу, сүйісу болды...

Бұл екеуінің тағдырынан білетінім, Вания Костов Женіс күніне аман жетіп, кейін әскер катарында қызмет етуге калды. Ал Юраның тағдырынан еш хабарым болмады...

Осының бәрі алапат соғыстың адам жаны төзгісіз ауыр күндері еді. Ұлы Женіске деген сенім ол күндерден сағымыз сиңбай өтуге көмегін тигізді.



3. ШАБАНОВА-ШИХАНЕВА, педагогикалық еңбек ардагері.

«ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ»

Біздін барлығымызды — үлттары алуан түрлі сігделерді де, балаларды да бір ортақ касірет тоғыстырыған Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің үрпактың көргенін еске түсіру де, айту да киын. Біз, комсомолец-мұғалімдер, Петропавл қаласында жарапалы жауынгерлердің, күйін калған танкистердің әшеленонын карсы алғып, ондагы медбіблер мен санитартарға көмектескен 1941 жылдың аптап жазып ешқашаш ұмытпаймын.

Жаңа, 1942 жылды госпитальде бүкіл класс болып карсы алуға дайындалғанымыз әлі есімде. Мен оқытатын екінші класс окушылары мен олардың ата-аналары бірлесе отырып, екі мың дана, яғни үш шелек пельмен пісріді, 31 желтоқсанда жаңа жылдық концертімізben және сібір пельменімен госпитальға келдік. Шәкірттерім жарапалы болып жаткан жауынгерлерді тамактандырды. Ал концерттен кейін менің тәрбиеленушілерім жауынгерлердің айтуымен олардың туысқандары мен жақындарына хат жазуға кірісті.

Ленинградтық окушылардың менің класыма келіп косылған алғашқы айлары ұмытылмастай есімде қалып койыпты. Бір партада үш баладан 54 окушы отырды, солардың ішінде 18-і әбден жадап-жүдеген ленинградтықтар еді. Бәрінің де күр жаңдары қалған. Тіпті, еріндерінің бар-жоқ екені байқалмайды. Көздері гана жаудырайды, тістері гана ырсияды. Мектеп аспазы құн сайын біздің класқа қішкентай токаштар әкелін тұрды. Ол келіп кіргенде «менің токашымды ленинградтықтарға беріңіз» деген біздің балалардың сондагы сөздері қуні бүгінгідей құлағының түбінен естіледі.

Кластагы алғашқы кездесуден кейін мен мектен директоры Нина Михайловна Качалованаң кабинетіне кіріп, сақайып кеткен сол балаларға қарай алмайтынымды айтып жылап алған едім. Тәлімгерім маған былайша жауап берді: «Мен оларды әдейі осы класқа жібердім. Сіз өзіңіз үлкен, көпбалалы отбасында өскен адамсыз. Соңдықтан сізден артық камқор адам жок».

Мен соғыстан кейін олармен бірнеше рет кездестім. 1958 жылы Ленинградта болғанымда Надя Новосельцеваның

үйінде болдым. Ал Петропавлда ойда жоқта Валя Панферовамен ұшырасын қалғаным бар. Ол қазірде педучилищеде жұмыс істейді, күйеуінің фамилиясын алыпты — Усатова. Екесуміз ұзак әңгімелесіп, айтарымызды тауыса алмадық. «Адамдардың мейірімділігі болмаса, — деді Валя, — біздің не болатынымызды болжau киын еді. Бәріміз де шаршап-шалдықкан, аш-жалаңаш едік. Тыре еткен дыбыстар шошын кететінбіз. Біз блокада кезінде ойнадық, қуыршақтарымызды бомбапанаға жасырдық. Сөйткен бізді панасына алган петропавлдықтарға өле-өлгенише рахмет айтамыз!».



ҚАЛА КӘСІПОРЫНДАРЫ — МАЙДАНГА

I.

Ет-консерві комбинаты одактық мақсаттагы кәсіпорның ретінде жұмысшыларының саны жөнінен соғыска дейінгі Петропавл қаласында өнеркәсіп кәсіпорындарының ең ірісі болды. Соғыс басталғаннан кейін кілец ер азаматтар майданга аттанды да, олардың орыннан әйелдер мен жасөспірімдер басты. Комбинат ұжымының өндірістік әнтузиазмының нәтижесінде 1941 жылдың бағдарламасы мерзімінен үш ай бұрын орындалды. Және де сол қарқынды үдсте түсті.

1942 жылдың бірінші жартысының кортындысы бойынша ет комбинатында 371 стахановшы, 121 еңбек өкпіндісі, 61 «екі жүзінші» еңбек етіл жатты. Кәсіпорын ұжымы Омбыдағы және Корғандағы әріптестерімен жарыста жеңіліс тапқан жок.

1942 жылдың екінші жартыжылдығында да кәсіпорынның жұмысына қылау түскен жок. Тұтастай алғанда, сол жылы комбинат Қызыл Армияға қажетті миллионнан астам консерві қалбырларын жөнелтті.

1943 жылдың қауырт уақытында, Сталинград түбінде ала-нат шайқастар жүріп жатқан кезде ет комбинаты Мемлекеттік корғаныс комитетінің аудиспалы қызыл туын төрт ай үстап тұрды, ал тұтастай алғанда товар өнімдерін шығару жөніндегі 1943 жылдың көтерінкі жоспары 120 процент асыра орындалды.

Соғыстың бұдан кейінгі жылдарында да комбинаттың жұмысы табыс биігінен түскен жок. Рас, мұның баріне тәуліктік демалыссыз жұмыс істеумен қол жеткізілді.

Кәсіпорындарда, бүкіл қаладағы сияқты, бәрі де елді корғау мүддесіне бағындырылды. Қызыл Армия үшін жылы киімдер жиналды. Атап айтқанда, қысқы мерзім ішінде жиналғаны мынадай: мың жұптан астам пима, шолақ тондар, күпәйкелер және жұмысшылар мен қызметшілердің өз калталарынай шыққан 338 мың сом. Солардың бәрі Корғаныс корына тапсырылды.

1942 жылы Қызыл Армияның 24 жылдығы құрметіне Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері майданда жүрген жауынгер жерлестеріне 12 вагон сыйлық жөнелтті. Оның дені ет комбинатының өнімдері еді. Эшелонға еріп барған

делегацияның құрамында ет комбинатының өкілі Лапшин де болды. Онда 11 күн болып, оралғаннан кейін ол көрген - бакканың айтып берді.

«Онда, алғы шепте мен Швидко, Корякин, Гурилов, Анисенко, Богаткин, Ферулов және Стоякин жолдастармен кездестім. Олардың бәрі де майданға аттанғанша ет комбинатында жұмыс істегендер. Кездесу ойдағыдан болды. Мұнда не болып, не койып жатқанына жерлес жауынгерлер бір кісідей құлак тұрді. Қоштасқан кезде олар мынандай аманат тапсырды:

— Согыс тәртібі бойынша жұмыс істеп, майданға өнімді көбірек шығарындар. Біз сендерді үятка калдырмаймыз. Жауға жайратта сокқы береміз».

Комбинат жұмысшылары майдангерлердің аманаттарын орындай отырып, соғыс тәртібі бойынша күні-түні жұмыс істеді.

Қызыл Армияның қажетін қанагаттандыру үшін 1942 жылы ет консервілерін шығару 1940 жылмен салыстырғанда екі есе ұлғайтылды. Қол жеткен жетістіктері үшін ет комбинатына 1942—43 жылдары Мемлекеттік қорғаныс комитетінің ауыспалы қызыл тулары тапсырылды.

Ет комбинатының бұрынғы жұмысшылары — жерлестеріміз майданда да батыл қимылдады. Ерлік пен қаһармандық танытқаны үшін 200-ден астам адам ордендермен және медальдармен наградталды, ал В. Е. Кошуков пен Е. С. Дәүіговке Қенес Одағының Батырлары атақтары берілді. Ет комбинатына маман кадрлар даярлайтын № 26 қалалық кәсіп-тәжірибелі техникалық училище мен комбинатқа келіп тірелеттің көшелердің біріне екеуінің есімдері берілді.

Үкіметіміз жауды жесуге қыруар үлес коскан тыл ардағерлерінің қажырлы еңбегін жоғары бағалады. 1944 жылдың акпанында ет комбинатының озат жұмысшысы Загира Табылдинова Ленин орденімен наградталды, «Қаланың құрметті азаматы» атанды, Нұргали Шелкібаев Еңбек Қызыл Ту орденімен, Екатерина Ивановна Бузрева мен Ұәйіс Ұбыраев «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталды. —

Ет комбинатының 800-ден астам жұмысшылары мен кызметшілері «1941—45 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбекі үшін» медалімен наградталды.

II.

1941 жылдың күзі. Завод жабдықтары, үй мұлкі тиелгей, жұмысшылардың отбасылары мінген составтар шығыска қарай жөнкілуде, тарихта көз көрмеген эвакуация жүріп жатыр. Бұларға қарсы — батысқа, Мәскеуге карай—қырышыстық сібірліктердің әскери әшелоплары, солдат тептүшкалары, жылқы, көлік, далалық кухня асығыш барады, октатекте платформаларда машиналар, жауынгерлік техника көріп қалады. Сайдың тасындаи солдаттар астананы корғауға асығулы. Олардың күтетін уақыты жок...

Қырық бірдің сол қаһарлы күзінде поездар ағысы әдеттегіден үш еседен астам өсті. Петропавл станциясында бригадалар жетіспейді, әпикоровкада, жөндеуде, жолаушыларға қызмет көрсетуде үлгере алмай жатты. Ал теміржолшыларға үлгермеуге болмайды. Сөйтіп, майданга аттанған әкелерінің, ерлерінің, ағаларының орнын басып, кешегі мектен окушылары, үйде отырған әйелдер, жеткіншектер келіп жатты. Олардың тәжірибесі жок, ең қажеттінің өзін біле бермейді, бірақ соғыс талап еткенін бәрін істеуге әзір.

Темір жол торабының барлық қәсіпорындарында бұқара-лық қәсіппер мамандарын даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашылып, оны бітіргеннен кейін қыздар мен балалар, кешегі үй шаруасындағы әйелдер жүк тиеген составтармен рейстерге аттанды, станоктарға, слесарь үстелдеріне тұрды, басқа жұмыстарды атқарды.

Мемлекеттік Корғаныс комитетінің қаулысына сәйкес Петропавлда әскери—пайдалану өлімшесі жасақтала бастады. Оның құрамына локомотив және вагон депонының таңдаулы кадрлары, сондай-ақ торантың басқа қәсіпорындарының қызметкерлері кірді. Әскери теміржолшыларды жасақтауға паровоздар, вагондар, жолдар мен байланысты жөндеу үшін не қажеттің бөрі бөлінді. Жау оғының астында олар әскерлер мен әскери жүктөрдің қозғалысын ойдағыдай камтамасыз етті. Командованиең тапсырмаларын орындау кезінде паровозшылар Ф. Рузаев, Ф. Иштов, И. Плаксин, С. Попов және баскалар ерлікпен қаза тапты.

1941 жылдың 30 қазанында партияның Орталық Комите ті барлық көлік қызметкерлеріне әскери поездардың қозғалысын шапшаңдатуға шақырған сөз арнады.

Паровоз бригадалары үшеудің орнына қосарланған жүріске көшті. Бір бригада сапарда болғанда екіншісі ты-

шықты. Сапарлар саны 25—26-ға дейін жетті. Тыныгуға уақыт калмагандай еді. Бригадалардың паровоздардан тоулікten көтіпеген уақыттары болды. Бірер сағат мұзғып алды да, рейске қайта шығады.

Енді анагүрлым көп тасымалдан, жылдам жүру қажет болғанда паровозшылар арасында ауыр салмақты составтар машинистерінің қозгалысы көп өріс алды.

Поездар, поездар. Олардың ұшы-кырына көз жетінейтін сиякты. Және осынау ағыстың бәрін поезд диспетчерлері мен белімше бойынша кезекшілер басқарды. Оларды сөгис жылдары қозгалыс қолбасшылары деп атады. Олар шын мәнінде де қолбасшылар еді.

Сол шакты есек алғанда көлік ардагерлері — поезд диспетчерлері мен жол белімшесі бойынша кезекшілер — О. П. Чиркованың, Е. И. Короткевичтің, М. Н. Родионовың, А. Л. Кочергинаның әрқайсысын тұра магынасында қолбасшылар деп атауға болатын, теміржолшылардың ісі туралы айтқанда ұмытылмайтын срлікке балайтын. Олардың өздері және құрбылары қолдан келместі тыңдырды, галамат қындықтарды жеңе отырып, әрқайсысы үш кісінің жұмысын істеді.

Бұл жәйт дәл, соғыстың басында болған еді. Эйелдердің паровоз бригадасы майданға эстафеталық поезд апарды. Паровоз бұксасы жанғанда эшелон Кондратовканың сөзылмалы биігінен шықты. Тоқтауға болмайды. Осыны түсінген машинистің көмекшісі — уылжыған жас қызы — колына шырақ ұстап (оқиға түнде болған), поезд жүріп келс жатқанда ақауды жөндейді, ал жұмыс аяқталғанда байқаусызда жанып тұрған мазуттың тамшысын өзінің үстіне тамызып алады. Ол желде қас-қағым сәтте тұтандып, осы қалпында кабинаға жүгіре кіреді. Машинист пен кочегар отты басқанмен, жана шегуші үлкен күйік алады. Ауру шыдатпай бара жатқанына қарамастан, жас қызы Макушино станциясына дейін өз орнында болады, сонда есінен таңған оған медициналық көмек көрсетіледі.

Сөгис жылдарында осыған үқсас жойттер аз болғаң жоқ. Наравоз казандықтарында су өлшетін шынылар сыйып қалады, өрт пен авария болып, бригаданың деңінің қатардан шығы ұшырасады, бірақ жападан-жалғыз қалған адамның озі поезды жүргізе беретін. Шайқастағы солдаттар сиякты паровозшы әйелдер ерлік пен еңбек қаһармандығының үлгілерін көрсетті. Машинистер мен машинист көмекшілері Е. Шигорина, А. Исаева, Н. Шумилова, Д. Орлова, Р. Чехлыстова, Е. Савчук, М. Орешина, Н. Карпейчик нак соңдай

жандар болды.

1942 жылғы ақпанның аязды күндерінің бірінде машинист Екатерина Васильевна Коробконың эйелдер бригадасына Мәскеуге көмір тиеген ауыр составты жеткізу тапсырылады, өйткені астана отын жоқшылығына тап болған еді. Эйелдер бригадасы қосарланған составты алғып жүреді. Уралдан өте бергенде оқыстай жылымық болып, жаңбыр төпелейді. Ылғалды рельстерде паровоз кібіртікеп қалады, бүкіл құм коры ұсталып кетеді. Осындайда машинистің көмекшісі, кочегар, поезд бригадирі Е. Тюрина мен бас кондуктор — бәрі де эйелдер бірнеше километр бойына паровоздың алдында жүгіріп отырып, рельске құмды қолымен шашады. Қүштері таусылып, құласа да, тізелерін жаразан, кай соргаласа да кайыра тұрып, құм шашып, әйтеуір, паровозды дөңестен алғып шығады.

Софыс жылдары вагон шаруашылығында істеген эйелдер мен кыздар көп болды. Жөндеу цехтары мен техникалық бақылау пункттерінде бүкіл жұмышылар құрамының 70 — 80 процентін эйелдер құрайтын.

Мәселең, вагон мастерлері Антипина, Быковская, Шлянидина және басқалар көзекті сапардан қаншама рет шаршаншалдығып келді десенізші Қыздардың ас ауыз тиүге де зауқы соқпайды. Тек кана көз шырымын алғылары келеді. Оларға заңды тынығу берілуге тиіс, бірақ бригадалар жетіспейді, содан да сапарға кайта шығуға тұра келеді. Ляқтарын баса алмаса да, жұру керек—онда, майданда бұдан да қын. Әлдері құрыған олардың осында, терең тылда тежеу алаңшаларынан, шайқастағы солдаттар снякты, вагон доңгалактарының астына құлаған кездері сирек ұшыраспаган.

Вагон мастері Мария Филонованың көз алдынан талай өткен әдеттегі сапар болатын. Тұн де әдеттегідей ызгарлы әрі жаңбырлы. Поезд литерлі, эскери. Батыска қарай аялда-мастан зулап барады. Бірақ, міне, алдан поезд доңгалагынан от ұшқышы жарқылдады. Екі-үш минуттан кейін тагы от жарқ етті. «Бұл не болды екен? — деп селк ете түсті Филонова. — Тоқтату тұтқасын тарту керек пе? Ал егер қатерсіз болса, поезд бекерге бөгеледі». Ол жағдайдың мөнісін білмек болып, платформадан платформаға жүгіреді.

Құлап кету тәуекелі де болатын, бірақ ол туралы ойлаган жок, платформадан белдігіне асылып, кол шаммен жарық қылышып, жүріс бөлігін байқады. Қөргені естен тандырғандай болды: вагонның жүрісі бойы тежеу белдігі үзіліп кетіп, рельске дейін ілініп тұр, соған соғылып, от ұшқындалады

екең. Сатицияға кіре бергенде ол бұранданы іліп кетеді де, ашап болады.

Филонова бірнеше секундтың ішінде тежеу магистралің гармағын ағытады да, осы арқылы поезды шұғыл тоқтатады.

Соғыс жылдары казіргі № 72 қалалық кәсіптік-техникалық училищемен қоңылас социалистік жарыс шеберлерінің жол мектебі орналасты. Ол жаппай мамандық теміржолшыларының ете жедел қаркында даярлады. Оның 41-дің желтоқсанында көзекті лекті даярлаң шығарғаны есімде. 80 проценті қыздар: вагон жөндейтін слесарълар еді, бұл жұмыс кез келген ер азаматтың колынан келе бермейді, ал қыздарға тінти қыны. Кез келген бөлшек зіл қаратас. Құрал-саймандар да жеңіл емес. Міне, өңменіңнен өтстін қырық градус аязда, жедің өтінде осы қыздар вагон жөндейді. Қөзден қашпа жас акты, жарақат алынды, қол мүйізденді десеңізші тәжірибе келгенді.

Бір-екі жыл өткеннен кейін осы қыздар — Линда Конькова, Наташа Колесникова, Аня Левченко — шыдан бағып, есейді, өз ісінің шеберлері болып алды. Составтар салмақтанға ғүсті, платформалардағы әскери жүктөр де бұрынғыдай емес: танктер, самолеттер, өздігінен жүретін зеңбіректер. Осының бәрі бізде, Сібір мен Қазақстанда жасалған.

Мұндай составтың ең жаңа жауынгерлік техникамен келетіні болатын, ал ондағы әр вагон, платформа артығырақ тиелгсі: танктер ауырлау, вагон подшипниктері қызып кетеуді, ал кейде доңгалак жүштәрі мерзімінен бұрын істен шыгады. Мұндай ақаумен вагонды ағыта алмайсың және бөлек немесе құрастырмалы поезды майданға жібере алмайсың.

Сөйтіп, вагонды жөндегенше эшелон күтіп тұрады. Қыздарға женіл тиген жок. Қазіргідей емес: вагоншаларда бүгіндері электрлі және автоматты көтергіштер бар. Бұрын барлық жағдайға жалғыз құрал — бұрандалы домкрат болатын, көп кісі жабылып айналдыратын. Содан да қыздардың жұмыс күніне мазуттан гөрі ашы тер көбірек сізетін. Бірақ кынышылықтарға шағыну деген болмайтын.

Станцияның бүкіл қабылдау - жөнелту парктерінде, бас вагон жөндеу пунктінде осылай болды. Механика цехы. Токарь станогында бұрымы қыска қыз. Ол бір караганда ете қаралайым бөлшектер жасайды. Вагондарға олар көп керек, содан да қыз белін жазбай қимылдайды. Шаршағандық пешіншүрсақтықтан бас айналады, сонда да станоктан кетпейді. Оның екі ауысымшысы медбіблер курсын бітіріп, май-

данға кетіп қалды. Бірер сағат көз іліп алған қыз жұмысын, жалғастыра береді. Мастер өзіндегі қызды өртіп, «Үйретесін, сонда сағап ауысымшы болады» дегеніне де қыруар уақыт өтеді.

Вагоншылар Антонина Проскуринаның, Клава Рагозинаның және сөгіс уақытының басқа қаһарман қыздарының казіргі еңбек ардагерлерінің күнделікті қам-карекеті осында болатын.

Майданға көмек өскери жүктерді жеделдетіп жеткізумен шектелген жок. Деполыктарда қаһарлы каруды өз колдарымен жасауды үйгарды. 1941 жылғы күздің соңына таман бронепоезд құрылышы басталды. Тансырма шұғыл әрі жауапты. Ұжым оны майданға накты көмектесу жөніндегі жауынгерлік міндет растінде кабылдады. Бәрі де уақытпен, шаршагандарымен санаспастаң қауырт сөбектенді. Деполыктарға мұндағы құрылыш жақалық еді, содан оны жүзеге асырудагы киындықтар зор болды. Теміржолшыларға кажетті бөлшектерді өзірлеу мен күрделі техникалық мәселелерді шешуде қала-ның өнеркәсіп қосіпорындары көп көмектесті. Құрылыш уақытында аяқталды. Бронепоезга «Североказахстанец» деген ат берді.

Паровоз тетігін автомат пен винтовкаға алмастырған жүз-деген петронавлдық теміржолшылар фашист басқыншыларына қүресте теңдесі жок өжеттілік пен ерлік көрсетті. Депоның бұрынғы жуушысы Н. А. Ахременко Кировоград облысындағы Канаш деревнясы үшін шайқаста Александр Матросовтың ерлігін кайталады. Оған каза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Неміс — фашист басқыншыларымен қурес майданында көрсеткен қаһарманандығы мен ерлігі үшін депоның бұрынғы слесарі Г. Ф. Кирдишевке. Кеңес Одағының Батыры атағы каза тапқаннан кейін берілді.

Сөгіс жылдары майданда да, тылда да кеңес адамдарының озық қасиеттері — Отан алдындағы өз парызын өте адал орындау, парасаттылық, жолдастық сезімі, өзара көмек пен колдау айырықша күшпен танылды.

III.

Бірінші кезеңінің қуаты — 5 мың киловатт, екінші кезеңінің қуаты 64,5 мың киловатт жылу-электр орталығының салыныу Петропавл қаласының өміріндегі өте маңызды оқиға болды. Заводтар ұжымдарының бастамасымен канат жайған оның құрылышы бүкілхалықтық сипат алды. 1942 жылдың

жазының өзінде гана қала сұбекшілері бос уақыттарында ықтиярлы түрде және ақысыз-пұлсыз 15 мыңдай адам сағат енбек етіп, Женіс күнін жақындауға зор үлес кости. Негізгі қоныстың іргетасы қаланатын 8600 текше метр жерде халықтық тәсілмен казылды.

Петропавлдағы №1 жылу-электр орталығын согыс жылдары салғап тыл ардагерлері барған сайын азайыш барады. Әміржан Құсбекұлы Мусин, Қажынәсін Мұқажанов, Иван Иосифович Голенко, Николай Иванович Гаврилин — бірінші күннен бастап, ақыр аяғына дейін осы құрылышта сұбек еткен адамдар. Қаланың солтүстік-шығыс жағында, бұрынғы көң-коқыс үйілген жерде сол кездің тұргысынан алғанда алып болып саналатын құрылыштың басталғанын олар үтебірене еске алады. Жұздеген балшық таситын қол арбалар, зембілдер—механикаландырылмаған қол енбегін бейнелейтін құрал-саймандар құрылыштың келбетін бейшелеп тұрды.

1942 жылдың қысы қатты болды, бірақ құрылыштағы жұмыс бір күн де тоқтатылған жоқ, жұздеген метр жерді алып жатқан алаулар үлғая берді. Адамдар күні-түні отқа жылынып алumen болды. Қазақстанның басқа облыстарынан шакырылған еңбек армиясының өкілдері білікті тас қалаушылармен бірге еңбек етті.

№1 жыл-электр орталығы құрылымын бастығы Василий Васильевич Иванов болды, бірінші (өнеркөсіптік) құрылымын участкесінің бастығы болған, Харьковтан қоныс аударған Хазанский де өзін білікті маман, әрі тамаша үйымдастыруши ретінде көрсете білді. Харьковтен қоныс аударған Израиль Борисович Файн құрылыштың бас инженері, № 641 радиозавод (қазіргі С. М. Киров атындағы) ұжымымен бірге Мәскеу түбінен келген Алексей Алексеевич Соколов партия үйымының хатшысы еді.

В. С. Даманский мен Л. К. Плесецкий басқарған тас қалаушылар бригадалары №1 жылу-электр орталығының басты қонысының қабырғасын қалауға бірінші болып кірісті және олар белгіленген тапсырманы асыра орындалап отырды.

Заводтардың өндірістік және материалдық қаржысымен бұл станицияны салуға бүкіл қала көтерілді. Жылу-электр орталығының құрлысшылары мен монтажшылар ұжымдары, олардың басшылары мен партия үйімдары өздеріне ғана ырылған істің маңыздылығын барынша сезіне отырып,

және қыныңдық атауларын және отырып, жогары үйымшилдік пен қажырлы ешбектің үлгісін көрсетті.

Станцияны материалдармен жабдықтауда іркіліс болмай қалған жок. Әсіресе, шет елдік жабдықтардың комплектілеуши бұйымдары жетіспей жатқандықтан, оларды іздең табуга немесе жергілікті жерде қолдан істеуге тұра келді. Жылу-электр орталығының құрылышылары мен монтажшылары белгіленген жоспарды ұдайы орындаған отырып, 1943 жылдың 15 маусымында станцияның алғашқы ток беруіне көт жеткізді. 1944 жылдың шілдесіндегі №1 жылу-электр орталығының құрылышылары мен монтажшылары КСРО корғаныс комитетінің қызыл туши жөнін алды.

Петроиавт қалалық партия комитетінің XI партия конференциясының есепті баяндамасында атап көрестілгеніндей, 1944 жылдың аяғында станцияның құрылышы, негізінен аяқталды деуге болады. Қалған жұмыстар—қосалқы гимараттар, жылу беруді және суды тазартуды механикаландыру сиякты үсак-түйектер ғана.

Станцияның екі казандығы мен екі турбогенераторы іске қосылды. Үшінші казандық та іске қосуға дайын етілді. Ол станцияның жылу резерві ретінде тұрды.

Қаланың партия үйымы облыстық партия комитетінің тарапынан көрестілген үлкен көмектін нәтижесінде асқан міндетті орындан шықты.

Қалада қуатты жылу-электр орталығының салынғаны бага жеткісіз факт. Өнеркәсібіміз өз жұмысында және одан әрі дамуында қуатты негізге, сенімді көлешекке не болды. Қала шаруашылығы мен еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің қажетті алғышарттары жасалды.

Құрылым барысындағы жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін, бастамашыл болып, жігерлі басшылық жасағаны үшін №1 жылу-электр орталығы құрылым басқармасының бастығы В. В. Иванов пен жұмыстың әр түрлі атқарған бригадир К. Мұқажанов әскери награда — Қызыл Жүлдөз ордендерімен атап етілді.

Жылу орталығын салуға зор үлес қосқан басқа да көптеген құрылышылар мен монтажшылардың есімдері құрылым тарихына жазылды. Олардың арасында №1 жылу-электр орталығының алғашқы директоры, станцияға жиырма жыл бойы басшылық жасаған Фағиз Есенғазиұлы Булатов, аға жылу техникі, кейінен станцияның бас инженері болған Василий

Полуектович Кукушкин, бригадалар мен ауысымдардың жетекшісі Иван Буксман, Нина мен Яков Шаермандар, Ахметова мен Баймаганбетов, ОРС-тың жетекшісі Басин, екінші күр lýс участкесінің бастығы Иван Никифорович Иванов, күр lýс басқармасы комсомол ұйымының хатшысы Таисия Крайнова, монтажшылар бригадирі Полещук және басқалары бар.



П. НАУМЕНКО,
облыстық «Зерде кітабын» шығару
жөніндегі үйлестіру жұ-
мыс тобының жетекшісі

ҚАРАЛЫ ТІЗІМ

Сонау көне дәуірден бері өз халқының бакыты үшін өмірін қиған отандастарын есте сақтау қастерлі дең есептеді және ол тарихқа әртүрлі рәміздермен жазылды. Өркениетті елде осындай рәміздердің бірі Отан үшін шайқастарда қаза тапқандардың есімдері жазылатын баспа және колжазба басылымдары болып табылады.

1991 жылдың 8 ақпанында бұрынғы КСРО Президентінің «Ұлы Отан соғысы кезінде және соғыс алдындағы жылдары Отанды корғауда, сондай-ак интернационалдық парызын өтеу кезінде қаза тапқан кеңес азаматтарын есте сақтауды мәнгілік ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» жарлығы шықты.

1991 жылғы мамыр мөн 1993 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің осы мәселе бойынша қауыллары қабылданды. 1990 жылғы 9 ақпанда ҳалық депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Қенесінің «Зерде кітабын» шығару жөніндегі облыстық үйлестіру тобын тіркеу туралы шешімі қабылданды.

Қазіргі уақытта облыстық «Зерде кітабын» шығару үшін колжазбалар «Қазақстан энциклопедиясына» (Алматы қаласы) тапсырылды. Іздестіру жұмыстары жалғастырылуда.

«Зерде кітабының» (Боздактар) қаралы тізіміне енгізілу үшін Ұлы Отан соғысы мен соғыс алдындағы жылдары, сондай-ак интернационалдық парызын өтеу кезінде қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен 32028 адамның дерегі (фамилиясы, аты, әкесінің аты, тугар жылы, әскерге шакырылған уақыты мен орны, әскери атагы, қызметі мен әскери белімі, қаза тапқан уақыты және жерленген жері) енгізілген. Олардың ішінде 1840 офицер, 15 Қенес Одағының Батыры бар.

Қазір ТМД-нің барлық елдерінде жазылып жатқан Бүкіл-одактық «Зерде кітабы» туралы ережеге сәйкес қаза тапқандардың тізіміне снгізу үшін ең бастысы әскерге шакырылған орны болып табылады, бірақ ондай дерек болмаса, тізімге туған жері бойынша енгізіледі.

Отан үшін қаза тапқан жерлестеріміздің саны мынаңдай: Хасан көліндегі шайқаста—10 адам, Халхин-Гол өзенінде—1 адам, 1939—1940 жылдардағы фин соғысында 35 адам, Ұлы Отан соғысы кезінде — 31834 адам, шығыс майданда — 95 адам, бандалармен күресте — 26 адам, Ауғанстанда—27 адам.

Бұл облыстың аудандары бойынша былай:

Петропавл қаласы — 7409 адам.

Бескөл ауданы — 2043 адам.

Булаев ауданы — 4267 адам.

Возвышеи ауданы — 711 адам.

Жамбыл ауданы — 1208 адам.

Ленин ауданы — 2831 адам.

Мамлют ауданы — 2588 адам.

Москва ауданы — 1138 адам.

Преснов ауданы — 2717 адам.

Совет ауданы — 2342 адам.

Сергеев ауданы — 2736 адам.

Соколов ауданы — 1791 адам.

Тимирязев ауданы — 201 адам.

Туған жері және басқалар бойынша — 46 адам.

Статистикалық деректер бойынша 1941 жылғы 1 қантар да біздің облыста 405400 адам тұрған, ескерп комиссариаттың хабарына қарағанда соғыстың алдында және соғыс кезінде Отан қоршаушылар қатарына 74207 адам шакырылған, оның 43,1 проценті майдан даласынан оралмаған. Соңдықтан біздің кітабымыз «Боздактар» деп аталады, оның ербір жолында қыршынынан қылған Отан корғаушыларды аза тұтқан тұған-туысқандарының, жақындарының, барлық адад адаладардың қайғысы, көз жасы бар.

Бес жылдан астам уақыт ішінде қалалық және аудандық комиссариаттар, аудандық әкімшіліктер, тұрғындарды әлеуметтік корғау, ішкі істер, үлттық хауіпсіздік органдары, ардагерлер үйымдары және облыстың барлық тұрғындары орасан көп іздестіру жұмыстарын жүргізді. Олар қаза тапқандарды іздестіруге, олар туралы қажетті мәліметтерді жиностыруға көп көмек көрсетті.

Іздестіру жұмыстарына облыстық баспасөз бен телерадио-компания белсенді көмектесті. Ресей Федерациясының Корғаның министрлігінің орталық архиві, Москва қаласындағы Бүкілодактық құжаттану және архив ісі гылыми-зерттеу институты қаза тапқандар туралы деректерді нақтылауға баға-

жетпес үлес кости. Олар әрбір қаза тапқандар, жарақаттан немесе тұтында кайтыс болғандар, хабар-ошарсыз кеткендер туралы облыстық редакция алқасына бүкіл деректер жазылған компьютерлік қағаздарды жіберіп тұрды. Басқа құжаттармен қатар олар согыстан қайтпағандарды облыстық «Зерде кітabyна» енгізуге негіз болды. Қаза тапқандар – жөніндегі атқарылған көптеген іздестіру жұмыстарына қарамастан біз әлі де көп нәрсөні білмейміз және мүмкін ешқашанда білмеспіз, ейткені олар туралы толық маглұматтар жоқ. Қаза тапқандардың қара тізіміне 32028 адам енгізілген, оның 16629-ы немесе 51,9 проценті «хабар-ошарсыз» кеткен деп белгіленген. Олардың басым көшілігінің қандай әскері бөлімде (полкта, дивизияда) қызмет атқарғанын, кашан және кай жерде «жоғалғанын» және т. б. біз білмейміз. Согыс жағдайы қаза тапқандардың барлығын есепке алуга мүмкіндік бермеген, құжаттар жоғалған шығар, алайда Отан үшін өмірлерін қиған бұл қаһармандар бізге хабар-ошарсыз кеткендер болып табылады, ал туған-туысқандары әлі күнге дейін олардың үйлеріне кайтуын тосуда.

Біздің облыста жасакталған 314-ші атқыштар дивизиясы туралы қолда бар деректерге қарағанда, оның 2241 жауынгері қаза тапқан, хабар - ошарсыз кеткен. Оның үстінен қаза тапқандардың үштен бірі туралы біз маглұматтар білмейміз, сондыктан бұл бөлімдегі біздің көптеген жерлестеріміздің тағдыры белгісіз. Біздің жерде жасакталған 29-шы және 387-ші атқыштар дивизияларында согысқан солтүстіқ казақстандықтар туралы да осыны айтуга болады.

Қаза тапқандардың қара тізімінде бір отбасынан әкелі-балалы, агалы-інілі, әпкелі-сіңлілі 3-4 адамдар да кездеседі. Мәселен, Сергеев ауданындағы Қаратал ауылынан ағайынды Фазез, Қайыр, Тимагұл, Тәкен Ұбыраевтар қаза тапты. Совет ауданындағы Полтавка селосынан ағайынды Алексей, Павел, Семен, Спиридон Верховсқийлер шайқастан оралған жоқ. Петропавлдық Петр Пахомович Андреев пен оның үш ұлы Александр, Алексей, Евгений, ағалы-қарындасты Николай мен Мария Зайцевтер Отан үшін шайқаста шәйіт болды.

Осы жерде «Зерде кітabyның» алғы сөзінде жазылған мына жолдарды келтіре кетуді жөн көрдім. «Қымбатты оқырман! Сенің алдыңда әдетten тыс кітап жатыр. Ол қасиетті. Онда Ұлы Отан соғысы жылдары қаза тапқан біздің халықтың ұлдары мен қыздарының, солтүстік казақстандықтардың фамилиясы мен есімдерінің үзак тізімі келтірілген.

Жарты ғасырдан астам уақыт бұрын Отан - аナンЫН шақыруы бойынша олар өз Отанын қорғауға аттанды. Аттанды және елге қайтып оралған жок. Олардың қара жерлің койнауына кіріп, денелері жөннатта болғанына жарты ғасырдан асты. Олар үндемейді, алайда өздерін мәңгі есте ұстауды үнсіз тілейді.

Олардың әрқайсысына «Кешіріңіз!» дес айтуға мүмкіндігіміздің жоқтығы, оларды есімізде сактағанымыз туралы айта алмайтынымыз өкінішті-ак. Қабірдегілер бізді естімейді де, көрмейді де. Дегенмен барлық тірілер көрсін, түсінең және есінде сактасын. Қаза тапқандарды есте сактау қасиетті және мәңгілік. Осы кітап қаза тапқан солтүстікқазақстандық жауынгерлерді ұрпақтардың жадында қалдыру сияқты иғілікті мақсатқа, ізгілікті іске қызмет етеді».



II ТАРАУ

Солтүстік
Казақстандың
журналистары



Ерекше ерлігі үшін біздің 31 жерлесіміз Кеңес Одагының Батыры атагына ше болса, ал бұ-ы үш дәрежелі Даңқ орденінің толық иегерлері атанды. Олар біздің облыста тұгандар немесе бізден Қызыл Армия қатарына шақырылғандар.

31 Кеңес Одагының Батырының 20-ы Улы Отан соғысының майдандарында қаза тапты. Олардың сріліктері ешқашан умытылмайды. Облысымызда кеңшарлар, қалалар мен селолардың кишелері, мектептер олардың есімдерімен аталады.

„Женістің қын жолымен“ кітабының екінші тарауы Батыр жерлестеріміздің жарқын бейнесіне арналып отыр.

Батырлар туралы жарияланымдар алғавиттік негізде орналасқан. Оған өмірбаяндық деректер мен ерлігінің қысқаша сипаттамасы енгізілген.

Очерктерді КСРО Корғаныс министрлігінің, облыстық мемлекеттік архив пен облыстық әскери комиссариаттың архивтік материалдары негізінде Т. А. Колесникова мен К. М. Мағазов жазған.





**АХРЕМЕНКО
Никифор Акимович**

1914 жылды Петропавл каласында 35 километр жердегі Новоникольск (Татарка) ғелосында туған. Петропавл локомотив депосында жұмыс істеген. 1942 жылдың жетекшісінде атқарылған айында, Н. Ахременконы Петропавл калалық әскери комиссариаты Көнбайыр Армиясының катарына шақырылды.

116-шы Харьков атқыштар дивизиясының 441-ші атқыштар полкінің құрамында Украинаны азат етуге қатысты.

1944 жылғы қантардың алғашқы жартысында 2-ші Украина майданының әскерлері Кировоград операциясын өткізді. Соның нәтижесінде кеңес әскерлері 40—50 километр алға жүлжыды, жаудың өте күшті қарсыласу торабын басып алды, олардың Корсунь—Шевченко тобының қанатына шыкты. Сөйтіп неміс әскерлерін кейіннен коршаудың алғы шарттары жасалды.

Шабуыл таңбы тұмандың кезінде бастағанды. Бұл жағдайда авиация әуеге көтеріле алған жоқ. Алайда артилерия жаудың оқ ату нүктедерін жойды, кеңес әскерлері бірінші күні 24 километрге дейін алға жүлжыды. Фашистер танк бөлімшелерімен қарсы шабуылға шығып, катты қарсылық көрсетті. Эсіресе, Қашық деревнясында кескілескен ұрыс болды, фашистер Корсунь — Шевченко тобының қанатына кіріп бара жатқан біздін әскерлердің жолын бөгемек инетпен үш танк дивизиясын осында әкелді.

1944 жылғы 12 қаңтардың 1-нінде 441-ші атқыштар полкінің бірінші атқыштар ротасы Қашық деревнясының маңындағы 221,15 метр биіктіктері жау траншеяларын шабуылмен басып алды, немістер тым-тырақай қашты. Шайқасқа котай-

лы биіктікті қайтарып алудың ойлаған немістер карсы шабуылға танктері мен жаяу әскерін шығады. Біздің артиллерия мен жаяу әскерлер жаудың шабуылына тойтарыс берді. Қең шығынға ұшыраганына карамастаң, жау бірнеше рет карсы шабуылға шықты.

Жаудың жетінші карсы шабуылын тойтару кезінде фашисттердің бір танкісі рота орналасқан жерге өтіп кетті. Жағдай өте-мөте шиелепісе түсті: танк біздің жауынгерлерді шулеметпен атқыштан, оларды шынжыр табанымен жаңыштан жатты. Кіші сержант Ахременко танкіге қарсы колданылатын гранаталарды беліне байлан алыш, танкің астына құлады. Танк от құшагына бранды, сөйтін осы күнгі жаудың соңғы қарсы шабуылына тойтарыс беріладі, ол біздің әскерлерге басып алған шептे нығыз орналасуға мүмкіндік берді. Біздің жерлесіміз 1944 жылғы 12 қантарда ерлікпен казатты.

Сол жылғы 17 мамырдағы КСРО Жогарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Н. А. Ахременкога Кеңес Одағының Батыры (каза тапқаннан кейін) атағы берілді.

«Ахременко қаза тапты, --- дең жазды майдан газеті, --- оның монді де тәуекелді солдат өлімімен біздің жерге жаудың жолын бөгөп қайтыс болды. Сөйтіп өз жолдастарының өмірін сактап қалды және жауды женугегі жеңіске жол аны. Оның қаһармандық өрлігінің даңқы арта берсін! Батырды Отаны мен бүкіл кеңес халкы ешқашан ұмытпайды!».

Батырдың есімі Пстропава каласындағы көшелердің біріне берілуімен біздің зердемізде сакталуда.



БУЛАВСКИЙ Виктор Константинович



Ақмола облысының Алексеевка селосында 1914 жылы туған. Балалық шағында отбасымен бірге Петропавл қаласына көшіп келген. Киров атындағы орта мектепте оқыған. Оныңиң класти бітірген соң Ленинградтағы Қызыл тулы 2-ші артиллерия училищесіне окуға түсті. Оны тәмамдаған соң жас лейтенант Булавский Москва әскери округінің 402-ші полкінің артиллерия полкіне жолдама алды.

1939 жылдың күнінде 402-ші артполк Батыс Белоруссияға коныс аударды. Осында В. Булавский 8-ші батареяның командирі болып тағайындалады. Финляндиямен соғыс қымыздары басталысымен 402-ші артполк майданға жөнелтіледі.

1939 жылдың желтоқсанындағы Финляндиямен карым - катынастың бірінші кезеңінде кенес әскерлері Карель мойнагындағы қоскілескен шайқастардан кейін авиация мен флоттың көмегімен өте-мөте күшті нығайтылған фин бөгеті айматына 25-тен 65 километрге дейін кірді және шабуылдың барлық майданындағы қорғаныстың басты бөгеті—Маннергейм жүйесіне шықты. Алғы шептегі бөлімдерге жолдар мен елді мекендердегі доттарды, дзоттарды және жаудың басқа да бекініс тораптарын өздерінің қаруларамен жойған артилеристер көп көмек көрсетті. Жауды 402-ші артполктің 8-ші батареясы да аямай жойды.

1939 жылдың 26 желтоқсанында лейтенант Булавскийді полк командирі жаяу әскердің алғы шебіне оның алға жылжуына кедергі жасайтын жаудан оқ ату пүктелерін барлауға жіберді.

65,5 жоғасының онтүстік-батыс баурайындағы орманиның шетіне жер бауырлап жеткен ол орман арасындағы жолды оқастына алатын жаудың пулеметтері біздің әскерлерге көп

шығын әкелетінін түсінді. Жасырына отырып, барлаушы оқ ататын нүктеге жакынады. Жауға дейін бірнеше жұз метр калғанда Булавский оқтың ашық позициядан емес, кішкентай төбешікте орналасқан дзоттан атылатынын көрді. Барлаушы артиллерияның оған нысанага дәлдеп түземей дзотты жою мүмкін емес екенін түсінді. Қайтып оралған ол бұл жөнінде полк командиріне баяндалды.

1939 жылғы желтоқсанның аязы таңы. Айнала ак көрпеге оранған. Қалыптасқан жағдай кайткен күнде де уақытша болсын дзоттың үнін өшіруді талап етіп еді. Бұл міндетті орындауга ауыр карулар батареясының командирі лейтенант Булавский тілек білдірді.

Кетер алдында Виктор сөл-нәл тоқтац, өзінің командиріне азғана көз киығын салды. Бұл тапсырмадан аман-есен оралудың мынан бір мүмкіндігі жоқ еді. «Егер әлдекаңдай жағдай бола қалса, — деді Булавский, — анама менін халқыма адал қызмет еткенімді хабарланыздар».

Радисті Виктор өзінің бүйір жағына, орман арасындағы жолдан бірнеше қадам жерге бүйірығы жететіндегі етіп орналастырды. Өзі жолдың басқа жағына енбектел кетті. Оның командасы бірден оқ ататын позицияға беріліп отырылды. Жер мен бетон кесектері, быт-шыт шыққан калқандар көкке үшты. Пулеметтер мен артминометтерден атылған оқ бес сағатқа созылды. Өз батареясының әр жарылысын бақылаш отырган лейтенант оқ атуды түзеп отырды. Дзоттың үні өшті. Тапсырма орындалды. Булавский орманға қарай шегіне бастады. Орманың шетіне дейін он метрдей қалғанда күтпеген оқиға болды. Неміс мергендерінің екі оғы ержүрек офицерге дарыды. Бұл 1939 жылғы 27 желтоқсанда болған еді.

КСРО Жоғарғы Қенесі Тәралқасының 1940 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен В. К. Булавскийге Қенес Одғының Батыры (каза тапқаннан кейін) атағы берілді.

Карель мойнағында каза тапқан және Сестрорецк зирағында жерленген ержүрек кеңес жауынгері Виктор Булавскийдің есімін есте сактау ретінде 1940 жылдың аяғында Ленинград қаласының Новая көшесіне оның есімі берілді. Петропавл қаласында бір көше оның есімімен аталады.

КСРО Корғаныс министрлігінің 1967 жылғы 18 маусымдағы бүйірығымен Қенес Одағының Батыры В. К. Булавский жоғары артиллериялық училищенің І-ші батареясының

тіміне мәңгілік енгізілді. Бірінші батареяның казармасында Қенес Одағының Батыры В. Булавскийдің мүйісі жақталған.

Курсанттар қатарда сап түзеп тұр. Қазармада тыныштық орнаған. Бөлімшелерде кешкі тексеру жүргін жатыр. Батарея старшинасы Булавскийдің фамилиясын бірінші атады.

—Кенес Одағының Батыры лейтенант Булавский біздің Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін шайқаста ерлікпен кaza тапты, — деп жауап берді бірінші бөлімшениң командирі.

Училищенің жеке құрамы өздерінің түлегін мактан етеді және оның жарқын бейнесі мен мәңгілік ерлігін әрдайым жүректерінде сақтайды.



БЫКОВСКИЙ

Виктор Иванович



Саратов облысының Терновка селосында 1919 жылы дүниеге келген. 1935 жылы ата-анасы қайтыс болған соң оны Петропавл қаласында тұратын ағайы тәрбиеlepді Петропавл медицина техникумын тәмамдаған соң Быковский Қызыл Армия катарына шақырылды.

Ұлы Отан соғысының шайқастарына 1942 жылдың шілде айынан бастал қатысты. 72-ші армиядағы 224-ші гвардиялық атқыштар полкінің санитарлық взвод командирі, медициналық қызметтің лейтенанты Быковский 1942 жылғы бір оқига туралы былай деп еске алады: «25 қыркүйекке қараған түнде біздің батальон Днепр өзенінен өтуді бастады. Таң алдында Бородаевка деревнясының шестінде кескілескен шайқас болды. Мен басшылық жасаған санитарлық взвод шабуылға қатыса отырып, жарапанғандарға көмек көрсетті.

Таң алдында біз деревняға басып кірдік, көшелерде кескілескен ұрыстар жүріп жатты. Деревнядағы үйлердің бірінен мен өз санитарларыммен бірге өлім жазасына қесілген барлаушыларды — 11 қызыл әскерді аман алып қалдық. Немістің үш офицерінің көзін құртып, екеуін тұтқынга алдық. Барлаушылар ауыр соққылардан кейін аяктарын әрең басып тұр екен.

Тұс әлетінде Бородаевка деревнясы фашистерден азат етілді, ауыр да қиян-кескі ұрыстардан кейін жарапылар көп болды. Медициналық көмек көрсеткен соң оларды тас подвалдардың біріне орналастырыдық. Алайда көп ұзамай жауқарсы шабуылға шыкты. Олар біздің қорғаныстың бір туын бұзып өтіп, деревняға қайта кірді. Фашистер, әсіресе,

Батальонын медициналық пунктінің қасына көп шоғырланды. Колларына кару үстай алтын жарапылар санитарлармен біреу фашистерге карсы соғысты.

Осы ұрыста Виктор Иванович екінші рет жарапанды, сол колынын сүйегіне оқ тиді. Қешке қарай ұрыс әлсіреп, жау иегізінен тізе бүкті. Екі рет жарапанды Быковский тұнгі сағат екіге дейін барлық жарапыларды Днепрдің жағалауына жонелткенше әскери міндетін аткарумен болды.

Виктор Ивановичтің жеке өзі шайқас алаңдарынан 80-нешегам ауыр жарапандарды алып шыкты, жаудың оғының астында жүздеген солдаттар мен офицерлерге Днепрдің он жағалауында медициналық көмек көрсетті. Оған Кенес Одағының Батыры атағы 1943 жылғы 26 қазанда берілді.

1944 жылғы тамыз айында 2-ші Украина майданы медициналық құрамының конференциясында В. Быковский «Днепрден өту кезіндегі атқыштар батальонына медициналық қызмет көрсету» тақырыбында баяндама жасады. Быковский бүкіл 2-ші Украина майданындағы Кенес Одағының Батыры атағын алған бірден-бір медик еді.

Ол 1945 жылы тіс дәрігері курсын бітірді, ал 1956 жылы медициналық қызметтің майоры запасқа шыкты. Ангарскіде, Иркутскіде және Кишиневте жұмыс істеді. 1973 жылғы 31 шілдеде қайтыс болды. Кишинев қаласында жерленген.



ГОНЧАР
Павел Иванович



Чернигов облысының Смолин қаласында 1905 жылы туған. 1907 жылы оның ата-анасы Сергеев ауданының Семиполка селосына көшіп келеді. 1935 жылы тракторшы болды, ал бес жылдан кейін колхозшылар оны «Пламя» колхозының төрағасы етіп сайлады. 1941 жылдың шілде айында ол Қызыл Армия қатарына шақырылып, Петропавл қаласында жасақталып жатқан 314-ші атқыштар дивизиесіне жіберіледі.

1942 жылғы 17 сәуірдегі Свири-З поселкесі маңындағы үрыстар кезінде аландарды миналардан тазартып жүрген П. И. Гончар біздің істен шыққан «Т-34» танкісіне қарай оны жойып жіберу мақсатымен келе жатқан жау солдаттарын байқап қалады. Павел Иванович жаудың жолын бөгеп, финдердің сегіз солдатының көзін құртты. Танк пеш оның экипажы аман қалды. Сапердің өзі де беліміне аман-есен оралды.

П. И. Гончар 21 сәуір күні инженерлік жұмыстарды істеп жүріп біздің қираған «КВ» ауыр танкіні басып алуға және корғанысты бұзуға асыққан ак фин солдаттарын бірінші болып байқап қалды. Танк ішіндегі пулеметті алып шыққан ол оны тез менгеріл алды. Екі ротаға жуық ак финдер танкіге 40—50 метрдей қалған кезде пулеметтен оқты карша боратты. Үрыс аланында жаудың өлген 25-ке жуық және жараланған 50-дей солдаты қалды.

Күтпеген тоскауылдан естерін жиган жау жалғыз пулеметшіге қарсы оқ жаудырды. Жарықшақтар пилотка мен шалбарды тесіп өтті, алайда оқ оның денесіне дарыған жок. Артиллериялық даярлықтан соң жау шабуылға шыкты. Жау солдаттарын жақындастып алып Гончар қайтадан пулеметтін

іске қости. Бұл жолы да жау ұрыс алаңында өлген 30, жаралапған 70 солдатын, бір станокты және екі кол пулеметтерін қалдырып кейін шегінді.

Осы шайқаста көрсеткен қаһармандағы үшін ҚСРО Жоғарғы Қенесінің Төралқасы 1943 жылдың ақпан айында қызыл әскер Павел Иванович Гончарға Қенес Одағының Батыры атағын берді.

1942 жылдың қыркүйек айында 314-ші атқыштар дивизиясы Синявин жотасының маңына ауыстырылды. Осында жауғының астында жүріп ержүрек сапер 212 неміс минасын залалсыздандырды.

1943 жылғы қантар түніндегі Ленинград қоршауын бұзу жөніндегі біздің әскердің шабуылы карсаңында П. И. Гончар басқа жауынгерлермен бірге мина қойылған алаңнан ганктер мен жаяу әскер жүретін жолды ашып жүрді. Алайда шабуылмен қарсы кездесуге келе жатқан Ленинград майданының жауынгерлерімен ол кездесе алмады. Ол 1943 жылдың 12 қантарында шабуылдың алғашқы күні қаза таиты. Синявин жотасындағы туыскандар зиратында бес метрлік құлпытас орнатылған. Ондағы мемориалдық тақтада біздің жерлесіміз Павел Иванович Гончардың есімі алтын әріптермен жазылған.





ГУДЕНКО

Сергей Гаврилович

1915 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мам-
лют ауданының Колдоман селосында туған. 1936
жылғы қараша айында С. Г. Гуденко Қызыл Ар-
мия катарына шақырылды.

Көпбалалы шаруа отбасында дүниеге келген Сергей бала-
лық шағында бастауыш білім де ала алмай қалды. Қызыл Армия қатарында жауынгерлік қызметі ликбез курсымен бірге өтті. Армияда Сергей үлгілі пулеметші болып, комсомолға өтті. Жапониямен соғыстың басталуын Сергей былай еске алады: «1938 жылғы 29 маусымда жауынгерлердің бәрі де қатты үйқыда жатқанда ксненет құлақты жарғап сирена үні естілді. Бес минут өткен де жоқ, біздің бөлім толық даяр-
лықта болып, бүйрек күтіп тұрды. Жапон әскерлері артил-
лерияның қолдауымен Қенес территориясына екі жактан бас-
салып, Хасан көліне өтіп, Безымяный мен Заозерный жотасын басып алды. Таң ата біз нұсқау берілген жерге келіп, барынша жасырынып, Безымяный жотасына қарай жылжы-
дық. Қарсыластар бізге артиллериядан қатты оқ жаудырды. Біздің артиллерия еселей жауап берді. «Отан үшін», «Ұлы Сталин үшін» деп ұрандал ұрыска ұмтылдық. Көп кешік-
пей біздің артиллерия жаудың бекініп алған артиллерия жәнс пулемет нүктелерінің үнін өшірді. Мен оншақты метр жерден біздің тылымызға өтіп кетуге жанталаса талпынып жатқан жаяу әскер взводын байқап қалдым. «Максимкамен» бір рет оқ жаудырып жіберіп, мен жау взводын барлау-

шы үобын офицерімен коса жойып жібердім. Солдаттары асқалактап қаша жөнелді, бірақ менің «максимкам» оларды кесілген ағаштай қып түсірді. Олардың бірде-бірі Манычжур территориясына оралған жок. Сол күні маған жапонның төрт станокты пулеметін оқ-дәрісімен бірге жинап алуға тұра келді. Кешке қарай біз Безымяның жотасына біржоға бекініп алдык. Біздің бөлімшеге Заозерный жотасының оң жақ шебіне қарай жылжуға бұйрық берілді. Кешке қарай біздің шебер маскировка жасай отырып, самурай оғының астынан шығынсыз шығуға мүмкіндік берген қалың тұман ғүсті. Таңтертең, 4 тамызда оң қолдағы көрсетілген позицияны алыш, сонда бекіндік.

Заозерный жотасының басынан самурайлардың даудығары естіліп, біздің үстімізден октар ұшып жатты. Сол кезде аспанда қызыл жұлдызды бомбардировщиктер көрінді. Қызыләскерлер тұрып, кеңес ұшқыштарына қол бұлған жатты. Аспанда жау үстіне тастала бастаған алғашкы бомбалар қарайып көрініп, жер солқылдаپ кетті. Мен назарымды самолеттерден алыш, көзімді Заозерный төбесіне тіктім. Ен бірінші болып аспанға жапон бекінісі, одан кейін арбалар, жаудың етіктері мен денелері ұшып жатты. Содан кейін жотаның үстін қара тұтін басып, тек жалтылдаған оттарға көрінді. Самолеттерден кейін біздің танктер алға ұмтылып, өршелене оқ жаудырған артиллерияның қолдауымен біз де ұрыска кірістік. Ұрыс тұні бойы болды.

10 тамыз күні таңтертең біздің пулеметті жау батареясы байқап қалып оқ жаудырды. Маған жақын бес метр жерге жарылған снарядтың жарықшағы оң жақ бүйірімді күйдіріп кетті. Ал менің жолдасым — екінші нөмірлі—қатты жарапанды...».

Гуденко позициясын жиі ауыстыра отырып ұзак уақыт бойы Приозерный жотасын жалғыз қорғап тұрды. Одан кейін алға ұмтылған жаяу әскерлердің алдында жылжи отырып, өзінің пулеметімен қарсыластың бір ротаға жуық солдатын жойып, біздің бөлімшениң шабуылға шыгуына мүмкіндік жасады.

Сол ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін қызыләскер Сергей Гуденкоға 1938 жылы 23 қазанда Қенес Одағының Батыры атағы берілді.

1939 жылы Қызыл Шығыс әскери округі Сергей Гуденконы Киевтің жаяу әскер училищесіне жіберді. Оны бітірген жас

лейтенант шекарада жаңадан жасалған доттар іске косылып жатқан корғаныс ауданына қызметке келді. Училиштегі түлгі пулемет взводының командири, «Кровель» дотының коменданты болды.

Соғыстың алғашқы күндері пулемет взводының жауынгерлері карсыластың көптеген шабуылына тойтарыс берді. Немістер корғаныс бекінісін айналып өтіл, арт жактан шыққанда ол станокты пулеметті ашық позицияға шығарып, неміс жаяу әскерлерін тұра атқылады. «Кровель» доты. «Жердегі тіршілік үшін» атты кітапта жазылғандай, фашистер оны жарып жібергеннің өзінде әрекет етіп жатты. Үйінділердің астынан тұрып үлгерген жауынгерлер немістің косымша күштер келіп жатқан жолдарын атқылады. Гарнизонды құрту үшін фашистер газ қолданды. Үйінділердің астында бәрі түгел жойылып кеткендей еді. Фашистердің көңілдері көтеріліп, каруларын жерге қойып, дем алуға жайгаса бастады. Дәл сол кезде үйіндіге жан біткендей, жер астынан шыққандай кенес жауынгерлері көтеріліп келе жатты. Противогаздарын жүре шешіп тастав сала олар жауға үмтүлды. Алдарында гимнастеркасының омырауында Кенес Одағының Батыры жұлдызы жарқыраған лейтенант келе жатты. Жаудың жартысын жойып, жартысын орманға қашырып, корғаушылар қайтадан дотқа бекініп алып қайталанған шабуылдарды тойтарып отырды. Тек жаудың ауыр артиллериясының соққысы ғана доттың үнін өшіргендей болды.

Осы үрystan кейін автоматтарын кезең айдан әкелген жергілікті тұрғындар мен Владимир-Волынск геттосының тұтындары каза тапқандардың денелерін сүйреп шығарып жатқанда неміс майоры кенес ерлеріне әскери құрмет көрсетіп, колын шекесіне анарып тұрды. Гуденконың кеудесіндегі Алтын Жұлдызды шешіп алып жатып: «Жаксы, бұл, міне, жаксы, нағыз солдат», — деді.

Оз өміріндегі ең соңғы осы үрystaғы ерлігі үшін Кенес Одағының Батыры Сергей Гаврилович Гуденко каза тапқаннан кейін Қызыл Жұлдыз орденімен наградтады. Онын туған жерінде — Мамлют цен Петропавл қаласында көшегерге оның есімі беріліп, батырдың аты есте қалды.





ДӘУІТОВ
Ескендір Садықұлы

1923 жылы Омбы облысының Есілкөл станциясында туған. 1927 жылы Дәуітостар отбасы Петропавл қаласына көшіп келеді. 1942 жылғы 23 қарашада ауыл шаруашылығы техникумының бірінші курсе студенті Дәуітов Қызыл Армия қатарына шакырылады.

1943 жылдың күркүйегі. Шегініп бара жатқаң жауды тықсыра отырып, 16-шы гвардиялық Чернигов дивизиясының бөлімдері Днепргे тақап келді. Алда—үлкен су айдыны. Сондыктан да өтс шапшаң түрде ауыр шайқастардан әлсіреген жаудың есін жиғызбай жедел өзеннен өту керек еді.

—Жауынгерлік тапсырманы орындауға рұқсат етіңіз, — деді қатардағы гвардия жауынгері Дәуітов. Бір топ батыл жігіттер балықшы қайығымен келесі жағаға қарай жылжи жөнелді.

Қарсы жақ өзеннен өтіп келе жатқандарға зенбіректер мен пулеметтерден оқ жаудырыды. Міне, жаға да жақын қалды. Ескендір алғашқылардың бірі болып Днепрдің оң жағалауына аяқ басып, пулеметімен жау траншеясына үмтүлды. Екі гитлерші ержүрек пулеметшіге тап берді. Батыл жауынгер сасқан жоқ, қанжармен екеуін де жайратып салды. Жедел пулеметті орната салып, жауға оқ жаудырыды. Алғашында сасып қалған жау артынан шабуылды үдете түсті. Днепрдің оң жағалауына жетіп, жаумен жағаласа кеткен біздің жауынгерлерден екеу-ақ — Ескендір Дәуітов пен оның жолдасы ғана қалды. Олар жаумен жанталаса шайқасты. Дәуітов позициясын бірнеше рет ауыстырды.

Бір мезгілде гимнастеркасынан қан тамшылай бастады. Қаралы жауынгер жаудың екпінін қайтарып, жалғыз өзі оқ

боратып жатты. Гитлершілер қайтсе де Дәуітовтың пулеметі үнін өшіруге тырысты. Оқ бұршақтай борады. Ескендірге көмеккө ұмтылған жолдастары жеткенде ол екі қолы пулемет тұтқасына қарысып қалған күйі жансыз жатты. Ұрыс аяқталды. Бірақ бұл женісті көру Ескендірге бұйырмады.

Осы ерлігі үшін КСР Одағы Жоғарғы Қеңесі Төралқасының Жарлығымен Е. Дәуітовке 1944 жылы 15 қаңтарда қайтыс болғаннан кейін Қеңес Одағының Батыры атагы берілді.

Жерлестері өз ұлдарының есімін қастерлеп есте сактауда. Ескендір Дәуітовтың өзі соғыска дейін мастер болып істеген ет-консерві комбинатының училищесі қазіп батырдын атымен аталады



A black and white portrait of a man with short, dark hair, wearing a high-collared military-style jacket. He is looking slightly to his left with a neutral expression.

ДОВЖЕНКО

Виктор Михайлович

Орынбор облысының Ташла селосында туған. Қейін Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Симаки селосына көшіп келіп, мектепте мұғалім болды. 1940 жылғы қыркүйекте В. М. Довженко Қызыл Армия қатарына шақырылып, Украина дағы Ішкі Істер Халық Комиссариаты (НКВД) әскерінің №228-ші полкіне жіберіледі. Ұлы Отан соғысына 1943 жылғы ақпаннан бастап қатысады.

1945 жылғы 15 ақпандың 1281-ші атқыштар полкінің автоматшылар ротасының (Бірінші Белорусс майданы. 47-ші армияның 60-шы атқыштар дивизиясы) командирі аға лейтенант Довженко өз ротасымен Висла-Одер операциясына катысты. Негізгі міндеті Польшаны азат етуді толық аяқташ. Берлинге шешуші соққы беру үшін қолайлыш шепке жету болатын. Довженконың ротасы орман ішімен жүріп жаудың 100—120 адамдай болатын тобымен үрысқа түскен Крубин елді мекенінің онтүстік шетіне жетіп, жаудың тылына шықты. Довженконың шебер басқаруымен рота карсыластарының талқандады. Қөштеген жау қаза тауып, бесеуі тұтқынға туспіп, қалғандары кашты. Бұл үрыста Довженко жалғыз өзі автоматпен немістердің автомат және пулеметпен қарулаған жиырма адамдай болатын тобына тұтқылдан карсы шықкан кезі де болды. Шебер де батыл кимылдан олар жауды кейін шегінуге мәжбүр етті.

16-шы қантарда өзет офицер Нова-Двур қаласы маңында Висла өзенінен өтіп, екі жауынгер үшеуі танкіге қарсы қолданатын граната мен немістің өздігінен жүретін зеңбірегі мен екі солдатын жойды.

Кенес Одағының Батыры атағы оған 1945 жылы 27 акпанда беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі коса тапсырылды. Ал, бірнеше қүннен кейін, 1945 жылы 4 наурызда үршеста каза тапты. Батыр Варшава каласында жерленді.



ДОСМУХАМБЕТОВ

Әбу



1920 жылы Солтүстік Казакстан облысының Припять ауданындағы Ушқөл ауылында (қазіргі Бескөл ауданының «Адreas» кешеншары) туған. Ферма мемгерушісі, комсомол үйімшісінін хатшысы болып қызмет істеді. 1939 жылы Қызыл Армия катарына шакырылды. Улы Отан соғысына 1942 жылдан бастап катысты.

Жеңіспен аяқталған Қурек нішіндегі сұрапыл шайқастаң кейін кеңес әскерлері батыл түрде гитлерлік корғаныстың маңызды шебі—Днепрге қарай жылжыды. Днепр өзі сияқты жалпақ та терен Десна, Припять сағаларымен бірге шабуылдал келе жатқан Қызыл Армияның әскерлерінс өте елеулі кедергі болатын. Биік жагала бекініп алған гитлершілер катты қарсылық көрсетті.

1943 жылдың 22 қыркүйегінде түнде жау артиллерия мен күшті оқ атып тұрғанда өзеннен алғашқылардың бірі болып откен Ә. Досмұхамбетовтың ротасы полктің басқа бөлімшелерінің өтуін демей отырып, бірден ұрысқа кірісті. Ұшқуннен кейін, 25 қыркүйекте дивизия Припять өзеннен өтіп, онда да Әбдулің ротасы ерекше көзге түсті.

Ә. Досмұхамбетовтың ерліктері оны Қенес Олагының Батыры атағына ұсыну туралы марапат парада тізіліп, жазылған: «Деснаның, Днепр мен Припятьтың айдындарынан өту кезінде өзін шашаң шешім қабылдауға және оны іске асируға қабілетті шебер командир екенін көрсетті. Ешқандай жүзу құралы болмағаның өзінде ол қарсыластың күшті артминомет атысы астында бұзылған көпірден алынған тақтайлардан сал жасап, ротаны өзеннен шығынсыз алғып

шылкты және қарсыласың жағалауында шайқасқа кіріп, келесі бөлімшелердің өтуін демеді. Припять өзешінен өту кезінде оның ротасы немістің мотоколоннасының атысына тап болды. Досмұхамбетов жолдас бір топ жауынгерлерімен қарсыласқа білдірпестен колоннаның тылына өтіп кетіп, оны қашуға мәжбүр етті....

229-шы атқыштар полкінің командири, подполковник Шишков».

Бұл ұснының 1943 жылғы 1 қазанда, яғни ол қаза табардан бір апта бұрын жазылып, сатылап (дивизия, корпус, армия, майдан) жіберілген еді. КСРО Қорғаныс министрлігі архивінің материалдарына сүйене отырып П. Белан «Қазақстандықтар Украина мен Молдавияны азат ету жолындағы шайқастарда» («Ғылым» баспасы, Алматы, 1967 ж.) деген кітабында осылай деп жазады. Автордың ойынша, бірқатар кітаптар мен мерзімді баспаса з мақалаларында Э. Досмұхамбетовке Қенес Одағының Батыры атағы қайтыс болғанин соң берілді деген тұжырым дұрыс емес. Беланмен келіснеуге қисын жоқ.

Егер полк командири Д. К. Шишковтың ұснынысына Э. Досмұхамбетов қаза тапқаннан кейін кол қойылса, онда полк командири Батырдың актық шайқасы туралы айтпауды мүмкін емес сді. Тегінде, Э. Досмұхамбетовкес Батыр атағы қаза тапқаннан кейін берілді деген байлам КСРО Жоғарғы Қенесі Төралқасының Жарлығына 1943 жылдың 16 қазанында Батыр қаза тапқаннан кейін кол қойылуынан болса жерек.

Э. Досмұхамбетовтың соңғы шайқасы екі анта бойы фашистермен кескілескен ұрыс жүргізілген. Припять плацдармында өтеді. Қарсылас жақ жаңа күштерін қоса отырып, бірнеше әрекет жасайды. 6 қазанга қараған түнде жау мотоколоннасы бірінші батальонның позициясына қайтадан шабуыл жасайды. Жауынгерлер ок атады. Оларды танкке қарсы ататын зенбіректер батареясы қолдайды. Бірнеше танк пен броневик әртенеді. Сау қалған жау машиналарының бұрылуға шамасы келіп шепке жақындалап келіп, бірінші ротаның позициясына баса көктей кіреді. Осынау сэтте жаралы командир Э. Досмұхамбетов күшін жинал, қарсы келе жатқан танкіге қарсы енбектей жылжып барады да, оған танкіге қарсы қолданатын минаны лақтырады. Жақын жердегі жарылыс әлі 23-ке толып үлгермеген жас офицердің өмірін қылп кетті.

Олтінгө басын тіккеси соңғы сәтте ер жігіт не ойлады екен? Ылжім, өзі шығарған өлеңдің мына бір шумағын есіне түсірілген болар:

**Сарбазың қолға ту алып,
Ұрысқа кірер сан қылы,
Ойында туыс-туғаны,
Даланың исі аңқиды.**

Олде туған жерді корғау туралы жауынгерлік айт жолдағы ойына оралды ма екен?

Кешікпей батырдың анасы Қайша апай кара қағаз алды. Бұдан артық қайғы болар ма...

Соғыс аяқталды. Тірілер тұған шаңырагына оралды. Бірлік Қайша апай үмітін үзген жоқ. Ол әлі де болса ұлының қаза болғанына сенбегендей еді. Жаңына батқаш қайғыдан өзін-өзі жұбатқандай болып: «Ұлым мениң тірі, ол әлі оралады», — деп отыратын. Осылайша асыл ана бірде алыстан хат алғанша үмітін үзген жоқ. «Құрметті Қайша Бәшімкызы, — деп жазылты Чернобыль қаласындағы №2 мектептің 7 «Б» класс оқушылары.— Сіздің ұлыңыз Ә. Досмұхамбетов біздің қалалық паркте жерленген. Біздің бақытты балалық шағыныз үшін құрескен Сіздің ұлыңыз туралы біз көбірек білгіміз келеді. Өткенді еске алып, ұлыңызды айтып, жүргегізді сыйздатқанымызға кешірім сұраймыз. Біз Сізben хат алысып, кездесу үйимдастыруды ойлаймыз...».

1967 жылы Батырдың жиені Сапар Дүйсенов жетпіс жастығы батырдың анасы Қайша апай екеуі Чернобыльге, батырдың зиратына, барып қайтты.

Біздің мектеп оқушыларымен, қала тұрғындарымен кездесуіміз әсерлі де толғанысты болды, — деп еске алады С. Дүйсенов. — Қалалықтар Қайша шешемізге наң мен тұз үсінди. Толқып кеттік. Қария көзіне жақ алды. Оның ұлын ұмытпалты, құрметтейді скен. Әбумен катар қалалық паркте біздің ағайдың жауынгер серігі, Қенес Одағының Батыры Нетр Баюк жерленіпті. Екеуі бір күнде қаза тапкан екен. Екеуіне де Батыр атағы бір күнде, 1943 жылғы 16 қазанда берілген. Қазір екі Батыр да касіретті көп шеккен екі халық

казактар мен україндардың достығының белгісіндегі мәңгілікке көз жұмып, катар жатыр. Зираттарының басынан үл үзілмейді.

Осы орайда Українның аса көрнекті кинорежиссері Алексей Довженко айтқан мына сөздер ойға оралады: «Шай-

қаста қазак батырлары жан берді. Достықты кастерлеп, қандарын төгіп, өздері де украин топырағында мәңгі тыныштық тапты. Ақ сақалды карттар мен жастардың, барлық казактардың бізден кейін де мәңгі өшпейтін мактанышы, үлгі-өнегесі болып оның өшиетін ерлігі, даңкты атагы қалды. Жылдар өтер. Қөптеген оқиғалар самайын қырау шалған Ұлы Отан соғысы ерлерінің жадында сейіліш, деректері араласып, азызға, өмірлік дастанға айналар. Ал фашизмді женген барлық жауынгерлердің туысқандығы мен мызғымайтын достығы, бауырластығы, ерлігі үмтыйлмай, мәңгі есте қалады».





ЕРШОВ

Александр Матвеевич

1908 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Мәскеу ауданындағы Словянка селосында туған. Соғысқа 1941 жылдың шілдеден бастап катысты.

1944 жылғы жазда совет әскерлері Белоруссияны азат етуге қірісті. 3-ші Белорусс майданының бөлімшесі 23 маусымда (1944 ж.) немістердің Витебскідегі тобын екі жағынан айналып өтіп, 27 маусымда оларды құртып жіберді. Шабуыл екіншін төмендетпей бұл майданың әскерлері ұрыспен 400 километрден астам жол жүріп, 13 шілдеде Литваниң астанасы — Вильнюсті азат етті. Ондағы неміс гарнizonының жойғашынан кейін 3-ші Белорусс майданының 5-ші армия әскерлері батысқа қарай жүріп, келесі шабуылга дейін тоқтаусыз Неман өзенін кесіп өтіп, оның сол жақ жағасындагы плацдармды басып алуға ұмтылды.

5-ші армияның 371-ші атқыштар дивизиясының 1233-ші атқыштар полкінің бөлімшесі командирі сержант Ершов айтады:

Вильнюс қаласын жаудан азат еткеннен кейін солдаттардың көзіл-күйлері көтерінкі болатын-жақында гана құрамага гвардиялық атақ берілгендігі туралы бүйрық оқынан ды. 16-шы шілдеде ұзақ үзілістен кейін полк шағын орталық алқапта дем алуға орналасты. Неман өзені жайылтып, үйрала ағып жатты.

Көп кешікпей біздің батальон өзеннің қарсы жағасындағы плацдармды кесеіту үшін алға жылжуға тиіс болатын. Барлығымыздың ойымыз соған ауған. Алайда оның қашан басталатынын ешкім де білген жок. Майор Усольцев Ершовты шақырып алды:

— Бірінші болыш өзенде кесіп өту сенімін сагаң білдіріп тұрмын. Батыл да қағылез солдаттарды таңдалап ал. Сендер гвардиялық солдат екендерінді ұмытпанадар! Жолларың болсын! — деп бүйрек берді.

— Жолдас майор, қолдан келгениң бәрін жасаймыз. Ұятқа қалдыраспсыз.

Жиналуға үш сағат берілді. 17 адам жиналды. Уақыт түнге жақын болатын. Қару-жарак, далалық телефон катогі мен кесу құралдары тиелген сал тез дайын етіліп, өзенге де түсірілді. Құтпеген жерден аспан ашылып, жұлдыздар жарқырап шыға келді. Қамыстардың арасынан сығалай барлап, жаудың окоптарын анық байқадық. Көп күттірмей зеңбіректер екі-үш қайтара оқ жаудыра гүрсілдете жөнелді. Өзеннің сол жағасында снарядтар мен миналардың жарылсынан дүние астан-кестен болды. Алайда ұзын сырықпен итерілген сал өзен жағасына аман-есен жақындей түсті. Қенет судың бетін пулемет оғы сызып өтті де, жаңа ғана сал келе жатқан жerde минаның жарылсынан толқын аспанға атты.

— Суға секіріндер, салдарды менің сонынан штеріңдер! — деп сержант команда беріп, өзі суға қойып кетті. Қүш-жігерлерін сарқа жұмсап, өжет жігіттер өзеннің екінші жағасына жасырынып үлгерді.

Ершов телсфон арқылы: «Біз өзеннің сол жағасындамыз. Плацдарм біздікі... Қейін шегінбейміз, ұстап тұрамыз», — деп хабарлады.

Немістер біртүрлі тыныштала қалды. Іле олар барлық қару түрінен оқ жаудыра бастады. Аспанға ракеталар атылды. Көрші участкеде жаяу әскерлер атысты үдете түсті. Естерін жиған немістер десантшылар санының көп емес екенін анықтаған соң оларды құртып жіберудің амалына кірісті. Алайда десантшылардың дәл көзделеп атқан оқтары олардың бірнешеуін жер жастандырып, дереу оқ жетпейтін жерге дейін шегінуге мәжбүр етті. Тағы да шабуыл. Бұл жолы көбірек күшпен. Өзара тең емес айқас алты сағатқа созылды. Солдаттардың жартысына жұығы ғана тірі қалған-ды. Гитлершілерді жаңылдыру үшін Ершов ұрысты тұтас бір рота жүргізіп жатқандай тәсіл қолдануды бүйірді.

Комек те келіп жетті. Алайда Ершов оны көрмеді: тірі
шашын шағын десантты шабуылға көтермек болған оны жау
олынан бүйірінен, жүргегінің төмен тұсынан атып құлатты.
Боспитальге түсті.

1945 жылғы 24 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Тәралқа-
са Жарлығымен Александр Матвеевич Ершовка Кеңес
Одатының Батыры атағы беріліп, «Алтын Жұлдыз» бен Ле-
нин ордені коса тапсырылды.

Марақат паракшасында былай жазылған: «Ершов 1944
жылды 17 шілдеде Неман өзенін кесіп өтуде аскан өжеттілік
шеш қаһармандық және ерлік көрсетті. Ол өз бөлімшесінде-
бірінші болып бөгеген суды кесіп өтіп, өзеннің екінші жа-
ғасына шықты. Артиллериялық және пулемет оқтарының то-
лассызы атылуына, сондай-ак жау авияциясының үсті-үстіне
бомба тастауына қарамастан, Неманың карсы жағасына
шығып, бекініп үлгерген оның бөлімшесі карсы шабуылға
шыққан фашист роталарына тойтарыс беріп, оларды 30—40
метрге дейін жақыннатып алып, мылтықпен және гранатамен
жусата қырды. Оқ-дәрі таусыла бастағанда Ершов «Сталин
үшін алға» деп бірінші болып орнынан көтеріліп, фашистермен
жекне-жек шайқасқа түсіп, әріптестеріне батырлық үлгі-
сін көрсettі. Өз винтовкасының найзасымен және дүмімен
Ершов 12 фашисті жайратты. Жаудың беті тойтарылып,
100-ден астам неміс солдаттары мен офицерлерінің өлігі,
сондай-ак айтارлықтай қару-жарак ұрыс даласында қалды.
Немістердің карсы шабуылдының беті тойтарылды. Неманың
сол жағасындағы плацдармды жауға бермей, біздің әс-
керлер өзеннен өтіп, шабуылга шықты, Оңтайлы шептерге
бекінді».

Александр Матвеевич 1980 жылдың 21 акпанында қайтыс
болды, алайда оның срлігі халықтың мәңгі жадында. «Көңіл
шердесін беріп қоюға болмайтын плацдармдай сақтау қа-
жет. Өмір үшін, тірілер үшін одан айрылмау керек», — деу-
ші еді Ершов.





ЗӘКІРОВ Ғали Зәкірұлы

1910 жылы Татар АССР-і Сабин ауданы Сабы селосында туған. 1940 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданындағы Ильинка селосына көшіп келген. МТС-та жұмыс істеген.

Днепр — қуатты өзен—жағаларын кара толқын сүйіп, керенау керіліп жатқан. Солдаттар да үй-жайлары туралы киялға беріліп, қалғып кеткендей сәт. Гвардиялық кіші сержант Зәкіров өзінің туған селосын, туған-туыстарын есіне алып жатқан, кенет оны лейтенантқа шақырды.

— Таңертең жолға шыгамыз, — деп қысқа қайырды сезін офицер жиңілғандарға. — Бізге жедел Губино селосының түбіндегі плацдармды кеңейтуге бұйрық берілді. Зәкіров қалта кітапшасын алып, «3 қазан 1943 жыл, Губино» деп жазып қойды. Ол ылғы да шабуылға шыгарда осылай істейтін.

F. Зәкіровтың бөлімшесі 1257-ші жотаға орналасып, оны косымша күш келгенше ұстал түру туралы тапсырма алды. Жауынгерлер таңертеңмен ертелең қарсыластарының он жак бекінісіне таман жакындей түсті. Басында бәрі тып-тыныш болды, кенет батыл жауынгерлердің тәбесіне октар жанбырдай жауды. Мақсатты жерге ондаған мерт қалған. Зәкіров жау трапшеясына бірінші болып секірді. Мылтығының наизасы және оның думімен ол 14 немісті жайратты. Бөлімшениң қалған солдаттары да ерлікпен шайқасты.

Жаудың бірінші бекінісі осылай алынды. Зәкіров өз бөлімнен шабуылды үдете отырып, олардың екінші қорғаның шебін бұзып өтуге алғашқылардың бірі болып үмділді. Аядаң ұрыс алаңы үшін кескілескен айқас басталды. Құш бірдей емес еді: 10 кеңес жауынгері 120 фашиске карын күш көрсетті. Соган қарамастан біздің бөлімше үшін ұрыс жеңіспен аяқталды. Соғыс алаңында жаудың 70 өлігі жайран жатты, қалған 50-і кашып қутылды.

Зәкіров 1257-ші жотаға «Жер біздікі, оны ешкімге бермей-мі» деген мақтанышпен жазып, желбірете қызыл жалау тікті


Жаулар жағы үш рет қарсы шабуылга көтерілді. 200—300-ге деінн солдаттарын ұрыс алаңына шыгарды, алайда олардың әр шабуылы қатты соққыға тап болып, үлкен шығынға үшінады. Жотаны біздің жауынгерлер үстап тұрды. Құндықтай қөмек те келіп жетті. Осы ұрыста гана Зәкіровтың жеке өзі 100-ге жуық гитлершіні өлтірді. Ержүрек жауынгерлер және оның командирі туралы аңыз полк арасына тез гарады.

Киев облысының Вышгород ауданындағы, Днепрдің он жағасындағы Ясногород селосы тұсындағы плацдармды кеңейту үшін болған ұрыста көрсеткен ерлігі, манызды жотаны үстап тұрған қайсарлығы үшін 8-ші гвардиялық оуе—десант полкінің 3-батальонының (3-гвардиялық әуес—десант дивизиясы, 60—армия, Воронеж майданы) бөлімше командирі гвардиялық кіші сержант Зәкіровке КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1944 жылдың 10 қаңтарында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин ордені қоса тапсырылды.

Фали майданнан туған-туыстарына жеңіске, кездесуге үміттенген жылы сөздер жолдады. Эйелінс балаларды қындықтарға қарамастан жаксы тәрбиелеуді, Отанға көмектесуге, яғни ұжымшарда бел шешпей еңбек етуді сұрап жазды. Зәкіров 1944 жылы ақпанда Украина үшін болған шайқаста каза тапты.

Батырға Ленин ауданындағы Ильинка селосында бюст койылды. Петропавл қаласында бір көшеге оның есімі берілді



A black and white portrait of a man with a shaved head, wearing a dark military uniform with a high collar and several medals on his chest. He has a serious expression.

ЫБЫРАЕВ

Ысқақ

1911 жылы бүрынғы
Приишім ауданының Қа-
ратал ауылында туган.
Педагогиқалық техникум-
ды тәмамдап, мұғалім бо-
лып жұмыс істеген

1942 жылдың шілдесінде Үбыраев Қызыл Армия катарына алынып, Горькийдегі М. В. Фрунзе атындағы әскери-саяси училищеге оқуға жіберіледі. Ұлы Отан соғысына 1944 жылдың шілдесінен бастап катысады. 177-ші гвардиялық атқыштар полкінің (60-гвардиялық атқыштар дивизиясы, 5-ші соккы беретін армия, I Белорус майданы) гвардиялық лейтенанты Үбыраев 1945 жылғы қаңтарда жаудың Буды-Августовск (Варшава воеводствосы) ауданындағы ұзак үақыт беріспей тұрган бекінісін алуда көзге түсті. Артилериялық дайындық кезінде ол өз взводымен жасырын түрдес немістердің миналы алаңын тазартып алғып, артилериялық атыс басталысымен жаудың қарсы бораткан оқтарына қарамастан, тікенді жау бекінісінен өтіп, жауынгерлерін шабуылға көтерді. Өзі бірінші болып неміс траншеясына басып кірді. Өлім мен өмір арпалысқан қатал жекпе-жекте кеңес офицері неміс офицерін атып өлтіріп, оған көмекке ұмтылған үеміс солдағы автоматының дүмімен үрып жықты.

Буды-Августовскінің шетінде Үбыраев өз взводымен жаудың отты бекінісін (дзот) бұқтырып, гранатамен бір пулелет нүктесін құртып, жаяу әскерлеріміздің ілгері жылжуын қамтамасыз етті.

Мало-Боже үшін болған соғыста жаулар қарсы шабуылға тиңшіл, соккы беруге үмтыйлды; алайда Ыбыраев оларға өз піподымен тойтарыс беріп отырды. Гвардияшылар әлсін-әлі ала үмтыха жүріп, Пелица өзенінің жағасына шыкты, сөйлін олар жаудың бекініс шебіне бойлай енді.

Оңын арғы жағы—Берлин. Тұманды пайдалапын, Ыбыраев взводы айғай-шусыз өзенінің арғы жағына өтеп Барлаушылар жаудың иегізгі күші орманың бауырына шотырланғанын хабарлады. Гвардиялық лейтенант жауынгерлерді шағын топтарға бөліп, әрқайсынына арнайы ташырма берді. Немістер взводты коршауға алуға тырысты, алайда нулемет пен автоматтардан жаудыра атқылаган околдардың бетін тойтарып тастанды. Қеш түсे ерлерше күресін жатқан шағын бүл топқа басқа бөлімшелер көмекке жетті, олар дәл көзден атылған батыл жауынгерлердің оқтарынан серейіп жатқан ондаған неміс өліктерінің күесі болды. Ауыр жараланған Үсқак үұрысты тастанған кетпеді. Отанының адам ұлты соңғы сәткө дейін солдаттық нарызының өтеп бакты.

1945 жылы 27 акпанда КСРО Жоғарғы Қенесі Төралқының Жарлығымен Ы. Ыбыраевқа Қенес Одағының Батыры атағы беріліп, «Алтын Жұлдыз» және Ленин ордені коса ғанасырылды. 1945 жылы запаска шыкты.

1948 жылы Алматыдағы 2 жылдық партия мектебін тәмамданып, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде, Октябрь аудандық партия комитетінде және Ново-Покровка селосында партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеді.

1965 жылы 13-шілдеде қайтыс болып, Сергеев ауданындағы Ленин ауылында жерленді. Сергеевка қаласында Батырдың бюсті қойылған. Оның аты өзі жұмыс істеген мамандылышынан шаруашылыққа және Ленин ауылында бір көшеге берілді.



A black and white portrait of Aleksandr Karushin, a young man with dark hair, wearing a military uniform with insignia on the shoulders and a tie. He is looking slightly to his left.

КАРУШИН

Александр Федорович

1923 жылдың Петропавл каласында оскери қызметкердің жанұясында туған. 1929 жылдан бастап Свердловскіде түркіп, орта мектепті, кейін Троицк үшкыштар мектебін тәмомдаған.

1943 жылдың наурызынан бастап майданға катысқан. Воронеж, Харьков, Орел-Курск бағыттарындағы ұрыстарда шайқасып, Корсунь-Шевченко, Ясско-Кишинев операцияларына, Румынияны, Югославияны, Венгрияны азат етуге катысты.

Екі Кызыл Ту, Александр Невский, I-дәрежелі Отаң соғысы, Кызыл Жүлдөз ордендерімен, Югославияның II дәрежелі «Партизан жүлдөзы» орденімен және көптеген медальдармен наградталған. 1944 жылдың 26 қазанында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Карушинге ең жоғарғы атақ — Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1943 жылдың 11 шілдесінде Проховка ауданында шоғырланған жаудың танкілерін құрту туралы тапсырманы орындау кезінде Карушинді немістін шабуылшы ұшактары соққыра алды. Қескілескен осы әуе ұрысының нәтижесінде Карушиннің ұшағы катты бүлініп, кабинасындағы барлық приборлар істен шықты, әуе жүйесі талқандалды, ал Карушиннің езі снарядтың жарықшағымен жарапанды.

Алайда қайсар үшкыш актық құшін сарқа жұмсан, майдан шебін бұзып өтіп, ұшағын өз әскерлеріміздің аумагына кондырды.

1943 жылдың тамызында біздің әскерлер қарсыластарының үшін ганаудаулы күштерін титыктатып, қарсы шабуылға шыққап. Карушин олардың жаяу әскерлерін өкшелей қуып, біздің әскерлеріміздің соққысынан Днепрге дейін шегінген оларға үзеден күйрете соққы берді. Әсіресе, Актыр түбіндегі болған үрыста ол командауиенің тапсырмасын орындаудың жоғары үлгісін танытты. Фашист әскерлері жанталаса қарса шабуылға шыққан сэттерде Карушин қаһарлы «ИЛ-2» үшактар тобын жаулармен кескілескен тайталасқа бастап ұшты. Актыр түбінде Гитлер командованиесі авиация мен зенит құралдарын көнтеп топтастырды. Бірақ Карушин оған кара мағсан тапсырманы үлгілі орындаап, өз үшакжайларына шығынсыз қайтып оралып жүрді.

1943 жылдың тамызында Александр Федорович Актыр ауданында Ворску өзені арқылы өтетін өткелді жою туралы тапсырма алады. Мақсатты нысанана жақындағы бергендеге оның үшагына зенит снарядының жарықшағы тиіп, қатты зақымданады және Карушиннің өзі сол қолынан жаралаады. Десе де Карушиннің тобы тапсырманы ойдагыдан орындашығады. Жаралы Карушин ерлік пен батылдық тәншітта отырып, зақымдаған үшакпен өз тобын аман-есен алғанда қайтады.

Актыр ауданындаған Карушиннің үшагын жаудың зенит бірекстері мен шабуылшы үшактары бес рет зақымдайды, алайда ержүрек үшкыш олардың барлығынан да аман-есен озғауежайларына қайтып оралып, қайтадан жауынгерлік тапсырмаларды орындауға үшіп шығып жүреді.

Қазан айында жаяу әскерлер бөлімшелерімен бірге Александр Федорович «ИЛ-2» үшактар тобының бастауышы ретінде 38 рет Днепрдің оң жағасына және Киев қаласының оңтүстігіне, Ходоров, Конев, Ржицев аудандарында мыңдан бекінген жаудың қорғаныс шебін жоюға үшіп шықты.

Жаудың зенит құралдарының үлкен тосқауыл жасағашына қарамастан, Карушин командауиенің барлық тапсырмаларын мұлтіксіз орындаі жүріп, жаяу әскерлердің Диңгрде кесіп өтуілеріне және Диңгрдің оң жағасындағы плацдармды кеңейтуге, Киев, Васильково, Фастов және басқа қалаларды азат етуге тиімді жағдайлар туғызды.

1943 жылдың З қарашасында, ағарайның колайсыздығына қарамастан, Карушин Киев қаласының солтүстігіндегі азажайлар ауданында орналасқан жаудың шоғырланған техникасы мен адамдарын құрту туралы жауынгерлік тапсыр-

ма алды. Жер бауырлай ұша жүріп, ол Пуща-Лодица саяжайы тұсындағы бір ғана ұшу сапарында жаудың 8 автокөлігін және 30-ға жақын солдаты мен офицерлерін жойды. II қараша күні Васильков стансасы ауданында темір жол полотносын жарып, 21 қарашада Карушин Качеро мен Заболочье аудандарына барлауға ұшып шығып, 300-ге жақын жау танктерін байқап қалады. Сол күні ол 12 «ИЛ-2» ұшақтар тобымен танктер шоғырын талқандады.

Нысанға үшінші рет шыққанда Карушиннің ұшагын жаудың шабуылшылары соққыға алып, ұшағын катты закымдайды, алайда шебер де ержүрек ұшқыш бұл ұрыстан да әуежайға аман оралады.

1944 жылғы 14 шілдеде I—Украина майданы багытындағы біздің әскердің шабуылы кезінде Карушин командованиеңің жауынгерлік тапсырмасын орындаудың тағы бір жоғары үлгісін көрсетті. 9 күндік шабуыл операциялары кезінде Карушин «ИЛ-2» ұшақтар тобын бастауушы ретінде ғана 19 рет әуеге көтеріліп, берілген жауынгерлік бүйректы ойдағыдай орынданап қайтты.

20 шілдеде ол ең таңдаулы барлаушы ретінде алғашқылардың бірі болып, жаудың қоршауда қалған танклері мен автокөліктерін құртуға бастап барды. Жер бауырлай ұша жүріп, олар жаудың 8 танкісін, 12 қөлігін құртып, 25-ке тарта солдаттары мен офицерлерін жойды.

167-ші гвардиялық шабуылдауши авиациялық полкінің (10 гвардиялық авиациялық дивизия, • 2-әуе армиясы, I Украина майданы) эскадрилья командирі, гвардия лейтенанты Карушинге 1943 жылғы 15 наурыздан бастап 1944 жылғы 20 шілдеге дейін 104 рет жауынгерлік тапсырмага көтеріліп, ерлік пен батырлық, тапқырлық танытканы үшін Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілді.

Софыстан кейін Александр Федорович Мәскеуде тұрып, әскери әуе Құштерінде әскери қызметтің жалғастырды. 1951 жылы Әскери-Әуе академиясын тәмамдады. 1981 жылдан бері авиацияның запастағы генерал-майоры. 1993 жылы кайтыс болып, Мәскеу қаласында жерленді.



КИЗАТОВ

Жәлел Кизатұлы



Солтүстік Қазакстан облысының Ленин ауданындағы Аяққөл ауылында 1920 жылы туған. 6 класты бітіргенсөй кейін Жәлел «Бұлак» үжымшарында есепші болып да сырттай оқыды. Ленин ауыла шаруашылық техникумына түсті. Техникиумдағы сабактарым мен бір мезгілде Петроавл мұғалімдер институтында сырттан оқыды. Ленин ауданындағы «Қарагай» үжымшарында мектеп меншеруші болып істеді.

Улы Отан соғысына 1941 жылдың кыркүйегінде келіп кіріп 1942 жылы Сталинград майданы жаңындағы кіші лейтенанттар курсын бітірді:

Майданға аттанаар алдында ол былай деді: «Исатай, Мамбет, Қенесары, Амангелді сияқты ел үшін құресіп, олардың атына кір келтірмеке үшін мен халқымың аман-сау болту үшін шайқасатын боламын. Қасық қаным қалғаша жауырмен шайқасатыныма айт етемін».

Кизатов Чернигов қаласы үшін болған ұрыста және Диңгір өзинен өттіде батылдық поен ерлік танытты. 1943 жылдың 27 кыркүйегіндегі ұрыста зенібректерден бораған октарға қарастаған алғы шешітегі қадағалау пунктіне дейін барып, онда нулеметті, өзі жүретін және танкіге қарсы колданылған кару-жарактарды көріп, батареяның тұра нысанасына әзип, жауларды жойып жіберді. Сөйтіп, біздің жаяу эксперименттің ілгерілеуіне мүмкіндік тұғызыды.

1943 жылдың 28 кыркүйегінде 154-ші гвардиялық артиллерија полкінің (76-шы гвардиялық атқыштар дивизиясы, 1-ші армия, Орталық майдан) батареяларды басқару взво-

лының командирі, гвардия лейтенанты Қизатовқа Днепрдің он жағалауындағы жаулардың атыс нүктелерін барлау жәис біздің эскерлердің өзеннен өтетін тұсын табу жөнінде бүйрек берді. Бұл жөнінде Жәлел былай деп баяндайды: «Біздің взвод жауларды тез айналып өтіп, ымырт кезінде өзенге келіп жетті. Түн қараңғылығын пайдаланып, біз украиндық партизандар әкеліп берген қайықтарға отырып, дыбыс шығармастан аргы бетке өттік. Жардың астына жасырынып, ілгері қарай барлаушыларды жібердік. Олар анықтағанындей, немістердің корғанысы кіріп-шығатын ауыздары көзге түспейтін окоптар жүйесінен және 12 блиндаждан тұрады екен. Сакшысын ләм дегізбестен жайраттық та, шагын топтарға бөлініп, блиндаждарды қаумалай бастадык. Жаулардың ішінде аман қалғандары аз. Плацдармды басып алған біз онда берік орнығып алдык.

Тан ата бес танктін колдауымен фашистер қарсы шабуылға шықты. Мен рация арқылы өзіміздің артиллеристермен тілдестім. Солардың көмегімен жаудың жаяу эскерлерін танктерінен бөліп тастаудың сәті түсті. Танкіге қарсы қолданылатын қарумен екеуін күйреттік, бірақ қалғандары жылжи отырып, біздің корғаныстың алғы шебіне дейін жетті. Мен ең алдындағы танктін шынжыр табаны астына гранатын лақтырып, күлін көкке бір-ак үшырдым. Оның экипажы автоматтың бір жайпағанынан қалмады. Басқа танктер кейін шегінді.

Жеңіліске жау жағы катты долданды. Олар атысты үдете түсті. Қарсы шабуылдарының санынан жаңылып калдык. Немістер біздің позицияларымызға такап келіп калды. Сол кезде мен өз батареямнан атқылай бастадым. Атыстың қаншаға созылғаны есімде жоқ. Ал блиндаждан басым шығарып қарағанда ұмытылmas көрініс көзіме түсті: тау болып үйлгеп өліктер, жанып жатқан танктер».

Оның марапаттау паракшасынан: «Қизатов зенбіректерден, минометтер мен пулеметтерден бораған оқтың астында үш стапокты пулеметті, миномет батареясын барлад, оларды біздің артиллерия заматта жойып жіберді. Сөйтіп, біздің жаяу эскерлердің Днепрдің он жағалауына өтуіне мүмкіндік туғызыды».

Қизатов жаяу эскерлердің алғы шептегі топтарымен бірге өзеннің он жағасына шығып, жаудың атыс нүктелерін, артиллерија өтетін және жаяу эскерлер өтетін тұстарды дөп барлады.

Фаланга шыққанда ол жаудың атыс нұктелері қайда орналасканын дәл көрсетті. Батарея жаудың атыс нұктелерін от азалинга ораң, біздің әскерлердің Днепр өзенінің күнгей қапалауына сенімді жайғасуына мүмкіндік туғызыды. Қизатов 1943 жылдың 28 қыркүйегінен З қазанға дейін Днепрден оғын кезіндегі ұрыстарда артиллериялық батареялардың азаттікіеіз атуын үйлестіріп отырды, мұның өзі жаяу әскерлер тін ілгерлеуіне жағдай жасады.

Осы ерлігі үшін 1944 жылдың 15 қаңтарында Қизатовка Көнес Одағының Батыры атағы берілді. «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деген қазактың мақалы бар. Ұрысқа кірген Жәлел Қизатов осы жағын ұмытқан жок.

Алтын Жұлдызы, Ленин ордені, Отан соғысы ордені, «Ертін үшін», «Одессаны қорғаганы үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдары — зенбірекші Қизатовтың омырауында жалт-жұлт еткен осынау марапат белгілері, тендересі жок батылдық пен батырлық қөрсеткен жауынгерлер Отанды жаудан қорғауда кеуделсерін тосқан қаһарлық құндердің бір-бір куәсі.

1945 жылы Қизатов Ленинградта Жоғары артиллерия мектебін бітірді. Одан соң бірінші Белорусс майданының бір болімінде батарея командирі болды. Сталинградтан Берлинге дейін — қазақ халқының адал ұлы, гвардиялық аға лейтенант Жәлел Қизатовтың данкты жауынгерлік жолы, міне оемидай.

Кашитан Қизатов 1945 жылы запасқа шығарылды. Тұған жерге оралып, партиялық және шаруашылық қызметтерде болды. 1952 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жаңындағы партия мектебін бітірді. 1969 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын тәмемдады. 1957 жылы Қизатовқа екінші Ленин ордені тапсырылды. Қазіргі уақытта Ж. Қ. Қизатов Қызылордада тұрады.





КИРДИЩЕВ

Гаврил Федотович

1919 жылы Ақмола облысының Алексеев ауданындағы Приозерск селосында туған. Содан кейін ата-анасымен бірге Петропавл қаласына көшіп келіп, 7 класты бітірді. Петропавл станциясының депосында еңбек етті. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына шакырылды.

1944 жылдың шілдесіндегі кенес әскерлерінің Белоруссиядағы шабуылдары діттеген жерден шығып жатты. Шілденің 1-де кіші лейтенант Кирдищевтің заставасы Рудница селосында тынығып жатқан-ды. Майдан алдыңғы жакта, алысста еді. Қалжыраганыңда қын-ақ, десе де шекара әскерлерінде қызмет істеу Кирдищев пен оның жауынгерлерін сактыққа, кез келген жағдайда және кез келген жаумен тайсалмай айқаса кетуге әзір тұруды үйреткен болатын. Құзет орындарын аралап өткен застава бастығы селога қарай келе жатқан немістер тобын байқап қалды. Шамасы, бір ротадан кем емес, ал Кирдищевтің заставасындағылардың саны — 30. Ұбақ-шұбақ болып келе жатқан немістер сәлден кейін тізіліп, қоршай бастады.

— Застава, ұрықса! — деп Кирдищев әмір берді. Тыныштықты автоматтар мен пулеметтердің бытырлаған октарты бұзды. Фашистер жерге жабыса қалып, мылтықтарына қезек берді. Немістер сан жағынан әлдекайда басым еді және де өздері аяnbай, табан тіресе атысты. Кирдищев шекараышылардың бір шоғырын іріктеп алды да, немістерді айналып өтуге кірісті. Олардың бүйірінен келіп тиген бұлар айқасты өз паідаларына шешті.

Арыстың нәтижесінде, — деп жазды Кирдишев полктің штабына жіберген хабарламасында, — 34 неміс жойылды, онын 6-уы офицер, 24-і тұтқынға алынды, онын 3-і офицер». Шекараышылардан шығын жок. Бұл шілденің 1-де болған арысты.

Застава өзінің әскери міндетін, сөйтіп, Литваниң жерінде орындалды. Келесі күннің таңы да атты. Кирдишев өзінің орынбасарларын шақырып алды. Шекараышылар үйіктап застканды ол қалай қарай жүретіндіктерін карта бойынша жоне әскери күзет тәртібін де тағы бір пысықтап алды.

Пустолувка түбінде бір тынығып аламыз, — деді Кирдишев картадан сол селоны көрсетті.

Бірақ Пустолувкоға иек арта бергендері сол еді—300-дей неміс қалың жүгерінің арасынан шыға келгендей қаптады да кетті. Заставаның әскерлері мен командирлері 30-дың үстінде ғана еді. Яғни әрқайсысына 10 дүшпашаш келеді. Мұндайды Кирдишев өмірі көрмеген қын жағдай.

«Кайткенде де өткізбеу керек. Селоларда госпитальдеріміз бар, тылымыз бар. Коршауда қалғандарына қарамастан, фашистер ойран сала алады. Қарсыластарды естен тандыру керек», — деп түйді кіші лейтенант.

Кирдишев атыс құралдарын тиімді позицияларға жылдам орналастырды, фашистер болса әудем жерге келіп қалды. Дауыстары естіліп те тұр. Кіші лейтенант автоматтың шүріннесіне саусағын салған қалпында жол жиегіндегі жырада үткен жатыр. Ол да, басқа шекараышылар да немістерді құтты жатқан сэтте. Жаулар жақындаш келіп қалды. Кирдишев сіл алдындағы офицерді нысанаша алды. Қысқа дүркін атылған оқтар алдынғыларын жер жастандырды. Сол-ак екен, айнала атыс басталды да кетті. Фашистер төтеп бере алмай етінге қарай, шіліктерге қарай шегінді. Енді олардың жана шабуылын күту керек. Көп күттірмеді. Серейген немістер бойларын жасырмastaн қаз-қатар адымдап келе жатқан вайда ата бастады. Осы беттерімен жақындаш берсе, шекараышыларды тапап өтетіндей көрінді.

Карсы шабуылға дайындалындар! — Кіші лейтенанттың әмбірі бірден-бірге шекараышылардың бәріне жетті. Олар гранаталарын лактырды. Іле Кирдишевтің ышкына айқайлаған шағын естілді:

Еріндер!.. Алға!

Жасыл фуражка кигендер кара бидай егінінің әр жерінен көрсетті. Оқыс соққыға қарсы тұра алмаған немістер

шегіне бастады. Қеудесіне ып-ыстық соккы тигенін Қирдишев дәл осы кезде аңғарды. Тенселіп барыл құлап түсті. Жауынгерлөрі оны жерден көтеріп алды. Жарасын таңын, сосын тылға жөнелтпек болды.

— Мен сендердің командирлерімін, — деді кіші лейтенант сыйырлай сөйлеп. — Әзірше немістер талкандала қоймаған-дықтан, менің әмірімді тындаңдар.

Селода қалған зенбірекшілердің шағын тобы шекарашибарға көмек беруге дер кезінде келіп жетті. Қирдишев оларды сол қанаттан соккы беруге жұмсады. Қол пулеметімен қарулаған тагы бір топты оң қанатқа жіберді.

Ұрыс бірнеше сағатка созылды. Қирдишевтің арқасы кепін сала бергендей. Жолдың жиегіндегі жырада қысқа-қысқа бұйрықты берді де түрдү. Тарс-тұрс атыс басылды. Тыныштық орнай қалды. Қас дұшпандардың жүзден астам еліктері тенкіп жатыр. Тірі қалғандары қолдарын көтеріп, жол үстіне шықты. 150-ге жуық солдат пен офицері тұтқынға алынды. Қашып құтылғандары бірен-сараң ғана.

Қирдишев әлдекайда жөнкіле қөшіп, ғайып болып жатқан ақша бұлтты қөгілдір аспанға көз салды.

Әне-мінс дегенше ат жегілді, бірақ жақын мандағы санитарлық батальонға жеткізу мүмкін болмай қалды. Кіші лейтенант жол үстінде көзін жұмды.

КСРО Жогарғы Қенесі Тәралқасының 1945 жылдың 24 наурызындағы Жарлығымен күші басым жауды женеуді қамтамасыз еткен жеке өжеттігі, қайсарлығы мен ерлігі үшін, өскери шеберлігі үшін кіші лейтенант Г. Ф. Қирдишевке Қенес Одағының Батыры атағы берілді.

Гаврил Федотович Вильнюсте жерленді. Алексеевка қаласының бір қөшесі, мәдениет және демалыс паркі, Вильнюс қаласындағы бір мектептің балалар отряды және Теніз Флотындағы бір кеме Батырдың есімімен аталады.



A black and white portrait of Semen Kiryev, a man with dark hair and a mustache, wearing a suit and tie.

КИРЕЕВ

Семен Яковлевич

1916 жылды Алтай ел кесіндегі Косихин ауданының Червово селосында туған. 1939 жылдың үйшімен Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы «Чистов» кеңешарына көшіп келді. Онда есениң болып еңбек етті. 1941 жылдың 17 шілдесінде Булаев ауданының эскери комиссариаты Қеңес Армиясы қатарына шақырды. Ол кіші лейтенанттар курсын тәмамады. 1942 жылды майданға кірді.

1944 жылғы маусым мезеті. 272-ші атқыштар дивизиясындағы 1061-ші атқыштар полкының взвод командирі лейтенант Киреев әскери қызметте жүрген 7-ші армияның әскерлері Сирий өзенінен өтуге дайындалып жатты.

Алдын-ала артиллериядан атқылау басталып та кетті. Бұл кезде өзениң өткелі жатқан барлаушылар мен жауынгерлердің алғашкы топтарын көзге түсірмес үшін мұндағы жауынгерлер жалған салдар жасап, қайықтарға кісі киімін киген күршактарды отырғызып, немістердің назарын осы жаққа аударуга әрекет жасап жатқан.

— Маган өз взводыммен бірге өзениң бірінші болып өтуге рұқсат етіңіз, — деді лейтенант Киреев полк командиріне. Тұракты офицер болып табылатын мосқал командир, өз жауынгерлерінің батылдығы мен батырлығына әрқашан сүйінетің ол сымбатты, көзі аспан түстес жас офицерге әкеттік мейіріммен қарады:

Кірісіндер.

Жауынгерлер қайыққа секіріп-секіріп мініп, ескектерін еле жөнелді. Жылжу қынға соқты, жау снарядтарының толыны қайықты катты-катты шайқалта берді. Міне, өзениң тра гүсі

— Қайық тесілді, — деп айқай салды бір жауынгер. Жарықшың тесіп қеткен қайық суга толып, баяу бата бастады.

Киреев тездетіп койлегін шешіп алды да, тесікке тыкты, сонын барлығы лықсыған суды төге бастады. Жаға таяқ тастам жерде, бірақ қайықты толқыш көміп кетті де суга батырын жіберді.

— Суга секіріндер! — деп бүйірған лейтенант Киреев оң жақ жағаның топырағын бірінші болып басты. Жағаға шықкан Киреевтің взводы көп немістермен атыса кетті.

Жаулар біздің жауынгерлерді Свириден сұнына батырмак, бірақ «Отан үшін, алға!» деп ұрандаپ, сарбаздарын соңынан ерткен Киреев қарсыластардың траншеясына секіріп-секіріп түссе қалғанда ондағылар қаша жөнелді.

Киреевтің взводы плацдармға не болып, бүкіл батальоның өзеннен бөгетсіз өтуін қамтамасыз етті. 1944 жылдың 27 шілдесіндегі Жарлықпен Семен Яковлевич Киреевке Қеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі тапсырылды.

Ал өзеннен өту жалғасып жатты. Бірінші эшелонның бөлімдері Свириден аман-есен өтіп, плацдарм үшін ұрысқа кірді.

Мина іздеушілер салдар мен көпірлерді өзеннің басқа тұстарына апарып, өскери техниканың өтуіне дайын етуге же дед жұмылды. 7-ші армияның сокқы беретін тобы ұзакты күн плацдармын кеңейте отырып, онда бекініп алды.

Тас-талқан болудан қорыққан фин эскерлері екінші корғаныс алқабына шегінді. Шегініп бара жатқан олар жолдарға, көпірлерге мина қойып кетті немесе қиаратып кетті, сым қоршауларын қалынданда түсті, атыстарын да үдете түсті.

Жағдай бүкіл күш-қуатың мен жігерінді талап еткен сол бір ауыр күндері лейтенант Киреев ерлік пен қаһармандықтың үлгісі бола білді. Семен Киреев соғысқан жерде жеңіл-мей қалған жау жок. 25 маусымда біздің эскерлер жаудың екінші корғаныс алқабының нығайтылған торабы мен Оло иең қаласын шабуылмен алып, Питкяранта қаласына шабуылды бастады. Фин армиясы салынған корғаныстардан, көптеген солдаттары мен офицерлерінен және эскери техникасынан айрылғандарына қарамастан, қеңес әскерлеріне қатты қарсылық көрсетуін қоймады.

1941 жылдың 10 шілдесінде жау корғанысының маңызды орнабы—Питкяранта каласы алынды. Лейтенант Киреев таңдағат ету кезінде ауыр жарапанды, шілденің 17-інде ауыр сарықаттың салдарынан мәнгілікке көз жұмды. Карелия орнасының қак ортасында Семен Киреевке орнатылған есептікіш бар, сол каладағы бір көше Батырдың есімімен атапталған. Чистов орта мектебі де Батырдың атында.



КОВАЛЕНКО

Павел Васильевич



1917 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Лепин ауданындағы Явленка селосында туған. Бастауыш мектепті бітір гениен кейін Ворошилов град облысының Сватово қаласына көшіп кетеді. Жүргізуі, моторшы болып жұмыс істеген. 1941 жылғы маусымдан бастап майданда болды.

1941 жылдың шілдесі. Минск түбінде коршауда қалған біздің жауынгерлер бірнеше күн катарынан ұрыс жүргізуде. Эскери бөлім бөлшектенген, ок-дәрі мен азық-түлік таусылған. Жауынгерлік шегінің бара жатқан эскерлерді үсті - үстіне бомбалайды. Жауынгерлер коршаудан шығу, сөйтіп өз күштеріне косылыш қаһарман Отан қорғаушылар катарына кайта косылу үшін тобымен де, жеке-жеке де шығыска бет койды.

Павел Васильевич Коваленконың қарамагында 24 қызыл-эскер бар. Топ-топқа бөлінген жауынгерлер тас жолға бет алған. Бір деревняға жетті. Бірак жол үстінде машинаны колға түсіру оңай емес, олар колонна болып танктер мен мотоциклдер арасында келеді. Деревняға баруды үйінде бұлардың көзіне брезентпен қапталған жүк машинасы түсті. Машина жанында немістер тұр, біреуі дөңгелегін ауыстырып жатты.

-- Бізге керегі де осы, -- деді Коваленко жағдайды бажайланалып. -- Қаша фашист барын анықтан алу, сөйтіп дөңгелекті ауыстырып болғанша қимылдау керек. Қазір олар сактана қояр емес, -- деді Павел Васильевич ойын одан орі жалғастырып. -- Олар сақтықты қойған. Өйткені «жер өзім-

тікі!» деп кеуде соғады. Техника өтіп жатқан тас жол да жақын.

Сүйреткіштер колоннасы өтіп кеткен соң Коваленко бастанған үш барлаушы тас жолдан жүгіріп өтіп, огородтар ішімен бұқнантайлап әлгі үйге жақындағы. Терезеден сығаласа үйде жаш жок екен. Машинаның жаңында жүргізуши шұқыланың жүр. Ол ісін тәмамдай берген. Жаңында тізерлей басып отырған унтер-офицер құлдіргі бірдене айтады.

Коваленко мен екі қызыләскер шалт секіріп барып карқылтап түрған немістердің жаңынан бір-әк шықты. Қалған жауынгерлер бүйрықты тосып қана тұр. Сәлден соң немістер жер жастанды. Хутордағыларға бәле келмесін дег өліктерді қорапқа атып үрді. Онда бірнеше жәшіктер бар екен. Коваленко мен қызыләскер үйге кіріп немістің киімдерін киіп алды. Сөйтіп, Павел Васильевич «жүргізуши», ал серігі Краснов — «унтер-офицер» болып шықты.

Қалғандарына белгі берілді. Бәрі жишила келе қорапқа жорға сыйды. Коваленко жолды шолып алды, кабинаға отырды. Тас жолға шығып жүк машиналарының соңына лесті де жүз шақырымдай журді. Колонна бір бүйірге бұрылғанда жылдамдықты арттырған Павел Васильевич алға ағыза жеппелді. Бір қанталда атыс жүріп жатты. Бірнеше шақырым откен соң машинаны немістер тоқтатпак болды. Бірақ Коваленко газды қоса түсіп,abdыраған немістердің жаңынан зуегін өте шықты. Артынан жауған оққа қарамастан атыса отырып коршаша шебін бұзып өтіп, өз әскерлерімізге косылды.

1941 жылдың күзі мен қысында Коваленко Москваниң көрінісінде қатысты.

Ол біздің әскерлер Наро-Фоминск ауданында қарсы шабуылға шыққан өзінің «КВ» ауыр танкімен жау қорғанысының алдағы шебін бұзып өтіп, дүшпаниң екі танкі мей үш батареясын жойып жіберді. 1942 жылдың 16 қаңтарда Коваленко қалаға бірінші болып кірді, жаудың екі бронды машинасын және бір танкін төтеге тиген оқпен қатардан шыгарды. Қалада атыстың қызу әрі шалымды болғаны соншалық, ол біздің жаяу әскерден бөлініп кетті де танкі оторанды. Павел Васильевичтің өзі қолынан жараланды. Неміс автоматшылары машинаны коршап алды, бірақ экипаж ерлікпен, жан кия соғысты. Ол ол ма, қолма-қол шайқас үстінде ержүрек танкистер немістің орташа танкін оқ-жарағымен қолға түсіріп, соған ауысып алды жауды жайрата берді.

1942 жылы Коваленко кіші лейтенанттардың курсын то-
мамдац, сол жылдың тамызында лейтенант Коваленко мино-
метшілер взводының командирі болды. Согыс үстінде ол ат-
қыштар бөлімшесінің шабуылын жауға оқ жаудырып көз-
лаш отырды. Жаудың оқ жаудыратын нұктелерін жылдам-
да дәл атқылау жаяу әскерлердің шабуылына жағдай жа-
сады.

Хастенок-Юрьев деревиясы маңындағы шабуыл кезінде
де Коваленко өзін батыл да ержүрек командир ретінде көр-
сетсі білді. Бұл елді мекен үшін үрыс 1943 жылғы 30 қара-
шада болды. Коваленконың минометшілері жаудың атыс
нұктелерін құртып, біздің жаяу әскерлерге жол ашты да
келесі күні взвод командирі миномет оғымен қарсы шабуыл-
га шықпақ болған жаудың үш атқыштар тобына бае көтерт-
лей тастанды.

Шабуыл кезінде атқыштар ротасының командирі ауыр
жараланды. Коваленко басшылықты өзіне алды. Жауышгер-
лерді жігерлендіре отырып, ол бәрін шабуылға шыгарды. Ха-
стенок-Юрьев алынды. Дивизия басшылығы Коваленконың
батылдығын, тапқырлығын, әскери шеберлігін атап көрс-
тіп, оны Қызыл Ту орденімен марапаттады.

878-атқыштар полкының (290-атқыштар дивизиясы, 50—ар-
мия, 2—Белорусь майданы) ага лейтенант Коваленко бас-
қарған миномет взводы 1944 жылғы 28 маусымда Могилев-
тің шетіне лекті.

Немістер қарсы шабуылға шықты. Қын жағдай туды: оқ-
жаралықтың тапшылығы біздің минометшілерге қолбайлай бол-
ды, жаяу әскер бас көтере алмады. Гитлершілер шабуылға
шықкан полктарға айтарлықтай қауіп тондірді. Осы түста
Коваленко өзінің байланыссымен бірге немістердің жат-
қан жеріне барды. Ол 122 миллиметрлік миномет батареясы
офицері мен екі жауынгерін пистолеттен атып өлтірді. Қал-
ғандары зытуға мәжбүр болды. Қолға түскен екі минометті
атыс позициясына орнатып алып, батырлар шабуылға шық-
кан немістерді оқпен қарсы алды. Немістерді кейін шегінуге
мәжбүр етті. Кеңес жаяу әскери Могилевке басып кірді.

1944 жылғы тамызға дейін Коваленко жаудың тогыз атыс
нұктесін құртып, жетпіске тарта неміс жауынгері мен офи-
циерінің көзін жойды.

Павел Васильевич өз взводымен Бжоузовка өзені маңын-
дағы 165,6 жотасы үшін болған соғыстарда гитлершілердің

үш атыс нүктесін күртті. Үш күннен соң жаудың жаяу ескері Ҷавидовизна деревнясы маңында қарсы шабуылға шықып болды. Аға лейтенант немістердің шогырланғанын байқаган соң минометтен оқ жаудырып, дұшпанның жиырма бес жауынгерін жер жастандырыды. Коваленконың омырауына Қызыл Ту орденінің жанына 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордені тағылды.

Коваленко Неман өзеніндегі плацдарм маңында немістердің қорғанысын бұзып оту кезінде және Шығыс Пруссия маңындағы шабуылдарда үлкен ерлік көрсетті.

1945 жылдың қантарында аға лейтенанка жаяу ескерлердің шабуылын қолдау бұйырылды. Взвод командирі өзінің 120 миллиметрлік миномёттерімен сым қоршаулардан екі түсін жол салып берді. Осы кезде ол дұшпанның үш пулемет шүктесін, миномет взводын, 75 миллиметрлік пушкасын жойды және отызға тарта фашисті күртті. Жауынгерлік тапсырма тамаша орындалып, біздің бөлімшелер қорғанысты бұзып өтті.

Ал содан көп үзамай Павел Васильевич тағы бір ерлік жасады. Өз жағдайын оңалту үшін немістер қарсы шабуылға шығып, біздің алдыңғы бөлімдердің жауынгерлік сапына сыналай еніп кетті. Коваленко немістердің шегінген кезінде гастап кеткен пушкасынан жауга оқты карша боратты. Жау үлкен шығынға ұшырап, тырақайлад қашты. Осы ерлігі үшін Коваленко Александр Невский орденін, бір айдан соң I-ші дәрежелі Отан соғысы орденін алды.

Қырық бестің акпан айының күндерінде біздің бөлімшелер жаудың орманда қалып қойған жекелеген топтарын ойраңтады. Немістер күшті шогырланған тірек пункттерін пайдалана отырып, кеңес жауынгерлерінің іс-кимылын бөгеүге тырысты. Жаудың шиетіне жол бермесу үшін бөлім басшылығы Коваленконың жаудың атыс нүктеслерін жоюдагы үлкен іжірибесін кәдеге асырып, оның миномет взводын алғы шепке шығарды. Минометшілер таганды пулеметтің төртеуін, бір гранатометті оқпей дәп атқыладап, отызға тарта гитлершілерді өлтірді, оқ-дәрі тиеген бес көлікті талқандады. Сол кезде Павел Васильевич 57-миллиметрлік пушка батареясының командирі бола жүріп, Мельзак үшін болған ұрыстарда немістердің екі қарсы шабуылын тойтарып тастанады. Үнемі жаяу ескерлермен бірге жылжи отырып, ол солармен бір сапта қалаға кірді, жауға жер жастандыра оқ жаудырыды. Соның нағијесінде біздің жауынгерлер қаланы жылдам басып алды.

Қоваленконы Қеңес Одағының Батыры атағына отырып, полк командирі полктың женістері аға лейтенант Қоваленконың ержүректігінің арқасында қамтамасыз етілгенін атап көрсөтті. «Оның Ұлы Отан соғысы жылдары дағы барлық жауынгерлік ғұмыры үлкен ерліктөр мен Отанға шекен берілген сүйіспеншілікке толы» — деп жазды подполковник Хомуло. Отан оны батыр деп таныды. КСРО Жоғарғы Қесі Тәралқасының 1945 жылғы 24 наурыздагы Жарлығы мен Қоваленко осы жоғары марапатқа ие болды.

1946 жылдан бастап капитан Қоваленко запаста. Сватово қаласында тұрып, гараж менгерушісі болып жұмыс істеді.

1949 жылғы 24 тамызда дүниеден өтті. Сватово қаласындағы 1 Мамыр бас алаңында жерленген. Сол қалада оның атында көшө бар, ол тұрған үйде мемориалдық такта орнатылған.





КОВАЛЕВСКИЙ

Анатолий Николаевич

1916 жылы Чернигов облысының Бахмач қаласында әскери қызметкөр отбасында туған. Әкесі төңкерістен бұрын армияда прaporщик шеңінде қызмет еткен. 1917 жылы көтерілген халық жағына шыққан.

Анатолий электротехникум курсын бітірген, бірак арманды әке ізімен әскери қызметкөр болу еді. 1933 жылы ол ІІІ-жылдың Екінші шекара мектебінің бронетанк бөлімшесіне окуға түседі. Мектепті 1936 жылдың күрнешінде аттабылған. Аттабылған Анатолий Ковалевский жеке мотомеханикаландырылған дивизия құрамындағы 1-ші мотомеханикаландырылған полктың танк взводының командашы болып тағайындалды. Мұнда ол екі жыл қызмет атқарды.

1938 жылы әкелі-балалы Ковалевскийлерді «халық жауаларымен сыйбайластыры үшін» армиядан қуын, отбасымен бірге бес жылға Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданындағы Успенка селосына жер аударады. Бұл жер аудару 1956 жылға дейін созылады. Бұл кезде Ковалевскийлердің отбасы актапталған еді.

1939 жылы Финляндиямен согыстың басталуымен Анатолий тұрақты армияга шакырылып, 86-шы жеке танк батальонының танк взводын бақарады. Согыс қимылдары аяқталғандыңда оны іскер де білікті офицер ретінде аттестациялық комиссия әскери қызметте қалдырады да Ленинград әскери округінің қарамагына жіберіледі. Мұнда ол 2-ші дивизия

1-ші танк полкының ауыр, орташа және женіл, содап соң кайта ауыр танк батальондарында қызмет атқарады.

Ұлы Отан соғысының басынан-ақ 8-ші армия құрамында соғысады. 1941 жылдың қарашасында білгір басшылығы үшін Қызыл Ту орденімен марапатталып, жеке танк батальоны командирінің орынбасары болып тағайындалады. Ұрыстардағы ерлігі, жеке батылдығы және бөлімшелерге білгірліккен басшылық еткені үшін Ковалевский тагы екі Қызыл Ту, I-ші дәрежелі Отан соғысы және II-ші дәрежелі Кутузов ордендерімен марапатталады.


1944 жылы Ленинград қоршауы бұзылған сол қаңтардан танкист Бірінші Украина майданының құрамына ауыстырылған; Польшаны азат етуге қатысады.

Бұл уақытта Ковалевский енді полковник шенінде Қызыл Тулы 152-ші Ленинград жеке танк бригадасын басқарады. Мине, осында оның жеке батылдығы, жаңқиярлығы, ұрысты басқару шеберлігі айғақталады. 1945 жылғы 17—19 қаңтар аралығында Висла-Одер операциясында Ковалевский Краков бағытында бригаданың шабуылын шеберлікпен ұйымдастырды. Оның бригадасы 19 қаңтарда Краковқа алғашқылардың бірі болып басып кіріп, қала үшін болған ұрыста дүшпәнның адам күшін және техникасын жоюда үлкен шығын келтірді.

27 қаңтарда Нейбурн қаласы үшін ұрыстар болды. Танктер алға жылжи алмады. Нағыз жауынгер және өз халқының батыл ұлы танкистерді шабуылға жаяу бастап шықты. Командовайиесің тапсырмасы орындалды, алайда полковник жау оғынан мерт болды.

Бригаданың соғыс кимылдарын шебер басқарғаны, жауынгерлік тапсырмаларды үздік орындағаны, жеке ерлігі және Отан соғысындагы жаңқиярлығы үшін Ковалевский Анатолий Николаевичке КССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 4 сәуірдегі жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атагы өтгеннен соң берілді.

Анатолий Ковалевский Львов қаласындағы Дацк. жотасында жерленген.





КОЛОГОЙДА Николай Васильевич

1922 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы Воскресенка селосында туған. Орта мектепті сөғөс басталардан бір жыл бұрын Свердлов облысы Полевской каласында бітірген.

Кологойда Николай Васильевич әскери-жаяу әскер училищесін лейтенант дәрежесінде тәмамдап, алғашқы ұрысқа Москва корғаныс аймағында кірісті. Оның әскери шежіресі осыншан басталады. Содан соң Солтүстік-Батыс майданы, Воронеж түбіндегі, Днепрдегі ұрыстар, Варшава маңындағы скінді шабуылдар мен Прага көшелеріндегі соңғы шайқастар.

1943 жылдың күздінде 52-ші армияның әскерлері өзенге беттеді. Осы армияның 254-ші атқыштар дивизиясының басшылығы Днепрден өту және батыс жағалауда плацдармды басып алу үшін шабуыл тобын жасақтауды үйгартады. Оған барынша тісқаққан әрі қажырлы жауынгерлер іріктелді. Топты басқаруды капитан Кологойдага жүктеді.

1943 жылғы 30 қыркүйекten 1 қазанға қараған түнде шабуыл тобының 102 жауынгері Днепрден өтіп, Крещатик теренінде «Ұлы Германия» СС дивизиясының постатарының бірімен ұрысқа кірісті.

Кескілескен ұрыста немістердің өздерінің айтуыша капитан Кологойданың тобы 270-ке тарта адамды жер жаста-

дырды, капитанның өзі операцияны басқарып, айрықша ерлік көрсете отырып, қолма-қол үрыста СС-тің 17 гитлершісін өлтірді. Сөйтіп, капитан Кологайданың тобы Днепр өзенінен өту мүмкіндігін қамтамасыз етті. Қеңес жауынгерлеріне эссе шілердің 18 танкі мен екі батальоны қарсы тұрды. Олар бір күнде жеті рет шабуылга шыкса да плацдармды құрта алмады.

Днепр өзенінен өтуде көрсеткен сәтті де қаһармандық ки мылдары және дүшпанға қарсы үрыста жасаған жеке ерлігі дивизия бөлімдері келіп жеткенше бір тәулік бойы шепті колда үстап тұрганы үшін капитан Кологайдага Жоғарғы Қеңес Төралқасының 1944 жылғы 22 ақпандығы жарлығымен Қеңес Одағының Батыры атағы берілді. Марапат қагазында өлгеннен соң деп жазылған. Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік архиві КССР Орталық мемлекеттік киноқұжаттар архивінен Николай Васильевич Кологайданың омырауына Батырдың Алтын Жұлдызы тағылған суретін алды. Бұл қалай болды? Өжет ерлердің бәрі де Крещатик селосының түбінде өлді делинген-ді. Соның ішінде Кологайда да бар-ды. Іздестіру ісі басталды, көптеген кітаптар, соның ішінде батырдың суреті мен ол туралы очерк бар «Свердловтықтардың Алтын жұлдыздары» атты кітап та оқылды. Бірак Н. В. Кологайданың қалай тірі қалғандығы жөніндегі өтінішке жауап болмады. Тек Днепропетровскіде басылған «Черкащинаны азат етуші батырлар» деген кітапта бұған жауап табылды. Бақса, Николай Васильевич тірі қалған азын-аулақ пулеметшілермен бірге соғыса отырып, Мошен орманының ішіне енеді. Әлсірсі, әл-дәрмені біткен жауынгерлер осында Черкасс партизандарына қосылады. Бұлар бір күннен соң Свидинок селосын азат етуге қатысып, сонда өз полкымен табысады.

1944 жылдың ақпанында Николай Васильевичке лайықты марапатын табыс етеді.

Соғыс біткен соң Н. В. Кологайда партия мектебіне оқуға жіберіледі. Содан соң Сверлов облысы Артин аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып екі жыл қызмет атқарады. Содан кейін тағы да В. И. Ленин атындағы Эскери-саяси академияда оқыды. Академия түлегі майор Кологайда 1956 жылдың жазында әскери бөлімдер бірінің командирінің орынбасары қызметіне тағайындалады. Николай Васильевич өзінің жауынгерлік тағымын, білімдерін жас жауынгерлерге дарытады. 1963 жылғы 8 мамырда полковник

Колоғойда әскери делегация құрамында Берлинде кенес жауынгерлеріне арналған ескерткіштің ашылу салтанатында болды.

Бір жылдан соң ауыр сырқатқа шалдықкан Николай Васильевич төсек тартып жатып қалады. 1964 жылғы 18 қыркүйекте ол дүниеден өтті. Бірақ Кенес Одағының Батыры II. В. Колоғойда мәнгілік қатарда, осы бір қарашайым адамны, жалынды кенес патриотын білген барлық жандардың жадында қалды. Ол Свердлов облысындағы Полевской қаласында жерленген. Осы қалада оның атында көшө жөнө тәi оқыған мектеп бар. Жылма-жыл 14 қарашада мектептің кең де сәулелі залында Батырдың туған күніне арналған салтанатты сапта түру дәстүрге айналған.



КОРОЛЕВ

Виталий Иванович



1916 жылды Соғыс орталық Қазақстан облысының Пришибим (казіргі Бескөл) ауданында Богохороноғов селосында туған. Челябі облысының Коңайск қаласында тау-көн техникумында оқыған. 1935 жылдан бастап әскер катарында. 1939 жылды Сталинград әскери авиация мектебін бітіреді. Соғыска 1941 жылдың маусымынан бастап катысады.

2-ші әуе авиациясы 322-ші истребительдер авиациясы дивизиясының 482-ші истребительдер авиациясы полкы командирінің орынбасары, майор Виталий Иванович Королев соғыс жылдарында 435 рет әуеге көтерілген.

«Отыз үш батыр» деген кітабында Е. З. Воробьев біздің жерлесіміз бен оның достарының жауынгерлік іс-кимділдарының былай баяндайды: «...Буянов, Королев, Хлуд, Филатов төртеуінің «мессерлер» тобымен шайқасын біз көзге шалынбастан көріп отырмыз. Қым-куыт шайқас кезінде кенет Буянов айғай салды:

— Көтер, ойтисе өртейді! Тағы да сол көтере түс!
Жағдайларының жаман скептігін бәрі де түсініп түр.

Үзіп-жұлдың естілген бірек-сарап сөздеріне қарап шырқаудағы әуе үрсында не болып жатқанын білмейсің, алайда оның жалын демі жердегілерді де күйдіріп барады. Кенет құлакқа келіп тұрған радио толқынының шо-қилю ызыны мен шарт шұрт шуылы арасынан біреуінін көңілді әрі қалжын араласдаусы ап-анақ естілді:

— Ауа жаудан тазартылды!
Бұл аспанның әлде бір шаршысында женіске қуандық Королевтің әзіл қосқан рапорты еді.

Соғыстың екі аптасы ішінде Виталий Королев немістің жеті үшагын, ал топтасып екі ұшағын құлатты.

Арага 15 минут салып, Королевтің «ЯК-3»-і аэроромның үстінен қылаң берді. Тағы бір-екі минут өтті ме, өтпеді ме, Королев машинасын жазғы ұшу алацын қаумалаған орманнан шетіндегі қайынан жасалған тұрагына апарып қойды.

Оның машинасының фюзеляжында «қара мысықтың» суреті салыныпты. Бұл «қара мысық» 97 әуе ұрысында Королевтің тікелей өзі құлатқан жаудың 21 ұшағының және топтасып құлатқан 10 ұшактың алдарынан кесіп өткен еді.

1945 жылдың 27 маусымында жауынгерлік іс-қимылдары, ерлігі мен өжеттігі үшін Кенес Одағының Батыры атағын алды.

1948 жылы Жоғары офицерлік ұшу — тактикалық курсын бітірді. Полковник Королев 1957 жылы запасқа шыгарылды. Калининград облысында Ржев қаласында тұрды. Ленини орденімен, үш рет Қызыл Ту орденімен, екі рет Қызыл Жұлдыз орденімен, медальдармен марапатталды. 1957 жылдың 4 қарашасында дүниеден өтті.



КОШУКОВ

Вениамин Борисович



1922 жылдың Түмен облысының Ильинка село сында туған. 1928 жылы отбасы Солтүстік Қазақстан облысына көшеді. 8 кластан кейін химия-технология техникумын, одан соң Чкалов әскери ауе мектебін бітіреді.

Жас лейтенант В. Б. Кошуков 1942 жылдың кыркүйегінде 190-шы бомбалаушы авиаполкке жолдама алады.

Сталинград түбіндегі әуе шайқастарында Вениамин Кошуков жауынгерлік ұрысқа қатысып, шыдамдылықта үйрелді, ерік-жігерін шындаиды. Оның ұшқыш ретіндегі тамаша қасиеттері, әсіресе, немістің «Көгілдір желісін» жою жөніндегі кескілескен шайқас өрістеген Кубаньда танылады.

1943 жылдың 13 ақпанында Хабель разъезінде қарсыласын броньды поезын жою жөніндегі тапсырмасын орындау кезінде ол жер бауырлай ұшып келе жатып атыс нүктелерінің үнін өшіреді, снарядтармен бронь алацы мен паровозды күл-талқан қылады. Екі күн өткен соң жаудың зенит батареясын шабуылдан, одан кейін үстіне бомбалар тастап, темір жол көпірін істен шығарады.

Таулы жердегі күрделі жағдайда он төрт жауынгерлік ұшуды ойдағыдай орындағаны үшін лейтенант Кошуков 1943 жылдың 17 ақпанында Қызыл Жұлдыз орденімен мара-патталады.

22 ақпандың ұшқыш-штурман Славянская станциясы ауданына ұшып шығады. Нысанага жақындей бергенде оның

самолеті зенит оғынын астында қалып, тура тигендіктен машиналың канталы тесіліп, бұру рулі закымданады. Алайда Кошуков жауынгерлік тапсырманы орындаған, самолетті аэродромға дейін жеткізіп, шеберлікпен қондырады.

Соудардің бір күні Вениамин алты «Ил-ды» бастап келе жатып, Қырым станциясы ауданында 37 «Юнкерске» тап болады. Неміс бомбардировщиктерінің қалың катарына сыналай кірген кенес ұшқыштары оларға қарсы әуе шайқасын апнады. Олар өжет те шебер шайқасады. Бір самолеттінен айрылған қарсылас өлім шашатын жүгін өз әскерлерінің төбесіне тастауға мәжбүр болады.

Бір аптадан соң «ИЛ-2»-нің бір тобы сол құраммен Пово-російскінің түбіндегі бекіністі жотаны шабуылдауға ұшып шығады. Құшті зенит оғына қарамастан жүрек жұткандар іттлершілердің далалық артиллериясының сегіз қаруының үшін өшірді. Осыны пайдаланған біздің жаяу әскерлер басымдықта болған жотаны иемденеді. Қайтар сапарларында «ИЛ-дер» «Ме-109» истребительдерінің шабуылына тап болады. Жетекші штурмовик елеулі түрде закымданса да, шайқастан шығып кетпейді.

1943 жылдың мамырынан лейтенант Кошуков жеке Приморск армиясындағы 622-ші авиаполкін звено командирі болады. Қырымды азат етуге катысады.

1943 жылдың 17 қарашасында жас лейтенант Қызыл Жұлтыз орденін алады. Екі күннен кейін Керч түбегінде карсылыстың жағалау бекіністерін көздей жүріп, ол бораған бөтеуеші оқ арасынан өтіп, жер бауырлап ұшқанша төмендейді де, нысанапы көріп, снарядтармен дәл үстінен түсіп, оқ-дәрі коймасын құртып жібереді.

Ерлік пен өжеттіліктің мұндай мысалдары Вениамин Кошуковтың әскери өмірбаянында толып жатыр. 1943 жылдың желтоқсанында оны авиаэскадрилья командирінің орынбасары етіп тағайындаиды.

«Лейтенант Кошуков «ИЛ-2» самолетінде ойдағыдай жауынгерлік 120 ұшыс жасады, — делінген маранат қагаңыла. — Ол 87 автомашинаны, ондаған танктерді, далалық артиллерияның тоғыз қаруын, сегіз зенит нұктесін, оқ-дәрі-стар төрт койманы, миномет батареясын, паравозды, баржаны, дзоттарды құртты»...

Жауынгерлік тапсырмаларды үлгілі орындағаны, ерлігі, өжеттігі мен қаһармандығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі

Төралқасының 1944 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен Вениамин Борисович Кошуковка Кенес Одағының Батыры атагы берілді.

«Севастопольді босатқаннан кейін, — деп еске алған батырдың әкесі Б. Ф. Кошуков, — Вениаминге Мәскеуде Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалін алуға, сондай-ақ туған-туысқандарына барып кайтуға демалыс берді. Бірақ ұлым үйде екі-ақ күн болып, майданға кайта оралды».

1944 жылдың мамырында аға лейтенант Кошуков 4-ши Әуе армиясы 214-ші Қызыл тулы бомбалаушы авиадивизиясының 622-ші Севастополь полкы авиаэскадрильясының командирі болып тағайындалады.

Шауляй мен Риганың іргесінде қызу үрыстар жүріп жатады. 1944 жылғы 19 шілденің таң алғауімінде «ИЛ-дар» тобын бастаушы Кошуков-өзінің 140-шы жауынгерлік рейсіне үшіп шығады. Міне, нысана. Рация арқылы дерсү «Шабуылға!» командасын береді. Жанып жатқан фашист техникасының үстінен будактан қара түтін көтеріледі. Самған жоғары көтерілген Вениамин машинасын қайырадан шүйілдіреді. Қенет жарылыс жарығы көзін шағылдырады. Самолет дір етіп, басқарудан айрылып қалады. Жер карсы үшіп келе жатқандай...

Вениамин Кошуков оны білгендердің жадында мәнгіге қалды. «Ол полктың сөні мен мактанды, алып үшкыш еді», — деп жазды полктастар батырдың туғандарына.

— Латвияның мектеп оқушыларынан, Вениаминнің Уфа дағы жауынгер достарынан көп хаттар алынды, — деді Борис Фатеевич, — петропавлдық пионерлер жіңі келетін. Мен ұлым туралы айтылған жылы сөздерге, оны ұмытпайтынша алғыстымын.

...Мәңгілік алау, ескерткіштер мен обелискілер - келер үрнәктардың бақыты үшін өмірлерін құрбан еткен батырларға сүйіспеншіліктің символы. Олардың жауынгерлік ерлігі Отанға шексіз берілгендіктің мәңгілік үлгісі болып кала береді.





МАТВЕЕВ Александр Владимирович

1915 жылы Петропавлда туған. Осында ол мектеп пен мәханикалық завод жаңындағы ФЗО-ны бітірді. Қала кәсіпорында токарь, шофер болып істеді.

1940 жылдың қантарында комсомолдық шақырумен Казашаяу әскерлер училищесіне келіп, оны бітіргеннен кейін 1941 жылдың мамырында 15-ші мотоатқыштар бригадасына жіберіледі. Өжет жауынгер шайқастармен Сталинградтан Берлинге дейін жүріп өтті. Қатардағы жауынгерден гвардия полковнигіне дейін, взвод командирінен батальон командиріне дейін өсті Александр Владимирович Матвеев.

Соғыс Матвеев үшін ол механикаландырылған полкта броневик командирі болып жүрген батыс шекарасында 1941 жылдың 22 маусымында басталды. Сол күні лейтенант ұрысқа алғаш кіріспіл, жарагы болады.

Ал оның өз батальонмен қанша шайқастарға қатысқаны санап шығу қын. Сталинградтан кейін Курск иініндегі шайқас, Днепрден өту, Киевті алу, Днепр мен Пруттағы, Румыниядағы ұрыстар, ақыр-аяғында Польша. Қомбат Матвеевтің омырауында екі жауынгерлік орден — Қызыл Жұлдыз және Қызыл Ту ордендері жарқырады.

Енді, міне, оған маңызы скрекше жаңа тапсырма орындауға тұра келеді. Таңғы сағат төртте батальон нысана жаңында болады. Тарсыл-гүрсілмен немістердің назарын аудартпас

үшін танктері мен автомашиналарын кейін тастап, үсіз келеді.

Таң сібірлеп ата бастады. Сұр тұман арасынан костелдердің ұшар басы, черепицалы шатырлар қарауытын көрінді.

Плащ — палаткаларга жасырынған барлаушылар қараңғылыққа елес болып сұнгіп кетті. Фрицтер қаннен-қаперсіз, үйді-үйде үйқыға басып жатыр. Сенімді: майдан алыс. Бірақ немістер керемет бекінген. Қалага кіре берісте екі дзот тұр. Сым қоршау. Әуге жасыл ракета атылды: атака! Батальон қалага айғай-шусыз ұмтылды. Алғашқы үйлерде үйқылы-ояу немістердің үстінен түсті. Оқыстан пайды болғандардан абдыраган олар төсектерінен атып тұрып, көшеге дамбал-көйлекшөң атын шықты. Гитлершілердің есі кіре бастап, неміс пулеметтері дыбыс берді. Қол гранаталары іске кірісті. Алда сым қоршауы және дзоттан оқ бүркіп тұр. Шайқасқа қызынған комбат блокадалауши топты өзі бастады. Мұзданған, болат тіксенектермен тұксиген сымға корғаныс түсті капитан погондары бар шинель ұшты. Дзотты қоршап алды. Көше қылыстарындағы басқа атыс нүктелерін гранаталармен және демеуші зеңбіректердің оғымен тұншықтырды. Жаудың қарсыласуы әлсіреді. Жау бекіністері гардияшылардың қуатты тегеурінің ұстап тұра алмады.

— Байланысты басқару біздің колымызда, — деп мәлімдеді взвод командирі Матвеевке.

— Жарайсындар, осылай қимылдаңдар! — Комбат ұшу алаңына қарай тұра жүгірді. — Бір самолетті тырп еткізбейміз! — деп дауыстады жауынгерлерін сонынан ерткен Матвеев.

Тұнгі сағат үште қала алынды. Ал 16 қаңтарда таңгерен ерте Матвеев түскен олжаларын есептеді. Қаладан бір жарым километр жерде далалық аэродромда немістің 18 ақасызыз самолеті тұрды. Жанаармайы мен оқ-дәрісі бар алты қойма колға түскен. Шайқаста қарсыластың 250 солдаты құртылып, 30 фашист, соның ішінде 14 офицер, 2 генерал тұтқынға алынды. Зәрелері үшкан, үнжыргалары түскен тұтқындалған офицерлер топталған тұрып, алаулаған бетіп сүрткен қою шашты орыс капитанына қарап қалған.

Шайқастан кейін Эскери Қенестің мүшесі армия генералы Латышев келді, атып шыққан комбат бойын тіктеп, жауынгерлік тапсырманың толық орындалғанын баяндауға әзір. Бірақ Эскери Қенес мүшесі оны тaktатып, әкелік мейіріммен құшактады.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасынын 1945 жылғы 27 ак-
низағы Жарлығымен Александр Владимирович Матвеевке
Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Берлиннің бомбылауды Матвеевтің батальоны солтүстік
шетінен бастады. Тоғыз күн бойы толық мағынасында оқтың
оргасында жүрді. Шайқас әр көше, әр үй, әр кабат үшін бол-
ды. Алда кенес солдаттары Женіс туын тіккен рейхstag көрі-
неді. Матвеев үшін қырық бірдің мамырында Украинаның
Радзивимсов шағын қалашығында басталған солдаттық ұзак,
зұмбұр жолының аяқталған жері осы болды.

Согыстан кейін Матвеев армияда он жыл болып, 1955 жы-
ны подполковник шенінде запасқа босап, Петропавлға келді,
алтық өнімдері жүйесінде жұмыс істеді. 1972 жылдың 12
желтоқсанында дүние салды. Петропавл қаласында бір көше
Матвеевтің атымен аталады.





МАЛИЕВ

Михаил Алексеевич

1923 жылы Пермь облысының Кунгур кала сыйында туған. Соғыстың алдында тұыскандарымен Петропавл қаласына көшіп келген. 1941 жылы Малиевті Петропавлдың аудандық әскери комиссариаты Қызыл Армия катарына шақырады. 1942 жылы әскери-инженерлік училищепі бітіреді.

Майданға 1943 жылы кірді. Шабуыл операциялары кезінде су шептерінен ойдағыдай өту көбіне-көп инженерлік әскер жеке құрамаларының іскерлігі мен батырлығына байланысты. 127-ші жеке понтонды-көпір батальонының (Дала майданының I-ші понтонды көпір бригадасы) взвод командирі лейтенант Малиев ерекше батылдығымен көзге түсті. 1943 жылғы 16 қарашада Переволочна селосы маңында (қазіргі Полтава облысының Кобелянск ауданының Светлогор селосы) Днепрден өту кезінде қарсыластар откелді қатты оқ астына алса да, понтонды - көпір бригадасының саперлері ерекше ұстамдылық пен іскерлік көрсетіп, судан үздіксіз өтуді камтамасыз етті.

Бұл күні лейтенант Малиев он жағалаудан сол жакка на-ром жүргізіп бара жатты. Тура тиғен артиллерия снарядынан закымдалған паром алты метр терендікке батып кетті. Оң жағалауда шайкасып жатқан біздін әскерлерге оқ-дорі, азық-түлік, косымша күш ауадай қажет еді. Сондыктанда Малиев кайткен күнде паромды су бетіне шығарып алуға бел буды.

Бұршақтай бораған оқтың астында күймдерін шешіп тас тап, водолаз костюмінсіз паромның тартпа тросының болтарын босату үшін ол терендігі алты метр суға үш рет сүп гіді. Негізгі жұмысы бітіп, паромның жалпақ табаны су ба-

тіңе көрінуге шақ қалған еді. Бірақ лейтенантқа көмектесіп жүрген саперлар өз командирін су бетінен көре алмады. Алға койған міндестін орындағанымен, өзі қаза тапты. Оған Қеңес Одағының Батыры атағы 1944 жылы 22 ақпанда беріліп, Ленин орденімен қоса марапатталды.

Михаил Алексеевич Малиев мәңгілік эскери бөлімше құрамының тізіміне жазылған. Малиевтің қаһармандық ерлігі Пермь мен Киев баспаларында шыққан «Прикамье Алтын жүлдіздары» (Пермь, 1947 ж., З басылым) және «Онын сондағолар жасы...» (Киев, 1985) деген кітаптарда көпінен бағыдалған.



МИХЕЕВ

Григорий Яковлович

1919 жылы Петровпавл қаласында туған, 10 класс бітірген. 1937 жылы облыстық комсомол комитетінің ариайы шакырумен, авиацияга жіберіледі. 1939 жылы Краснодардың әскери - авиациялық училищесін бітірді. 1941 жылдың маусымында Ұлы Отан соғысынын майданына шықты.



Соғыстың алғашкы күнін Батыс майданында карсы алып, жаудың жылжып келе жатқан колонналары мен өткелдерін бомбалауға ұдайы үшіп барып тұрды. Жау авиациясының аспандарғы үстемдігіне қарамастан, Михеевтің жауынгерлік тапсырманы орындамаған кезі болған жоқ.

1941 жылғы қазанның ауыр күндері фашистік командование екінші рет басты шабуылды бастаганда Михеев Мәскеу түбінде шайқасты. Мұнда әдеттегідей әскери жоғары шеберлік көрсетіп, командованиенің барлық тапсырмаларын орындашығады. 1941 жылғы 27 қазанда тапсырмадан оралып келе жатқан Михеевтің ұшағы Истра ауданында немістің бір топ «Хенкель-113» ұшактарымен кездесіп қалады. Аспандарғы шайқаста бір «Хенкель» атып түсіріліп, қалғандары жауған пулемет оғынан бытырай қашты. Михеевтің ұшағында оқ тиіп, бір моторы істен шықты. Сөйтсе де Михеев ұшағын өз жеріне дейін үшірып әкеліп, экипажды да, машинаны да аман сақтап қалды. Неміс әскерлерін Мәскеу түбінде талқандау кезінде Михеев қарсыластың екі взвод әскерін, 15 автомашинасын және оқ-дәрі тиелген 15 керуенін жойып жіберді.

1942 жылғы 1 мамырда Михеев жоғары шеберлікке ие әрі ерік-жігері құшті штурман ретінде 10-шы жеке әвияциялық алысты барлау полкіне жіберіледі. Мұнда ол барлаушы штурман ретінде қарсыласың тылыш, аэродромдарын, әскерің жылжу бағытын бақылап, Батыс майданы 1-ші Әуе армиясының командованиесіне бағалы да құнды әрі дер кезіндегі деректерді беріп отырды. Михеев Брянск, Сеци, Шаталов, Боровской, Оңтүстік және Солтүстік Смоленск төңіректерін фотосуретке түсіріп алды. Оның түсірген фотосуреттегі бойынша 1-ші Әуе армиясы Брянск және Сеци аэродромдарына сокқы берді.

Михеев жаудың алдыңғы шебін суретке түсіруде аскан шеберлік көрсетті. 1942 жылы ол қарсыласың 15—20 километрге дейін әрбір бөлімнің қандай корғаныс шебі бар екенин жердегі командованиеге, әрбір рота командирине жеткізіп отыруды қамтамасыз ету үшін алғы шептің 4613 шаршы километрін аэрофотосуретке түсірді.

10-шы жеке әвияциялық алыс кашықтықты барлау полкінің командирі подполковник Родин Михеевке: «тапсырманы батыл да дәл орындал, табанды, зенитті-артиллеријалық қалың оқтың астындағы алғы шепте жұмыс істеуге барлаушы штурманға қажетті әскери айланы терең меңгерген. Барлауға шыққан әрбір ұшу сапарын дәл әрі мерзімінде орындаиды, оның жауынгерлік тапсырманы орындауына ештөң де, жаудың артиллеријасы да, истребителі де келергі бола алмайды» деген мінездеме береді.

1942 жылғы 26 тамызда Михеев жауынгерлік тапсырмасын Уколицы, Дурнев, Ожигов, Озерск маңындағы жаудың алдыңғы шебін аэрофотосуретке түсіріп жүргенінде немістің истребительдері оған екі рет шабуыл жасады. Жауды алдан, жалтара ұшып, әрдайым өз территориясына өтіп кетіп, бағытын өзгертіп, қайтадан тапсырманы орындауға шығып жүрді. Үшінші рет қарсыласың корғанысын суретке түсіріп, командованиесіне табыс етеді.

1942 жылғы 5 қыркүйекте оқ боратып түрған зенит атысына қарамастан, ол алыс кашықтыққа әрекет ететін біздің әвияция үшін жаудың Смоленск ауданындағы коймасын, әшелондары тоғын түрған «Сортировочная» темір жол станциясын, гитлершілердің орталық майданының бас штабын суретке түсірді.

1943 жылғы 16 ақпанда Спас-Деменск маңын суретке түсіру турашы 1-ші Әуе армиясының шұғыл тапсырмасын алған

Михеев оны орындауга ұшып шыкты. Қарсыластың үдеге атқылаған зенит артиллеријасы мен неміс истребительдерінің атқан оғы тиғен Михеевтің ұшагы бағытынан ауытқын кетеді. Ок ұшакты он төрт жерден тесін кеткен еді.

Михеев өз аэродромына оралған жок, өз территориясына өтіп, бағытын өзгертуken соц жау тылына бойлай ұшып, үкінші рет оралып келіп тапсырманы орындаады.

Кеңес Армиясы Волхов, Ржев, Зубцов, Погорелов—Городище аймағында жүргізген операциялардың жүзеге асуына көмегі көп болған аэрофотосуреттер көптең найдаланылды. 1941 жылғы 22 маусымнан 1943 жылға 6 наурызға дейін Михеев 114 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып, оның 104-ші ойдағыдай орындаап шыкты. Соның ішінде бомбаудауга 27 рет ұшып шығып, бәрін де ойдағыдай орындаса, алыс қашықтыққа 87 рет ұшып, 77 ретінде тапсырманы орындаады. Осы уақыт ішіндегі әскери іс-қимылдары үшін 1942 жылғы 23 маусымда Михеев Қызыл Жұлдыз орденімен марарапатталып, 1943 жылғы 24 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атагы беріліп, Ленини ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылды. Кеңес Одағының Батыры атагын алған капитан Михеев Дорогобуж, Ярцев, Ельни, Спас-Деменск аймағындағы корғаныс және алдыңғы шептерді фотосуретке түсіруді еселенген жігермен жүргізді. Осынау тапсырмаларды үлгілі орындағаны үшін 1943 жылы тамызда бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марарапатталды.

Майдан шебі алыштан, бейтаныс жерлер көбейген сайын командованисеге алыс қашыктагы авиабарлау қызметінің деректері көбірек керек бола бастады. Әрбір ұшу сайын шыңдалған шеберлігін Михеев те ұштай түседі. Тұракты түрде өзінің іскерлігі мен шеберлігіне сенген ол жаудың алыс тылына ұшып барып, аэрофотосуреттер түсіре берді. Бірақ 1945 жылғы 5 ақпанда, Женіс жақындаған кезде Михеев кезекті тапсырмадан оралмады.

Оның ісі мәнгілік, оның есімі мәнгілік. Ол еш уақытта үрпактар жадынан өшпейді.





ОВСЯННИКОВ

Владимир Васильевич

1923 жылды Петропавл қаласында туған. 7 клас бітірген. Одан кейін Күйбышев қаласында тұрды. 1942 жылдан Қызыл Армия катарында. Сол жылды Пенза қаласындағы артиллерия - миномет училищесін бітірді

Ұлы Отан соғысына 1942 жылдан қатысты. Ші рет жарапанды. Воронеж майданындағы 40-шы армияның 1664-ші танкіге қарсы артиллериялық жойғыштар полкінің штаб бастығының орынбасары, аға лейтенант. 1943 жылғы 19 қыркүйекте Днепр өзенін кешиң өтетін өткелдің полк тұраған участкесінде Калинин шхемінде хуторының солтүстік-батысындағы 175,1 метрлік биіктікке күшті артиллериya атысының колдауымен 4-ші батареяның позициясы тұсында оны айналып өтіп, Бухалов және Виблица хуторларын басып алу үшін қарсыластар қарсы шабуылға шыкты. Жауды 300 метрге дейін жакын жіберіп, артиллеристер тұра нысанамен ата бастады. Овсянников Красная Лука селосындағы (Полтава облысының Годяча ауданы) 2-ші батареяға тікелей басшылық жасады. Екі рет жарапанса да, ұрысдаласын тастанмай, батареяға басшылық жасай берді.

Снарядтар таусылған кезде Овсянников жауынгерлерін жетіп үлгерген жаяу әскермен бірге шабуылға бастап шыкты. Қарсы шабуылды тойтарып, жаяу әскердің алға жылжуын камтамасыз еткен үрystа ол қаза тапты.

Кеңес Одағының Батыры атағынан 1943 жылғы 23 қыркүйекте кайтыс болғаннан кейін берілді. Ленин орденімен марапатталды. Ол Полтава облысының Годяча ауданындағы Красная Лука деревнясының батыс жақ шетіне жерленді.

ПОЗОЛОТИН

Тимофей Семенович



1908 жылдың маусым айынан бастап катысты. Қызыл Армияның тұракты командирі аға лейтенант Позолотин Ұлы Отан соғысын Отан шекарасында, Белоруссияда карсы алды. Гитлершіл басқыншылармен ауыр корғаныс үрыстары жүріп жатты. 47-ші танк полкінің жауынгерлері 29-шы мотоатқыштар дивизиясы бөлімшелерінің бір шептен екінші шепке жылжуын демеп, атыс жүргізіп тұрады. Танкистер арасында Тимофей Семенович Позолотин бар еді. Бір шайқаста ол жарапанса да, жауынгерлік бүйіркүті орындал жатты. Тек екінші рет жарапанғаннан кейін ғана госпитальға баруға келісті.

Жазылып шыққаннан соң Мәскеу түбіндегі шайқастарда танк бригадасының батальонын басқарды. Мәскеу түбінде жауды талқандаган шайқаста шебер басшылығы мен ерлігі, өжеттілігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

Жерлестеріне жазған хатында Позолотин бытадай дейді: «Мен қызыл аскер атағына кір келтірген жоқпын. Менің белімім келген жерде фрицтерге аяушылық жок. Үрыска кірісер алдында мен біздің аудан ұлы Лениннің атымен аталағынын есте ұстайтының және өзіміздің колхозшылардың аманатын барынша орындал жүрмін».

Бұл хат жазылып жатқанда Позолотин Отан үшін шайқаста оныншы рет жаракат алса да, оны Отан корғаушылар катарынан шығара алмады. Майдан маңындағы госпитальда біршама емделген соң қайтадан сапка тұрып, гитлерлік карақышларды өшпендейділікпен жоюға еселеңген күшпен кірісті.

Сол хатта Тимофей Семенович өзінің және жауынгерлер атынан жерлестеріне Гитлер бандыларымен барынша құрессін, неміс-фашист басқыншыларын жоя беруге айт берді.

«Оның кепілі, — дәп жазды ол, — біздің солтүстікказакстандықтардың пактылы уәдесі».

1942 жылы қабілесті офицер танкпесті Эскери академияга окуға жіберді.

Академияны бітіргеннен кейін 17-ші гвардиялық танк полкінің (Оңтүстік-Батыс майданының 3-ші гвардиялық армиясының I-ші гвардиялық механикаландырылған корпусы) командирі гвардия подполковник Позолотин 1942 жылғы желтоксанда маневрді шебер үйымдастырды.

Оның полкі Донда II-ші румын және 62-ші неміс жаяу әскерлері дивизияларының тылына шығып, күйрете соккы беріп, қарсылас жаудың екі құрамасының 10 мын солдатын жойып, қалғандарын тұтқынға алды. Осы операция үшін КСРО Жоғарғы Кенесінің Төралқасы 1942 жылғы 26 желтоксанда Позолотин Тимофей Семеновичке Кенес Одағының Батыры атағын берді. Ленин, Қызыл Жұлдыз, бірінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен маралатталды.

Қызу шабуыл шайқастарында подполковник Позолотиннің даңқы шықты. Шайқастардың отты жолдарында шынықкан, Отанға деген сүйіспеншілігі жоғары, женіске деген сеніммен қанаттанған ол қарсыластың тәсілін «танып», оның осал жерлерін анықтап, жауға қарсы өзінің ерік-жігерін бағыттап, жаудың кез келген қарсылығын бұзуға кабілетті түрде жауынгерлерді жұмылдырып үйренеді.

«Правда» газетінін 1942 жылғы 27 желтоксандағы Қызыл Армияның шебер әскер басшыларына арналған «Жеңе білу» деген басмақаласында былай дәп жазды: «Кенес Одағының Батыры полковник Т. С. Позолотин үлкен жауынгерлік жолдан өтті. Ол танк батальонының командирі, одан кейін танк бригадасы командирінің орынбасары болды. Шайқаста бригада командирі қатардан шығып қалған кезде Позолотин жолдас оның орнын басып, операцияны жігерлі күшпен басқара берді. Өзі жарапанған кезде де қатардан кетпей, ұрыс-

ка басшылық жасады. Талап коя білікті, жігерілік командир казір де қарсыластың ірі күшін талқапдау барысындағы операцияға шебер басшылық жасауда».

Позолотинің өзі 1943 жылы қаңтарда әйеліне былай дегендегі жазды: «27 қаңтар күнгі «Правда» газетін оқы, соңда сен менің саган берген уәдемді орындағанымды білесін. Мен қарттар мен бауырлар үшін аяибай кек алдым. Сталинград-ка кіре берістегі жерде 10 мыңдан астам немістердің басы менің гвардиялық полкімнің танкілерінің шынжыр табаниның астында жашылды. Тіпті менің бөлімім өткен жолды да казір «Позолотин тракты» дегендегі атайды. Тіпті кейін колга түскен тұтқындар да «баскесер» Позолотинің танкілерінен тайсақтатынын айтты. Өкінішке орай, олардың бұл дегені болмай тұр, өйткені мен оларды ізден тауып, шайқасуға мәжбүр ету демін».

Шынын айтсам, еш уақытта батыр болайын деген ойлаган жоқ едім. Менің істегендерімнің бәрі әдеттегідей құнделікті жұмыс, өз міндетімді атқару болатын, бірақ даңгаза басым болды. Қайтейін, бұл құрметті актаң, алдағы шайқастарда жауды одан да күшті, одан да айлалы түрде сокқылай беруге саған уәде етемін».

Позолотин өз сезінде тұрды. Ол неміс басқыншыларының үрейін ұшырды. 1943 жылғы мамыр айынан бастап Позолотин Белгород—Харьков операциясына катысады. Неміс командованиесі коршауда қалу қаупінен сактанып, Харьков маңында СС-тің танк дивизиясының күшіне сүйене карсы шабуылға шықты. 19-шы гвардиялық танк бригадасы барлық шабуылдарды тойтарып, немістердің жоспарын іске асырмады. Олар шілде-тамыз айларында Курск иіні түбіндегі қанды шайқастарға қатысты. 1943 жылғы 21 тамызда жарапланған ол ұрыс даласын тастан кетпей, шайқасты басқара берді. 1943 жылғы 19 қыркүйекте Бабанск аймагындағы бір катты шайқаста жау ғының жарықшынан ол жауынгерлік жұмыс үстінде ерлікпен қаза тапты.

Табытқа салынған Батырдың денесі ұшакпен Українадан Мәскеуге жеткізілді. Т. С. Позолотин Мәскеудің Новодевичье зиратында жерленді. Петропавлдың бір көшесі оның атымен аталды.



ПОДОРОЖНЫЙ

Николай Алексеевич

1924 жылғы желтоқсанда Петропавл қаласында туған



Майданның алғашкы күнінен-ақ Николай Подорожныңды барлаушылық баурай берді. Бірақ ол бірден барлаушы болмады. Бұл арманы ысылған жауынгер болғанда гана жүзеге асты. Орел, Брянск, Коростень... Подорожныңдың жорық жолдары жөніл болған жоқ.

«1943 жылдың жазы аса атап болды,— деп еске алады Николай. — Эйгілі Курск ініндегі шайқас болар алды. Біздің дивизия Орел бағытында қорғаныста тұрды. Біздің батареяның бакылау пункті белгісіз бір төбенің басында еді. Біз, барлаушылар, екі қатар бөрене жабылған жертөледеміз. Жаудың, бірінші оры жатаған тәбелердің етегін орап жатыр. Ордың бергі жағында биік сым коршау тартылған. Айнала жыралармен жырымдалған, ойдым-ойдым ормандар жаудың көз тасаланып жылжуына қолайлы-ақ. Біз немістер шабуылға шығады-ау деп түйгенбіз. Бірақ нақ қай уақытта бастайтынын білмейміз. Мен батарея комсоргімін. Дивизион комсоргі лейтенант Шарохин мені шақырып алып жағдайың қолайсыздығын айтты. Қөрші дивизияға неміс сапері колға түсіпті. Оның айтуынша фашистер 5 шілде күнгі таңсаріде шабуылға шықпақ екен.

Олар шабуылды Курск төбесінің түстік және теріскей түсінда бастады. Шілденің сезізі күні мен түні кескілескен

ұрыстың жалыны лаулап жатты. Бірақ біздің тұсымызда тыныш болды. Тек 11 шілдеде орман, төбелер мен сайлардың сүлбасы біліне сәуле шашылғанда артиллерия оқ жаудырды. Жер тітіркенеді. Реактивті қондырылар мен мындаған қаруладың гүрсілдеген үндері айналаны жаңғыртып, құлак тұндырады. Шабуыл белгісі берілісімен біздің жаяу әскерлер алға лап берді. Біздің алғы шептің орларында жан қалмады. Екі сағаттан соң дүшиланның корғанысы бұзылды.

Бірде полк командирі барлаушыларга «тіл» әкелуді таисырады. Түн ішінде су ағатын жырамен бұқпантайлаган жеті барлауышы көзге түспестен жаудың ту сыртына шыкты. Бірақ олардың жолы болмайды. Таң атқанда олар орман алқабында тұрған үйді көрді. Жаңында сақшы тұр. «Көзің жою керек!» деді командир. Бірақ сарайдың тасасына тағы екі фашист шыға келді. Терезеден оқ атылды. Атыс бағталып кетіп, біздің екі барлауышы жарапанды. Үйде неміс қалмады. Бірақ усадьбаға тағы да немістер келіп қалды. Барлаушылардың, кейін шегінетін жолы, жабылып қалды. 150 гитлерші усадьбаны коршап алып, біздің барлауышылар панарап атысып жатқан сарайды өртеп жіберді. Өлген жері осы еді. Бірақ өзет барлаушылар берілмеді. Фашистерді гранатамен құртып, камаудан сыйылып шыкты». Осы ерлігі үшін Подорожный III дәрежелі Даңқ орденіне ұсынылып, оны армияның офицерлер курсына оқуға жіберді.

Курсты бітірген Подорожный кіші лейтенант шеңін алыш, атқыштар взводын басқарды, батальон комсоргі болды.

Біздің жауынгерлер сәтті қимылдан батыска беттей берді, Висла өзенінен өтті. Дивизия Одер тубіне таяды. Кіші лейтенант Подорожный балайша еске алады: «Біздің жаяу әскерлер танкілерге мінді. Танк десантына Вангровец қаласына таман тоқтаусыз қозғалу тапсырылды.

Біз барлауға аттандық. Екі шақырым жер жүргесін қарсы беттеп келе жатқан жау машиналары, қорантары бүркелген жүк машинасы көзге шалынды. Олар қапиен-қаперсіз еркін жүріп келеді. Біздің танк машиналарды таптап өте шыкты. Танкіміз ақырын қозғалып, оппа қарда сәл кібіртікейді. Айнала тып-тыныш. Тек түстік-батыста артиллерија үні құлаққа шалынады. Сонау Берлин бағытында қаңжоса ұрыстар жүріп жатыр. Алдағы қарсы жолға карай жау колониасы келеді. Алдында «Тигр» бар, сонында жүк машиналары. Оған жаяу әскері ілескен сыйайлы. Ол бізге таяп келеді.

— Соғыспай болмайды, — деді танкист. — Командир

хабарлау керек. Карасев,— деп дауыстады ол аткыш — разистке, — «бесіншіге» айт: жау көрінді. Ұрыска кірістім!

Біздің құштер жеткенше табан тіреу керек. Біз жол жиегіндегі орға жасырынып, атысқа ынғайландық. Танкіміз жауға қарай бұрылды. Немістер алдын барламастан, еркін, шық келеді. Топ басындағы танк көрінді. Оның бронында ақ крест бар. Үстіңгі мұнарасынан командирдің басы көрінеді. Біздің «отыз төртіншінің» ұзын ұңғысы сөл тәмендеп, жау танкінің осал деген түсын нысанана ала берді. Оқ кеңестін әрі гүрс ете қалды. «Тигрдің» сол жақ табанынан тұтін бұрқ етті. Тағы бір оқ атылды. Жау танкінің төбесі ұшып кетті. Үстемелей бір атты біздің танк. Тура тиген оқтан танктың мұнарасы жұлдынып түсіп, өзі кою тұтінге оранды.».

Подорожныйға 448-ші атқыштар полкінің бір топ жауынгерлерінің Одер өзенінің батыс жағалауына өтуін қамтамасыз етуге бұйрық берілді. Ың-шыңсыз қайықтарды даярлад, жасырып қойды. Ұрыстан қажыған жауынгерлер тынығып, мызғып алар еді, бірақ оларда үйкі жоқ. Бәрі де жауып тұрған оқтың астында жұзу оңай емесін сезді. Артиллерия гүрсілдегіл кеп берді. «Қайыққа мініңдер!» деген бұйрық естілді. Подорожный операцияға басшылық етті. Жауынгерлер жанталаса есіп келеді. Айналған тыныштық. Өзенің ортасына да жетіп еді. Фашистер есін енді жиғандай қайықтарды фауст-патрондармен атқыласын келіп.

Жұзіп өтейік, — деді Подорожный лейтенант Килевойға. Сөйтіп бұлар мұздай суға койып кетті. Фашистер пулеметтен оқ жаудырды. Офицерлер біресе сұнғіп кетіп, біресе қылтиып су бетіне шығады. Шыққан сайын ауа жұтып, кайта сұнғиді. Олар жағадағы бұталарға бой тасалады. Подорожный елу қадамдай жерде жау орын байқап қалды. Фашистер осы жерден шығыс жағалауды бакылауда. Подорожный сол сәтті пайдаланып, жағалаудан өз жауынгерлерін іздестірді. Сөйтіп алғы лекпен судан өткен тоғыз жауынгер табылды. Комсорг бұл топқа өзі басшылық ететін болды. Үсті-бастары суға маішінған, қажыған, әрі аш олар жау жақта бекінді. Келесі түнде Подорожныйдың тобы басып алған плацдармға қайықтарға тағанды пулеметтер тиеген пулеметшілер келіп жетті. Өжег жігіттер жау көзіне түсіп қалды. Оларға гитлершілердің бүтіндей бір ротасы лап берді. Подорожныйдың тобы бекінген бұталар ішінде фауст-патрондар жарылып, оқ астында қалды. Бірақ бір шоғыр ғана батыл жауынгерлер 1945 жылғы 22 сәуірде 24 сағат бойы жаудын жан-дәрмен

шабуылына тойтарыс берумен болды. Подорожный өзі ерлік пен батылдық үлгісін көрсете жүріп жігіттердің жігерін жаши түсті. Пулеметшілер жараланғанда қаруды өзі қолға алды. Жанкешті топқа тың күш келіп қосылғанда олар алға лаш беріп, жау бекінісін басып алды. Қызынып алған Подорожный өліп қала жаздады да: колма-қол шайқаста бір неміс ту желкеден пышақты сұғып алар болғанда өзге жауынгерлер аман алып калды.

Одер өзенінен өту кезінде көрсеткен өжеттігі мен ерлігі үшін Николай Алексеевич Подорожныйға КСРО Жоғарғы Кеңесі Тәралқасының 1945 жылғы 15 мамырдағы жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол сөгис жылдарында 18 мортептің үкімет марапатына ие болды.

Николай Алексеевич соғысты Эльбада тәмамдады. Сөгистан соң да барлаушы алғы шепте болып, Отанның қасиетті шекарасын қорғады. Өзінің бай тәжірибесін жас шекарашибарға дарытты. Қейін әскерден босанып, Махачкалага келіп, Дағыстан университетінде оқыды, ұстаздық етті.





СВЕЧНИКОВ Павел Семенович

1926 жылғы қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданындағы Коноваловка селосында туған. 1932 жылы оның отбасы Фрунзе қаласына көшіп барады. Сонда ер жетіп, Қызыл Армияға шакырылған.

Әскерге шақырылып, ерлікпен қаза тапқан әкесінің кегін алу үшін Павел жасына бір жас қосып алып, 1943 жылы мектеп партасынан соғысқа кіріп кетті. Сөйтіп өшпес өмір тұғырына мәнгілікке көтерілді.

317-ші гвардиялық истребитель—танкіге қарсы артиллерия полкінің (Воронеж майданы, 47-ші армия) көздеушісі гвардия сержантты Свечников 1943 жылдың қыркүйегінде расчет күрамында Студенец түсында (Черкасс облысы, Канев ауданы) Диепрден өтіп, дүшпаниң бірнеше атыс ошағын құртты. Сөйтіп ол плацдармды басып алуға септік жасап, өзге бөлімшелердің өзеннен өтуін қамтамасыз етті. 1943 жылғы 17 қазанда неміс танкілері мен тіркеусіз жүретін ату құралдарына қарсы шайқаста өжеттік, табандылық пен батырлық көрсетті. Жау танкі 30—40 метр жерге келіп қалды. Свечников жекпе-жекке шықты. Ол өз қаруынан оқ жауды-

рып, танкті жайратып салды. Командир катардан шығын калғанда басшылықты өзіне алған Свечников анталаган танк термен атыса берді.

Оның батыл қимылышында арқасында жаудың екі танкі жайрап, 15-тей жауынгері жер жастанды.

Осы ерліктері үшін П. С. Свечниковке КСРО Жоғарғы Кеңесі Тәралқасының 1943 жылғы 24 желтоқсандағы жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Свечниковтың актық шайқасы жөнінде Кеңес Одағының Батыры Г. В. Голищхин былай дейді: «Бұл Украина ССР-індегі Умань қаласының түбінде болған еді. Біздің полк алғы шепке келіп жетті. Түнде біз ор қазып бекініп алдық. Біз жау танктеріне қарсы аттанамыз. Олар темір жол бойына орналасып, қолайлы орын теуіпті. Ауыр шайқаста жау Свечниковтың каруын қиратты. Бұкіл расчет көз жұмды. Ауыр жаралапған Павел медсанбатка жете алмай, жол үстінде жаңатасырды.

Қыргыз ССР-і Сокулук ауданындағы Қызыл Ту селосында бір көше оның есімімен аталады.



СКАЧКОВ

Виктор Михайлович



1923 жылы Корған облысы Половин ауданындағы Давыдовқа селосында туған. Экесі қайтыс болғаннан кейін Скачковтардың отбасы Солтүстік Қазакстан облысы Мамлют ауданындағы «Қызыләскер» кеншарына көшіп келеді. Ол мектепте мұғалім болып, химиядан, сызудан, суреттен сабак береді.

В. Скачков Қызыл Армияга 1940 жылы алынды. Ол Белоруссияда соғыска кірді. Ауыр соғыс жылдары басталды да кетті. Корғаныстағы киын шайқастар кезінде ол басқа да жаяу әскерлер сияқты танктерге қарсы соғысты.

Бұлардың кейін шегініне көмектесіп жатқап взвод жайрап қалды. Қанғыған жарықшақ Викторды сол қолының карынан жарапап кетті. Қан атып берді. Бірақ Виктор сандардың жәрдемін тосып тұрмай, шептеп кетпестен соғыса берді. Бірақ өл тагы жарапанып, аяқтан ок тпді. Ол үшінші рет жарапанғандаға ғана госпитальге барды.

Госпиталь бастығы Виктордың «Дені-қарым сау. Мені шығарып, танк жүргізетін механиктер курсына жіберіңіз» деген өтінішін әзденеше мәрте алды. Әуелі Челябинскідегі журғаш-механиктер курсына, кейін Ульяновскідегі В. И. Ленин атындағы 1-ші гвардиялық орденді танк училищесіне жіберді. Училищені үздік бітіріп, 8-ші жеке гвардиялық Қызыл Тулы танк полкына жолдама алды.

Кіші гвардия техник-лейтенанты В. М. Скачков жүргізген «КВ» ауыр танкі Прибалтиканы азат етудегі алғашқы үрыс-

тарда-ак ішінде бір «Тигр» бар немістің тәрт танкісін, бірнеше тіркеусіз жүретін қаруларын және нулемет ошактарын талқандады.

1944 жылғы 24—25 желтоқсанда Латвияның Пиенава каласының түбінде аса мықты бекінген жау корганысын бұзу кезінде өжет жауынгер өз танкісімен жау шебіне тайсалмай жетіп, дүшпанның бірнеше атыс ошактарын күйретті. Оның осы шебер қимылының арқасында жау корганысы бұзылды.

1944 жылғы 26 желтоқсанда немістер жанталаса карсы шабуылға шыкты. Жаудың жиырма танкісі мен тіркеусіз жүретін қарулары ұрысқа кірді. Біздің танкистер тойтарыс беріп, жаудың бетін қайтарып тастанады. Ұрыс үстінде Виктордың танкіне жау оғы келіп дөп тилі. Экипаж түгелтімен жараланды.

Жолдастарына шегінуге бүйрек берген Виктор Скачков моторға от алдырмақ болып әрекетке түсті. Сөйтін, танкты катарға қоспақ болды. Фашистер оның танкіне жан-жақтағ оқты жаудырды. Артиллерия снаряды келіп тигенде өжет танкист ауыр жараланды. Машинаның моторы отка оранды. Отанның адад ұлы сол оттың ішінде өзі де жанып кетті, бірақ машинасын жау қолына қалдырмады.

Ұрыс даласында көрсеткен жанкешті ерлігі мен қаһармандығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Тәралқасының 1945 жылғы 24 наурыздағы жарлығымен Виктор Скачковқа каза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атагы берілді.

1968 жылы жерлесіне тағым стекен қызыләскерліктер кеншардың орталық консының батыр Виктор Михайлович Скачковқа ескерткіш орнатты. Қызыләскер орта мектебінен оның аты берілген. Мұнда В. Скачковтың суреті ен көрнекті жерге ілінген.



УЩЕВ

Борис Петрович

1915 жылы Петропавл қаласында туған. Оқуды қаласында оқыды. 1935 жылы Ленинградтағы темір жол транспорттың институтына түседі. Екінші курста оқып жүргендегі оны аудандық комсомол комитетіне шақырып, аскери-тәсіз училищесінде ауысуга кеңес береді. Сөйтіп, комсомолдың жолдауымен студент Б. Ущев Фрунзе атындағы аскери-тәсіз училищесінде курсантты болды. 1939 жылы училищенні бітірген Б. Ущев лейтенант дәрежесін алды, Балтық флотына жіберіледі.

Жас лейтенант Ущев соғысты Таллин қаласында бастады. Балтық флотының кемелері осында еді. Соғыстың алғашкы айында немістің «Солтүстік» тобы 8-ші армияның қорғанысын бұзып өтіп, Фин шығанағына қарай өтіп кетті. Эстонияда соғысып жатқан Кеңес аскерлері Ленинградқа қарай соғыса отырып шегініп бара жатқан негізгі күштерінен белініп қалды. Міне, осындай жағдайда Кеңестің Жогарғы Бас командованиесі Балтық флотының командованиесіне Таллиндің кайткен күнде де корғауға бүйрек берді. Өйткені бұл белініп қалған аскерлерді жабдықтаудың және оларды бері көшіріп алушың мүмкіндігін берген жалғыз ғана айлақ болатын.

Б. П. Ущевтің торпедолы катерлері неміс басқыншыларының зәре-құтын ұшырды. Олар Ущевтің торпедолы катері шыққанда естері кете қорқатын. Немістер командир катерін көрген беттен-ақ «Тенізде—Ущев», «Тенізде—Ущев» деп радиодан жанталаса сақтандыратын.

1941 жылғы 28—29 тамызда біздің теңізшілердің Таллинен Кронштадқа жорығы кезінде Ущевтің звеносы «Максим Горький» крейсерін сәтті корғай алады. Өзіне тапсы-



рылған кемелерді бастап барған Б. П. Ущевтің қатерлері Моонзунд аралдарына оралды. Осы жерде олар жаудың теніз жолдарын бұзып, соғыс кемелерін, десант баржаларын суға батырды. 1941 жылы қатершілер бригадасының командирі Б. П. Ущев 24 операция өткізді. Жауды ізден түнгі жорықтарға шыкты. Жау тылында да батыл қимылдан бірнеше операциялар жасады Латвия жағалауына және Аэгна аралына үш десант тобын түсірді. Хельсинки қаласына және гитлершілердің басқа да базаларына баратын жолдарды миналады.

1941 жылғы 27 қыркүйекте Сарема аралы манындағы Лыу шығанағы түсында Б. П. Ущевтің топредалы қатерлері сыйымдылығы 6000 тонналық «Кельн» крейсері мен үш неміс эсминециң батырып жіберді. Осы соғыста Ущев қатерінің алты адамдық командасты оқ тиіп суға батып бара жатқан біздің қатердің адамдарын құтқарып алды.

1941 жылғы қазан айының аяғында немістер Даго аралын басып алды. Біздің қатерлер дүшпанның жағалаудағы батареялары мен кемелерінің оғы қарша борап жатқанда құтылып үлгермеген жауынгерлеріміз бен офицерлерімізді мінгізіп алдып, өз әскерлеріміз шоғырланған шепкө жеткізді.

Сол жылдардың құжаттары әскери нақтылықпен қыска да нұсқа түрде Б. П. Ущевтің ерліктері жайында былайша баяндайды: «1942—1944 жылдары Ущев жаудың теніз жолдары мен базаларын миналауда 51 операция өткізді. 1500-ден аса мина қойылды. Қойылған миналарға тегі анықталмаған кемелердің жарылғаны байқалды. Операция кезінде өзі екі рет жараланды».

Бұл кезде жау Ленинград іргесінде тұрған еді. Балтық тенізшілері қоршаудагы Ленинградты жан сала қорғап, өткел бермей шайқасқан кез еді бұл. Ущев ең алғы шепте — Лавенсари аралында еді. Ұзындығы үш, ені екі шақырым болатын, Фин шығанағындағы көзге шалынбайтын нақ осы арал Кронштадтқа баратын жолды бөгеп тұрды. Бұл аралға жаңадан Қуатты деген атау берілген. Неміс генералдары осы шағынғана аралды «Көмейге кесе-көлденең тұрған сүйек» деп атайдын. Сол арадан қаһарман қорғаушыларды қалайда қуып шығу үшін жан салып бақты. Бірақ бұл олардың қолынан келмеді. Олар қалай қорғанған еді? Бұл жайында соғыс кезінде де, одан кейін де көп адам біле бермейтін. Әскери тілшілер, жазушылар мұнда сирек болатын. «Комсомольская правда» газеті 1966 жылғы 22 ақпандың 44-ші санында «Аса

киын қоршau жағdайындағы белсенді соғыс қимылдары, шайқастардағы табандылық пен ерлік үшін торпедалы қатерлердің бірінші дивизионына гвардиялық атақ беріліп, осы дивизионың екінші отрядының командирі Б. П. Ущевке екі Қызыл Ту ордені, I-ші дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ленинградты корғағаны үшін» медалі тапсырылып, ол 3-ші рангалы капитан атағын алды» деп жазды.

1944 жылы Ленинград тұбінде неміс әскерін талқандау кезінде және Прибалтиканы азат етуде торпедалы қатерлердің екінші дивизионының командирі Б. П. Ущев Фин шығанағындағы аралдарға және Прибалтика жағалауларына десант түсіруге, неміс кемелерімен шайқастарға қатысты.

1944 жылғы 20 маусымда біздің десант таш қазір басып алған Нарва аралы маңында жау кемелөрі пайдада болғаны туралы хабар алынды. Бұл минатасушы кеме мен екі траалышы еді.

Ущев екі крейсерді минатасушыга, ал біреуін траалышға карсы үрісқа жіберді. Фашистің минатасушысы суға батырылып, екипажы қолға тусты.

Неміс-фашист басқыншыларына карсы шайқастарда көрсеткен айбыны, өжеттігі мен ерліктері үшін КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасынын 1944 жылғы 22-шілдедегі жарлығымен Борис Петрович Ущевке Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысының соңғы кезеңіне таман Ущев басқарған торпедалы қатерлер дивизионы Данциг айлағына басып кірді. Кенестің торпедалы қатерлері қоршauда қалған Шығыс Пруссиядағы неміс әскерлерін жабдықтап, көшіріп алатын соңғы ыңғайлы жолдың бірі болған осы торапты октын-октын бұзып отырды. Осы жерде қаһарман капитан Ущев басқарған кенес тенізшілері жаудың екі ірі кемесі мен екі десант баржасын суға батырып жіберді.

Ол соғыстың соңғы күніне дейін шайқастарға қатысты. Соғыс біткен соң әскери-теніз академиясы жанындағы курсы тәмамдалған, 16 жыл бойы Қызыл Тулы Балтық флотында қызмет етті. Кемелер командирі болып, жас тенізшілерді баулыды. Ол запасқа шыққасын да қоғамдық қызметтің жігерлене айналысты. «Қазіргі жастарымыз, — деді Борис Петрович— бейбіт күнде де сондай-ақ соғыс кезінде де қажетті қасиеттерге тәрбиеленуі керек. Бұлар адалдық, имандылық, Отан


мен өз халқына шексіз берілгендік сиякты нағыз адами касиеттер болуға тиіс».

1972 жылдан бері I-ші райгалы капитан Ущев — запаста. Ленинградта тұрады.

1985 жылы Борис Петрович туған жері Петропавлда келіп, кала мектептерінде, Мемлекеттік архивте болды. Ол он бес жыл бойы хат алысып тұратын.

Петропавл көшелерінің біріне оның есімі берілген. Соғыстың алғашкы жылында Б. П. Ущев қызмет атқарған кеме тұғырға койылып, Балтық катершілерінің согыстагы ерліктерінің күрметіне ескерткішке айналды.





ХИМЕНКО

Андрей Максимович

1915 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Совет ауданындағы Елизаветское селосында туды. 1927 жылы ата-анасымен бірге Фрунзе қаласына көшіп кетті. Хат тасуши, «Союзпечать» мекемесінде бухгалтері болып істеген. 1939 жылы СОКП мүшелігіне кірген.

...Полк бөлімшелері Висла өзеніне таяп келді. 2-ші батальонның командирі гвардия аға лейтенанты Карнушенко 5-ші рота командирі Данилянцы командалық пунктке шақыртып алды.

— Жолдас лейтенант, осы әлгінде ғана полк командирінің бүйірігін алдық. Біздің батальон Висладан өтіп, плацдармды басып алуға және оны қайткен күнде де қолда үстап тұруға тиіс. Сіздің рота бірінші болып аттанады.

Іске шүғыл кірісті. Артиллерия жиырма минут бойы оқ жаудырып, жауды жаекап алды. 5-ші рота өзге қарулар мен пулеметтерден оқ борап жатқанда өзенге бет қойды. Рота парторғі гвардия қатардағы жауынгері Андрей Максимович Хименко төрт жауынгермен бірге суға түсті. Жаудың оқты қарша боратуына қарамастан олар өзеннен сәтін салып өтті. Олардың соцынан Висланың батыс жағалауына ротаның өзге жауынгерлері де шыкты.

Жағадан бірнеше метр жерде немістер үлкен бөген салыпты. Сол бөгеннің биік бір түсінан ірі қалибрлі пулемет жақ жаппастан оқты боратады. Біздің жауынгерлер бұқпантайлауға мәжбүр болды. Парторг Хименко пулеметпен екі араңы көзбен мөлшерлеп алды. Өзіне пулеметші Ардашевті ша-

қырып алды да жаудың атыс ошағын құртуды тапсырды. Ауаны оқтар тілгіләй жөнелді. Дүшпаниң заржақ пулеметі бір сәтке үнін өшірді. Бірақ бұлар бас көтере қайта бесілдей жөнелді. Хименко Ардашевке жер бауырлап таяп барды.

— Павел Иванович, алға сәл жылжып шығып, кияла да жаудың жасырынған тұсын аныктап ал. — Бірнеше лек оқ нысанага дөп тиғен жаудың пулеметшісі омақаса құлады. Жол ашылды.

— Алға, жолдастар! — деген парторг даусы шығысымен ақ жауынгерлер өре түрегеліп, бөгеннен өтті де дүшпаниң орларына басып кірді. Ор ішіндегі шайқас ұзаққа бармады. Гитлершілер екінші қатардағы орларға барып бас саугалап, оқ жаудырды. Миналар жарылып, жау пушқаларының снарядтары ықсыра тәбеден асып түсіп жатыр. Тұтін көз аштырмайды. Бірақ рота командирі Данилянц пен парторг Хименко бастаған жауынгерлер алға ұмтылып келеді. Жігерлесіп алған жауынгерлер жау ошақтарына лап қойды. Қолмақол шайқаста лейтенат Данилянц жарапанды. Эскерлер бір сәт үрейге берілгендей болды. Осы кезде гвардия қатардағы жауынгері Хименко ротаны өжеттікпен баскарып, Осемборо деревнясына шабуыл жасады. Дүшпан ротаға қарсы тіркеусіз жүретін жеті пушка 150 солдаты мен офицерін жіберді. Біздің артиллерия жау шебін атқылады.

— Граната әзірлендер! — деп бұйырды Хименко. — Ат! Сол кезде гвардияшылар шабуылға лап қойды. Ұрыс болған жерде ГО2 немістің көзі құрыды. Хименконың өзі 10 немісті өлтіріп, бір офицерді тұтқындалап алды.

Білгір басшылықтың және де жеке ерлігінің арқасында аз шығынмен ротаның алдына қойылған тапсырма орындалды.

«Парторг Андрей Хименконың аты, — деп жазды сол күндері дивизион газеті — бүкіл бөлім жауынгерлерінің арасында айбындылық пен ерлік символына айналды».

Парторг Хименко соғыстың жүзденеген шақырымдық жолдарын жүріп өтті. 1944 жылғы 30 шілдеде неміс басқыншыларымен ұрыстарда көрсеткен ерліктері үшін ол «Ерлігі үшін» медалімен марапатталып, 1945 жылғы 14 наурызда оған Висла өзенінен өту кезіндегі ерлігіне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Андрей Максимович оған КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен батыр атағы берілген күнге жете алмады.

1944 жылғы 6 казанда Подосье селосының түбінде болған ұрыста, жау шабуылына тойтарыс беру үстінде 5-ші рота шарторғі Хименко ерлікпен каза тапты. Келесі күні барлық роталарда шарторғ Хименконың ерлікке толы жолы туралы әнгімелер өткізілді. Ефрейтор Прудских өз өтінішінде «Мені шартияға мүшелікке кандидат етіп алады өтінемін. Мен нәміс фашистерінің колынан мерт болған коммунист Андрей Хименконың орнын басамын» деп жазды.

Хименко Эдуардов селосында (Польша) жөрленген. Эскери бөлімнің тізімінде мәңгілікке жазылған.



ЧИЖИКОВ Филипп Васильевич

1923 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Со-
колов ауданындағы Бер-
зовка деревнясында ту-
ғап. Филипп ата-анасынан
жастай айрылды. Ол Ар-
хангелька балалар үйін-
де тәрбиеленді.



1934 жылы Петропавл ауданының «Новая жизнь» ұжым-
шары балалар үйінен алты жетім баланы асырап алды.
Солардың ішінде Филипп Чижиков те бар еді. Жылдар өтіп
жатты, Филипп комсомолға өтті. 1942 жылғы 20 мамырда
Петропавл аудандық әскери комиссариаты Чижиковты Қы-
зыл Армияға шақырып, сол жерде Петропавл маңындағы Бор-
киде орналасқан 44-ші атқыштар полкының оқу батальонына
жіберді. Кіші командирлер курсын бітірген соң 1942 жыл-
дың шілдесінен бастап майданда, Оңтүстік - Батыс майданы
6-шы армиясының 25-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы-
ның құрамында болды. Филипп Васильевич былай дең еске
алады: «Бөлімше командирі дәрежесінде алдыңғы шепке
келісімен-ак сол күні үріска кірдім. Шабуылға шыққан фа-
шистердің екпінін тойтара отырып, бөлімше жауынгерлері
сессенген емес, қайта «Максим» пулеметі көцілден шығып,
жауға дәл де тыныссыз зәрі аяусыз оқ жаудырды да түрді.
1943 жылғы наурызда біздің пулемет взводы жаудың көзіне
түспей Харьков облысының Валки қаласына кіріп алды да
жауға оқ жаудырды. Дүшпен абдырап калды, көп шығынға
үшінрады. Қала алынды, көптеген кару-жарак иен тұтқыш-
дар колға түсті».

25-ші атқыштар дивизиясы Диепрге шыкты. Алай әзен
өз айдынын лықсыта ағызып жатты. Жазықтау жағалаудағы

пу жыныстарға барлаушылар бекініп алған. Алда биік жарлы жағалау.

Командование Днепрден өтіп, оң жағалауга бекініш, гитлершілердің корғаныс шебіне бойлан алып, ылацдармды колта түсіріп, ұстап тұруға бұйрық берді.

«Днепрден өту», «Ілацдармды кеңейту» деген сөзді еске алудың өзі арқаны аяzdай қариды, осы уақытқа дейін соғыс сұрапылдары түсіне енеді» — деп еске алады Чижиков. Біз аялдаған тынықпастан, соғыса отырып, Днепрге жеттік те сол көзге тұртсек көргісіз түнін өзінде асығыс жасалған салдармен, балықшылардың қайыктарымен өзенин өтуге бұйрық берілді. Жау сезіп қалып, қарша бораған октың астына алды. Ештеңеге қарамастап мен өзімнің бөлімшеммен және взводыммен бірінші болып арғы жағалауга шыктық та «Уралаган» айғаймен фашистердің окоптарына лап қойдык, пушкалардың атыс ошактарын құртып, жауды окоптардан күып шыгардық та алға ентолей бердік. Таң атқанда немістер қарсы шабуылға шыкты. Немістердің күші басым болса да біздің взвод оның жынырма шабуылын тойтарып тастанады. Ұрыс үш таулікке созылды. Немістер бір шогыр жауынгерлерге танкілерін жіберді. Эскерлеріміз біздің күштер келіш жеткенше ерлікпен, өлсе де берілмейтін қайсарлықпен қарсы тұрды. Бұл кенес жауынгерінің күш-куаты, қайсарлығы мен айбындылығы сыйна түсken соғыс болды».

1943 жылғы казанда Днепрдің он жағалауына (Солонян ауданы, Войсковое селосы) өтіп, 25-ші атқыштар дивизиясы ылацдармлы кеңейту үшін шабуыл бастады. Бөлімнін ұрысқа кіріскең алғы легінде болған гвардия сержантты Филипп Чижиков өз пулеметінен аткан окпен 30-дан аса гитлершілі жер жастандырды.

Қыркүйектегі ұрыстар жайындағы өз естеліктеріндегі Ф. Чижиков былай деп жазады: «Менін бөлімшемнің жауынгерлері төрт жүзден аса фашисті, екі танк пен скі дзотты құрты. Командование 1944 жылғы 22 актандығы срлігім үшін маган Кенес Одағының Батыры атағын берді». Днепрден өту кезінде 1943 ұрыста Чижиков ауыр жараганды. Днепропетровск қаласының госпиталінде Оңтүстік-Батыс майданы Эскери Кеңесінің мүшесі гвардия сержантты Чижиковке Ленин ордені мен Батырдың Алтын Жұлдызын табыс етті.

Жарасынан сауыккан сон 3-ші Украин майданының 69-шы атқыштар дивизиясына дивизион барлау взводынын командирі болып жіберілді. Одан кейін офицерлер мектебінде оқыды, Австрияны, Венгрияны азат етті. 1945 жылғы қарашада әскер катарынан босатылды. Түмен облысының Есіл қаласында тұрды, қоғамдық тәртіп күзеті баскармасында қызмет істеді. Ішкі қызметтің отставкадагы майоры Чижиков Воронежде тұрады.



ДАҢҚ ОРДЕНІНІЦ ТОЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ

БАТЫРЕВ

Яков Иванович

1910 жылды Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданындағы Ново-Михайловка селосында тузы. 1941 жылғы шілдеде Преснов аудандық ас-кери комиссариаты Қызыл Армияга шакырыш, Нетропавл қаласында жа-сақталған 314-ші атқыштар дивизиясына алынды. Осы дивизияның кұрамында Ленинград түбіндегі ұрыстарға катысты.



1943 жылғы ақпана Ленинград қоршауын бұзған күндерде жараланды. Жарасынан жазылған соң 218-ші атқыштар дивизиясына жіберілді. 1943 жылғы маусымда екінші рет жараланды. Үшінші рет 1944 жылғы қантарда 78-ші атқыштар дивизиясының кұрамында соғысын жүргенде жараланды. Госпитальда емделген соң 1944 жылғы мамырда старшина Батырев 46-шы атқыштар дивизиясындағы 40-шы жеке сапер батальоны взвод командирінің көмекшісі болып тағайындалды. Осы батальонның кұрамында Я. Батырев гитлерлік Германиямен соғыстың соңына дейін шайқасып, ауыр шабуылдар кезінде айбындылық көрсетті.

Батырев 1945 жылғы 12 және 13 қантардың түндерінде бір топ жауынгерлермен бірге мина қойылған алқаптарды аршу жөніндегі әскери тапсырманы орынадады. Өзі гана жаудың танкіге және жаяу әскерге қарсы қойған 318 минасын залал-сыздандырды. 1945 жылғы 14 қантардың түнінде топты басқарған сапер жаудың сым қоршаудан құрылған кедергісін бұзуды жақсы ұйымдастыра білді. Өзі бір жол салып, сонымен дүшпаниның күшті бекінісін бұзып өтүге мұрындық болды.

Өжет сапер Яков Иванович Батыревтің асқан ерлігін командаование мен үкімет жоғары бағалап, оны үшінші, екінші және бірінші дәрежелі Даңқ орденімен марапаттады.

1945 жылы қазан айында Даңқ орденінің толық негері туган Пресновкага оралды. Тракторшы, комбайшы, бригадирдің көмекшісі, бригадир болып істеді. Зейнет демалысына шыгар жылдың алдындағы жылда деңсаулығының нашарлауына байланысты құзетші болып істеді.





ДЭРМЕНОВ

Әміреш

1922 жылы Қостанай облысы Пресногорькоға ауданының Жалтыра ауылында (қазіргі Солтүстік Қазакстан облысының Жамбыл ауданы) туған.

Улы Отан соғысының майдандарында 1941 жылғы желтоқсандан бері болды. 139-шы атқыштар дивизиясындағы 609-шы атқыштар полкы 4-ші ротасының қатардағы жауынгері. Ленинградты коргауға қатысқан. Шабуыл тобының кұрамында sogыскан Дәрменов өзін айбынды да батыл жауынгер ретінде көрсете білді. Жаудың бекінісіне алғашқылардың бірі болып басып кіріп, оның жеті жауынгерін жер жастандырыды. Осы ерлігі үшін Дәрменов 1944 жылғы 22 соуірде үшінші дәрежелі Данқ орденімен марапатталды.

2-ші Белорусс майданының эскерлері туған калалар мен селоларды азат ете отырып, батысқа ойдағыдай бет алды. Қайса жауынгер Дәрменов неше мәрте шайқастарда асқан батылдығымен әрі талқырлығымен көзге түсті. Жауды күн 609-шы атқыштар полкы сыртқы барлау взводының барлаушысы болды.

1944 жылғы 26 маусымда Могилев облысындағы Горбачи деревнясы үшін болған шайқастарда өз өмірін безбенге сала отырып, деревняға жүрттың алды болып кіріп барды да өзінін автоматымен оқ жаудырып, бір офицерді жарадап,

оны тұтқынға түсірді. Жауап алу кезінде ол офицер біраз құнды деректерді айтып берді. Осыдан екі күн өткен сон Могилев қаласы үшін шайқас болды. Осы шайқаста құзетте тұрган Дәрменов жаумен алғашқы болып бетпе-бет келді де өз қаруымен дұшпаның сегіз адамын жер қаптырып, бесеуін қолға түсірді. Әмірештің осы шайқастардағы батыл әрекеттері үшін оған 1944 жылдың тамызында екінші дәрежелі Данк ордені тапсырылды.

Шабуылды үдептеп кеңес жауынгерлері Германия жеріне кірді. Олардың бәрінің де көңіл-күйлері жақсы. Елімізге опасызындықпен басып кіріп, халқымызға қашама қайғы мен мұң-шер, мұқтаждық әкелген жау енді өзі қүйреудің алдында тұр. Дәрменов өзінің полкының жетістіктеріне қуайып, оның жауынгерлік данқын арттыра беруге құлышынұты. 1945 жылғы 24 наурызда Әміреш жаудың көзіне түспей, елеусіз өтіп барып атыс ошағына жетті де танкіге қарсы колданатын гранаталармен үш пулеметін мүлде іске алғысыз қылып талкандалы да адамдарын құртып жіберді.

609-шы атқыштар полкы Данциг қаласының кіре берісінде үрыс жүргізіп жатты. Осында, 1945 жылғы 25 наурызда шегінген жауды өкшелей отырып, Дәрменов барлаушылар тобымен бірге дұшианға бір бүйірден соққы берді. Сөйтіл 25 гитлершіні тұтқынға алды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 29 маусымдағы жарлығымен Дәрменов Әміреш бірінші дәрежелі Данк орденімен марарапатталды.

Гитлер әскерлерімен болған шайқастарда Дәрменов екі рет жарапанды. Қазір Данк орденінің толық иегері құрметті енбек демалысына шығып, Жамбыл ауданындағы Жалтырша ауылында тұрады.



КРАВЧЕНКО Иван Степанович

1915 жылы туган. 1941жылы Петропавл қала
лық әскери комиссариатының шақырымымен Кы-
зыл Армияга алынды.

Алтыншы гвардиялық кавалерия дивизиясының 28-ші кава-
лерия полкының аға сержанты Кравченко Иван Степанович
жеті адамдық тоңиен Посад деревиясы жаңында барлауда
жүріп қарсыласқа атты сапта шабуыл жасап, жаудың 12
солдатын жойып, 4 зеңбірек, 2 автомашинасын қолға түсір-
ді. Жеке батылдығы үшін 1944 жылғы 22 шілледе үшінші
дәрежелі Данқ орденімен наградталды.

1945 жылы 21 кантарда 28-ші гвардиялық кавалерия пол-
кының бөлімше командирі гвардия сержанты Кравченко
полк командованиесіне қарсыластың күші мен әскери қура-
мын дәл анықтап, оның топтасқан күшін жедел жойып жі-
беруге мүмкіндік берген деректер ұсынды. Сол күні Крав-
ченконың шолғыншылары жаудың 12 солдатын тұтқынға
алды. Келесі күні Алленштайн қаласы үшін көшеде болған
шайқаста сержант Кравченконың жеке өзі жаудың 9 солда-
тын өлтіріп, екеуін тұтқынға алды. Осы ерлігі үшін Крав-
ченко екінші дәрежелі Данқ орденімен наградталды.

1945 жылғы шабуылдар кезінде Кравченко ерекше батыл-
дығымен көзге түсті. Шолғыншыларды бастап жүріп И.
Кравченко кейін күнды деректер берген жаудың үш солдатын
үстап алды. 28 сәуірде Трасешев маңындағы маршрутты
барлад жүріп Кравченко қарсыластың автомашинасын, үш
мотоциклін, 12 солдатын қолға түсірді. 1945 жылғы 2 мамыр-
да Лонц маңында қарсыластың кетіп бара жатқан автома-
шинасын байқап қалған. Кравченко шолғыншыларымен кесе
көлденең қарсы шығып шепті айналып өтіп, бронотранспор-
терді басып алды. Оның бұл ерлігі бірінші дәрежелі Данқ
орденімен марапатталды.



ПУНЕНКО

Андрей Алексеевич



1918 жылды Омбы облысының Называй ауданындағы Виденъки селосында тузы. 1936 жылды Солтүстік Қазақстан облысына көшіп келіп. Булаев ауданындағы «Политотдел» үжымшиарында сибек етті. 1938 жылдың қазанынан 1941 жылтың қантарға дейін кавалерия полкінде қызмет етті.

1941 жылғы шілдеде Пуненко Булаев аудандық эскері комиссариатының шакыруымен Қызыл Армия қатарына алынды. 314-ші атқыштар дивизиясында ол бөлімше басқарды. 1942 жылдың басында жарапанды. Жазылып шыққаннан кейін 93-ші тәсіз бригадасының бақылаушы снайпері Пуненко Еділ жағалауында шайқасты. Осында Вороконово станциясын азат ету кезіндегі ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды.

1942 жылдың қазанынан бастап соғыстың аяғына дейін Пуненко 238-ші гвардиялық полктес қызмет етті. 1944 жылдың қазанында Пуненко басқарған барлаушылар тобы Кривоград облысының қорғанысы мықты Комнашевка селосын басып алғып, негізгі күш келіп жеткенші ұстап тұрды. Осы ерлігі үшін Пуненко үшінші дәрежелі Данқ орденімен наградталды.

А. А. Пуненко Карпатта жарапалыларды ұрыс даласынан аман алғып шыққаны үшін екінші дәрежелі Данқ орденімен наградталды.

1944 жылдың 19 қыркүйегінен 5 желтоқсанына дейін 238-ші гвардиялық атқыштар полкінің санитарлар ротасының са-

инструкторы аға сержант А. А. Пуненко шайкастардын ең күнын жағдайларында өмірің катерге тіге жүріп, ұрыс даласында алғашкы медициналық көмек көрсете отырып, 61 жаралы жауынгер мен офицерді алыш шықты. Осы ерлігі үшін А. А. Пуненко бірінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталды.

Қызыл Армия қатарынан босаған соң А. А. Пуненко Петропавл қаласында тұрып, құрметті демалыска шықканга лейтенант Оңтүстік-Урал темір жолының Петропавл бөлімшесінде енбек етті.





ТКАЧЕВ

Иван Леонтьевич

1920 жылы Петропавл қаласында туған. 1939 жылы қалалық әскери комиссариаттың шақыруымен Қызыл Армияға алынды. Севастопольді коргауға катысты. Екі жылға жуық Қырым тауларында әрекет еткен Сорокиннің партизан отрядының барлаушысы болды.

И. Л. Ткачев көңестік Прибайтиканы азат ету жолындағы шайқастарда ерекше көзге түсті. 1944 жылы шілдеде оның ротасы жаудың 76 солдаты мен қарсыластың алты атыс нүктесін жойды.

1944 жылы 16 қазанда Литва КСР-нін Муллан хуторы маңында қарсыластар карсы шабуылға шыкты. Жаяу әскердің жауынгерлік катарында болған И. Ткачев ротаны шабуылға көтеріп, карудың барлық түрлерінен оқ жаудыра отырып, қарсыласты кейін кашуға мәжбүр етті. Осы ұрыста Ткачевтің ротасы жаудың төрт атыс нүктесі мен 39 гитлершіні жойды. Ткачев траншеяға алғашқылардың бірі болып кіріп, жеке өзі тоғыз титлершіні өлтірді.

Иван Леонтьевич Ткачевтің ерлігі үш дәрежелі Данк орденімен толық маралатталды.

МОСЯКИН

Кирилл Євгеньевич



1919 жылы Солтүстік Қазакстан облысы Жамбыл ауданының Святодуховка селосында туған. 1930 жылы анасы Евдокия Федосеевнамен Түмен облысының Андрюшино селосына коныс аударды. 1939 жылы кыркүйекте Қызыл Армия катарына шакырылды. Ұлы Отан соғысы майдандарына 1941 жылдан катысты.

К. Е. Мосякин үлкен жауынгерлік жолдан өтті. Ол, әсіресе, Белоруссия, Польша жерлерін басқыншылардан азат етіп, фашистік Германия территориясында жүргізген ұрыстарда ерекше көзге түсті.

1944 жылғы маусымда Бірінші Белорус майданының жауынгерлері Люблін-Брест операциясын жүргізіп жатты. Қызыл тулы танк корпусының 20-шы танк бригадасы Брест қамалын оң жағынан айналып өтіп, жедел карқынмен солтүстік шығысқа ұмтылды. 1944 жылдың 25 шілдесіне қарастын түндегі Седльце қаласы үшін қызу шайқас болды. Қарсылас жақ біздің әскердің кейін серпіл тастау үшін шабуылдан жатты. Қалага кіреберіс жердегі кескілескен ұрыста қызыләскер Мосякин пулеметтен жаудың үш карсы шабуылыш тойтарып, гитлершілердің 28 солдаты мен офицерін жойып жіберді. Осы шайқаста қорсеткен ерлігі үшін Мосякин үшінші дәрежелі Данқ орденімен наградталды.

1945 жылдың қантар айында Қызыл Армия II-ші Қызыл тулы танк корпусының 20-шы танк бригадасы белсене қатысқан Ұлы Отан соғысының ең ірілерінің бірі болып саналатын Висла-Одер операциясын жүргізді. Біріктірілген танк корпусы қарсыласқа құйрете соққы беріп, тоқтаусыз Эволенка өзенінен өтіп, шабуылдың үшінші күні қарсылық қорсетіп

жатқан тораптың бірінен саналатын Радо қаласын басып алды. Қала үшін болған шайқаста бөлімше командирі Мосякин алғашқылардың бірі болып карсыластың траншеясына басып кіріп, жеке өзі жаудың 15 солдатын, екі офицерін жойып, 5 солдатты тұтқынға алды. Осы ерлігі үшін Мосякин екінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталды.

Софыс соқпағы одан әрі, батысқа қарай, гитлерлік Германия территориясына жылжыды. Женіс күні де жақын еді. II-ші Қызыл тулы Суворов орденді танк корпусы Берлиннің түбінде шайқас жүргізіп жатты. К. Е. Мосякин 1945 жылғы сәуірдің 16-наи 23-не дейінгі аралықта Берлиннің шетіндегі Лиҳренберг маңындағы шабуылдаушы топтың құрамында шайқасты. 23 сәуір күні ол өз бөлімшесін жаудың тынына алып шығып, олардың 2 зеңбірегін, атыс нүктесін, 29 солдатын жойып, біздің әскердің шабуылдаушы бөлімдерінің алға жылжуын демеді. Жараланғаныша қарамастан ол иегізгі күш келіп жеткенше белімшені басқара берді.


ҚСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 31 мамырдағы жарлығымен К. Е. Мосякин бірінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталды.

Кеңес Армиясы қатарынан босанған Даңқ орденінің толық иегері 1947 жылы Түмен облысының Андрюшино селосына оралып, химиялық өрман шаруашылығында енбек етті. 1955 жылы қайтыс болды.



III ТАРАУ

Сөзбес
жылдарының
құжаттарда,
өкілдердә



Архивтерде сакталған құжаттар туралы бірер мағлumat.

Біз олардың көпшілігін — майдан мен тыл туралы, қалаларымыз бен ауыл-селоларымыздың ең беккерлері туралы, өз істерін байыппен атқарған еңбек армияшылары туралы құжаттарды сталиндік - бериялық бөгеттерден кейін, көп жылдар өткен соң ғана білдік. Солармен таныстыруды, олардың барлығына өмір жақсылығын тілеуді бүгінгі нарызымыз санап отырмыз.

Адамдар әздерінің жақын бауырлары мен туыстарын майданға, ажалға қарсы тұрып, жеңіске жету сапарына, еңбек майданына аттандырып жатты. Сөйтіп бұл соғыс төрт жылдан кейін ғана аяқталып, Жеңіс салтанаты мерекеленді. Бұл еш уақытта — ғасырлар бойы ұмытылмақ емес, әсіресе, фашистік қаракшыларды талкандандың 50 жылдығын атап өту жылында ерекше есте қалады.

1941 жылдың маусым айында фашистік Германияның Кеңес Одағына опасыздықпен шапқышылық жасауына байланысты өткізілген еңбекшілер митингілері туралы

Біздің облыстың барлық аудандарында, колхоздарында, барлық кәсіпорындары мен мекемелерінде көп адам қатысқан митингілер өткізілді.

Полудиниен былай деп хабарлады:

-- Митингіге аудан орталығының барлық жүртшылыры қатысты. Фашистік жексүрін толтың ұлы Кеңес Одағының халқына қарсы соғыс ашып, опасыздықпен басын кіруі еңбекшілердің ашу-ызасын туғызыды.

Митингіде сөз сөйлеген Қалинин атындағы колхоздың төр-агасы Иванов облыста ауыл шаруашылығын өркендетуде көп жетістікке қол жеткізген ауыл шаруашылығы артелінің мүшелері өздерінің жұмыс орындарында адал да қажыр кайратлен еңбек ететін болады деп мәлімдеді.

Герман фашистерінің арсыздық шапқышылығы на жоғары еңбек өнімділігімен, еңбек тәртібін нығайтумен, барлық ауыл шаруашылығы науқандарын — пар жырту, пішен дайындау, егін жинау жұмыстарын мезгілінде өткізумен жауап береміз. Елімізге астықты, етті және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін көптеп беретін боламыз, — десті.

* * *

22 маусымда Ленин ауданының орталығы — Явленка селосында өткен митингіде 800-ден астам адам болды. Еңбекшілер партия мен кеңес үкіметінің шақыруы бойынша арсыз жауға қарсы бірінші кезекте аттануға әзір екендіктерін білдірді.

Бірауыздан қабылданған қарапарда: «Жау қай жерден келсе, сол жерде құртылады» деп жазды.

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

ӘСКЕРИ КОМИССАРИАТҚА ХАТ

1941 жылдың 6 шілдесі.

Майданға аттандыруды сұраймыз

Мамлют ауданының комиссариятина ерікті түрде Қызыл Армия қатарына қабылдауын сұраған жүздеген өтініштер түседі. Эр хатта фашист қарақшыларына деген жек көрушілік, өз Отанына деген ыстық патриотизм сезімі ангарылады. Әскери пәннің мұғалімі Шишкин жолласа өз сркімен әскер қатарына тезірек қабылдап, майданға жіберуін сұрайды. Михайлівка селолық кеңесінен әскерге шақырылуши тракторшы Семеновтың да жауга деген өшпеніділік сезімін білдіріп, соғысқа аттандыруын өтінеді. Оның өтініші қана-
ттандырылды.

10 класты жақсы бағамен тәмамдал, II дәрежелі ГТО значогының нормасын орындаған Мамлют орта мектебінің кыздары да батыл әрі батыр, қаһарман жауынгерлерге шынайы жәрдем көрсетеміз деген ниетпен өздерін майданға жіберуін сұрайды.

Әскерге шақырылатын жігіттер Лазаренко мен Рахуба колдарына қару алып, ардан безген жыртқыштармен күресу үшін майданға сұранады.

17 жасар жеткіншек Володя Русаковичтің тілегі де сол — соғысқа аттану, фашизммен қиян-кескі шайқасқа түсу.

Қарт казак—орыс, немістермен болған бірінші империалистік соғысқа қатысқан, ойында да, соғыста да тамаша қылышкер атанған Ф. Н. Багаев майданға, казактардың немесе атты әскерлер бөлімшесіне жіберуін өтінеді. Ол: «Мениң әлі күш-куатым мол, мен кеңес халқының адал ұлы боламын және қасықтай қаным қалғанша шапқыншы жаумен жағаласып көремін», — деп мәлімдеді.

Аудандық әскери комиссар, 3 рангілі интендант РЫМАНОВ.

Солтүстік Қазақстан облысының және Қазақ КСР-нін колхоздары мен совхоз қызметкерлерін майданға аттанған ерлердің орнын басып, трактор, автомашиналардың рульдері мен комбайн штурвалдарына отыруға шакырған Полудин МТС-і әйел-тракторшылары бригадасының үндеуінен

1941 жылдың 28 маусымы

Канішер герман фашистерінің біздің бейбіт жатқан социалистік елімізге тұтқындан шабуыл жасауы бүкіл кеңес халқының наразылышын, ашу-ызыасын туғызып отыр.

Қаһарлы да шешуші шақ туды. Герман фашизміне қарсы Ұлы Отан соғысы басталды. Ұрыс даласында баекиңшыларға қарсы біздің айбынды жұмысшы-шаруалардың Қызыл Армиясы батылдық, ерлік көрсетін, жан аямай, шайқасын жаттыр.

Онасыз қарақшыларға, канішер фашистерге сойкап соккы беріп жатқан Қызыл Армияның даңқты жауынгерлері – біздің әкелеріміз бен срлеріміздің, құрбы-құрдастарымыздың аналары, қыздары мен адад жарлары, біздің үндеуіміз сіздерге арналады. Біз, әйелдер, қандай гана іste, қандай да жұмыс орнында болсын, ынтымақпен, ұйымшылдықпен жажырлы сибек етуге тиістіміз. Мұнын өзі казіргі сөтте біздің Отанымызға кажёт.

Полудин МТС-інде қазірдің өзінде 18 колхозшы әйел тракторшы болып жұмыс істейді. Олардың бәрі трактор жүргізуі жақсы менгерген, жоғары өнімділікке кол жеткізіп жүр. Біздің МТС-тан көнтеген тракторшылар мен комбайншылар, олардың көмекшілері шакыруды күтпей-ак өз еріктерімен майданға кетіп жатыр. Олардың машинадарына аналары, зайыптары, карындастары, дос қыздары отыруда. Бұрын тракторда істеген тогыз әйел тракторга қайта отырды, үш қыз комбайн жүргізуге даярлануда. Маркс атындағы колхоздан Ксения Морозова, Киров атындағы колхоздан Мария Пудовкина, «Красный Октябрь» колхозынан Александра Листопад тракторга отырып жұмыс істеууге қөді, ал Татьяна Городушкина комбайншы боламын дәп отыр.

Біздің әйел-тракторшылар бригадасы тракторшы, комбайншы, жүргізуі мамандығы бар, бірақ МТС-тер мен совхозларда жұмыс істемейтін Қазақстаниның колхоздары мен совхоздарындағы барлық қыз-келіншектерді тракторлар мен автомашиналардың рульдеріне, комбайдардың штурвалдарына отыруға шакырады.

Қыздар мен әйелдер, тракторға, комбайнға, автомашинага отырышдар! Барлық машинаны толық куатымен пайдаланайык!

Сталиндік бітік астықты мерзімінде және жоғары санамен жинап алу жолындағы тракторшылардың, комбайншылардың, шоферлардың республикалық жарысын кеңінен өрістетейік!

Ерлеріміз, аға-інілеріміз бен тұған-туысқандарымыз, бала-ларымыз, толық женіске жеткенше ерлік пен батырлық көрсете отырын, жауды аямай соғындар және құртындар! Егер кажет болса, біз, қыз-келіншектер, кай уақытта болсын тракторларымызды, комбайндар мен автомашиналарымызды танктер мен броньды машиналарға ауыстырын, сендермен бірге пыққа-пық тірестіре социалистік Отаның жекесүрүн жауымен шайқасуға әзірміз.

Сондай-ак біз социалистік мал шаруашылығында жұмыс істен жүрген республиканың барлық әйелдеріне сөз ариап, пінген жинау, сұрлем дайындау науқандарын үлгілі өткізуге, мал коралары құрылсының жақсылап жөндеуге шакырамыз.

Біздің туысқан, қаһарман Қызыл Армияның даңқы арта берсін!

Біздің большевиктердің коммунистік партиясының даңқы арта берсін!

Көсеміміз және біздің барлық женістеріміздің үйымдастырушысы -- ұлы Сталиниң даңқы арта берсін!

Полудин МТС-і трактор бригадасының тракторшы-әйелдері Василиса Бондарева, Валентина Шубина, Вера Евтушенко, Мария Горенкова, Феодосия Никифорова, Мария Толмачева, Эмилия Шмидт, Мария Авдеева.

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

**Қазақстан ЛКЖО-сының Қызыл туын же-
ніп алған Полудин МТС-інен Бондарева-
ның бригадасы туралы Қазақ телеграф
агенттігінің ақпаратынан**

1942 жылдың 25 шілдесі.

Қазақстанда 194 әйелдердің трактор бригадасы мен 11485 тракторшы әйелдер жарысқа қосылған. Қоқтемгі егісте Солтүстік Қазақстан облысындагы Полудин МТС-інен Василиса Бондареваның орденді бригадасы жецимпаз атанды. Олар тракторлар жұмысы жоспарын айтарлықтай асыра орынады, егісті қысқа мерзімде, жогары агротехникалық деңгейде өткізді, жанар май үнемдеуге қол жеткізді, тракторларды және ауыл шаруашылық құрал-саймандарын мұқият техникалық баптаудан өткізді. Бондарева жолдастың бригадасына Қазақстан ЛКЖО-сының ауыспалы Қызыл туы тапсырылды.

(Облыстық мемлекеттік архив корынан).

* * *

**«Олар арыстандай айқасып жүр»
Солтүстікқазақстандық майдангерлердің
хаттарынан**

1941 жылдың 3 желтоқсаны.

Алғы шепте жүрген біздің жерлестеріміз туып өскен Қазақстанды бір сәтке де естерінен шығармайды. Олар өз хаттарында куаныштарын ортага салады, жауынгерлік жетістіктері туралы әнгімелейді, тыным таппастан еңбек етуге және озыры басқыншыларға қарсы құресте майданга барынша қемектесуге шақырады.

Облыстық сауда үйімінің бұрынғы қызметкері Гани Хабибулин жерлестеріне былай деп жазды: «Өз жетістіктерімізді сендермен бөліскім келіп отыр. Минометшілер бөлімшесіне қабылданған мен озық болу мақсатын алға қойдым. Бұл міндетті орынадым да, минометті, қол пулеметтін, караңинді, гранатаны және басқа да қару түрлерін жетік майдангердім. Маған сержант атабы беріліп отыр. Өзім мерген оқтаушыға айналдым. Өз Отанымды қайсаңлықпен қорғаң, Қызыл Армияның жауынгері деген жақсы атакқа кір келтірмейтін боламын. Тұрмыстарың қалай, жұмыс істеп жүреіндер ме? Майданға ңемен қемектесіп жатырсындар?».

Сержант Степан Иосифович Лукьянин өз хатында жерлестерін мынаган шақырады: «Әскери өмірді оқып үйреніпдер, майданаға шыққанда жауды мұлт жібермесу үшін мергенише ата біліндер. Біз майданда неміс сұмырайларымен анибай согысып жатқаптымыздай, сендер де тылда жанқирылышпен жұмыс істендер. Бізге азық-тұлікті, наңды, снарядтарды көбірек жөнелтіндер. Ортақ күш-жігер жұмсай отырып қана біз жауды және аламыз».

Солтүстікқазакстандық командирлер В. Солдатенко, П. Гололобов, М. Зинченко, З. Янгуразов және басқалары біздің жерлестеріміздің жауынгерлік қарекеттері туралы жазыпты: «Біздің даңқты жерлестеріміз арыстандай айқасын жүр. Жеңіс өздігінен келмейтінін, оны қолдағы қарумен, станоктың түбінде, трактордың рулін ұстап, колхоз даласында, цехта жеңіп алу керек екенін біз түсінеміз, соңдықтан сүйікті Сталиннің бүйрығын орындауда қүшімізді де, гұмырымызды да аямаймыз. Сіздерді мемлекетке астық тапсыруды тезірек аяқтауға шақырамыз. Бұл жауға берілген катты соккы болып табылады».

Политрук Бектенбаев, старшина Банин және кіші политрук И. Жданов өз жерлестерін колхоз танантары мен заводтарда қажырылып еңбек етуге шақырыпты. Соңғысы өз хатында сұмырай басқыншыларға деген өшпенділігін білдіріпти: «Фашистердің аяғында талталған аудандарда болғанында, жадап-жүдеген, аш, қайғы мен қорқыншылар шаштары ағарып кеткен адамдарды көргендес қолың қаруды каттырак қыса түседі, көзің жіті бола түседі, жауға берген соккын қыратып жібереді.

Біз Стalingradтың түбінде жауды кейін қарай қуып бара жатырмыз, алайда осы бір қауырт күресте сіздердің де көмектеріңіз керек-ақ. «Мен майдан үшін қолдан келгенин бәрін істедім бе, Отанымға тағы да немен көмектесуге болады?» деп өздеріңізге-өздеріңіз тағы да сұрау койыныздар».

Сержант Т. Я. Синников бұрын бірге істеген жолдастарына петропавлдық байланышыларға хат жазған екен:

«Жаумен күрескे бүкіл күш-жігерлерінді жұмылдырылар. Ұқытпен санаспандар, шаршасандар да шылаңдар. Көрек болса — үйыктамаңдар, жаудың жанталасқан шабуылың тойтарумен көз ілмей жүрген біз сияқты. Сендерге қазір жауапты міндет жүктеледі — байланыстың мұлтқисіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Майданнан хат алу зор жұмыс екенін естен шығармандар және сол хаттарды бізге тезірек жет-

кізуғе тырысындар. Байланысшы жолдастар, сендерді социалистік жарыска шакырамыз, Гитлердің бандасын тезірек талкандау үшін біз — майданда, сендер тылда мұлтіксіз жұмыс істеуге кол жеткізетін болындар. Майдангерлер сендердің тылда қажырлылықпен, стахоновша жұмыс істеуге шакырады. Отан үшін тыным таштастан майданаға көмекті күштейте үседі және нағыз фашистік сұмырайларды ортак күш-жігермен тезірек тантауга шакырады.

Майданың аманатын тамаша етіп орындандар — казір тылдан керегі, міне, осы».

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

* * *

№ 1076 атқыштар полкінің пулеметшісі, Ленин ауданындағы Төлебай ауылында туған, Қызыл Ту орденімен марарапталған Кабдөш АЯҒАНОВТЫҢ маранат қағазынан.

1943 жылдың 10 мамыры.

1943 жылдың 10 мамырында алдыңғы шеште дүшинаи күштерінің жинала бастағанын Аяғанов жолдас полктे бірінші болып байқап қалды. Осы үрыста ол өзінің таганды пулеметімен 40 шақты гитлершіні жойып жіберді. Екі рет жаралы болғанына қарамастаң, үрыс біткеншіс майдан даласынан кеткен жок.

Аяғанов жолдас көрсеткен ерлігі мен өжеттігі үшін 2-ші екпінді армияның 1943 жылдың 12 мамырындағы № 0106 бүйрүғымен 2-ші екпінді армияның Отан согысындағы Батырларының кітабына енгізілді.

КСРО Қорғаныс министрлігінің архиві,
33 қор. 690155 тізім, 594 іс, 86 бет.

* * *

72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясындағы 78-ші гвардиялық истребитель - танкіге қарсы жеке дивизионының ефрейторы Бескөл ауданындағы Красная Горка селосында туған Андрей Семенович РАЗДОРСКИЙДІҢ марапат қағазынан

1943 жылдың 3 тамызы.

Раздорский жолдаст дивизионда болған кезінде Сталинград, Дон, Донецк және Днепропетровск шайқастарынан бастан, Қариаттың етегіне дейінгі даңқты жауынгерлік жолдан отті. 1943 жылғы 5 тамызда Солтүстік Донның оң жағасындағы Соломино селосының түбінде оның расчетінен 3 адам мерт болғанда ол командирмен бірге біздің белгімдерді Солтүстік Доннаң аластауға тырысан жаудың 12 қарсы шабуылын тойтаруга катысты. Ол жаяу ескерлер санында 4 рет батыл үүрде қарсы шабуылға шыкты. Раздорский жолдастың батылдығы мен ерлігі үкімет марапаты — III дәрежеді Даңқ орденіне лайық.

**КСРО Корғаныс министрлігінің архиві, 72 қор.
191136 тізім, гв. СД, 3 іс, 445 бет.**

* * *

1076-шы атқыштар полкінің қызыләскері, петропавлдық Николай Сидорович ЛАСТОВЕЦТІҢ марапат қағазынан

1944 жылдың 26—29 кантары.

1944 жылдың 26—29 кантарындағы ұрыстардың барысында 30-ны жеке гвардиялық танк бригадасының десанты болып әрекет жасаған, ең алдындағы танктен әрекет жасаған Ластовец жолдаст Большие Губаницыдағы мықты бекінген жауынктіне бірінші болып кіріп барып, жауылғы алты автомашинасына гранаталарын лактырды да, жауынгерлер тобымен бірге пулемет нұктелерінің 4 расчетін күртшы жіберді.

Көзмақоң ұрыста жаудың 8 солдатын түйреп өлтірді. Ластовец отырган тайкке оқ тиді. Ластовец жолдаст өз тобымен корғаныс үйімдастырып, танкті басып алуға тырысан немістердің екі шабуылын тойтарды, оның барысында 23-ке дейін неміс солдаттары мен офицерлерін жоюп жіберді. II дәрежеді. Отан соғысы орденіне лайық.

**ҚСРО Қорғаныс министрлігінің архиві, 33 қор,
690155 тізім, 783 іс, 22 бет.**

* * *

**1076-шы атқыштар полкінің старшинасы, Новопавловка селосында туған Ғазез Еслемұлы МҰСТАҚАНОВТЫҢ марапат қағазынан
1944 жылдың 27 қаңтари.**

Волосово станциясын алу жөніндегі ұрыста танктердегі десант тобы күрамында өз бөлімшесімен елді мекенге бұзып-жарып кіріп, автоматпен 20 немісті жойып жіберді, гранаталар лактырып, азық-түлік пеш кару-жарақ тиегер 14 көруенде басып алды, басып алған шебін жаяу әскерлердің басты күштері келгенше 16 сағат бойы ұстап тұрды. Үкімет марапаты — II дәрежелі Отан согызы орденіне үсынуга лайық.

**ҚСРО Қорғаныс министрлігінің архиві, 33 қор,
690155 тізім, 783 іс, 24 бет.**

* * *

**72-ші гвардиялық Красноград атқыштар дивизиясының зеңбірекшілер командирі Григорий Сергеевич ВДОВИННІҢ марапат қағазынан
1944 жылдың 11 наурызы.**

1944 жылдың 11 наурызында Кировоград облысындағы Разделье селосы маңындағы неміс басқышыларымен ұрыста ашық атысқа шығып, жаудың күшті артиллеријалық оқтарының астында қалып, басынан жаараланды. Бірақ каруын тастаған жоқ, оны тиісті орнына апарып орнатып, содан кейін қатардан шығып қалған көздеушіні алмастырып, шегініп ба-ра жатқан жаяу әскерлер мен жау көруендеріне бората оқ жауадырды.

Натижесінде жаудың бір ротадан астам солдаттары мен офицерлерін, автомашиналар қолоннасын тым-тыракай қызып жойып жіберді. Қаны сорғалаган Вдовин жолдас каруды тастап, санитарлық батальонға бару жөнінде бүйірек бөрлгенше майдан даласынан кеткен жоқ.

**ҚСРО Қорғаныс министрлігінің архиві, 72 қор, гв.
СД, 191136 тізім, 3 іс, 248 бет.**

**1076-шы атқыштар полкінің қызыләскері, Налобин
ссололық кенесінің Николаевка селосында туған,
Қызыл Жұлдыз орденді Семен Алексеевич АГАПОВ-
ТЫҢ марапат қағазынан**

1944 жылдың 20 маусымы.

Танк десантында үрыс жүргізген кезіндегі Агацов жолдағас өзін білгір де батыл жауынгер ретінде көрсетті. Выборг каласына жақындалған танкілерге өзен бөгет жасағанда Агацов бірінші болып танкten ескіріп түсіп, өзенін малтын етті. Өзенін еттеде өзінің үлгісімен көптеген жауынгерлерді соңынан ерте білді.

Выборг қаласы үшін болған үрыста Агащовтың тікелей өзі 8 фин солдаты мен жаудың пулемет нүктесін жойды, кол пулеметіне не болды.

Карелия мойнағы үшін болған бүкіл үрыстар кезіндегі Агацов білгірлікпен және батылдықпен соғысып, рота мен батальон командованиелерінен бірнеше алғыс алды.

**КСРО Корғаныс министрлігінің архиві, 314 қор,
СД, 113855 тізім, I іс, 337 бет.**

* * *

КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ ЛЕНИНГРАДТЫҚТАРҒА КӨМЕГІ ТУРАЛЫ

1942 жылдың 25 мамыры.

Совет ауданындағы Ленин қаласын даңқты қоргаушыларға сыйлықтар жинау жоғары патриоттық деңгейде өткізілді.

Ержүрек ленинградтықтарға бір посылкадан сыйлықтар жіберу жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі Төралқасының үйдеуіне жауап берे отырып, «Кенес» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері жиналыстай соң іле өздерінің корларынан 50 килограмм ет, қыруар май, жарма және басқа азық-түлік өнімдерін бөлді.

«Баянды» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері қаһарман ленинградтықтарға көмек ретінде бір центнер ет, 15 килограмм сары май, нақ осындей жарма мен тауық жөнелту жөнінде шешім қабылдады.

Лениннің даңкты қаласын фашистік басқышылардан ержүректікпен корғап жаткан батыл ленинградтықтарға сыйлыктар жинау ауданың басқа кеңшарларында да ойдагылай жүргізілуде. Фашистік қанішерлерді одан сайын кирагата талқандауда ленинградтықтарға көмектесуге еңбекшілер оркашан әзір.

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

* * *

«КОЛХОЗНИК КАЗАХСТАНА» ТАНК КОЛОНИНАСЫН ҚҰРАСТЫРУ ТУРАЛЫ

1942 жылдың 23 желтоқсаны.

Тамбов колхозшыларының бағтамасына Каганович атындағы ауыл шаруашылық артелінің мүшелері қызы үн қосып отыр. Оған әрбір колхозшы өз үлесін қосты, олар «Колхозник Казахстана» деп аталатын қуатты танк колониасын құрастыруға 15 мың 400 сом қаржы жинаады. Колхозшы Зариф Сюнникаев өз қалтасынан 2 мың 500 сом шыгарды, үш ұлы әскерде жүрген Агафия Пусторжевцева 500 сом қосып: «Менің азғантай қаржым жауды талқандауға көмегін тигізетін болсын», -- деді. № 2 егіс бригадасының бригадири Ғабдолла Сюнникаев 800 сомын ортага салды. Становской селолық кеңесінің депутаты Мәптүка Якушева танк колониасын құрастыруға 600 сом берді.

Осы ауыл шаруашылық артелінде «Колхозник Казахстана» танк колониасын құрастыруға қаржы жинау одан әрі жалғасуда.

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

* * *

ТАНК ЖАСАУҒА — 10 МИЛЛИОН СОМ

1942 жылдың 25 желтоқсаны.

«Колхозник Казахстана» қуатты танк колониасын құрастыруға біздің еңбеккерлердің үлесі 24 желтоқсанда 10 миллион сомға жуықтады. Оның ішінде 6 миллион 623 мың сомы колма-кол төленді, қаржы жинау жалғасуда.

Танктер жасауға қаржы жинауда алда келе жатқандар: Келлер ауданы, 763 мың сом қолма-кол акша берді, Красно-

армейск ауданы — 446 мың сом, Көкшетау ауданы — 445 мың сом.

Басқа аудандар да акшаны көнтең жинады. Айталақ Петропавл ауданы қолма-қол 377 мың сом, Мамлют ауданы 324 мың сом, Преснов ауданы — 309 мың сом жинады. Қала сибекшілері қолма-қол жинаған акша 946 мың сомға тең.

Жекелеген аудандарда тамбовтықтар мен саратовтықтардың патриоттық бастамасын түсіндіру жөніндегі бұқаралық жұмыс әлі кең өрістетілген жок. Приишім ауданында 65 мың сомға қолма-қол акша түсті, Соколов ауданында — 50 мың сом, Октябрь ауданында — 26 мың сом. Ленин мен Қызыл аудандарында да жағдай мәз емес.

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

* * *

Қызыл Армияға қамкорлық жасағаны үшін И. Г. Грищенко жолдасқа алғыс айтқан И. Сталиннің жеделхаты

1943 жылдың 2 мамыры.

Қызыл Армияға жасаған қамкорлығының үшін, Иван Гаврилович, менің сәлемім мен Қызыл Армияның ілтишатын қабыл алыңыз.

И. СТАЛИН.

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

* * *

Лейин ауданындағы «Жаңалық» ұжымшарының төрағасына И. В. Сталиннің жеделхаты.

1943 жылдың 28 акпаны.

Қызыл Армияның бронетанк күштерінсі Сіздің қамкорлық жасағаныңыз үшін, Темірбаев жолдас, менің сәлемім мен Қызыл Армияның ілтишатын қабыл алыңыз. Сіздің тілегіңіз орындалатын болады.

И. СТАЛИН.

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

СӨФІС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАР

1941 жылдың 16 желтоқсаны

Торандыр толық сәмес орта мектебінің оқушылары майдан мүддесімен өмір сүруде. Олар Қызыл Армия жауынгерлерінің, командирлері мен саяси қызметкерлерінің қаһармандық ерліктерін қадағалап отырады және жауды тезірек талқанауда да Отанымызға көмектесуге деген тілектері таудай.

Әрбір оқушы қорғаныс қорын нығайтуға тырысады. Қызыл Армияға көтірілген көкөніс жинау барлық кластарда жүргізіліп жатыр. Толя, Леня, Катя Зубенколар бір килограммап көкөніс тапсырыды, бүкіл мектеп бойынша казірдің өзінде 14 килограмм картоп пен қызылша көтіріліп тапсырылды. Көкөніс жинау жалғастырылуда.

Жас патриоттар қорғаныс корына 360 сом колма-кол ақша өткізді, кеншарда 4 жексенбілік өткізіп, одан түскен ақшаны да Отанға бөліп берді. Бүкіл мектеп бойынша қорғаныс корына 660 сом аударылды. Мұның бөрін балалар місі тұтын отырған жок. Қазір олар жауынгерлерге жылы киімдер жинап жүр.

* * *

«ЖАС АРМИЯШЫЛАР»

1941 жылдың 30 шілдесі

Петропавл каласының Коммунистік көшесіндегі шағын сарайдың шатырында қызыл жалауша желбірең тұр. Есігінде «Штаб» деген жазу бар. Онда 10-нан астам бала жиналышты. Бәрінің де омырауларында «Ю» деген әріп бар қызыл жұлдызшалар. Біреуінің жұлдызшасында «К. Ю» деген әріп бар. Ол жас армияшылардың командирі Гена Соколов болып шыкты. Қолында — бір қағаз, онда балаша былай жазылған: «Жас армияшылардың командиріне. Ойрат Мейдібаевтан. Мені жас армияшылар командастың қабылдауында сұраймын. Тапсырылған жұмыстың бөрін дәл әрі мүлтікеіз орындауга уәде беремін».

Ойратты командаға қабылдады. Ол куанышпен былай деп мәлімдеді: «Менің әкем майданда фашистерді талқандаң жүр, ал мен мында, тылда оның жауды тезірек женуіне көмектесемін». Одан кейін жас командир Гена Соколов «Пинерская правда» газетінен сліміздің басқа қалалары мен ғелоларында жас армияшылар ерлік көрсетіп жатқанын, Отан

соғысындағы күресте әкелері мен ағаларына жауды жеңуге калай көмектесін жатқанын оқып берді.

Жиын, аяқталды. Жас армияшылар ертеңі құнға тапсырма алыш, үйді-үйлеріне тарады.

Тан. Жұмысқа асықкан жұрт. Осы кездे кернейшінің дабысын естіл жас армияшылар штабқа тоғысады. Олар әңгімелеседі. Сосын өздерінің құрметті істерін орындауға кіріседі. Юрик Завертяевка шешесі жұмыстан оралмаган баланы ба-ла бақшага апару жүктелді. Ойрат Мендібаев ұлы Қызыл Армияда жүрген әйелдің хатын алып, оны почтага салуга әкетті. Георгий мен Аполлон Абатуровтар, Коныр Ыскаков, Славик Валегурин бұл қуні қызыләскер Ф. В. Усмановтың шешесінің бөшкесіне су құйып берді. Ол кісі көшеге шығып, омырауларында қызыл жұлдызшалары бар балаларға алғысын айтты. Багодал Каримов дүкенге барып бір әжейге наң әкеліп берді.

* * *

ПИОНЕРЛЕР АЛАУЫ

Петропавлдағы татар орта мектебінің көң залына жиналған балалар 300-ден астам. Шебер безендірілген пионер алауы шаңқан жалыннан ауса—бұйырмасын!

Оқушылар комитетінің тәрағасы Ибраһим Паштров балаларға «Жас ворошиловтық мерген» значектерін тапсырды. Пионерлер бірінен соң бірі ортага шығып, көрсеткен көмектерін айттып жатыр.

— Біздің данкты жауынгерлер окоптарда тоқбас үшін біз 67 жылды күім жинап, майданға жөнелттік, — деді Лида Коваленко.

— Немістерден азат етілген өнірлердің тұрғындарына көмек ретінде біздің балалар 53 окулық тапсырды, 57 килограмм картоп жинады,—деп жалғастырды пионер Мударисов.

Бұл рапортты октябряттар Толя Скатов, Юра Жуков пси Люба Замкова да іліп әкетті.

— Біз еліміздің қорғаныс қорына 9 мың сомның облигациясын тапсырдық, майдангерлерге 620 сомның сыйлықтарын жібердік, зенбірек, танк және самолет жасайтын 6 тонна металл жинадық.

Рапортты тыңдаған балалар майданға көмекті күшейтегіміз жөнө оқуда үздік табыстарға жетеміз деп пионерлік сөз-

терін берді. Одан кейін ойын-сауық басталды. Сырнай құлаштай созылып, бишілер биге кіресті, шәкірттердің сүйікті опі «Отан үшін шайқасамыз» шырқалды.

Татар мектебінің тимуршылары өздерінің алауын жаксы откізді.

* * *

(Облыстық мемлекеттік архив қорынан).

Кешіріліп әкелінген заводтарды Петропавлда орналастыру және соғыс жылдарында оның өнеркәсіптік әлеуетін арттыру мәселесін қараган VII облыстық партия конференциясындағы облыстық партия комитетінің сессібінен.

1945 жылдың 5 наурызы.

...Неміс басқышыларымен соғысқа дейін Солтүстік Казакстан облысында қорғаныс өнеркәсібі болған жок.

1941 жылдың аяғы — 1942 жылдың басында Петропавл қаласына өнеркәсіп кәсіпорындары көшірілді. Кейінірек олар жүйелі түрде және барған сайын ауқымды түрде Қызыл Армия мен Әскери - Текіз Флотын қорғаныс өнімдерімен қамтамасыз етіп тұрды.

Заводтарды қалпына келтіру катал Сібір қысы жағдайында, қолайсыз қоныстарда, жылу да, жарық та жетісінеген жағдайда жүргізілді. Алайда жұмысшылар ұжымдары барлық партия ұйымдарының белсенді көмегіне сүйене отырын шектеулі мерзімде — бір айдан бес айға дейін — қорғаныс заводтарын қалпына келтірді. 1942 жылы Қызыл армия мен Әскери-Текіз Флотына арналған қорғаныс өнімдерінің манызды түрлері жүйелі түрде шыгарыла бастады. 1942 жылдың өзінде 75,6 миллион сомның (1926—27 жылдардағы бағамен) 25 түрлі бүйімдары шығарылды. Шығарылған 25 түрлі бүйімдардың бессуі Петропавл қаласында жақадан игерілді.

Заводтар қол жеткенге тоқмейілсімей, өнімдерін жетілдіре түсті, соғыс бүйімдарының жаңа түрлерін игерді, шыгарылатын өнімдердің саны да, тиімділігін де арттырды.

1943 жылы заводтарда негізгі әскери бүйімдардың 29 түрі, оның ішінде 1943 жылы игерілген 5-і шығарылды. 1943 жылы барлығы 98,5 миллион сомның өнімдері шығарылды.

1944 жылы Петропавл заводтары қорғаныс өнімдерінің 22 негізгі түрін шығарды, оның ішінде 3-і жақадан игерілді. Шығарылған өнімдер 117,3 миллион сомды құрады.

1942 жылдан 1944 жылға дейін қорғаныс өнеркәсібі касілорындарындағы жұмысшылар саны 26 процентке өсті.

Жергілікті тұрғындардан білікті өндіріс кадрларын даярлау қорғаныс заводтарындағы негізгі міндеттердің бірі болды. Партия үйымдары бұл міндетті ойдағыдай орындалды.

1942 жылы қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарында 2723 стахановшы мен екінші болды, олардың 385-і екі жүзіншілер мен үшжүзіншілер.

Софыс жылдарында қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарында 126 адам үкімет наградаларымен марапатталды.

Заводтар Петропавл қаласына қошірліп әкелісімен-ақ олардың құрылышы басталып кетті. Алайда құрылыш жұмысы 1943 жылы гана кең көлемде жүргізілді.

Қорғаныс заводтары ауыл-селоларға негізінен қосалқы болашектер жасауда, соидай-ақ жұмыс қүшін, материалдар, аспаптар жіберуде айтарлықтай көмек берді.

Есепті кезең ішінде, әсіресе, соғыс жылдарында облыс энергетикасы құштірек дами түсті: 1941 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін Петропавл қаласында жалпы қуаты 650 киловатт З жаңа электр станциясы салынып, іске қосылды.

1940 жылдан 1944 жылдың аяғына дейін облыс көлеміндегі электр станцияларының қуаты 595 процент өсті, электр қуатын өндіру 285 процент арттырылды.

Есепті кезең ішінде облыс Әміріндегі аса маңызды оқиға — Петропавл қаласында қуаты 9500 киловатт жылу-электр орталығының салынуы.

ТЭЦ-ті салу 1942 жылдың көктемінде қолға алынған болалыны, облыс партия үйымдары бұл құрылышқа айрықша назар аударып, халық бұкарасының назарын осы маңызды обьектіге аудара отырып, оның құрылышына барынша көмек берді. ТЭЦ-ті салуға Петропавл қаласының жұздеген жұмысшылары қатысты.

1942 жылы, құрылыш нағыз қызу жүргізіліп жаткан шакта Петропавл қаласының еңбекшілері жұмыстаған бос уақыттарында құрылышта 14300 адам-күн жұмыс істеді. Еңбекшілер 8 мың 600 текше метр жер қазды...

(Облыстық мемлекеттік архив корынан).

БАТЫРДЫҢ ХАТТАРЫ

Біздің жерлесіміз, Ленин ауданындағы Явенка селосының тумасы, танк бригадасының командашы, Кеңес Одағының Батыры, полковник Тимофеј Семенович Позолотиний бірнеше хаттарының көшірмелері облыстық мемлекеттік архивте сактаулы. Батыр 1943 жылдың 19 қыркүйегінде қаза тапқан-ды.

Тұған-тыңқандарына жазған хаттарында ол өз танкістерінің жаумен қалай шайқасыл жүргендегерін сүйсіне отырып жазды. Оның хаттары жеңіске деген сенімге, Отанға, анаға, туыстарға деген махаббатқа толы.

Айтқандайши, біздің басқа жерлес-майдандарлердің хаттары да осы сарында.

«Лихая.

25. 08. 41

Мама, Маруся және Вера, амансыңдар ма? Барлығыңа солем, соғыс уақыты хат жазуға мүмкіндік бермеді. Казір Сталинградқа жүріп бара жатырмын, тагы да фашистердің мұрындарын бұзуга аттанып бара жатырмын.

Әзірше Галинадан ешқандай мағлұмат жок, оны олдекайда көшіріп жіберген көрінеді.

Көңіл-күйім жақсы, күшім асып-тасып түр, ұзакқа обден шыдаймын. Мама, мені майданға шакырганда айтқан сөзіңді үмітқан жокынын, бұрынғыдан өжет те мұлтікіз шайқаса беремін. Фашистік сұмырайларды тезірек құрту үшін, Мен үшін ұялған жок едің, ұялмайсың да.

Федор мен Михаил қайда?

Мекен-жайымды өзім білгеннен кейін хабарлаймын.

Беттен сүйемін.

Өзіннің Тимофејіц».

* * *

«Сталинград.

20. 09. 41. ж.

Мама, Маруся мен Верочка, амансыңдар ма? Кеше Тима-ны тагы да майданға шығарып салды. Ол колы мен аятынан жеңіл жарапанынты. Сталинградта госпитальде жатынты. Төүір болғаннан кейін Пугачевтегі мені тауын алышты, оны Сталинградқа алып барды. Онда біздің үйшіктей болмеміз бар. Кереусі, стол койылған, бөстегіміз де бар. Нарсе атаулыдан айрылдық. Тима аман болса болды, өкінегін түкте жок. Ол жарасынан танымастай төүір болынты. Қазіргідей тоң-толық болғанын ешқашан көрмеген едім. Қазір өзі капитан. Осы жаңа атак алуымен құттықтандар. Баталонға басшылық жасайды.

Тима кетіп бара жатып: бәрінің бетіне сүй, мені ойлап алаңдамаңдар, міндегі түрде оралып, сендерді қөремін, деп еді. Тиманы өздерің де білсейдер гой, ол жылауык смес. Жүрген жері құлкі.

Мама, егер мен тағы да бір жакка кететін болса, онда тек кана сендерге барамын. Эттең, жылы күмдерім мен піннің мам жок, казір-ак қысты өткізуге сендерге барада едім. Мұнда туыстарсыз, достарсыз іш пысады екен. көннесеңдер де, қоңбесеңдер де мұнда келер едін (әзіл гой). Құнкөріс жағдайын жазыңдар. Маруся жұмыс істеп жүр мә? Мен жұмыс істемеймін. Тима өзінің жалақысының бір бөлтігін алуыма маган аттесгатын тастап кетті.

Вовочкадан хат-хабар жок, бірдене естісем, саған хабарлаймын.

Өзімің жоне Тиманың атынаң бәрінді құшырланып сүйемін.

Гаяя.

Мекен-жайымыз: Сталинград, СТЗ, Жоғары поселкесі, 606 үй, 97 пәтер».

* * *

«21. 12. 41 ж.

Жаңа жылмен, туыстарым менің. Мама, Маруся, Вера, амансындар ма?

Василийдің, Михаилдің, Федордың отбасыларына сәлем.

Сендерге осымен үшінші хатты жазып отырмын. Бірақ өздеріңнен хабар-ошар болмай кетті гой. Жағдайларыңың қалай екенін, шешемді, Федор мен Михаил не істеп жүргенін жазып жіберулеріңді қызып сұраймын. Өзімің жағдайым жақсы, немістерді жойып, Кеңес Одағының огородынан айнала қуып жүрмін. Қазір осы бір сасық шошқалар бәрін тастап, тырақталап қашып барады. Отken айда мен де, менің карамағымдағылар да көлтеп марапатталды.

Мен Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталым және қазірдің өзінде майормын. Міне, көрдің бе, мама, мен әскерге шакырылғанда саған берген уәдемде түрдым. Сен мен үшін ұяламайтын боласың, ал мен өз жауынгерлеріммен шүйілгеннен кейін жау жағы жабырқайтын болады.

Сталинградтан кеткелі Галочкадан хат-хабар жок. Не болғанын білмеймін.

Маган бөрін айтып және жілетіп хат жазып тұрындар.
Бәрінің беттеріңен сүйемін.

Өзіннің Тимофейің.

Мекен-жайым: далалық почта, 387, танк полкі,
1-ші батальон».

* * *

«5. 09. 43 ж.

Мама, Маруся, Верочка, амансындар ма?

Гапу етіндер, хат жазуды сиретіп алдым --- уақыт жоқ.
Тима немістермен шайкасып жатыр. Ал мен госпитальде жұмыс істеймін. Менің денсаулығым жақсы. Тиманікі — нашарлау, оған дұрыстап емделу керек, бірақ оған уақыт қайда.
Оны жиі көріп тұрамын. Бұл жағдай маган ауыр болып тұр, десе де оның фрицтерді қууына қол үшін беріп жатқаныма қуаныштымын. Менің қамкорлығым, күтімге алып жүргенім менің полковнігіме даритын күш болып табылады. Менің одан алыста жүрмегенім, әрине, оны шаттыққа бөлеуге тиіс, соңдықтан мен көнбістік танытып келемін.

Егер аман қалатын болсак, соғыстан соң кездескенде көл нәрсөні айтамыз.

Өзіңіздің халіңіз қалай, денсаулығыңыз қалай, жазып жіберіңіз. Вовиктен келген хатты бізге салып жіберіңіз. Өзіңіз де оған жазып тұрыңыз.

Сау болыңыз.
Бәріңізді беттеріңізден сүйеміз.
Мен ұмытпағандардың бәріне сәлем.


Гая мен Тима».





Майданга арналған астықты колхозшылар әлеваторға осылай жеткізді.





Пегропавл медучилищесінің студенттері әскери комиссариатқа бет түзеген сәт.



Жерлесіміз Владимир Гаврилович Наговновтың оқ тескен комсомол билеті.



314-ші атқыштар дивизиясының бөлімшесі шабуыл үстінде.



314-ші атқыштар дивизиясының оралмаған жауынгерлерінің құрметіне орнатылған мемориалдық тақта.



Жерлес жазушы И. П. Шухов бастаған облыс делегациясы майданда, 314-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлерінде.




МУХАМЕТЖАНОВ
Түшкен

1942 жылдың 29 шілдесінде операциялады үйімдастыру мен басқарудагы аса үздік еңбекі үшін және Отан үшін шайқастардағы операциялардың нәтижесінде кол жеткізген жетістіктері үшін Кызыл Армияның командирлерін марапаттайтын аскери ордендер, соның ішінде Александр Невский ордені белгіленген еді. Согыс жылдарында онымен 42 мың офицер марапатталды. Бұл орденге ие болған біздің жерлестеріміз де жоқ емес. Солардың бірі—лейтенант Түшкен Мұхаметжанов Бескөл ауданындағы Бостандық ауылының тұмасы болатын.

Бастауыш білімі бар қатардағы колхозшы 1941 жылдың шілдесінен бастап 294-ші атқыштар дивизиясының 470-ші атқыштар полкінің құрамында Батыс майданда шайқасты. Ерлігі мен ептілігі үшін командование Т. Мұхаметжановты кіші лейтенанттар курсына жібереді. Қурсты бітіргеннен кейін Карель—Фин, 2-ші Белорусс майдандарында пулемет взводын басқарды, екі рет жарапанды. 1945 жылдың 29 сәуірінде жеке ерлігі және взводтың жауынгерлік іс-қимылдарына білгір басшылық жасағаны үшін Түшкен Мұхаметжанов Александр Невский орденімен марапатталды.

Соғыстан кейін Т. Мұхаметжанов өзінің туып-өскеи ауылы Бостандыққа оралып, көп жыл бөлімше басқарушысы болып еңбек етті.

1983 жылдың қарашасында кайтыс болды



Петропавлдың го с п и т альдерінде жақақттал жан тапсырган солдаттар мен офицерлердің кала зиратындағы бейіті.

Жоғарыда — үш к ы ш тар бейіті, төменде — бауырластар зиратындағы ескерткіш.



Қызылжардағы Мәңгілік алау түбінде.




Біздің мыңдаған жерлестіріміз Ұлы Отан соғысының қанды қақтығыстарынан оралмады. Біреулеріне тұған-түскандары «қара қазаңдар» алды, енді біреулелері жөнінде «хабарсыз кетті» деген хабар алды. Соңғыныңың тұған-түскандары, әрине, үміт үзбеді: «Мүмкін, ол тұқынға түскен шығар, мүмкін, тағдыр оны жет жүртқа айдан апарған шығар, сөйтіп, ол үйге қайтыш келетін шығар».


Нұлғыз ұлы Аманзhol «хабарсыз кетті» деген қағаз алған қарт ата Дәмен Бейсенбаева (Ленин аудашындағы Қаратал ауылы) қашан көзін жұмылғанша осындағы үмітпен өмір сүрді.

Соңғы хатында ол былай деп жазыпты: «Кымбатты шешем, екем, епкем, мені ойлап алаңдамаңдар. Ұзақ уақыт менен хат алмасаңдар және қайтырмаңдар. Майдапдагы менің қызыметім осыпдай. Өздерік берік болыңдар».

Ұш бұрышты хатта Аманзhol Ербатыровтың мышандай мекен-жайы көрсетілген: № 677 далалық пішта, 75-ші барлұшылар ротасы.



СУРЕТТЕ: А. Ербатыров және оның ұшбұрышты хаттары.



Мерт болған жерлес жауынгерлерге орнатылған ескерткіш, Бұлаево қаласы.



Облыс әкімі В. К. Гартман соғыс және еңбек ардагерлерінің бір тобымен бірге.



Ардагерлер Жеңіс күнінде.



Белгілі жерлесіміз I-ші рангілі капитан Кеңес Одағының Батыры
Үштөві Қызылжар әуежайында қарсы алу.

СОҢҒЫ СӨЗ

Міне, бұл кітаптың да соңғы параптартары жабылды. Оқырмандар алдында Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен тыл ардагерлерінің өснегтері, олар туралы әңгімелер, сол уақыттың құжаттары елес беріп өтті. Ұзаққа созылған 1418 күн бойы біздің жерлестеріміз бүкіл кеңес халқымен бірге көптен күткен жеңіске қарай қадам жасады. Ол күн 1945 жылдың 9 мамырында туды. Адамдардың көңіл-күйін жеткізу қыны. Шын мәнінде, бұл көз жасымен араласқан қуаныш еді. Бастап өткізгеннін тамашасы мен қоленкесі, қаза тапқандарды қайғыру тұтасып кетті. Бірақ осылардың бәріне **біз төтеп бере алдық, біз жендей, кек қайтарылды** деген бүкілхалықтық мактапыш үстем болатын.

9 мамыр согысты соғыстан кейінгі уақытпен ажыратқан межеге айналды. Бейбіт өмір басталды. Қираған, жұтаған, жартылай аш еліміз өзінің бүкіл тәни және рухани күшін кайта жаңғыруға шоғырландырыды. «Бәрі де майдан үшін, Женіс үшін!» деген ұрандарды «Шайқаста жендей, енбекте жеңіміз!» деген ұраң алмастырды.

Тұған жеріне оралған жерлестерімізді қыруар істер күтіп тұрды. Бейбіт енбекті сағынып қалған олар жұмыска жеғілді. Майдангерлер тәртіптіліктің, үйымшылдықтың, кемшіліктерге, әділегіздіктерге тәзбестікітің үлгісін көрсетті, іске адалдықтың, өзара көмекс келудің, достықтың басында болды. Олардың дені ашқұрсақ, жалаңаш-жалпы жүрсе де, мойыған жок. Елдің көпшілігі майданға мектеп піратасынан кетіп, бейбіт өмір мамандықтары болмаған.

Сөйтіп, кешегі жауынгерлер партага отырып, кешкі мектептегілердің, сырттан окудағылардың көпшілігі болды. Оларға өрімдей шағында станокка тұрғандар немесе танапта істегендер косылды. Сол кездің үстаздары оларға окудың қаншалықты қынга түскенін және олардың білімді қаншалықты табандылықпен игергенін еске алады.

Бұрынғы майдангерлер қоғамдық өмірде де алғы шепте болды. Олардың көпшілігі соғыстан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ мектептерде, басқа оку орындарында жұмыс істеп, мұражайлар, жауынгерлік және енбек дақыл мүйістерін қура бастады, өлкетанумен айналысты. Осының бәрін бір мақсатпен — келешек үрпаққа соғыс туралы белгі қалдыру, өз Отанының шынайы патриоттарын тәрбиелеу үшін істеді.

Сол жылдары Кутузов орденді 314-ші Кингисепп атқыштар дивизиясының қаруластары өздерінің кеңесін құрды. Кеңес мүшелері И. Ф. Король мен П. А. Егошин дивизияның жауынгерлік жолы туралы «Свириден Эльбага дейін» деген кітап жазды. Дивизия ардагері А. М. Овчинников қаруластары туралы «Олар Отан үшін шайқасты» деген жинақ шыгарды. Тарих ғылымының кандидаты Р. К. Ақбердин Ұлы Отан соғысындағы солтүстікқазакстандықтар туралы көлемді материал жинақтаған, қорытты. Соғысқа қатысушы М. Репкин «Ән адамдармен бірге қалады» деген кітабын ардагерлердің халық хорына арнады.

Соғыс және тыл ардагерлері облыстық еңбек үжымдарында ардагерлердің қогамдық үйымдарын құрудың бастамашылары болды. 1968 жылдың тамызында олар бірігіп, ардагерлердің облыстық кеңесін сыйлады. Ардагерлер қозғалысының дамуына В. Е. Корчажкин, М. А. Савин, Е. В. Фейге, А. Г. Ткаченко, А. Ф. Понуровский, С. М. Пресняков, М. У. Суюшев, А. Н. Васютин, облыс орталығының, селолық аудандардың қатары қалың активистері көп күш-жігер жұмсады. Ардагерлер жұртшылығы қызметінің басты бағыттарын халыққа деген қамкорлық, еліміздің тағдыры айқыннады. Оның барлық істеріне бұрын да, қазір де бұрышы майдангерлер мұрындық болуда. Бірақ тән жарасы, карттық, ауру-сырқау өз дегенін іstemей қоймайды. Арамызда соғысқандар, тылда майданға көмектескендер азайып барады. Бүгіндері аларды толғандырып жүрген ең басты аландаушылық, ең басты мәселе олардың орнын басатып ұрпақ өмірді түсінуде нені, қандай адамгершілік бағдарларды басшылықта алады деген сауалдар болып отыр.

Бұл қітап ардагерлердің жастарға әрналған аманаты іс-петтес. Бүгіндері қарттárдың жан бағуы қыны. Ең қажеттінің өзі жетіспейді. Бірақ олардың ең басты аландаушылығы — балалары мен немерелерінің тағдыры. Олар соғыста, майдан мен тылда болғанындей, достыкты, туысқандықты қастерлей ала ма, адамдар арасында алауыздықты қоздыруышыларға тойтарыс бере ала ма, адаптациялай біле ме, сөзінде тұрып, Отанын ардақтай ма?

Көптен күткен Женіс туралы хабарды жеткізген атаулы күннен бері жартығасыр өтті. Сынақ пен ұтылу, халық ерлігі, халықтардың туысқандығы ретіндегі әскери өткеніміз жадымызда жақсай береді. Балалар ер жетті, соғыстар әкелерін, үлдарын, ерлерін күтіп ала алмаған аналар мен жесірлер

картайды. Женіс үшін өмірін киғандарға басымызды иеміз.
Біз құрметіміз бен ілтишатымызды тірі оралғандарға, өзіміз-
бен катар жүргендеге ариаймыз.

«Женістің киын жолымен» кітабы Женістің 50 жылдығы-
на солтүстікқазакстандықтарға ұсынған базарлық болсын.

В. ХМАРА,
соғыс, еңбек және Қарулы
Күштер ардагерлері облыстық
кеңесінің төрағасы



МАЗМУНЫ

Оқырманға арнау сөз	5
К. Мағазов. Отты жылдар.	7
«Священная война» әні.	15
І тарау. Естеліктер мен мақалалар	
И. Матюшко. Шекарада, маусымның 22-сінде	18
Ә. Есенбаев. Алғашқы, ен қыны шайқас	21
41-дің қараша-желтоқсаныңда, Москва түбінде	24
М. Габбасов. Сталинград бағытында	28
Н. Езубченко. Волховтың ар жағында	33
«В землянке» әні	37
Ж. Ізбасов. Далалық почта	39
Я. Носков. Өткен еске түскенде	41
Н. Конев. Прохоровканың түбінде	47
В. Холоднов. Диепрдегі	49
А. Корпенко Біз бесеу едік	52
А. Васютин. Одердің арғы жағы — Берлин	55
К. Мағазов. Керчтөн Севастопольге дейін	59
«Огонек» әні	63
И. Перьев. Небәрі бір минут	65
А. Шеменков. Дивизия осылай жасақталды	67
«Темная ночь» әні	71
В. Дробышев. Бесінші үміт	72
К. Қалиев. Алғашқы шабуыл	77
«Вечер на рейде» әні	81
И. Ошмарин. Сырва түбегінде	83
Г. Старовойтова. Құшіміз жетпейтіндегі көрінді	88
Х. Сәлімжанов. Бірде кешкілік	90
Ә. Орынбасарова. Согыс әйел сипатты емес	92
К. Сыздықов. Батальон парторгы	95
С. Даусенов. Гвардиялық ту астында	98

«Дороги» әні	101
Ф. Маршишин. Естен кетпес соғыстың жаңғырығы	102
К. Сыздыков. «Түйе» жотасы үшін шайқас	109
Б. Петров. Жауынгер жазушы. Комбаттың Алтын Жұлдызы	112
Ж. Сұлейменов. Ои сегізде от кешкен	118
С. Воропаев. Концлагерь тұтқынының күнделігінен	127
П. Пенчук. Жұлдызды сәт	130
П. Андреева. Қасірет 41-ден басталды	133
В. Кудряшова. Оларды ұмыта алмаймын	138
З. Шабанова — Шиханева. Ленинградтық өренім	140
П. Осипов. Қала кәсіпорындары — майданға	142
П. Науменко. Қаралы тізім	152
II тарау. Солтүстік Қазақстанның жұлдыздары	
Н. А. Ахременко	159
В. К. Булаевский	161
В. И. Быковский	164
П. И. Гончарь	166
С. Г; Гуденко	168
Е. С. Дәүітов	171
В. М. Довженко	173
Ә. Досмұхамбетов	175
А. М. Ершов	179
Ғ. З. Зәкіров	182
Ы. Ұбыраев	184
Л. Ф. Карушин	186
Ж. К. Кизатов	189
Г. Ф. Қирдишев	192
С. Я. Қиреев	195

П. В. Коваленко	198
А. Н. Ковалевский	203
Н. В. Кологойда	205
В. И. Королев	208
В. Б. Кошуков	210
А. В. Матвеев	213
М. А. Малиев	216
Г. Я. Михеев .	218
В. В. Овсянников	221
Т. С. Позолотин	222
Н. А. Подорожный	225
П. С. Свечников	229
В. М. Скачков	231
Б. П. Ущев	233
А. М. Хименко	237
Ф. В. Чижиков	240
Я. И. Батырев	243
Ә. Дәрменов .	245
П. С. Кравченко	247
А. А. Пуненко	248
И. Л. Ткачев .	250
Қ Е. Мосякин	251
III тарау. Соғыс жылдарының	
құжаттары, оқиғалары	254
Соғыс сез	285